

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.016:811.512.122

Қолжазба құқығында

БЕКЕЕВА НУРАЙША ЖУСУПОВНА

**Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын
дамытудың әдістемесі**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор,
Оразбаева Ф.Ш.

Шетелдік кеңесші
PhD докторы
профессор,
Четин П.
(Анкара Ходжа Байрам Вели
университеті)

Қазақстан Республикасы
Алматы 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	17
1.1 ЖОО-да қазақ тілін оқыту барысында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінің зерттелуі	17
1.2 Қазіргі ғылыми педагогикалық парадигмада қазақ тілін кәсіби тұрғыдан оқытудың мазмұны	23
1.3 Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдыларын дамытудың маңызы мен мәні	31
1.4 Қазақ тілін оқыту барысында кәсіби маман моделін қалыптастыру ұстанымдары	39
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	50
2 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	52
2.1 Қазақ тілі пәнін оқытуға байланысты болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдірудің лингвистикалық тұғырлары	52
2.2 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың педагогикалық-психологиялық жақтары.....	62
2.3 Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын арттырудың философиялық параметрлері	70
Екінші бөлім бойынша тұжырым	77
3 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	80
3.1 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру амалдары мен әдістері	80
3.2 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуды әдістемелік тұрғыдан талдау және жаңа технологиялар арқылы жүзеге асыру.....	83
3.2.1 А Интерактивті желілік технология.....	85
3.2.2 Ә Интерактивті желілік технология: Онлайн формат.....	99
3.2.3 Б Кәсіби қарым-қатынасты дамыту үшін қазақ тілі сабағында жүргізілетін жұмыс түрлері	104
3.2.4 В Кәсіби жаттығулар	109
3.2.5 Г Жағдаяттық жаттығулар	117
3.2.6 Ғ Қатысымдық ойын жаттығулары	131
3.3 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуды	

эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелдеу.....	134
3.3.1 Оқыту тәжірибесі	134
3.3.2 Бақылау тәжірибесі	138
3.3.3 Қорыту тәжірибесі мен нәтижесі	140
Үшінші бөлім бойынша тұжырым	142
ҚОРЫТЫНДЫ	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	149
ҚОСЫМША А – Анықтама(Ендіру актісі)	157
ҚОСЫМША Ә – Салыстырмалы-статистикалық сауалнама -1,2.....	158
ҚОСЫМША Б – Студенттер танымындағы Абай мен Конфуцийдің сыншылдық көзқарасын салыстырудағы креативтілікке құрылған тапсырмалар	160
ҚОСЫМША В – СӨЖ талаптары мен бағалау өлшемдері.....	163
ҚОСЫМША Г – Эксперимент курстары силлабусы.....	165
ҚОСЫМША Ғ – Көпшілік алдында сөз сөйлеудегі TED үлгісі.....	174
ҚОСЫМША Д – Мотивация тақырыбындағы тапсырма үлгісі	178

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №604 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №746 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Аралас оқыту (Blended-Learning) – бұл онлайн және дәстүрлі оқытудың аралас түрде немесе бір уақытта аралас, біріккен түрдегі форматы.

Асинхронды оқыту – студентке өз бетінше оқуға бағытталған онлайн ресурстарды қамтиды: түрлі оқыту платформаларында дайындалған материалдар, онлайн форумдар, электронды почта, электронды курстар, аудио-бейне жазбалар т.б. қолданылады.

Гибридтік оқыту – аралас оқытуды қараңыз.

Жеңілдік индексі – бұл студенттерге ұсынылған тест тапсырмасын орындау кезінде барлық тестілеушілер жинаған орташа ұпайлардың осы тапсырма бойынша ең жоғары баллға қатынасын көрсетеді.

Дискриминация индексі – тест сұрақтарының мықты студенттерді әлсіз студенттерден ажырату қабілетін сипаттайды.

Дискурс (ағыл. discourse) – сөйлеу, нақты мәтін; Қоғамның кез келген саласына қатысты сұқбаттасу түрлері, тілдесім тәжірибесі (әлеуметтік-тұрмыстық аядағы сұхбат, интервью, лекция, әңгімелер, келіссөздер т.б.) жатады.

Инновациялық орта – жаңа бағыттардың пайда болу ортасы, оларды жылдамдықта меңгеру әрі тәжірибеде пайдалану (инновациялық үдерістер болып жатқан қоршаған орта).

Интерпретация – ақпараттың әр студентке жекелендірілуі, өзектілігінің маңыздылығы және ұзақ мерзімді сақтау мүмкіндігінің болуы.

Коммуникативтік акт (лат. communication) – хабарлама, хабарлау және actus іс-қимыл, ағыл. communicativ act – нақты коммуникативтік жағдаяттың шеңберінде коммуникацияның бір мәрте жүзеге асырылуы.

Коммуникативтік жағдаят (ағыл. communicativ situation) – коммуникацияны жүзеге асыру жағдаяты.

Мудл қосымшалары – аталған платформаның тапсырмаларды орындауды әртүрлі контекстерде түсініп пайдалану және қолдану мүмкіндіктерін беруі.

Педагогикалық парадигма – нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі арнайы үлгі, белгіленген стандарт, түрлі өлшемдер, арнайы үлгі ретінде пайдаланатын ғылыми жетістіктер, теориялар.

Педагогикалық интернет платформалар – интернет жүйесіндегі арнайы ақпараттық алаңдар. Педагогтар мен білім алушы арасын байланыстыратын құралдар.

Синхронды оқыту – студент пен оқытушының бір уақытта, интернет желісі арқылы виртуалды түрдегі оқытуы: онлайн сабақтар, бейне конференциялар, веб семинарлар т.б.

E-Learning (электрондық оқыту) – оқу және оқыту форматы. Білім беру контенттерінің электрондық формасы арқылы білімді басқару жүйесі. (LMS) Интерактивтік оқыту платформасына негізделген сабақ беру формаларының бірі.

Эргономика – жұмыс орындарын, өнімдер мен жүйелерді оларды қолданатын адамдарға сай етіп жобалау немесе ұйымдастыру процесі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы
ЖОО – Жоғарғы оқу орындары

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі жаңа заман талабы болашақ маманға қазақ тілін меңгеруде толыққанды кәсіби қатысымдық құзыреттілік деңгейінде қол жеткізуін талап етіп отыр. Қазақстан тәуелсіз ел ретінде өз даму жолында түрлі әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени реформалар жасауда. Бұл өзгерістер жоғарғы білім жүйесіне де өз жағымды жаңалықтарын енгізуде. Қазақстан халықтарының өз тілін сақтап қалуға, өз тілінде сөйлесуге және ұлттық мәдениетін дамытуға барлық жағдай жасалған. Бұл мәселеде қазақ елі толеранттылық қағидасын ұстанып отыр. Көп ұлтты елде қазақ тілі мәртебесінің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте толыққанды қолданысы мен өркендетуі - өзекті мәселе. Жоғары кәсіби-қатысымдылық деңгейге жетудің өз даму жолдары бар. Кәсіби-қатысымдық құзыреттілікке жету – маманның жетілген, өз ісіне әбден қалыптасқан кәсіби шеберлік деңгейі. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі – осындай сатылы дамудың, жетілудің бір жолы. Тіл оқытудың дамытудың да осындай әдістемелік жүйесі бар. Әлемдік деңгейде бұл мәселе жан жақты жетілдіріліп, құзыреттілік деңгейіне көтерілген. Қазақстанда қазақ тілін оқытудың осындай жолдары әлі толық қалыптаспаған. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесін зерттеу – бүгінгі күн тәртібіндегі жетілдіруді қажет етіп отырған сала. Қазіргі жаһандану заманындағы дамудың қай түрі болмасын жаңа технология арқылы жүзеге асатыны белгілі. Диссертациялық жұмыста қарастырылып отырған студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі әлемдік әдістердің озық педагогикалық және академиялық үлгілерін, көптеген еуропалық тілдердің тәжірибесін ескере отырып, жинақталған әдістемелік жүйе деп есептеуге болады. Сондықтан Қазақстанда қазақ тілін оқыту әдістемесінде осы нәтижелі жүйені негізге алатын кез келді. Қазақ тілін дамытудың болашақ кезеңінде осы уақытқа дейін жіберген кемшіліктердің орнын озық үлгідегі әлемдік әдістемемен дамыту алдағы уақытта жаңа жетістікке жетудің жағдайын туындатады. Қазіргі уақыт талабы – қазақ тілінде кәсіби қарым-қатынас дағдысы толық қалыптасқан маманды талап етуде. Бұл осы тақырыпты зерттеуде теориялық жағынан да, тәжірибелік жағынан да сынақтан өткен нақты және тиімді технологияның болу керектігін, қажеттілігін айғақтайды. Қазақстан Республикасының білім туралы заңында [1] жаңа технологияға бейімделу мен пайдалану мәселесі арнайы міндеттелген. Қазір экономика дамудың сындарлы жолында. Егемен ел саясаты «Жаңа Қазақстан» құру моделіне көшуде. Болашақ маман экономиканың даму заңдарын жан-жақты меңгеруде. Жаңа Қазақстан үшін өркениетті елдердің даму жолындағы озық үлгілерін қатар меңгеру – заман талабы. Осы талап тұрғысынан қарағанда, егемен ел экономикасының нығаю процесі мен қазақ тілінің толыққанды қолданысы қатар жүруі керек. Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылғы 12 қазанда бекіткен «Білімді ұлт» сапалы білім беру»

ұлттық жобасында қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті қойылып, соған сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі қазіргі уақытта болашақ мамандарды кәсіби даярлауды жақсартудың жаңа жолдарын қарастыру үстінде [2]. Қазақ тілі Қазақстанның ЖОО-ның аудиториясында арнайы міндетті пән ретінде деңгейлік оқыту аясында оқытылып отырғанымен, арнайы пән, таңдау пәні ретінде қазақ мектептерін бітірген студенттер үшін тек филология факультеттерінде ғана дамытылуда. Ал, басқа мамандықтар дайындау барысында қазақ тілінен арнайы пәндердің қарастырылмауы болашақ маман дайындаудағы бір өзекті мәселе екені айқын. Қазақ мектептерін бітірген студенттің де кәсіби қарым-қатынаста өз ойын еркін, кәсіби маман ретінде еркін, толық жеткізе алмауын аудитория тәжірибесі көрсетіп жүр. Бұл – осы зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейтін басты себеп. Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту тақырыбы ғылыми-теориялық, әдістемелік қырынан осы зерттеуге дейін арнайы зерттеу алаңы болған жоқ. Тілді оқытуда, дамытуда өзара сабақтастық байланыс болмағандықтан, тіл үйренушілердің түрлі деңгейлерде меңгерген білімдері өз жалғасын таппағандықтан, тіл үйренушілердің және тіл дамытушылардың қажеттілігін өз дәрежесінде қанағаттандыра алмай отырғаны белгілі болып отыр. Осы тұста айта кететін бір мәселе, осы жұмыстың зерттеу аясы тіл үйренушілер емес, қазақ тілін бітірген студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуы екенін анықтап айтқан орынды. Жұмыста зерттеу тақырыбын әдістемелік, теориялық тұрғыда салыстырмалы-зерттеу мақсатында «мемлекеттік тіл», «кәсіби тіл», «екінші тіл», «шет тілдері әдістемесі», «тілді деңгейлік оқыту», «өзге аудиторияда оқыту» тіркестері мен ұғымдары қолданылды. Бірақ, зерттеудің негізгі алаңы – қазақ мектебін бітірген студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мақсаты мен міндеттері. Сондай-ақ, «*кәсіби*» сөзі «іскерлік», «нағыз іскер маман» сөзімен жарыспа вариант түрінде қолданылды. Болашақ күзиретті маманда іскерлік дағды болса, бұл сол маманның нағыз маман екендігін, шеберлігін тағы да толықтыра түседі.

Елімізде қазақ тілін оқытудың, дамытудың, кейбір әдіснамасы қажетті талап деңгейінде болмай отырғаны жоғарыда айтылды. Бұл мәселенің қазіргі әлеуметтік-тілдік жағдайы қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуға баса мән беріп, терең зерттеуді талап ететіндігін анықтап отыр. Болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселелесін арнайы қарастыруда, болашақ маман тәрбиелеуде сан ғасырлық тарихы бар жәдігерлерге айналған рухани құнды еңбектер, қазақ халқының бай әдеби мұралары білім берудің де, тәрбие берудің де түп тамырлық қайнар көзі қызметін атқаруы тиіс. Тұлға атаулыға қажет барша жақсы қасиеттерді осы еңбектерден табуға болатындығы ескерілгені орынды. Заманауи қоғам мүшесі болып қалыптасуда осындай құнды еңбектерде аталған асыл қасиеттер болашақ маманға аса қажет. Бұл тұрғыда Ж. Баласағұнидың «Құтты білік» [3] еңбегінің мәні зор. Сондай-ақ, Ибн Синаның [4], Эль Хорезмидің [5], А. Йөгнекидің [6], А. Құнанбаевтың [7], Ы. Алтынсариннің [8], Ш. Уәлихановтың [9], А. Байтұрсынұлының [10], Ә.

Бөкейхановтың [11], М. Жұмабаевтың [12] еңбектеріндегі маңызды қағидалар осы зерттеуде жетекші орын алады. Ахмет Иөгінекидің: «Білімді білімсіздің мыңын жеңер, Ол біліп білім ізін, теңін теңер, Көр байқап, оқы, сына: білім – пайда, Білмесең – басқа не бар, сенің нең ер?», «Білімді білім жинап, кәсіп етер. Білімнің дәмін татып, өсіп-өнер, Білдірер берік елге білім сырын», - сияқты сөздерінің тәрибелік, кәсіби-тұлғалық күзiреттiлiктерiн дамытуда өзiндiк құндылық рөлi зор. Зерттеу барысында, болашақ маман дайындауда кәсіби-тұлғалық күзiреттiлiктердi дамытуға қатысты С.И. Архангельский еңбектерi [13], педагогикалық-психологиялық тұрғыда қарастырған А.И. Пискунов зерттеулерi [14], инновациялық қырынан дамытқан В.А. Сластенин тұжырымдары [15], шығармашылықты дамытуды ұсынған В.И. Загвязинский пікірі [16], В.В. Краевский [17], В.А. Кан-Калик [18], Н.Д. Никандров [19] ғылыми еңбектерi, заманауи технологияларды қолдануды ұсынған В.П. Беспалько [20, 21], А.А. Вербицкий [22], М.В. Кларин [23], П.И. Образцов [24], Г.К. Селевко [25], С.А. Смирнов [26], жеке тұлғаға бағдарланған білімді дамытуда И.С. Якиминская [27] және т.б. зерттеушілер еңбектерiнiң маңызы ескерiлдi.

Студенттердiң кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдiстемесiн методологиялық тұрғыдан зерттеу мен негiздеудiң қажеттiлiк себебi – тiлдi қатысымдық күзiреттiлiкке қол жеткiзе оқытудағы әлемдiк тәжiрибеде бар әдiстеменi кәсіби тiлдiк жүйе ретiнде қалыптастыру. Осындай тәжiрибенi елiмiздiң бiлiм жүйесiнiң ерекшелiгiне сәйкес Қазақстандық модельдiң iске асуына ықпал жасау.

Диссертация тақырыбының өзектiлiгi елiмiздiң тiлдiк егемендiгi, қазақ тiлiнiң қолданыс аясының толыққанды үстемдiк құруындағы уақыт сұранысына сай маманның болашақ қажеттiлiгi болып табылатын қазақ тiлiн кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыра дамытудың жаңаша жүйесiн ұсынып, қоғамдық-әлеуметтiк сұраныс арасындағы теңсiздiк мәселесiн айқындап, оқу үдерiсiн жандандырудың жаңа бағыттарын сараптап, анықтаудан айқындалады.

Студенттердiң кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдiснамалық, ғылыми-теориялық және технологиялық жақтарын анықтап, оны жүзеге асырудың қажеттiлiгi бiрнеше **қарама-қайшылықтар себебiн көрсетiп отыр**. Олар:

Студенттердiң кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың ҚР Бiлiм және Ғылым министрлiгi тарапынан студенттердiң кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытушы арнайы курстардың болмауы және оны оқытып-үйрететiн мамандардың арнайы дайындалмауы;

– ЖОО-да студенттерге қазақ тiлiн кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыта оқыту үдерiсiн енгiзуге қоғамдық-әлеуметтiк сұраныс болып отырған мәселенiң әдiстемелiк және ғылыми-теориялық қырынан терең зерттелмеуi;

– кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдiстемесiнде қазақ тiлiн оқыту бойынша болашақ маманға ұсынылатын тiлдiк материалдардың тақырыптық-мазмұндық жағынан анықталмауы және олардың оқу-танымдық, кәсiптiк уәждемелерiн тудыра алмау енжарлығынан туындайтын себептер;

– қазақ тілін оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді қолданудың маңыздылығы мен кәсіби-қатысымдық бағытта оқыту технологиясын офлайн және онлайн форматта жүзеге асырылмауы. Интерактивті желілік технологияның жан-жақты дамымауы.

Қазіргі қоғам қазақ тіліне деген қызығушылық пен оны жан-жақты меңгерудің мәні мен маңызының жауапты екенін дәлелдеп отыр. Әрбір қазақстандық азаматтың осы мәселені қоғамдық парыз тұрғысынан түсінуі, жан-жақты жетілген құзіретті тұлғаға қойылар талап тұрғысынан сезінуі қазақ тілін кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесі тұжырымдамасын қалыптастырудың қажеттілігін тудырды. Сондықтан осындай даму үстіндегі қоғамда кәсіби қарым-қатынас тілін дамыту әдістемесі қажет екені даусыз. Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесі қойған міндеттер аясында тілдік материалдарды толық меңгеру арқылы, неғұрлым жоғары деңгейдегі қатысымдық құзіреттілікке қол жеткізуге болады. **Осы қайшылықтар мен себептер «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту әдістемесі» тақырыбының өзектілігіне дәлел бола алады.**

Зерттеудің мақсаты. Тілді оқыту үдерісінде болашақ маманның кәсіби-интеллектуалдық, кәсіби-мәдени деңгейінің көрсеткіші саналатын қарым-қатынас дағдысын дамытудың теориялық негіздерін айқындай отырып, оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсыну.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнында мамандарды кәсіби тұрғыда дайындау үдерісі.

Зерттеу пәні: студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын жаңа технологиялар арқылы дамыту.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың зерттелу кезеңдерін талдау, теориялық-әдіснамалық және практикалық алғышарттарын негіздеу.

2. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде қолданылатын тілдесімдік тақырыптар мен сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдарын айқындау.

3. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде рухани бай кәсіби тұлға моделін жасау.

4. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде қолданылатын жаңа әмбебап технологияны ғылыми негіздеу, олардың тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеу.

5. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдерін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер ЖОО-ы болашақ мамандарды дайындауда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуға негіздесе, онда білім мен білікке қатысты ғылыми-әдістемелік аспектілер нақты айқындалады. Болашақ маманның тұлғалық-мотивациялық, кәсіби-іскерлік қызметі интегралды компоненттер жиынтығы түрінде ұйымдастырылса, онда болашақ қаржы, экономика, менеджмент, маркетинг, дипломатия, аудит

мамандарының кәсіби қарым-қатынас дайындығы интеллектуалдық, рухани жағынан қамтамасыз етіледі. **Өйткені** көрсетілген компоненттер студенттердің кәсіби қызметте іскери қарым-қатынас дағдысын ашуға және қалыптастыруға жол ашады.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ тілін оқыту барысында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын ғылыми-практикалық жағынан дамыту болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке дайындығымен қоса, бәсекеге қабілеттілігін де арттырып, кәсіби-іскери қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде философия, психология және педагогика ғылымдарының кәсіби тілдік тұлғаның қарым-қатынас дағдысын дамыту, дара тұлғаны дамыту туралы ілімдері, оқу тәрбие үдерісінде ұлттық, рухани-мәдени құндылықтарды пайдаланудың адами капиталды қалыптастырудағы рөлі туралы педагогикалық, психологиялық тұжырым, тіл білімінің салалары когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, семасиология ғылымындағы тұжырымдар мен теория басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық дереккөздері:

Жұмыстың ғылыми-теориялық негіздерімен қоса, тәрбиелік және рухани білім беру мәселесін анықтауда әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Абай Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытовтың, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Т. Шонанов, Ш.Х. Сарыбаев, С. Жиенбаев, Ғ. Бегалиев, И. Ұйықбаев, Д. Әлімжанов, Ы. Маманов, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Р. Сыздықова, Н. Оралбаева, Х. Есенов, С. Хайруллина, Ж. Адамбаева және т.б. ғалымдардың синтаксиске қатысты, зерттеу тақырыбына сай ой-пікірлері, Ш. Таубаева, Б. Тұрғынбаева, С. Рахметова және т.б. ғалымдар Ф. Оразбаева, Г. Қосымова, Б. Қасым, Ж. Балтабаева, Р. Шаханова, Қ. Қадашева, Ж. Дәулетбекова, К. Жақсылықова, А. Сатбекова, А. Рауандина т.б. ғалымдардың тілдік білім беру туралы тұжырымдары, кәсіби қарым-қатынасты дамытуда студенттердің коммуникативтік күзіреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негізін саралаудағы пікірлері және тағы басқа авторлардың дүниетанымдық тұжырымдары, оқыту әдістемесіне байланысты еңбектері негізге алынды.

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы ретінде қазақ тіл білімінде коммуникативтік теория мен әдістеменің қалыптасуына және деңгейлік оқытудың жүйелі түрде жүзеге асуына елеулі үлес қосқан Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынастың теориялық негізі» басты ұстаным етіп алынып, дамытылды.

Зерттеу әдістері: Зерттеу проблемасына сай кәсіби маман іс-әрекетінің табиғаты мен мақсатын ашатын теория мен практиканың тұтастығы туралы әдіснамалық ұстанымдар мен теориялар, маңызды философиялық қағидалар құрайды. Философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау.

Эксперименттік база ретінде КИМЭП Университеті Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультеті, қазақ тілі курстары алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: Бастапқы кезеңде (2016-2017 ж.ж.) зерттеу тақырыбына байланысты эмприкалық материалдар жинақталып, педагогикалық, психологиялық, психологиялық еңбектердегі, әдіскер-ғалымдардың ой-пікірлері жүйеленді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың маңызды мәселелерін айқындау мақсатында профессор-оқытушылардан, курс студенттерінен сауалнамалық сұрақтарға жауаптар алынып, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдарға талдау жасалды.

Келесі кезеңде (2017-2019 ж.ж.) зерттеу жұмысында негізге алынатын жетекші идеялар, ұстанымдар айқындалып, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту моделі жасалды. Оқытушыларға арналған семинарлар, ЖОО-да жүргізілетін арнайы «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстары арнайы 3 кредиттік пән ретінде дамытылды. Осы курстар аясында әдістемелік-оқу кешендері жасалды. Аталған курстар бойынша оқыту бағдарламалары, интерактивті желілік технология негізінде тапсырма түрлері бақылау, бағалау тестері, СӨЖ технологиясын жүргізу әдістемесі дайындалып, республикалық конференция, семинар, дөңгелек үстөлдерде сынақтан өтті.

Үшінші кезеңде (2019-2022 ж.ж.) зерттеу нәтижелерін жүйелеу, жинақтау, қорытындылау жұмыстары жүргізілді. Онлайн және офлайн оқыту форматындағы оқыту эксперименті интерактивті желілік технологияға негізделіп, сандық нәтижелері анықталып, сапалық талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен жаңалығы:

Қазақ тілін оқыту, қазақ тілін деңгейлік оқыту, шет тілдерін оқыту әдістемесі жайлы ғылыми зерттеулер, лингвистика, дидактика, психология, әлеуметтаным, педагогика, андрагогика, аксиология, акмеология, философия ғылымдары бойынша ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектер басшылыққа алынады.

Бірінші нәтиженің жаңалығы студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын жетілдіруге арналған кәсіби-іскери тілдік тұлға деңгейіне сай ғылыми-әдістемелік жүйе жасалды.

Екінші нәтиженің жаңалығы кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда қолданылатын тілдесімдік тақырыптар мен сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдары әлемдік деңгейде сынақтан өткен дағдылар негізінде анықталды;

Үшінші нәтиженің жаңалығы қазақ тілін оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде Абайдың «толық адам» концептісі және Конфуцийдің «ізгілікті кісі» ілімдерін салыстырмалы тұрғысында қарастыру арқылы, ұлттық құндылықтар мен фразеологиялық тіркестердің іскерлік дискурстағы қолданымдылығы негізінде *рухани бай кәсіби тұлға* моделі жасалып, ұсынылды.

Төртінші нәтиженің жаңалығы қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде жаңа заманға лайықталған

онлайн оқыту және офлайн оқытуда қолданылатын *интерактивті желілік технология* атты жаңа әмбебап технология ұсынылды.

Бесінші нәтиженің жаңалығы қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесі бойынша ғылыми терминдер жасалып, ғылыми айналымға енгізілді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері эксперимент арқылы дәлелденді.

Зерттеудің теориялық-практикалық маңыздылығы:

Жұмыс тұжырымдары әдістеме, педагогика ғылымдары теорияларын жетілдіруге, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуды бұдан ары дамытып, зерттеуге мүмкіндік жасайды. Зерттеу нәтижелері тіл үйретудің барлық деңгейлерінде, қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негізін байытуға, оны жаңа парадигма талабымен сабақтастықта дамытуға ықпал етеді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесі қағидаларына сай жинақталған әдістемелік жүйені қазақ тілі мамандары әдістемелік қажеттіліктерінде пайдалана алады.

Зерттеу нәтижелері студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту үдерісін тиімді үйлестіру арқылы тілдік тұлғаның кәсіби, іскери қатысымдық құзыреттілігін дамытуға, нәтижелілігін арттыруға, ЖОО-да болашақ мамандарға оқытылатын арнайы курстардың мазмұнын байыту мен тереңдетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі жүргізілген эксперимент барысында дәлелденді. Зерттеу жұмысында айқындалған ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздемелері қазақ тілі курстарында, ЖОО-да түрлі кәсіби сала мамандарына кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда, қазақ тілінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарын негіздеу кезінде, қазақ тілінен күтілетін білім нәтижелерін бақылауда пайдаланылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

– қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесіне лайықталып ұсынылған рухани бай кәсіби маманға қажет тілдік материалды қажеттілік негізінде меңгерту үшін қазақ тілінің заңдылықтары толық қадағалануы көзделеді. Болашақ маманның тілдік кәсіби-іскери қарым-қатынас дағдысының толық қалыптасуы – болашақ мансабы ғана емес, тұлғалық дамуының кепілі;

– тілдік қызметтің түрлі әрекет түрлеріне қатысты тақырыпқа сай сараланған материалдар мазмұны мен оқыту бағдарламасы коммуникативтік құзыреттілікке қол жеткізудің кепілі болады;

– болашақ маманның тілдік тұлғаның концептілік өрісінде лингвоелтанымдық материалдар маңызы зор. Тілдік тұлғаның лексикалық қорындағы бұл материалдар іскерлік дискурста қолданылып, ұлттық танымды, рухани байлықты танытуға игі әсер етеді;

– қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда дамытылған тілдік білім ауқымы кеңейген сайын тіл дамытушының уәждемесі артады, түрлі дидактикалық тапсырмаларды орындау барысында

мотивациясы артып, танымдық-қатысымдық деңгейі жоғарылайды, орындалатын тапсырмалардың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Электронды тақталар тілдік портфель рөлін атқарып, курс тапсырмаларын орындау процесінде кері байланыс құралы және өзін дамытуға арналған тілдік бай материал қоры да болады;

– түрлі дидактикалық тапсырмалар мен жаттығулар болашақ кәсіби маманның өз ісінде қолданымдылық сипатқа негізделуі тілдесімге шығуда өз пайдасын тигізеді;

– дәстүрлі әдістемедегі тиімсіз әдістер орнын кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесі алмастырады. Осы мақсатқа сәйкес қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған диалог, полилог түріндегі аутентті, қажетті тақырыптық мәтіндер мен уәждемелі сөйлесім әрекетін тудыруға негіз болатын жағдаяттық сөйлеу жаттығуларын қолданған тиімді;

– оқу процесін студенттердің бірлескен жұмыстарының ыңғайына сай талаптармен құрылуы белсенділігінің, мотивациясының артуына және топ мүшелерінің бір-бірінің жетістігін салыстыра жұмыс жасауына ықпал етіп, бәсекеге қабілеттілікке итермелейді. Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту оқыту үдерісінде интерактивті әдістерді тиімді ұйымдастыру командалық қатынастарды жақсартта түседі;

– кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту сабақтарын желілік интерактивтік технологияға негіздей жүргізу, онлайн, виртуалды тілдік орта тудырады. Сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамти отырып, белсенді тілдік қатынас жасауға, уақыт мөлшерін бірнеше есеге үнемдеуге, білімді бақылау мен тексеруде объективтілікке қол жеткізуге мүмкіндік тудырады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі: Зерттеудің нәтижелері теориялық, әдіснамалық қырынан дәлелденуімен, алынған нәтижелердің тиімділігімен, тақырыпқа қатысты ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдарға негізделуімен, КИМЭП университетінде «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстары 3 кредиттік пән ретінде оқытылуымен негізделеді. Жұмыс нәтижесі аталған курстардың сапасы мен дамытылуын қамтамасыз етеді (Қосымша А).

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық конференция Жапония (2018), халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық, облыстық практикалық семинарларда жасалған баяндамаларда талқыланған.

Диссертацияда қорытындыланған тұжырымдар шетелдік басылымда (Жапония) 1 мақала, 3 мақала ҚР БҒМ Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі басылымдарда жарияланған. SCOPUS базасындағы журналдарда 3 мақала жарияланды. Қазақстанда өткен халықаралық конференцияда 1 мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі дәлелденіп, зерттеу мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, ғылыми болжамы, жетекші идеясы, әдіснамалық негізі, зерттеу жұмысы дереккөздері, әдістері, зерттеу базасы мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, нәтижелердің дәлдігі мен негізділігі, зерттеу бойынша жарияланымдар мен жұмыстың мақұлдануы қарастырылды.

«Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде ЖОО студенттерінің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінің зерттелуі мен қалыптасу тарихы зерделенді. Қазіргі ғылыми педагогикалық парадигмада қазақ тілін кәсіби тұрғыдан оқытудағы білім мазмұны жасалды. Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәні анықталып, кәсіби күзиретті тұлға қалыптастырудағы рөлі сараланды. «Рухани бай кәсіби маман» моделін қалыптастыру ұстанымдары белгіленді.

«Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың әдіснамалық негіздері» аты екінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын жетілдірудің лингвистикалық тұғырлары жасалып, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың философиялық параметрлері айқындалды, психологиялық жақтары сараланып, педагогикалық қағидалары анықталады.

«Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту амалдары мен технологиялары» атты үшінші тарауда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесі жан жақты әдістемелік тұрғыдан талданып және жаңа *интерактивті желілік технология* арқылы жүзеге асыру жолдары ұсынылды. Осы тарауда қазақ тілі сабағында кәсіби қарым-қатынасты дамыту мен жетілдірудегі жүргізілетін жұмыс түрлері, амалдары, әдіс-тәсілдері тәжірибе негізінде ұсынылып, нақты эксперимент қорытындысы ұсынылды.

Қорытындыда: зерттеудің басты қағидалары, нәтижелері тұжырымдалып, ғылыми әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қосымшада: ғылыми зерттеу жұмысына қатысты тапсырмалар түрлері, курс бағдарламасы, силлабусы, СӨЖ талаптары, түрлі тапсырмалар талаптары мен бағалау өлшемдері және кестелер ұсынылды.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 ЖОО-да қазақ тілін оқыту барысында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінің зерттелуі

Қазақ тілін оқытуда студенттерінің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесі шағын мақалаларда және әдістеме ғылымына қатысты еңбектерде жеке тараулар көлемінде ғана қарастырылды, бірақ арнайы және түбегейлі зерттеу объектісі ретінде зерттелмеді. Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесін жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесінен және тілдерді оқытудың, үйретудің әлемдік әдістемесінен бөліп қарастыруға болмайды.

Сонау Қазан төңкерісінен де бұрын басталған, қазақ тілі әдістемесінің негізі мықты ғалымдардың өзіндік құнды пікірлерімен, сапалы ғылыми-әдістемелік еңбектерімен байып, өз жалғастығын тапқандығы белгілі. Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев т.б. өкілдері қазақ халқының саяси-қоғамдық өмірінде ғана емес, қазақ ғылымына алғашқылардың бірі ретінде зерттеу жасап, асыл мұра қалдырып кетуімен құнды. Қ. Кемеңгерұлы ғалым-әдіскер ретінде, тілші-ғалым ретінде орнының ерекше екендігі және осы қарастырылып отырған тақырыпқа алғаш жол салушы әдіскер деп айтуға болады. Тұңғыш рет әлеуметтік, салық, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп т.б. салаларда оқу құралын жазып, құрастырып қана қоймай, енді қалай оқып-үйрету керектігіне де өз тарапынан нұсқаулықтар береді. Нұсқаулықтарды орыс ғалымдары және батыс ғалымдарының түрлі әдістерін зерттей отырып жасайды. Әлемдік әдістеменің *талдау әдісі*, *көрнекті әдіс* сияқты түрлерін мысалға келтіріп, ол әдістердің артықшылықты және кемшілікті тұстарын да нақты атап кетеді. Сол әдіс-тәсілдерді жан-жақты зерттеп, талдап түсіндіреді. Және ол әдістерге өзіндік ғылыми, әдіскерлік құнды пікірлерін де айтады.

Осы зерттеу тақырыбына қатысты арнайы және түбегейлі зерттеулер болмаса да көптеген ғалымдар зерттеулерінде бұл тақырыпқа үндес ой-пікірлердің, ұсыныстардың бар екендігін арнайы атап кету орынды. Олар тіл біліміне қатысты белгілі ғалымдар еңбектері мен ЖОО-да қазақ тілінің оқытылуына тікелей қатысы бар зерттеулер.

Студенттерінің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда кәсіби маманның сөз саптауында қазақ тілінің тілдік нормасы мен сөйлеу мәдениетінің орны аса маңызды мәселе. Бұл салада сөз мәдениетіне қатысты Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті [28], «Тілдік норма оның қалыптануы (кодификациясы)» еңбегі [29], Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынас» [30], «Тілтамыр» [31], Т. Аяпованың «Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы» [32], Н. Ильясованың «Қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктер: когнитивтік аспектісі» [33], М. Жолшаева «Функционалды грамматика [34], Ә. Әлметованың «Сұхбаттасу мәдениеті» [35], Д. Әлкебаеваның «Сөз мәдениеті» еңбегі [36] т.б. зерттеулерді айтқан дұрыс.

Ауызша тілдің теориялық базасын қалыптастыруда және оның қазіргі тіл білімінің салаларымен байланыста қарастырған ғалымдар еңбектері бойынша З. Абдулжанованың «Ауызша тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты» зерттеуі [37] маңыздылығымен құнды.

Осы зерттеудің арнайы алаңы болып отырған курстың бірі «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» болғандықтан, шешендік өнерге қатысты: С. Негимовтың «Шешендік өнер» [38], Ә. Болғанбаевтың осы салаға қатысты еңбегі «Насихатшының тіл шеберлігі жайында» [39], Г. Қосымованың «Шешендік өнер негіздері» [40], Г. Смағұлова [41], Ә. Жұмағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» [42], Ж. Дәулетбекова «Сөз мәдениетін оқыту: ғылым мен білім тоғысында» [43], Н. Құрманова «Шешендік өнерге баулу» [44] сияқты еңбектер болашақ мамандардың дұрыс сөз саптауына пайдалы ықпалын тигізетін еңбектер қатарында, деп айтуға болады.

Ж. Сүлейменованың «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» [45], Ш. Ерхожина «Студенттердің кәсіби қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру-модульдік технологияның түпкі нәтижесі» [46] атты мақаласы да осы зерттеуге өз тұжырымдары мен пайдасын тигізді.

Қазіргі ғылымдағы бетбұрыстың, жаңалықтың антропоцентристік бағытқа ойысуы тілді оқыту мен үйрету әдістемесінде психолінгвистикалық, этнолінгвистикалық, когнитивтік, прагматикалық, қатысымдық тұрғыда қарастыруына жол ашты. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесіне де тың жаңалықтардың ашылуына, жаңаша оқытуға бағытталған әдістемелік тың теориялардың орнығуына алып келді. Осы орайда, Ф. Оразбаева қазақ тілін коммуникация құралы ретінде қарастырса, К. Жақсылықова модуль арқылы оқытуды [47], Қ. Қадашева жаңаша жаңғыртып оқыту [48], А. Сатбекова [49], жобалап оқытуды енгізді. Бұл теориялар мен әдістемелер тілді қатысымдық тұрғыда оқытуға бағыттап, тілді оқыту әдістемесінде тың бетбұрыстар мен өзгерістер әкелген еңбектер қатарынан орын алды. Бұл саланы зерттеу мен дамыту мәселесі бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тілін оқытуда студенттерінің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың мәселесі күн тәртібінде әлі де зерттелмеген қырлары мен өзіндік проблемаларын алға тартып отыр. Ж. Балтабаева өз зерттеулерінде студент тілін дамытуда интерактивті әдістердің тиімділігін дәлелдеп, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсынды [50].

Ж. Дәулетбекованың «Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты зерттеуі осы қарастырылып отырған мәселеге тікелей қатысы бар. «Сөз мәдениетінің орталық негізі адам – субъект – деген антропоцентристік идея қатысымдық сапаның жаңа деңгейге көтерілуіне» әсер ететінін және «кез-келген қатысымдық жағдаятта сөз қандай жағдайда, қандай мақсатта, кімге арнап айтылады деген сыртқы шарттар» ескерілсе, олардың «сөз талғауға, сөз саптауға» өзіндік пайдалы әсері бар екендігін айтады [51]. Н.А. Оразахынова өз зерттеуінде, қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясын сәтті енгізген ғалым. Қазіргі таңда республикамыздың мектептерінде бұл әдістеме кеңінен

қолданысқа ие болып отыр. Қазақ тілін сатылай-кешенді талдау әдісі сөйлесімнің бес түрлі әрекеті негізінде іске асырылуы студенттің білім, білік және кәсіби дағдыларын іске асыруға көмегін тигізетін әдістің бірі. Осы зерттеуде: «ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық ерекшелігіне мән беру» арқылы болашақ маманның «рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына» [52] жол ашудың қажеттілігін айтады. Ғалым Н. Уәлидің: «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты зерттеуінде: «Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның коммуникативтік функциясы, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы конструктивтік функциясы, рухани мәдениетті жасау қызметі эстетикалық функциясы, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтауы куммулятивтік функциясы» [53], – деп қарастырады. Сондай-ақ когнитивтік тұрғыдан «... адам санасындағы әрекеттер ең бірінші, тілмен байланысты. Мұндайда тілдің басты назарда болатыны да сондықтан. Бір-бірімізді түсіну үшін тіл қаншалықты деңгейде ойымыз бен сезімімізді дәл, толық жеткізіп тұр? Сөз мәдениетіне қатысты осы сұраудың жауабын табуға *когнитивтік лингвистика* көмектеседі» [53, б. 5] десе, Н. Ильясова: «Тілді таныммен сабақтастыра зерттеу – тіл арқылы адамды тану, тіл мен адамды біртұтастықта қарастыру болып табылады... Бұл лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағытта өріс алып, антропоөзекті парадигманың қалыптасуына ықпал етті. Антропоөзекті парадигма тіл арқылы қарым-қатынас жасап, сөйлеу тілін игеру мүмкіндігін айқындауда аса маңызды қызмет атқарады» [33, б. 10], – деген тұжырым жасайды.

Бұл мәселеде З. Ерназарова өз зерттеулерінде *коммуникативті-прагматикалық* аспектіде қарастыруды ұсынады [54].

Тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңыздылығына қатысты О. Жұбаева пікірі ойлау мен тілді адам еңбегінің танымдық нәтижесі, деген тұжырым жасайды [55].

Зерттеу нысаны болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысы болғандықтан, бұл мәселеде студенттің кәсіби-тілдік құзіреттілігі маңызды. Оны жетілдіруде когнитивтілік принципі үлкен рөл атқарады. Когнитивті лингводидактикада білім алушының физиологиялық ерекшеліктерін ескеру ғана емес, сонымен қатар когнитивтік санасы да ескерілуі керек. Сондықтан осы зерттеуде когнитивті лингводидактика және когнитивтік сана екеуі тығыз бірлікте қарастырылды.

Тұлғаның когнитивтік әлеуеті адамның психикасы, ерік процесстерімен тікелей байланысты. Болашақ маманның дамыған кәсіби қасиеттері көрсеткіштеріне кәсіби білім ғана емес, жоғары нәтижеге қол жеткізу жолында бай тілдік дүниетаным да қажет. Ол үшін ЖОО студенттерінің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысында осы кестедегі ғалымдардың арнайы ұсынған когнитивтік сипаттамасын назарда ұстаған жөн. Сондықтан зерттеуде когнитивті лингводидактика мен когнитивтік санамен тығыз бірлікте

карастырылды. Себебі, ғалым С. Лукашова (1-кесте) ЖОО-ры білім алушыларының когнитивтік санасына сипаттаманы былайша ұсынады[56,32].

Кесте 1 – Болашақ маманға қажет құзіреттіліктер

Белсенділігі жоғары білім алушылар	Белсенділігі төмен білім алушылар
Метакогнитивтік сипаты	
1.Кез келген нәрсені үйренудің белгілі бір мақсаты болады; 2.Саналы түрде білім алуды көздейді; 3.Нені үйрену керектігін болжай алады; 4.Өз білімін іс жүзіне асыра алады; 5.Оқу үдерісін басқара алады; 6.Жинақы және өз уақыттарын тиімді пайдалана алады.	1.Оқуға деген ынтасы тұрақсыз; 2.Алаңдаушылық басым; 3.Өз мүмкіндіктеріне талдау жүргізу қиынға соғады; 4.Жасаған қателіктерінен сабақ алуды көздемейді; 5.Ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете алмайды; 6.Қандай да бір жауапкершілікті алудан қашады.
Таза когнитивтік сипаты	
1.Өз білімін бекітуге, басқа да салалармен байланыстыруға тырысады; 2.Оқуда кездескен қиындықтарды шешуден қорықпайды. 3. Алған білімін толықтай талдай алады.	1.Себеп пен салдар арасындағы арақатынасты ажыратуда қиналады; 2.Бөлшекті бүтінге немесе керісінше, бүтінді бөлшекке айналдыра алмайды; 3.Өзектілікті анықтап, қорытынды жасау қиындық келтіреді.
Эмоционалды сипаты	
1.Қобалжу секілді сезімдерін басқара алады; 2.Кез келген істің жағымды тұсын таба алады; 3.Саналы тәуекелге барады.	1.Өз-өзіне деген сенімділігі төмен; 2.Сәтсіздіктен қорыққандықтан, тапсырма орындаудан да қашады; 3.Тәуекелге барудан бас тартады.
Әлеуметтік сипаты	
1.Басқалармен бірігіп жұмыс істей алады; 2.Өзге білім алушылармен келісімге келе алады.	1.Топтық және жұптық жұмыстардан қашады; 2.Басқалардың және өзінің жұмысын бағалауда қиналады.

Зерттеу тәжірибесі анықтап отырғандай, «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстарын алушы студенттерді тура осы кестедегі сипаттамаларға сәйкес екі топқа бөліп қарауға болады.

Бірақ студенттің пәнге қызығушылығы, мотивациясы оянған жағдайда белсенділігі төмен білім алушының сипаттамасы өзгере бастайды. Бұл өзгеріске бірінші себеп, психологиялық ахуал қалыпты, позитивті болған жағдайда, білім алушының когнитивті санасына эмоционалдық сипат тікелей тәуелді болатындығына куә болып жүрміз. Бұл аудиториядағы психологиялық ахуалға, оқытушы тарапынан жасалатын жағымды атмосфераға тікелей байланысты. Оқытушы әр сабақта аудиторияда позитивті атмосфераны тудыру амалдарын жасауды есте сақтағаны дұрыс. Бұл – сабақ мақсатына жетудегі ең маңызды талаптың бірі. Екіншіден, когнитивтік санадағы өзгерістерге білім алушының өз тобындағы, өз ортасындағы әлеуметтік МЕН-інің дамуындағы өзгерістер де

оң әсер етеді. Өз дамуын байқаған студенттің сенімі артады. Нәтижесінде, студенттің метакогнитивтік сипаты да, таза когнитивтік сипаты және эмоционалдық сипаты да өзгере бастайды. Бұл университет қабырғасында алып жүрген біліміне деген сенімділікті бекітіп қана қоймай, болашақ қызметінде де, мансабында да кәсіби қарым-қатынас орнатуға жол салады.

Түрлі зерттеу жұмыстарында қазақ тілін мамандық тіліне сай оқыту мәселесі, қазақ тілінің кәсіби бағытталған лексикасына қатысты мәселелер жақсы қарастырылды. Осы зерттеуде болашақ мамандардың *кәсіби қарым-қатынас тілі* мен *кәсіби қарым-қатынас дағдысы және іскерлік дағдысы* бір-бірімен тығыз, ажырамас байланыста зерттелді деп айтуға болады.

Елдегі білім саласының негізгі мақсаты– әлемдік білім кеңістігіне қосылу болса, онда қоғамға сапалы да бәсекеге лайық білімді маман даярлап қана қоймай, зиялы, парасатты, мәдениетті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тілдік тұлға қалыптастыра отырып қосылу. Болашақ маман көзқарастары мен шығармашылық әлеуеті, танымдық біліктілігі мен руханият деңгейі жоғары болғанда ғана, мықты тұлға ретінде қалыптасып дамиды. Әрбір азамат өз мемлекетінің азаматы ретінде «борыш», «парыз» деген ұғымдарды терең сезінуі қажет. Осы ұғымдар аясына қазақ тілін оқу, оқыту, үйрену, дамыту, жетілдіру сияқты мақсаттар кіретіндігін әрбір қазақстандықтың ескеруі маңызды.

Бұл міндеттердің жүзеге асыру үшін елімізде қазақ тілін оқытудың мазмұндық болмысын жаңаша әдіснамалық тұрғыдан қарастыру қажет. Дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгерте отырып, тіл дамытушы мүмкіндіктерін ескере, бар тілдік білімді жалғастықты дамыта, байыта оқыта, білім мазмұнын болашақ қажеттілік негізінде ұсына отырып, жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіру қажет.

Қазақ тілін оқыту мәселесін әлемдік тілдерді оқыту талаптарына сай ұйымдастыру философиялық, педагогикалық-психологиялық жақтарын, әдістемесін қайта қарау осы мәселеден туындап отыр. Бүгінгі жылдам дамып жатқан қоғам талабы қазақ тілін оқытуда жаңаша парадигмамен, озық заманауи технологиямен, пайдалы ұлттық құндылықтарға сай бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде. Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жеке тұлғаның шығармашылық бағытта дамуын талап етеді. Ол үшін бірінші кезекте, тілді оқытатын мамандардың біліктілігінің жоғары болуы шарт. Бүгінгі күн талабы оқытушыға да, болашақ маманға да жоғары деңгейдегі жан-жақты жетілген кәсіби білім мен білікті талап етеді.

Қазақстан білім беру жүйесі әлемдік білім алмасу кеңістігіне қосылу мақсатында кредиттік оқу жүйесіне көшті. Осы кредиттік жүйемен тілден білім алудың бірден-бір тамаша да, тиімді, ыңғайлы жолы - деңгейлік білім алу мүмкіндігі. Кредиттік жүйемен деңгейлік білім алу тек тіл сабақтары бойынша ғана сатылап көтерілуге жол ашпайды, студентке басқа да кәсіби мамандық пәндері бойынша білімінің деңгейлеп көтерілуіне, жетілуіне мүмкіндік береді. Қазіргі таңда республика ЖОО-да, түрлі мекемелерде бұл жүйе әлі де өз дәрежесінде енгізілмей отыр. Республика ЖОО-ның сабақ кестесінде, оқыту процесінде студентке өзінің тілдік білімін деңгейіне қарай жалғастыру, қалаған

тілдік курсты таңдау құқығы толық қамтамасыз етілмеу сияқты мәселелердің бар екені рас. Республикадағы ЖОО-да санаулы оқу орындарында ғана бұл мәселе жақсы жолға қойылған. Бұл зерттеу жұмысының негізгі объектісі болып отырған, солтүстік американдық кредиттік жүйемен білім беретін КИМЭП Университетінде бұл мәселе толық және заман талабына, студент сұранысына сай шешілген.

КИМЭП Университеті 1992 жылы 14 қаңтарда ашылған. Бұл оқу орнында қазақ тілі бағдарламасы 2001 жылы ашылды. Алғаш ашылған күннен бастап, тілдерді оқыту мәселесі көпдеңгейлі оқыту жүйесіне негізделіп, қазақ мектептерін бітірген студенттер үшін міндетті қазақ тілі курстары және таңдау курстары да ашылды. Кредиттік жүйенің тағы бір тиімді ерекшелігі студенттің сабаққа қатысуы, сабақтағы белсенділігі бәрі бағаланудан тыс қалмайды. Тапсырмалар талаптары мен бағалау өлшемдері студенттің сабаққа жай ғана қатысып қоймай, белсенділік танытуын қамтамасыз етеді. Белсенділік аудиторияда бәсекелестікті күшейтеді. Сондықтан оқытушылар әрбір сабақтың мазмұнды да қызықты, пайдалы болуын басты міндеті санайды. Студенттер тапсырылған материалдарды үлкен жауапкершілікпен орындайды. Себебі, өте жоғары деңгейде орындалған тапсырманың жанында басқа материалдардың пайызы тез төмендеп кетеді. Осындай жоғарғы бәсекеде тапсырма орындау студент үшін өте тыңғылықты еңбекті талап етіп қоймай, сыни көзқарастарын да шыңдауға баулиды. Осы талап тұрғысынан келгенде, оқытушыға да қойылар талап зор. Аудиториядағы тіл үйреніп отырған студенттер әлемдік деңгейде білім беріп жүрген түрлі шет елден келген ғалымдар мен профессорлардан білім алады, дәрістер тыңдайды. Сол әлемдік деңгейдегі профессорлардан алған сабақпен қатар қазақ тілі курстарын да алып жүрген студент оқытушыдан әлемдік деңгейдегі жаңа технологиямен өткізілген әдістемедегі сабақтарды қалайды. Студент талабы мен талғамы оқытушының күнделікті сабаққа дайындығын күшейтіп, ерекше көңіл бөлуге, әдіс-тәсілдердің озығын пайдалануға, үздіксіз ізденуге мәжбүрлейді. Студенттердің жоғарғы талабы қанағаттандырылмаған жағдайда оқытушы әр семестр соңында болатын студенттің оқытушы курсына бағалау рейтингісі нәтижесінде төмен пайыздарды көрсетуі мүмкін. Оқытушыны бағалау рейтингісінің оқу процесінде тек студенттің алған білімін ғана бағалау таразысы емес, осы нәтижелер қорытындысы бойынша оқытушының болашақта студентке білім беру процесін ұйымдастыруда және әдістемесінде қандай мәселелерге көңіл бөлу керектігіне де өз пайдасы бар.

Университеттің қазақ тілін оқытудағы басқа тіл орталықтарынан, кафедраларынан өзгешелігі мен артықшылығы – өзінің тілдік білімін дамытқысы, жетілдіргісі келген студентке, тағы да өз деңгейін дамыта алуы және таңдау курстарынан өте алуы. Зерттеу жұмысы қарастырып отырған тақырып алғашқы 6 кредит бойынша алынатын міндетті курстар аясында қарастырылды. Бұл – «Іскерлік қазақ тілі» (Business Kazakh) курсы және «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» (Public speaking in Kazakh) курстары негізінде. КИМЭП Университеті тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тілді көпдеңгейлі оқыту жүйесі және *міндетті пәндердің, таңдау курстарының* болуы студенттердің

тілді оқуға деген сұраныстарын тудырады. Студенттер міндетті 6 кредитпен шектеліп қалмай, ары қарай тіл дамыту үшін жоғарыда аталған жоғарғы деңгейдегі курстарды да таңдап, өз тілдік білімін жетілдіре алады.

1.2 Қазіргі ғылыми педагогикалық парадигмада қазақ тілін кәсіби тұрғыдан оқытудың мазмұны

Қазіргі қарқынды дамып отырған заман ағымы мен технологиялық даму адамзаттың өмір сүру жағдайына, қоғамға үлкен өзгерістер жасауда. Білім беру саласында жаңа жүйе жасалып, заман талабына сай болашақ кәсіби маман дайындауда да өз ықпалын тигізіп отыр. Білім берудің парадигмасы өзгерді. Өзгеріп қана қоймай, жаңаша түрленді. Бұл жаңаша көзқарастағы, бәсекеге қабілетті, жаңаша технологияны меңгерген мықты маман дайындауды талап етеді. Бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесі толықтай өзгеріп, жаңаша әдіс-тәсілдерді, озық технологияны меңгерген мықты маман дайындау қажеттілігін ұсынуда. Қазіргі білім беру парадигмасы болашақ маманды кәсіби білім, білік, дағдының тиімдісін меңгерген, нақты өмір талабы мен күрт өзгерістерге сай тез бейімделе алатын, икемді, креативті, мобильді, коммуникабельді, харизмасы мықты, материалдық та, рухани да бай, мысы басым маман болуға бағыттайды. Бүгінгі студент университеттен алған білімін, өз кәсібінде тілдік қарым-қатынас дағдысы қалыптасқан тұлғалық парадигмаға көшіре алуы тиіс. Осы талаптар аясында білім берудің мақсаты болашақ маманның рухани бай кәсіби күзіретті тұлға моделін дайындауға негізделгені дұрыс.

Заман ғана емес, технология да үнемі өзгеріп отырады. Кез-келген дамушы мекеме, компания өз даму жолында жаңа технологияны енгізуі – заңдылық. Білім беру саласында да жаңа парадигмалар қажет. Дәстүрлі білім беру жүйесінде көптеген шектеулер бар екені анық. Студенттердің ХХІ ғасырдағы болашақ кәсібіне қатысты сынақтарға деген сұранысын қанағаттандыра алмайды. Дәстүрлі білім беру толықтай өзгеріп, өз даму үдерісінде қазіргі заманғы озық технологияларды тиімді ендіре отырып, студенттердің нағыз мақсатшыл тобына бағытталуы керек. Бұл – болашақ маманның талаптары мен үлкен үміттеріне сәйкес сапалы білім беруге қабілетті инновациялық және ыңғайлы жүйелермен толықтырылу мен қамтамасыз ету деген сөз. Білім беру жүйесі қазіргі қиындықтарға қарамастан болашақ маман қажеттілігіне сай құрылуы тиіс. Білім беру жүйесіндегі жаңа парадигмалармен қоса, жаңа білім беру платформалары мен форматтары орныға бастады. Олар: E-Learning, Wev-негізде оқыту, Online платформалар, E-Learning Server, цифрлық технологияларға ауысу т.б.

Қарым-қатынас жасаудың, ынтымақтастық және ақпарат алмасудың жаңа тәсілдері пайда болуда. Білімдік аудитория төрт қабырғадан да тыс білім алу мен білім берудің, білім аласудың үлкен кеңістігіне шығып отырған жаңаша заман. Бұл оқу процестерін түбегейлі қайта құра отырып, кешенді түрде жанартуға мүмкіндіктер жасап отыр.

Жас ұрпақты дұрыс бағыт пен сапалы білім беру мақсатында білім беру саласы түрліше жаңалықтар енгізіп, барлық басымдықты жаңаша үлгіде жасауға әрекет етеді. Педагогика ғылымында жаңаша даму бағыттарының

жиынтығы ғылыми тілде *парадигма* деген атқа ие болды. XX ғасырдың 60-шы жылдары парадигма терминін, ұғымын ғылымға алғаш енгізген американдық физик, философ Томас Кун болатын. Парадигма терминін енгізу барысында ғалым «нормальная наука» терминімен өзі ұсынған «парадигма» терминін салыстыра отырып, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын нақты мысалдармен, дәлелдермен салыстыра түсіндіреді. Парадигма терминін енгізе отырып, жалпыға бірдей қабылданған үлгілер, заң, теория, оларды практикалық қолданудағы қажетті құралдардың барлығы бірге ғылыми зерттеулердің өзіндік дәстүрлерін тудыратын модельдерді беретінін есінде ұстағандығын ескертеді [57]. Арнайы зерттеуші ғалым жаңа модельдің даму кезеңдерін былайша бөлген:

– парадигманың орнығуына дейінгі кезең;

– парадигманың қалыптасуы, орнығуы;

– ғылым сапасындағы дағдарыс, парадигмалардың ауысуы» [57]. Стивен Ковидің айтуынша: «...Бастапқыда ғылыми термин еді, қазіргі заманда оны «теория», «модель», «ұғым», «түсінік» немесе «көзқарастар жүйесі» мағынасында жиі қолданады. Қарапайым тілмен айтсақ, «дүниені қалай көретінімізді» білдіреді. Көзбен көру емес, өмірді қабылдау, ұғыну, түйсіну, түсінік беру мағынасында айтып тұрмын. Біздің жағдайымызда парадигманы түсіну үшін, оны жергілікті карта ретінде қарастырғанымыз жөн. Жергілікті карта дегеніміз – ол бір нақты елді мекеннің картасы емес, белгілі бір аймақтың сипаттамасы. Парадигма деген – осы. Бір нәрсенің теориясы, моделі немесе түсіндірмесі. Оларды екі санатқа бөліп қарастыруға болар еді: 1) қолда бар, болуға тиіс нәрсенің картасы; 2) құндылықтар картасы» [58, б. 36-37].

Педагогикалық парадигма дегеніміз, нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі арнайы үлгі, белгіленген стандарт, түрлі өлшемдер, ерекше бағыт. Модельде түрлі ғылыми жетістіктер, теориялар жинақталады. Қазіргі отандық білім беру жүйесінде де парадигмалардың күрт ауысуы байқалады: «*білімді адам*», «*дипломды маман*» парадигмасының орнына осы суретте ұсынылған тұлғаны сипаттайтын жаңаша парадигмасына ауысуы, өзгеріп жаңаруы, жаңаша сипат алуы айқын көрінеді (1-сурет).



Сурет 1 – Жаңа парадигма

Бұл сипаттамалар осы қарастырылған тақырыпқа тікелей қатысты. Бұрынғы, дәстүрлі көзқарастар бойынша, болашақ маманға терең білім, білік, дағдылар жүйесін меңгерту жеткілікті болатын. Себебі, мемлекет тегін білім беріп, жұмыс орнын да дайындап берді. Қазір – бәсеке мен жаппай ғаламдану заманы. Өзін-өзі үздіксіз жетілдіру арқылы, қоғамдағы өз кәсіби орнын да, мансаптық өсуін де бәсекеге түсу арқылы жеңіп алу заманы. Болашақ маман тек дайын білімдерді меңгертіп, бірақ оны шығармашылықпен практикада, іс жүзінде қолдана алмаса, жаңартып отырмаса, өзін-өзі заман талабы мен өзгерістеріне жылдам икемдей алмаса, кәсіби тұрғыда жетілдіріп отыруға бейімдемелген болса, онда бұндай маман қоғам талабына, жұмыс беруші талабына жауап бере алмайды. Бұған қоса, қарқынды дамып жатқан технология мен жаңа инновациялар ғасыры мен әлем бойынша қоғамда күрт өзгерістердің болуы кейбір мамандықтардың жаңаша сипат алуы, өзгеруі тіпті жойылып кетуі де – заман талабы. Қазіргі білім беру саласында оның ішінде, осы зерттеу жұмысында қарастырылған қазақ тілін оқыту, үйрету әдістемесінде де жаңаша үдерістер қалыптасуда. Білім беруді жаңарту – білім жүйесінің барлық кезеңдерінде және білім алуға қатысты іс-әрекеттің барлық түрінде жаңа заман талабына сай отандық білімнің жақсы дәстүрлері мен рухани құндылықтарын сақтай отырып, жаңаша өзгерістермен жаңарту.

Осы бөлімде қарастырылған мәселе – парадигма. Тез өзгеріп, жылдам дамып отырған қоғамға сай білім берудің жаңаша парадигмасы. Осы арқылы кәсіби білім беру мазмұнын *рухани бай кәсіби тұлға* етіп тәрбиелеуге бағыттап, заманға сай парасатты, нағыз рухани бай тұлға қалыптастыру. Бұл тұрғыдағы негізгі мақсат-міндеттер болашақ маманның өз ісінің нағыз шебері ғана емес,

төмендегіше кәсіби қарым қатынас дағдыларын меңгерген болуы тиіс: (2-сурет).



Сурет 2 – Рухани бай кәсіби тұлға

Бүгінгі таңда Қазақстан білім кеңістігінде болып жатқан оң өзгерістер мен жаңалықтар жаһандану дәуірі қажет етіп отырған талаптар. Өскелең ұрпақтың қай-қайсысына да қойылар талап – білімді де білікті маман болу ғана емес, бәсекелестік пен технологиялар, жаңа инновациялар үстемдік етіп отырған замандағы еңбек нарығында өзіне лайықты орнын ала алу және ел экономикасына өз үлесін қосу. Осындай биік талап тұрғысына даяр болу, заман ағымына ілесу жаңаша өмір сүрудің қағидасына да айналуда. Себебі, Қазақстанның білім беру саласы да әлемдік деңгейдегі өзге озық елдер сияқты әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуда. Білім берудің әдіс-тәсілі өзгеріп, мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас, тиімді озық технологиялар қолданысқа еніп отыр. Бұл отандық білім беру жүйесінде қызмет атқаратын әрбір маманға үлкен жауапкершілік қана емес, жан-жақты іздену мен табанды да тынымсыз еңбек етуді талап етеді. Бүгінгі студентті болашақ маман және тұлға етіп қалыптастыруда, танымдық әрекетін дамыта, ой-санасын терең қалыптастыра, ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, оны аса бағалай білетін білім мазмұнының тәрбиелеудің маңызы бөлек. Осы тұрғыда К.Д. Ушинскийдің өз заманында қарапайым ғана айтылған: «Ақыл-ой дегеннің өзі – жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі» [59], – деген сөздері бүгінгі күні де өзекті. Бұл сөз бүгінгідей жаңа заманда жаңаша оқыту технологиясымен берілетін білімге

ақыл-ойды қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігін ойластыра қарастыруды, оңтайландыра ұсынуды бағыттайды. Студентке берілген білімнің гуманистік идеялармен тығыз үндестікте болғанын талап етеді.

Нарық заманында жан-жақты жетілген маман даярлауда, қазақ тілін кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыта оқытуда, бүгінгідей алдыңғы қатарлы озық елдердің тілдерді оқыту, тіл үйрету әдістемесімен қатар алып жүру басты талап болуы қажет. Республикада қазақ тілін оқытуда әлі де болса жетілдіруге тиіс, жандандыруды қажет етіп отырған тұстары да бар. Ендігі мақсат – осындай өзекті мәселенің шешімін тауып, тиімді жолдарын айқындап, жақсы жолға қою. Осы жауапты міндетті абыройлы атқару барысы жан-жақты ізденісті, терең зерттеу мен зерделеуді талап етеді.

Қазақстанның тәуелсіздік алып, егеменді ел болу барысын өркениет ауқымынан қарағанда Қазақстанның білім кеңістігі үшін де өзгерістерге толы кезеңдер деуге болады. Қазақстанның Болон процесіне мүшелікке өтуі әлемдік деңгейдегі, әлемдік дәрежедегі ірі оқиға саналады. Болон үдерісіне ену мүшелігіне қойылатын талаптың қаншалықты жоғары екенін байқау қиын емес. Бұл жаңалықтардың артар міндеттері де аса жауапты екені белгілі. Әрине, Қазақстан бұл жаңалықты бір күнде енгізіп, бір күнде қабылдаған жоқ. Қазақстан ЖОО кредиттік технологиямен білім беру мәселесін жан-жақты зерттеп, оқу процесіне енгізіп, дамыту жолында. Қазақстан осы үдеріске ресми түрде мүше-ел болғандықтан бұл процестің Қазақстанның білім беру жүйесінде әлі де әлемдік деңгейдегі озық технологияларды, оң өзгерістер мен сыннан өткен тәжірибелер нәтижесін енгізу міндеттері тұр. Болон процесінің негізгі мақсаты – бірыңғай стандартты оқу жүйесін құру. Осыдан келіп Еуропалық кеңестің Болон процесіне енген елдер ЖОО-ы білім деңгейіне қойылар қатаң да бірыңғай талаптарына сай болу мәселесі туындайды. Ол арнайы еуропалық білім стандарттарына жауап бере алуы тиіс. Себебі, дипломды кәсіби маманның білімі Еуропа елдеріндегідей болуы талап етіледі. Осы мақсатқа жету жолында Болон процесі – студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігін кеңейтуді қамтамасыз еткен. Ол – Қазақстан ЖОО-дарына шет елдерден келіп оқитын студенттердің бұрынғыға қарағанда санының артуы және керісінше, қазақстандық студенттердің Болон процесіне мүше шетел университеттерінде Қазақстан университеттерінде жинаған кредиттері бойынша жалғастыра алуы, оқи алу мүмкіндігінің ұлғаюы. Осы тұрғыда тілді оқыту, дамыту мәселесінде бірнеше қиындықтар туындауы мүмкін:

Біріншіден, шет елде білімін жалғастырғысы келетін Қазақстандық студенттен еуропа тілдерінің бірін білуі талап етілуі.

Екіншіден, Қазақстан ЖОО-на келген шет елдік студентке қазақ тілін оқытуға мамандар мен университеттердің дайындығы.

Үшіншіден, тілдерді оқыту бағдарламасы және оқу құралдары, оқу процесін ұйымдастыру мәселелері: студенттің өз қалауы бойынша тілдік курстар таңдауы; оқытушыны таңдауы; өз сабақ кестесін таңдауы тілдік деңгейді таңдауы және деңгейлік білімінің Еуропалық стандарттарға сәйкестігі.

Төртіншіден, қазақ тілін оқытуда болашақ маман қажеттілігіне сай курстардың болмауы.

Келесі мәселе – *оқу құралдары мен оқулықтар, арнайы онлайн платформалар* мәселесі. Сапалы оқу құралдарынсыз әлемдік деңгей талаптарына ілесу күмәнді. Кезінде белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы оқу құралдары жайлы оның қажеттілігінің мәнін, сапалылығын, ыңғайлылығын баса айтып, жазып кеткен болатын [60]. Бұл мәселе әлі де өзекті.

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы күн тәртібіне қойып отырған жоғарыда аталған басты мақсаттарын ескере келе, осы кезеңде ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындауда, оны тың арнаға бұруда, жаңа сапаға көтеруде *ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қосылу қажеттілігі* ұстанымы басты назарда болуы тиіс. Парадигма ұғымын ғылымға енгізген автор бұл ұғымның ескіден туындай отырып, өз бойына дәстүрлі парадигмада қолданылған түрлі концептуалдық және эксперименттік тәсілдерді де бойына сіңіретінін айтады [58, б. 225]. Тілдік білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологиялардың тиімдісін оқу процесіне енгізу, жан-жақты дамыған, рухани жетілген патриот маманды даярлау – Қазақстанның жарқын болашағының кепілі. Өскелең ұрпақ өмір сүрудің сындарлы салтын, білімнің сапалылығын, тәсілдің тиімділігін таңдауда. Осы талап тұрғысынан келгенде, болашақ маман қазақ тілін оқуда мамандыққа, кәсіпке бейімдей, кәсіби қарым-қатынас дағдысын қалыптастыра оқытуды талап етеді. Қазақ тілін оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, дамыту мәселесінің туындауы қоғам өміріндегі қажеттіліктер себебінен. Себебі, жақсы маман болумен қатар, тілдік білімі толысқан, бірнеше тілде соның ішінде қазақ тілінде кәсіби сөйлей алатын маманның компания, мекеме, мелекеттік қызмет және қоғам үшін де алар орны, көтерер абыройы бөлек. Тәжірибе көрсетіп ортырғандай, кредиттік технологиямен оқытуда осындай қажеттіліктер орнын толтыратын арнайы қазақ тілі курстарының болуы – бұл мәселені шешудің бір амалы. Бұның бірнеше ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Ол бірінші кезекте – студенттің жан-жақты құзіретті маман болып шығуына бағытталуы. Студентке міндетті пәннен басқа таңдау пәндеріне де құқық берілуі. Сол сияқты сабақ кестесін өзі таңдай отырып, жасауы да көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Студентке қажет пәннің болуы деген сөз – болашақ мамандығына қажет дағдыға үйрететін, кәсіби өміріне, мансабына, қызметіне пайдалы пәннің болуы. Қазіргі заманға, қоғамға керегі–жан-жақты жетілген, толысқан рухани бай кәсіби тұлға. Осындай қарыштап дамып, күрт өзгерістерді тудырып отырған заман жастары өзінің болашақ қызметінде не қажет екендігін шамамен болса да болжай біледі. Студент алдында өз қажеттілігін, кәсіби тілдік құзіреттілігін толық жетілдіру және дамыту мәселесі туындайды. Қандай сала маманы болмасын, олардың негізгі қарым-қатынас құралы тіл екені – шындық. Тіл білу, сауатты сөйлеу, шебер де шешен сөйлеу болашақ маманға таптырмайтын құрал. Осы тұрғыдан келгенде, қандай ЖОО-дарындағы қазақ тілі пәнінің, түрлі бағыттағы маманданған қазақ тілі курстарының маңызы зор. Білім берудегі кредиттік жүйеде осындай қажет курстардың ашылар кезі келді. Диссертациялық жұмыстың негізгі тәжірибе объектісі болып отырған КИМЭП Университетінде аталған мәселелер жақсы жолға қойылған. Студентті қызықтыратын, болашақ өмірінде, қызметінде

пайдаға жарайтын пәннің болуы маңызды. Осы зерттеу аясында қазақ мектебін бітіріп келген студенттің де кәсіби салада, кәсіби тілдік қарым-қатынас құруда, өз ойын тиянақты, еркін жеткізуде, сауатты жазуда қиындықтарға кездесетіні анықталды. Көптеген ЖОО-да қазақ мектебін бітіріп келген студент үшін қазақ тілін кәсіби-қатысымдық бағытта ары қарай дамытуға, тілдік түрлі курстарды ұсынуды қажет, деп санамайды. Адам тіл байлығы нақты бір өлшеммен өлшенбейді және тіл білу сол тілде еркін және жатық сөйлеумен де шектелмейді. Тілді оқу, дамыту, үйрену – үздіксіз процесс. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ маманның кәсіби тілдік қатысымға шығу мәселесі маңызды. Тіл де қоғаммен бірге дамитындығы ескерілсе, жоғарыда айтылғандай, адам баласы үшін тілдің байлығын игеру де, тілдік білімін толықтыру да үздіксіз, шексіз процесс екенін көруге болады.

А. Байтұрсынұлы: «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» [60, б. 15-45], – деген сөзі осы қарастырылып отырған мәселеге нақты жауап бола алады. Осы айтылған мәселелерді жинақтай келе, белгілі бір мамандық саласының қыр-сырын меңгеру өзінше бір мәселе болса, сол салада тілдік кәсіби қарым-қатынас жасау шеберлігі бүгінгі уақыт қажеттілігі. Қандай мәселеде де озық, дәлелденген тәжірибеге сүйену – нәтиженің кепілі.

Шет елдер ЖОО-ында мамандық тілі ретінде оқыту, яғни арнайы мақсатқа бағыттай оқытуға арналған «иностранный язык для конкретных целей» деген курстар бар. Бұл курстар әлемдік деңгейде жақсы жолға қойылған. Осындай курстар бизнес, экономика, туризм т.б. түрлі салаларда жоғарғы сұранысқа ие болып есептеледі. Бұндай курстардың пайда болуына да, дамуына да себеп – түрлі салалардағы халықаралық қарым-қатынастар. Қазақстанның дәл қазіргідей даму, өркендеу жағдайында да осындай қажеттілікті тудыру тек тіл мамандарының ғана емес, түрлі іскерлік қарым-қатынас саласындағы әрбір қазақстандық азаматты ойландыруы тиіс. «Тіл – қарым-қатынас құралы» делінеді. Барлық іскерлік салада қарым-қатынас құралы рөлін орыс және шет тілдері атқарып отыр. Сондықтан республикамызда қазіргі таңда қажетті және өзекті болып отырған тілді оқытуды жаңаша талаппен қарау керектігі үлкен мәселе. Ол үшін *студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытылуы әлеуметтік-қатысымдық* бағытта болуы қарастырылуы тиіс. Ол – болашақ маманның кәсіби тілдік қажеттілік дағдысына, кәсіби міндетті тілдік қызметіне бағытталуы. Бұл мәселеде қазақ тілін кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға қатысты оқыту пәніне арналған бағдарламаны құрастыруда бірнеше ұсыныстарды ескеру қажет:

– бағдарламаның кәсіби сала мамандарымен ақылдаса, бірлесе отырып құрастырылуы;

– мәтіндік материалдарға ерекше мән берілуі – мамандыққа тікелей қатыстылығы және барлық мамандыққа қажет ортақ тақырыптардың қамтылуы;

– бағдарлама материалдарының білімдік мазмұны бойынша ұсынылатын материалдар студенттің болашақ кәсіби маман ғана емес, маманның болашағына да пайдасын тигізетіндей дағдыларға бейімдей алуы.

Бірінші ұсыныс бойынша сала мамандарының кәсіби көзқарасының назарда болуы; Келесі ұсыныстың негізінде болашақ маманның өз мамандығына деген үлкен үміті мен құлшынысы бар. КИМЭП Университеті тәжірибесі көрсетіп отырғандай, «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» арнайы оқу бағдарламасы бойынша студенттің болашақ кәсібінде кәсіби құзырлылық деңгейіне жету мақсаты көзделеді. Бұл курстың ерекшелігінің өзі – бағдарламаның арнайы топтардың сұраныс-қажеттілігіне қарай құрылуы. Тілді *кәсіби қарым-қатынас дағдысын тудырушылық бағытта оқытудың мақсаты* болашақ маманды өзінің нақты кәсіби саласында, іскери және әлеуметтік ортаға толық бейімделген тілдік тұлға дәрежесіне көтеру болып табылады. Оқыту технологиясы студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өзін өзі жан-жақты жетілдіруге, белсенділікке, сапалы білімге ұмтылуына, кәсіби дағды қалыптастыруға құрылуы басты назарда болуы қажет. Ол қазіргі таңда кең қолданысқа ие болып отырған оқытудың белсенді креативті технологиясына негізделгені дұрыс. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған *желілік интерактивті технология* бұл мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара алатындығы дәлелденді. Нәтижені курсты тәмамдаған, кәсіби қарым-қатынас жасау дағдысын меңгерген студент пен жалпы тілдік курстар алған студенттер білімінің нәтижесіндегі айырмашылықтан көруге болады. Ол үшін болашақ маман келесідей құзіреттіліктерді қалыптастыруы қажет (2-кесте).

Аталған құзіреттіліктерге жету жолында студенттің мотивациясының рөлі ерекше. Студент мотивациясы жақсы болса, оқуға деген ықыласы да жоғары болады.

Бұл мәселеде арнайы ғалымдар пікірі мотивацияның рөліне басымдық береді. Мысалы, психолог А.В. Петровский мотивацияның басты құрылымдық компоненті мотив, қажеттілік екендігін айтады [61]. А.Н. Леонтьев [62] пікірі де осыған үндес. Мотивтің болашақ қызметке жету жолындағы қажеттіліктің толық қанағаттандырылуы, дейді. И.А. Зимняя зерттеуінде оқу қызметі барысында екі түрлі мотивтің болатындығын: қол жеткізу мотиві және танымдық мотивті атайды [63].

Мотивация студенттің бар ықыласымен, зор сүйіспеншілікпен тілді оқуға, зерттеуге, үйренуге, дамытуға қызығушылығын көрсете алады. Бірақ жоғарыда аталған ғалымдар пікірі бойынша, студенттің тілді оқуда белгілі бір мақсаттары болуы тиіс. Ол сол курстан алатын сапалы білім нәтижесінің өлшемі – жақсы баға, танымдық қажеттілігі. Осы екеуіне болашақ мансап жолындағы сәтті бағытын қосуға болады. Студент университет қабырғасындағы білімді өзінің болашақ биік мансабы, жоғары жалақыға жету жолы деп түсінеді. Осы мақсаттан студент қажеттілігі мен мақсаты туындайды. Қажеттілікті қанағаттандаруда белсенді мотивация болса, ол тез шешімін табады.

Кесте 2 – Болашақ маманға қажет құзіреттіліктер

<i>Лингвистикалық құзіреттілігі</i>	Қазақ тілінің заңдылықтарын толық меңгеруі. Кәсіби лексика мен грамматиканы терең білуі—оның кәсіби құзіреттілігінің қалыптасқандығының кепілі
<i>Лингвоелтанушылық құзіреттілігі</i>	Түрлі жағдаяттардағы әңгімеде, тілдесімде қазақ тілінің бай тілдік қоры бояуының көрініс тауып отыруы, халықтық санадағы дәстүрлі, қалыпты үлгілердің сақталуы. Қазақ халқының ұлттық сөйлеу ерекшеліктері, сөз саптауы, жалпы дүниетанымдық ойлау жүйесінің айқын көрініс табуы
<i>Әлеуметтік құзіреттілік</i>	Республикадағы болып жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, күрделі жаңғыру үдерісі болашақ маманға келешек ісінде қоғамдық ортада, көпшілік ортада, кәсіби ортада өзін тұлға ретінде таныта алуын талап етеді. Қоғамға керегі – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси, рухани өміріне белсенді араласатын тілдік құзіреті толық қалыптасқан рухани бай кәсіби тұлға. Кез-келген тілдік қарым-қатынас ортасы өз әрекетінде белгілі бір норманы басшылыққа ала, сөз саптайды, ой қорытады, тұжырым жасайды. Шаршы топта немесе көпшілік ортада, іскери ортада және жеке тұлғамен тілдік қарым-қатынаста әлеуметтік санаға әсер етуші тұлға деңгейінде, қоғамдық идеологияның қозғаушы күші деңгейінде сөз сөйлеу - тұлғаның әлеуметтік құзіреттілікке жетуі болса, осы арқылы әлеуметтік құзіреттілік көрініс табады
<i>Дискурстық құзіреттілік</i>	Әріптесінің әңгімесін толық түсініп қабылдай алуы және әңгіме ыңғайын алдын ала түсіне алуы. Соған сәйкес өз айтар сөзінің бағытын, жай-жапсарын жоспарлай алуы. Сөйлеу барысында, ақпарат беруде логикалық байланыстың толық сақталуы. Дискурстық деңгейде сөйлеуші – сөз – тыңдаушы жақтардың байланыстылығы мен бірлігі (бір-бірін түсіну, қабылдау) үрдісі жүзеге асырылады. Дискурстық құзіреттілік жеке тұлғаның тіл әлемін танытатын кеңістігі деп қарауға да болады
<i>Әдістемелік құзіреттілік</i>	Үйренген, қалыптасқан тілдік дағдыларды өз қызметінде тиімді әрі нәтижелі, дұрыс жұмсай алуы. Сөйлеу ептілігінің қалыптасуы. Қалыпты үлгілерге бейімделу, сәтті қолдана алу
<i>Кәсіби құзіреттілік</i>	Өзінің тілдік білік-дағдысын кәсіби бағытта кәсіби құзіретті маман ретінде қажеттілігіне еркін қанағаттанушылық тұрғысынан қолдануы

Қазіргі ғылыми педагогикалық парадигмада қазақ тілін кәсіби қарым қатынас дағдысын дамыта оқытудың мазмұнын болашақ өмір мен мамандық дағдыларына бейімдей оқытуда осы аталған кәсіби қатысымдылық құзіреттіліктер мен белсенді мотивация дұрыс жолға қойылса, әрбір маманның жақсы нәтижеге, көздеген мақсатқа жететіндігіне сенім артуға болады.

1.3 Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдыларын дамытудың маңызы мен мәні

Ғаламдану өзгерістері білім саласында, түрлі кәсіп саласында да өзгерістер енгізуде. Болашақ маманның алға қойған мақсаттарына жетуде түрлі қабілет-қасиеттерді жетілдіруде креативтілік, бәсекеге қабілеттілік, іскерлік

қарым-қатынас сияқты дағдылар қажет. Мамандарды даярлауға жаңа талаптар қойылып отыр. Өзгерісі мен жаңалығы мол қоғам мен ортаға еркін бейімделе алатын өз ісіне шебер және тұлғалық қасиеттері мен дағдылары қалыптасқан жан-жақты маман даярлау талабы күшеюде. Қоғамға қажетті барлық салада студенттің коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда оқу процесіндегі мазмұн мен әдістеме жаңаша сипатқа ие болғаны дұрыс. Бұл – қазақ тілін оқытуда ғана емес, барлық салада болашақ маманның коммуникативтік дағдысын дамытудың маңыздылығын айқындайды. Коммуникативтік дағды дамыту мәселесін түрлі кәсіби тілдік қызметпен, іскери қарым-қатынаспен өзара тығыз байланыста зерттеудің мәні зор. Болашақ маманның атқарар қызметіндегі қарым-қатынас мәселесінде тілдік нормасы сауатты, қазақ тілінің заңдылығын қалыптасқан жүйе бойынша бұзбай, оңтайлы қолдануы көздеген мақсатқа жету тәсілінің бірі болып табылады. Тілдік норманы дұрыс ұстанбау кәсіби қарым-қатынаста толыққанды құрал рөлін атқара алмайды. Коммуникативтік дағды дамытуды тек тілдік тұрғыда емес, болашақ кәсіп қызметтерімен, іскери-тілдік қызметпен де тығыз байланыста қарастыру орынды. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ маманның кәсіби қызметінде қарым-қатынаста тілдік нормасы қалыптасқан, қазақ тілінің қалыптасқан жүйесін бұзбай қолдана алатын тұлға болуы да – қажетті талап. Тілдік нормадан ауытқу адамдар арасындағы қарым-қатынастың толыққанды құралы бола алмайды. Тілдің қатынас құралына айналуының өзі тілдік нормаға түсу болып табылады. Бұл жөнінде осы бөлім соңында толығырақ баяндалады.

Даму қарқыны жедел, бәсекесі басым қоғамда нағыз кәсіби маман болу аз. Қай жұмыс орны болмасын, маманға кәсіби-іскери дағдысына қоса шешен сөйлеу мен тамаша қарым-қатынас құра алу дағдыларын қатар өрген маманның алар орны ерек екені анық. Дамудың жеделдігі, бәсекенің артуы қоғамда нағыз кәсіби маман болуға итермелейді. Жұмыс орындары, компаниялар маманға кәсіби-іскери қарым-қатынаста шебер сөйлеп, өз ойын толық жеткізе алатын, тамаша қарым-қатынас құра алу дағдыларын меңгерген маманды таңдауы – анық қажеттілік. Қоғамдағы осындай мақсаттардың қойылуы еліміздегі түрлі салалардағы бәсекенің жоғарылауының нәтижесі. Маманның нарық сұранысы мен талабына сай жағдайда сапалы қызмет жасай алуы мен өз қосар оңтайлы өзгерістері мен үлесінің орны маңызды. Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінде болашақ мамандығы бойынша ғана емес, қоғамдағы мотивациясын тудыру, белсенді өмірі мен кәсіби тілдік ұстанымын қалыптастырудың мәні бар. Жұмыс орындары тапшы заманда өз кәсіби бойынша мансап пен тұлғалық өсуде нағыз қажет дағдыларды қалыптастыруда *коммуникативтік ұстанымы* жетекші қағида болуы тиіс.

Әрбір маман үшін қалыптасқан коммуникативтік дағды күнделікті кәсіби өмірде негізгі қарым-қатынас құралы рөлін атқарады. Сондықтан студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы осыдан туындайды.

Бұл арнайы қарастырылып отырған мәселе, қазіргі заман мамандары үшін де болашақ ғасырлар мамандары үшін де маңызды. Болашақ маманның тек кәсіби қызметінде емес, оның мансап жолының қалыптасуына, қызметтік

өсуіне, тіпті жақсы өмір сүруіне де өзіндік рөлі бар. Коммуникативтік дағдының дұрыс қалыптасуы – айтылмақшы ойды дұрыс жарыққа шығару құралы, шебер сөйлеу, дітін орындату амалы. Адамдар арасындағы қатысымдық қабілеттің шеберлігі өмірлік, кәсіби, қоғамдық жағдаяттарда оң шешімдер мен нәтижелерге жетудің оңтайлы тәсілі де бола алады.

Коммуникация теориясын көптеген ғалымдар қарастырған. Осыған орай, «Психоаналитикалық үлгісі ретінде З. Фрейд, К. Юнгтің теорияларын, экзистенциалистік үлгі теоретиктері М. Бубер, К. Ясперс, көзқарастық үлгіде М. Веберді, футурологиялық үлгі өкілі А. Тоффлер еңбектерінде талданып, ғылыми айналысқа енді. Осы зерттеулер нәтижесінде, ХХ ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде коммуникация термині пайда болумен қатар оның төмендегідей қарапайым түрдегі үш мазмұны нақтыланды:

1) қарым-қатынас – кез келген материалды және рухани әлем объектісінде байланыс құралы;

2) қарым-қатынас – адамнан адамға берілетін ақпарат;

3) қарым-қатынас – қоғамда ақпаратпен алмасу.

Коммуникация адамдар арасындағы қарым-қатынаста жетекші мәнге ие. Адамдар арасындағы *қарым-қатынас, байланыс мәселесін зерттеу* қазіргі таңда бұрынғы кездегіден де арта түскенін айтуға болады. Себебі, қоғамдағы күрт өзгерістер, жаңаша технология әкелген үдерістер адамдар арасындағы қарым-қатынасқа да өз әсері мен өзгерістерін әкелді. Сондықтан бұл мәселе зерттеушілерді де қызықтырып отырған мәселе. Адамдардың бір-біріне әсері, көзқарасы, дүниетанымы, қызметі, түрлі әрекеттері т.б мәселелердегі ықпалы қарым-қатынастың түрлеріне тікелей қатысты. Осы тұрғыда арнайы зерттеліп, мақала ретінде ұсынылған зерттеуде [64], бұл мәселе жан-жақты талқыланғандығын айта кету орынды: «Коммуникацияның болмысында бөлісу ниеті жатыр және оған сол бөлісуден алатын әсер де кіреді» [65], деген пікір осы зерттеу пікірімен мәндес.

«Коммуникация», «коммуникативтік құзіреттілік» терминдері осы жұмысқа дейін өте көп қарастырылғандықтан тағы да арнайы тоқтау дұрыс, деп танылмады. Осы салада терең зерттеу жүргізген ғалым Ф. Оразбаева: «Қарым-қатынастың жүзеге асуында сөйлеу әрекетінің ішкі механизмі, сыртқы процестермен үйлесетін дамуы, жарыққа шығуы бар. Тілдің қарым-қатынас құралы дегенміз – сыртқы ортаның қажеттілігіне жауап беріп, өз мүмкіндігін жүзеге асыру болып табылады. Ал сол мүмкіндіктің табиғаты, механизмі, тілдің ішкі қасиетінен, заңдылықтарынан туындайды» [30, б. 12].

Бұл сала ғалымы В. Горянина қимыл, қозғалыс түрлері арқылы болып, сөйлеуді қажет етпеу түрін *бейвербалды коммуникацияға жатқызады* [66].

Тілдің, сөйлесудің, сөздің жарыққа шығуы, тілдесімнің болуы вербалды коммуникация арқылы жүзеге асады.

Лоретта Гродзекина коммуникация жайлы ғылыми зерттеулерінде коммуникацияның бірнеше түрін айтады (3-кесте).

Кесте 3 – Лоретта Гродзекина бойынша коммуникация түрлері

<i>«Интраұлғалық коммуникация</i>	– тұлғаның жеке ойлауы, яғни, адамның өз-өзімен іштей сөйлесуі;
<i>Тұлғааралық коммуникация</i>	– екі адам арасындағы әңгіме;
<i>Топтық коммуникация</i>	– шешім қабылдау барысында туындайтын, арасында өздерінің топ-лидері бар шағын топ;
<i>Қоғамдық коммуникация</i>	– тұлғаның қоғам алдына шығып, ресми түрде сөйлеуі
<i>Ұжымдық коммуникация</i>	– әріптестер арасындағы жұмыс бабына байланысты туындайтын коммуникация;
<i>Ақпараттық коммуникация</i>	– ақпарат құралдары арқылы; газет, радио, телевидение;
<i>Тұлғалық және әлеуметтік ақпараттық-желілік коммуникация</i>	– интернеттің дамуына байланысты ғаламтордағы адамдар арасындағы қатысым;
<i>Мәдениетаралық коммуникация</i>	– түрлі мәдениет өкілдері арасындағы қатысым»
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [67]	

Кесте 4 – А. Панфилова бойынша коммуникация түрлері

<i>«Танымдық коммуникация</i>	– «мәліметке түсінік беру, қажетті ақпаратты беру, серіктестің ақпараттық қорын кеңейту;
<i>Сендірушілік коммуникация</i>	– сөйлеуге шақыру, пресс-конференция, пікір-талас, айтыстар жатады;
<i>Экспрессивтік коммуникация</i>	– серіктесінің психозмоциалдық көңіл-күйін келтіру;
<i>Суггестивтік коммуникация</i>	– серіктесін иландыру, дегеніне көндіру;
<i>Салттық коммуникация</i>	– әлемде халықаралық шартты үзбеу және оны нығайту, елдер мен мемлекеттер арасындағы байланыста қалыптасқан ережелерді сақтау, жеке топтар мен этностардың ұлттық құндылықтары мен мәдени болмысына нұқсан келтірмеу сияқты көптеген талаптарды орындау жатады»
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [68]	

Осы еңбектерге сүйене отырып, бұл мәселенің тек болашақ маман үшін емес, адам өмір сүруіндегі басты маңыздылығын байқау қиын емес.

Замана талабы күн сайын өзгерістерге толы заманда жұмыс берушілердің өз мамандарына қояр талап-тілегі күшеюде. Жұмыс орындары азайып, бәсеке күшейген сайын әрбір компания, кез келген саладағы жұмыс берушілер өз талаптарына сай қызметкерлерді қалап алады.

Ф. Оразбаева тілдесім түрлерін: «Ресми тілдесім; Бейресми тілдесім; Қалыптасқан тілдесім; Кәсіби мамандыққа сай тілдесім; Әлеуметтік тілдесім; Дербестік тілдесім» [30, б. 76], – деп бөледі. Ғалым қарастыруындағы қай түрі болса әрқайсысында коммуникативтік дағды кәсіби қарым-қатынаста маңызды.

Коммуникация тақырыбын әлемдік деңгейде терең зерттеуші Бове Куртланд, Тилл Джон болашақ мамандарға жұмыс беруші компаниялар

талабын былайша жинақтайды: «Заманауи ғаламдық бәсекенің қысымы күшейгенде, жұмыс берушілер жұмыс іздеушінің бойынан қандай қасиеттерді көргісі келеді? Мамандыққа қарай жұмыс берушінің қызметкерге қоятын талаптары әртүрлі, дегенмен барлық жұмыс берушілер жұмыс іздеушінің бойынан төмендегідей қасиеттерді іздейді: *коммуникация дағдылары, тұлғааралық және командалық дағдылар, мәдениетаралық және халықаралық жағдайлардан хабардар болу, бейімделе білу, деректерді жинау, талдау және шешім қабылдау қабілеті, цифрлық, әлеуметтік және мобайл медиа дағдылары, уақыт және ресурс менеджменті, икемділік пен бейімделгіштік, кәсібилік*» [69], сияқты қасиеттерді ерекшелейді. Ал басқа авторлар пікірі де осыған үндес: «жұмыс берушілерден қызметкерлердің бойынан қандай қасиетті іздейтінін сұрағанда, көбі *«коммуникация орната алуы»* – деп жауап қатқан. Коммуникация дағдыларын жақсарту кәсіби өмірдің барлық саласында көмектеседі» [68, с. 45], – дейді.

Осы зерттеу барысында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бейімдей алатын түрлі тақырыптағы оқу материалдары қарастырылды және сол аяда *салыстырмалы-сауалнама* жүргізілді. Сауалнама КИМЭП Университеті 18-19 жастағы «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курсы алушы студенттері арасында таратылды. Салыстырмалы-сауалнаманың мақсаты студенттердің аудиторияның алдында, көпшілік алдында сөйлеу қабілеттері мен дағдыларының, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау болды (Қосымша Ә). Сауалнама қорытындысы бойынша, коммуникация дағдысына қажеттілік бірінші орында болды. Сондықтан студенттерге курс барысында коммуникация дағдысын қалыптасыру материалдарына басымдық берілді.

А. Байтұрсынұлы: «сөйлеуші тілінің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін, көрнектілігін, әуезділігін, өрнектілігін» [10, б. 101] арнайы талап ретінде көрсетеді. Бұл талап студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысының қалыптасуының негізгі шарттары. Бұл шарттар толық орындалса, болашақ маманның мансап жолындағы мықты және сәтті қадамдарына алып барады.

Осы қарастырылып отырған зерттеу алаңы студенттері қазақ мектебін бітіріп келгенімен коммуникация мәселесінде түрлі қиындықтар кездесетінін жалпы сөз саптауынан байқауға болады. Бұндай мәселені арнайы зерттеген ғалым А.П. Панфилова бірнеше қиындықтарды атайды:

Логикалық кедергі – ойлау жүйесі әр түрлі адамдар, әріптестер арасында туындайды. Адамдар әлемді өз танымы, түсінігі аясында түсініп, көреді. Серіктестердің ақыл-ойы, ойлау түрлері мен формаларының әр түрлілігіне байланысты олар түсіністік немесе түсінбеушілік деңгейінде қарым-қатынас жасайды.

Стилистикалық кедергі – бұл ұсынылатын ақпараттың форма мен оның мазмұны арасындағы сәйкессіздік. Ақпараттың дұрыс жеткізілмеуі.

Семантикалық кедергі – мағыналық сәйкессіздік. Тезаурустық сәйкессіздік, әртүрлілік. Лингвистикалық сөздіктің ақпараттың толық мағынасымен сәйкес келмеуі. Бір адамда сөздік қор мол болса, екіншісінде жұтаң болуы. Сондай-ақ әртүрлі мәдениет өкілдерінің сөйлеу әрекетіндегі

әлеуметтік, мәдени, психологиялық, ұлттық, діни өзгешеліктерге байланысты да туындайды.

Фонетикалық кедергі – сөйлеушінің сөйлеу ерекшеліктерінен туындайтын кедергілер (дикция, интонация, логикалық стресс және т.б.). Сөздің анық, айқын айтылуына үлкен мән берілуі тиіс» [68, с. 49-64].

Ғалым жинақтаған кедергілердің барлығы дерлік топтағы студенттер сөйлеу барысында бар екендігін күнделікті сабақтар анықтап жүр. Бұл тұрғыда түрлі дидактикалық тапсырмалармен жұмыстар жасау арқылы қажетті дағдыларды қалыптастыруға болады. Аталған кедергілердің ішінде ең көп кездесетіні – логикалық кедергі. Белгілі бір тақырыпта (М: тақырып сипаты қандай: проблемалық, ақпараттық, дискуссиялық т.б.) әңгімені қалай бастау, қандай мәселе қозғалмақшы, әңгімені өрбіту, нақты факті, мысалдармен тақырыпты ашу, талқылау, ойтүйін, қорытындылау сияқты мәселелерде қарапайым жүйеліліктің сақталмауы кездеседі. Келесі, бұл – семантикалық кедергілер. Бұл сипаттағы қателер – студент сөздік қорының тұрмыстық тіл деңгейінде болуы. Студент оқыған аймақтың жергілікті лексикасы, диалект қолданыстары да болуы мүмкін. Бұндай жергілікті тілдік ерекшелікке қатысты норма бұзушылық дикция, интонацияда да кездеседі яғни, фонетикалық кедергіні де қамтиды. Сондықтан тілдік нормамен үздіксіз жұмыс жасалып, коммуникативтік дағды ғана емес, коммуникативтік тілдік норманы қалыптастыру қажет. Бұл мәселені ғалымдар пікірімен былайша түйіндеуге болады: «коммуникативтік нормаларға тілдің функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалар мен қарым-қатынастың прагматикасына тән нормалар жатады» [54, б. 22]. Болашақ мамандардың коммуникативтік дағдысын қалыптастыру жұмыстары аясында телефон арқылы сөйлесудегі мәселе де назарда болғаны дұрыс [70]. Телефонмен сөйлесудің өзіндік қиындықтары бар екені рас. Бірақ кәсіби қарым-қатынас кезінде компания қызметкеріне көптеген мәселелерді телефон арқылы келісіп, шешуге мәжбүр болады. Сондықтан бұлайша тілдесу де қажеттілік болып табылады. Телефонмен сөйлесу қажет болған жағдайда:

«Сөйлесудің жедел қажеттілігі бар ма?

Сөйлесушінің жауабын білу міндетті ме?

Сөйлесушімен кездесуге болмай ма?

Ал сөйлескен жағдайда 3 минуттық жоспар құру керектігін және оны қалай бөлуді төмендегіше ұсынады:

Бір бірін таныстыру: 20-25 секунд.

Сөйлесушіге ақпаратыңызды, мәселенізді түсіндіру: 40-45 секунд.

Мәселені талқылау үшін 100-105 секунд.

Қорытынды 20-25 секунд.

Демек, коммуникативтік дағды қалыптасқан жағдайда да телефонмен сөйлесу барысында тілдік нормалардың бұзылу жағдайлары көптеп кездесетіндігін естен шығармау керек» [70, р. 332-335].

Коммуникативтік дағды қалыптасуына байланысты тағы бір мәселе – еңбек нарығының өзгеруі, түрленуіне байланысты мәселелер. Бұл студенттің коммуникация шеберлігіне сан түрлі саладағы жаңаша талаптарды жүктейді. Болашақ қызметтің әр түрлі жағдайында қойылар талапқа сай болу да мансап

баспалдағында маңызды. Қазіргі дамыған қоғамда коммуникативтік дағдылар сипаты да өзгеруде. Интернет желісінің дамуына қарай әлеуметтік желідегі коммуникация дағдысы, пошта арқылы хат-хабарлар жаза алу дағдысы, виртуалды қарым-қатынас т.б. да қажет дағдыларды дұрыс қалыптастыру маңызды болып табылады. Бұл сипаттағы қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруде интерактивтілік қажет болады. Интерактивті коммуникация маңыздылығы күн санап артуда. Болашақ маман өз жұмысы барысында басқа қызметкерлермен қарым-қатынаста қажетті интерактивті коммуникация дағдысы болмаса, онда өзін қорғансыз, сенімсіз сезінуі ықтимал. Осы зерттеу тәжірибесі бойынша, кез келген жұмыс, тапсырма түрі бірлескен әрекетке құрылуы тиіс болуына басымдық берілді. Онлайн форматтағы жұмыс түрлерінде зум бөлмелерін пайдалануда бірнеше бөлме ашып, бірлесе орындайтын тапсырмалар ұсыну; Форумды пайдалану: топтық бірлескен жұмыстарға пікір жазу, жазбаларға жауаптар, реакция білдіру, сын пікірлер айту. Офлайн форматта бірігіп орындалатын жоба жұмыстары да интерактивті коммуникация дағдыларын қалыптастыруға өз септігін тигізеді.

Интерактивті коммуникациялық дағды қалыптастыруда студенттердің танымдық қабілетін жетілдіруге бағытталған, білгенін және ойлағанын түсінуге, ой елегінен өткізуге мүмкіндік алатын коммуникативтік әрекеттерді ұйымдастырудың ерекше формасының бірі – бірлескен жұмыстарды бәсекеге құру тәсілі. Бұл әдіс бір уақытта үш негізгі міндетті қарастырады: *танымдық, коммуникативті интерактивтілік, дамытушылық*. Интерактивті коммуникациялық дағды қалыптастыруда студенттерге ұсынылатын тапсырмаларға топ мүшелерінің барлығы да белсенді қатысушылар болуы тиіс. Бұндай тапсырмалардағы басты мақсат – әр түрлі мәселелерді електен өткізе отырып, сынға ала отырып, дауласу емес, әртүрлі пікірлерді тыңдау арқылы дұрыс шешімді табу. Студент бұл арқылы интерактивтілікке, сыни ойлай алуға, ортақ келісімше келе алуға дағдыланады. Мамандар зерттеулері нәтижесі бойынша бұл мәселедегі кеңес былайша болып отыр: «Коммуникация жасау дағдысын жетілдіру – сіздің карьера жасау жолыңыздағы ең маңызды, бірегей қадамдарыңыздың бірі болуы әбден мүмкін. Өйткені, сізде әлемдегі ең керемет идея бар болуы ықтимал, бірақ оны анық әрі дәлелді түрде жеткізе алмасаңыз, оның карьераңызға немесе компанияңызға еш пайдасы тимейді. Коммуникация дағдысын жетілдіру – карьера барысында жасалатын бірден-бір маңызды әрекет. Әлемде мықты маркетингтер, жақсы бухгалтерлер білікті инженерлер мен адвокаттар көп болуы мүмкін, бірақ коммуникация шеберлігін меңгергендері бірен-саран. Сондықтан коммуникация дағдыларыңыз еңбек нарығындағы бәсекеде өзіңізді көрсетудің ерекше мүмкіндігі деп түсініңіз» [69, б. 54]. Бұл – коммуникативтік дағды жетілдіруге тағы да талаптың күшею көрінісі. Осы авторлар аталған мәселедегі қиындықты нақты атап көрсетеді: «коммуникацияны дұрыс орната алмайтын қызметкерлерге жұмыс берушілердің көңілі толмайды және бұл – оқу орнын жаңа бітіріп, кәсіби бизнес-ортаға әлі бейімделіп үлгермеген, тәжірибесі аз жас мамандар алдынан шығатын кедергі» [69, б. 55-60]. Ендеше, бұл қарастырылып отырған мәселе соншалықты маңызды екендігін байқау қиын емес. Демек, «жақсы жазуды,

жақсы сөйлеуді, жақсы тыңдауды меңгеріп, кез келген жағдайда коммуникация жасаудың ыңғайын таба білсеңіз, қызметте үнемі алда болып, бұл қасиеттің өмір бойы игілігін көресіз» [72].

Коммуникативтік дағдыны дамыту өте маңызды. Бұл болашақ қызметкердің жеке өзі үшін ғана емес, ол жұмыс жасайтын компаниясы, ондағы әріптестерімен байланыс орнату, араласу т.б. да маңызды мәселе болып табылады. Сан-салалы, көп қырлы әмбебап деуге де болады. Адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың нәтижелі болуы осы нормаларды сақтап, оны оңтайлы пайдаланғанда нәтижелі болады. Сондықтан студенттердің коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда қатысымдық сапаға тікелей қатысты ұлттық құндылықтардың да бар екенін үйрету, түсіндіру ұсынылады. Қазақ халқының би-шешендері сөздерінің де адамдардың арасындағы қарым-қатынасты басқарудың құралы болғанын ескертіп, ұсынып отыру қажет. Осы тақырыпты қарастыру тәжірибесінде Бөлтірік шешеннің бір үлкен тойда орынсыз айтқан бір ауыз сөзі үшін опық жеген баласына айтқан сөзі: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ, сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ, сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл, кімге сөйлейтініңді біл, қашан сөйлейтініңді біл, қайда сөйлейтініңді біл, қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады» [71] қолданылды. Осындай шешендер мен даналар сөзіндегі ой сөздің коммуникативтік сапасына қойылатын барлық талаптарына жауап бере алады. Бұл мәселеге қатысты Ж. Дәулетбекова сөздің қатысымдық сапаларын былайша өрнектейді [43, б. 205] (3-сурет).



Сурет 3 – Сөздің қатысымдық сапалары

Бұл талаптар осы зерттеу нәтижесі мен осы бөлімде арнайы қарастырылған ғалымдар тұжырымдарына да сәйкес болып отыр.

«Болашақ маманның коммуникативтік дағдысының жоғары дәрежеде қалыптасуының мәнінің зор екендігін төмендегіше жинақтай тұжырымдауға болады:

1. *Жеке құзіретті тұлға мен ұжым арасында жоғары сенімнің қалыптасуына оң ықпалын тигізеді.*

2. *Қазіргі нарықтық және ғаламдану заманындағы түрлі сала өкілдерімен жақсы қарым-қатынас жасау мен орнатуға негіз бола алады.*

3. *Кәсіби саладағы түрлі келіссөздерге, кәсіби қарым-қатынастың барлық түрлерінде өзара түсіністіктің қалыптасуына ықпал етеді.*

4. *Қызмет барысындағы күнделікті ірілі-ұсақты және маңызды мәселелердің тез және оңтайлы шешілуіне жағдай жасайды.*

5. *Дұрыс шешім қабылдауға ықпал етеді. Ең бастысы, кәсіби тұлғаның өзіне деген сенімділігіне де әсерін тигізеді» [64, б. 421].*

Дұрыс қалыптасқан дағды әрқашан сәтті мансап жасауға үлес қоса алады.

Қорыта айтқанда, маманның қарым-қатынас дағдылары тек кәсіби салада ғана емес, күнделікті өмірде де ең құнды және маңызды дағды.

1.4 Қазақ тілін оқыту барысында кәсіби маман моделін қалыптастыру ұстанымдары

Кез-келген саладағы қарым-қатынас құралы тіл екені анық. Жаһандану үрдісі жаппай белең алған тұста алпауыт елдер экономикалық саясатының ғана үстемдік құруын емес, рухани құндылықтарының да бағасын арттырып, беделін бекітіп отырады сөзсіз. Қоғам дамуының қай кезеңінде, қай дәуірінде де болашақ мамандарды дайындау ісі мемлекеттің даму стратегиясындағы өзекті мәселелерді басшылыққа алып отырады. Негізгі мәселе ретінде рухани бірегейлікті, ұлттық құндылықтар мен озық дәстүрді сақтау оны уақыт үдесіне лайықтап қайта жаңғырту міндетін қояды. Дамудың жаңаша жолы алпауыт мемлекеттер тілін қарым-қатынас тілі ретінде алға шығаруы, басқа тілдердің қолданысына кері әсерін тигізіп жатуы – заңды құбылыс екені анық мәселе. Бұл өзекті мәселеде бала-бақша, мектеп, колледждер, ЖОО-ы дайындап жатқан болашақ ұрпақ тілінің өз ана тілінде дұрыс қалыптасуын мықтап қолға алатын кез келді. Бұның кәсіби қарым-қатынас дағдысы жетілген, бәсекеге даяр жан-жақты болашақ мамандарды даярлауға да тікелей қатысы бар. Кез-келген ЖОО-ы өз негізгі білім беру қызметінде болашақ дипломды маман моделін дайындайды. Қазіргідей технократтық сана билеген заманда кәсіби қарым-қатынас дағдысы толық қалыптасқан рухани бай маманның орны бөлек және маңызды. Кәсіби құзіретті маман компания талап-тілектеріне, стандарттарына сай, кәсіби міндеттерін нәтижелі, оперативті түрде орындай алатын, мобильді болғаны дұрыс. Егер маман дайындаудың нәтижесі *кәсіби маман деңгейі бойынша* бағаланса, ол – білім берудің қорытынды нәтижесі саналады. Күн сайын өзгерістер мен жаңалықтарға толы ғаламдану заманында бір кездерде сұранысқа ие сол кәсіби мамандар мен мамандықтардың өзі де заман ағымынан қалып, қажетсіз мамандықтарға айналып отыруы жаңаша заман мен озық технология жетістіктері арқасында болып отыр. Сондықтан *кәсіптегі өзгеріс пен мобильділік* – қарқынмен жылдам дамып жатқан кәсіби сала шарттары мен талаптарына тез және оңай бейімделу құралы. Осы тұрғыда, кез-келген компания үшін рухани бай кәсіби маман орнының бағасы мен алар орны бөлек. Осы себептен «Рухани бай кәсіби маман» моделін арнайы қарастыру орынды.

Аталған модельді арнайы қарастырып отырғандықтан «модель» ұғымына берілген арнайы ғалымдар пікіріне және бұны толықтыратын «өлшем» ұғымдарының мәнін ашып алған дұрыс.

Арнайы зерттеушілер «негізгі нысан туралы жаңаша ақпарат беретін, танымдық мақсатқа таңдалған немесе қайта жасақталған қосымша нысан» [73] дейтін болса, басқалары «модель – зерттеу нысанын бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйе» [74] ретінде қарастырады.

Келесі автор: «Модель – келешек іс-әрекетке бағдарланған прототип. Модель мақсатты іске асыру және оларды іске асыратын құрал-жабдықтар болып табылады» [75], – деп тұжырымдайды. Маманды болашақ ісіне дайындау кәсіби жұмысына керек білім мен қасиеттердің үлгісі деп қарастыруға болады. Басқа авторлар: «өлшем – білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қалыптастыруда жеткен жетістіктердің белгіленуін салыстыратын ғылыми негізделген эталондар көрсеткіші, болып табылады» [76], – дейді. Ұсынылған анықтамалардағы негізгі сипаттамалық ортақ ой осы зерттеу нәтижесі бойынша ұсынылып отырған «Рухани бай кәсіби маман моделін» жасау ұстанымына толық сәйкес келеді. «Рухани бай кәсіби маман» моделінің мазмұны басқа модельдерден мазмұндық тұрғыда бай және өз ерекшелігі бар.

ЖОО-да маман дайындауда ескеретін негізгі мәселенің бірі – студенттердің университет қабырғасында жүрген шақтан бастап болашақ кәсібіне деген құлшыныс сезімі мен тың идеялар таба білуіне ұмтылдыру. Болашақ бәсекеге қабілетті маман ретінде үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, дұрыс шешім қабылдау дағдылары, өзінің кәсіби қызмет жағдайларына бейімделуі, жобалау, жоспарлау және жүзеге асыру қабілеті болғаны дұрыс. Іскерлік, кәсіби, әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды құра білу, кәсіби білімін өмір бойы дамытып отыру бұл, әрине, оның болашақтағы сәтті және табысты кәсіби қызметіне оң ықпал етеді. Осы дағдылардың барлығының басын біріктіретін *«Рухани бай кәсіби маман» моделін түрлі қажетті құзыреттіліктердің әдемі үндестікте топтасқан жиынтығы*, деп қарастыру орынды. Әр түрлі мамандықтағы маман моделі оның мақсаттары мен міндеттеріне, оқыту мазмұны мен технологиясына, құзіреттіліктер жиынтығы мен кәсіби тұлғалық ерекшеліктерімен ерекшеленетіні анық. Оны дамыту жолында оқытудың мақсаттары мен міндеттерін студенттердің күш-жігерін болашақ жұмыс берушілердің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруге, барлық іс-әрекеттерді, қажетті құзіреттіліктерді игеру процесіне жұмылдыру қажет. Осылайша, *модель сана стандарты ретінде* әрекет ете отырып, болашақ маман даярлау процесін саналы, жүйелі және тиімді етеді.

Бұл арнайы модель төмендегіше әдіснамалық тәсілдер негізінде жасалды:

1) *аксиологиялық (құндылық)* көзқарас тұрғысынан; Аксеологиялық құндылық адам болмысының осьтік мәнін білдіреді. Сол себептен бұл әдіс болашақ маман моделіне қатысты маманның шынайы кәсіби болмыстағы руха-

ни-құндылық әлемін, сондай-ақ кәсіби қызмет үшін аса маңызды моральдық және әлеуметтік құндылықтарды қарастырады.

Аксеология – әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектерін және бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс тапқан ғылым саласы. Құндылық туралы философиялық ілім аксеологияны тұңғыш рет Сократ игілік деп қарастырып, игілікті іске асырылған құндылық, пайдалылық деген болатын. Осы зерттеуде кәсіби маманның болашақ игілігіне жарататын, кәсіптік, қызметтік, мансаптық құндылықтар тұрғысынан және кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытушылық тұрғысынан қарастырылды. Болашақ маманның аксеологиялық құндылық көзқарас негіздері антропоцентристік тұрғыдан қарастырылуы тиіс. Адамға қарата зейін қою қазіргі ғылымның тіл мен адам факторының тығыз байланыстарының көзі болып табылады. Аксеологиялық құндылыққа негізделген бұл тәсіл болашақ маман үшін аса маңызды құндылықтарды, кәсіби қызметте парасатты, зиялы, ізгі тұлғаға қажет рухани құндылықтардың бәрін қарастырады. Студенттер жеке құзіретті тұлға ретінде өз бойында жинақтаған кәсіби құндылықтарына қоса, стандартты емес міндеттерді шешуде де парасат пайымын танытады. Кәсіби тұлғаның өресінің биіктігін көрсетеді;

2) *құзіреттілікке негізделген тәсіл*: Бұл тәсіл болашақ маманның кәсіби біліктілігі мен табысты кәсіби қызметіне қажетті және маңызды жеке қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Кәсіби құзіреттілікке негізделген тәсіл деп атауымызға болады. Яғни толық және жан-жақты құзіретті маман моделінде.

«Рухани бай кәсіби маман» моделін қалыптастыру ұстанымдарын жасауда және кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесін зерттеу арқылы оның үш компоненті ерекшеленді: *мотивациялық, мазмұндық, іс әркеттік* (5-кесте).

Е.А. Климов кәсіби маман психологиясын зерттей келе адамдардың бес түрлі типіне тоқталады. Ғалымның түсіндіруінде: «Адам – адам» деп отырғаны – білім беру, тәрбиелеу, адамдарға қызмет көрсету салаларына қатысты мамандықтармен жұмыс жасайтын типтер. Бұл топқа барлық педагогикалық және медициналық мамандықтар, қызмет көрсету кәсіптері және басқалар кіреді. «Адам – техника» – техникамен жұмыс жасайтын және эксплуатациялайтын мамандықтар: инженер-конструктор, автослесарь, жүйелік администратор т.б. «Адам – көркем образ» – көркем образдарды бейнелейтін және осы салаға қатысты мамандықтар: суретшілер, актер, әнші, реставратор, өнертанушы т.б. «Адам – тірі табиғат» – бізді қоршаған табиғатты қорғайтын және оны зерттеуге қатысы бар мамандықтар: ветеринар, агроном, бағбан, эколог т.б. «Адам – белгі жүйесі» – арнайы белгілерге қатысты (сан, таңба, нота). Бұл топқа әдеби және көркем мәтіндер аудармашылары, аналитиктер, қаржыгерлер» [77] т.б. жатады.

Осы бес түрлі типтегі мамандардың барлығын тұлғалық жетілдірудің, байытудың, ізгілендірудің ең жоғарғы баға жетпес құралы рухани байлықпен, рухани мол дүниелермен гуманистік тұрғыда жан-жақты қаруландыру.

В.Г. Кунициннің: «...XX век чудовищно засорил не только биосферу земли, то что гороздо опаснее – духовное поле земли» [78], – деп жазуы болашақ маман тәрбиесінде де маңызды. Қазақстанның тілдік саясаты – елде тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар тіліне нұқсан келтірмей, қазақ тілінің мәртебесін арттыру. Осындай жауапты кезеңде болашақ маман дайындауда рухани бай кәсіби тілдік тұлға моделін жасау маңызды.

Кесте 5 – Абай мен Конфуций мұралары бойынша «Рухани бай кәсіби тұлға» дайындаудың компоненттері

<i>Мотивациялық компоненті</i>	<i>Мазмұндық компоненті</i>	<i>Іс-әрекеттік компоненті</i>
Білім алушылардың Абай және Конфуцийдің рухани мұраларын оқып-білу арқылы болашақ қызметінде парасатты, ізгі кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға деген мотивациясы туындайды	Білім алушылардың негізгі кәсіби білімдеріне қоса, Абай мен Конфуцийдің бай рухани мұраларын ұғынып-түсіну арқылы толығыады.	Білім алушы кәсіби қарым-қатынас іс-әрекетте мәдениетаралық рухани бай коммуникативтік құзіреттілікті көрсетуге деген даярлығы болады.
<i>Нәтижесінде:</i> болашақ мансабында іскерлік қарым-қатынасты жетілдіруге, дамытуға, ынтымақтастық орнатуға түсінуге деген ынтасы артады.	<i>Нәтижесінде:</i> рухани білім дері арқылы студенттердің тұлғалық-құндылық сапалары артады, рухани бай тұлғалық-құндылық мазмұнындағы бағдары болады.	<i>Нәтижесінде:</i> мәдениетаралық өзара іскерлік, кәсіби қарым-қатынаста жан-жақты жетілген парасатты, рухани бай іскер маман екендігін, әр түрлі мәселеге сай болуын, болашақ қызметіндегі шығармашылық іс-әрекетте креативтілік таныта білетін, өз бетінше кәсіби қарым-қатынас әрекеттерін жоспарлау мен нәтижелілігін көрсете алады.

Рухани мәдениеттің дамуы үшін болашақ маман тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындауы тиіс. Биік адами құндылықтарды бойға сіңіру арқылы кемелдену деңгейіне көтерілуі қажет. Әрбір маман иесінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігі ғана емес, басқа да сан қырлы дағдыларды бойына сіңіріп, өзгерістерге дайын болуы тиіс екені – заман талабы. Кез-келген маман болашақ қызметінде кәсіби тұлға ретінде нақты саладағы, белгілі бір траекториядағы білім жүйесін толық меңгерген, кәсіби дағдысы мен құзыреттілігі қалыптасқан, рухани бай кәсіби-тұлғалық қасиеттерді бойына сіңірген тұлға болмайынша өзінің негізгі кәсіби-функционалдық міндеттерін тиісті талап тұрғысынан орындай алуы күмәнді. Осы диссертациялық жұмыста «Рухани бай кәсіби маман» моделі ұстанымдары Абайдың «толық адам» концептісі және қытай ойшылы Конфуцийдің «ізгілікті адам» идеясы негізінде жасалды.

«Әлемдік өркениетте түрлі елдер ғұламаларының алар орны әрқашан ерекше. Әр уақыттың, кезеңнің адамзатқа берер мәңгілік аты өшпейтін, барлық ғасырлармен құрдас та сырлас ұлы перзенттері болады. Осындай ғұламалар қалдырған бай рухани мұралар, ондағы өміршең ой ұлағаты, ұрпақтан-ұрпаққа

жетіп, халықтың мәңгілік өшпес қымбат қазынасы болып қалуының өзіндік сыры бар. Ұлы адамдар асыл мұралардағы сүбелі ой адам рухын байытып, жарқын болашаққа жол сілтейді. Адами адал өмір сүруде болсын, әлемдік деңгейдегі кәсіби маман дайындауда да тәрбие құралы ғана емес, шамшырақ рөлін де атқарады. Рухы бай адамдардағы терең де мағыналы ой мен өзара пікір үндестігі, сыншыл көзқарас ортақтығы әрқашан болған. Олардың ішкі толғаныстары тағдырлас келіп, бірін-бірі толықтырып, байытып, кейде қайталап жататыны шындық. Сондықтан әр халықта бар ғұламаларды адамзаттың ортақ рухани игілігі үшін бөле-жара қарамау керек.

Қазақ руханиятындағы осындай ұлы тұлғалардың бірі – Абай болса, екіншісі, осы тақырыпқа арқау болып отырған ұлы Қытай елінің кемеңгері – Конфуций.

Бүгінгідей жаппай ғаламдану заманында болашақ маманның өз кәсібіннің шебері ғана емес, рухани бай, парасатты болғаны да – заман талабы. Екі ұлы тұлғаның қалдырған сөздері, айтар ойы болашақ маманға тамаша рухани құрал рөлін атқара алады. Қытай халқы ақылды сөз іздесе, Конфуцийдей данышпанына арқа сүйейді. Қазақ та даналық ойды, тоқ етер сөзді Абайдан іздейді. Болашақ кәсіби маманның зиялы, рухы бай азамат болып қалыптасуында осындай мәйекті дүниелердің маңызы зор. Әрбір маман халықтық бай мұраларды бойына сіңіре дамитын болса, өз кәсіби ортасынан асып, қоғамға саналы ойымен пайдасын тигізеді» [79].

Конфуций қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтан бұрын өмір сүрген. Бірақ осы ғұламалардың артында қалған мол мұраларындағы терең ой, мазмұн, идея, сыншылдық мәселесі жиі үндестік тауып жатады. Аталған ойшылдар шығармашылығындағы ой маржандары бірін-бірі әдемі толықтырып, байытып кей тұстарда тіпті анық қайталайды. Болашақ маманды рухани бай кәсіби тұлға етіп тәрбиелеудің құралы ретінде ұсынылып отырған бұл мұралар студенттер танымында былайша көрініс тапты (6-кесте, Қосымша Б).

Кесте 6 – Студенттер танымындағы Абай мен Конфуцийдің сыншылдық көзқарасын салыстырудағы креативті тапсырмалар нәтижесі

Абай	Конфуций
1	2
«Ар ұялар іс қылмас».	«Кімнің ізгілігі тұрақты болмаса, ол кісі ұятқа қалады». «Алысты ойлай алмаған адамның қаупі тап қасынан шығады».
«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан сақтанбақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – намыссыздық. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп бол	«Пайдалы құмарлық үш түрлі болады. Әдеп-иба мәселесіне құмарлық Басқа адамдардың артықтығын айтуға құмарлық; Жақсы достарды көбейте беруге құмарлық. Зиянды құмарлық: тәкаппарлыққа құмарлық, бос сенделуге құмарлық, шектен тыс татымас іске құмарлық». «Қайырымды адам тоғыз нәрсені: анық көруі; анық істеуі; оның жүзі ақжарқын болуы; оның іс – қылығы ізетті болуы; сөзі шынайы болуы; оның қимылы сақ болуы; күдік туған

майды. Намыссыздық – күллі адамзаттың ең қас жауы»	кезде өзгелерден сұрау қажеттігі; ашу-ызаның зардабы неге әкеліп соқтыратыны есінде болуы; пайда табуға мүмкіндік
--	---

5-кестенің жалғасы

1	2
	бар кезде әділеттілік қажет екені туралы»
«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы». «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз...». «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез».	«Оқымыстылық, ұмтылыстың табандылығы, ізденгіштік, барлық жақындар үшін қамқорлық. Адамгершіліктің өзі – осы»
«Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ, Күлкішіл кердең наданның. Көп айтса көнді, жұрт айтса болды. Әдеті надан адамның. Бойда қайрат, ойда көз. Болмаған соң айтпа сөз»	«Ян Хуэй маған көмектесе алатын адам емес. Ол менің сөзімнің бәрін қуана қуаттаушы еді»
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [80, 81]	

Абай жан-жақты жетілген, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептеді. «Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санады.

Ақынның сыншылдығын кешенді түрде топтастыруға болады:

- бірінші – қоғамға, заманға сыни көзқарасы;
- екінші – өнер, білім, ғылымға сыни көзқарасы;
- үшінші – жеке адамның мінез-құлқы, адамшылық, имандылық, ұстаздық т.б. сыни көзқарасы, деп топтастырған орынды. Осы көзқарастардағы тамаша ой қорытындысын болашақ маманның рухани бай кәсіби тұлға болып қалыптасуына қойылар талап ретінде қарастыруға болады. Абайдың қай шығармасы да тіршілік атаулыдағы адами қатынастың бәріне адамгершілік асыл қасиет пен қатаң талап және талғамның шынайылығын ту етіп көтереді. Бүкіл ғұмырында Абайды әлемге танытып, сол ұлы ғұлама арқылы өзі де ұлы жазушы атанған М. Әуезов: «Абай адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олар үш нәрсе: «надандық, еріншектік, залымдық [82]», – дейді.

Абай мен Конфуций мұралары уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан ашылары сөзсіз. Қай заманда да рухани дамуға жетектер осындай асыл мұралар екендігі даусыз. Осы асыл қазыналарды ұрпақтар санасына терең сіңіру, насихаттау тәрбие құралына айналуы тиіс. Конфуцийдің мына сөзі:

«Если утром познаешь правильный путь» вечером можно умереть [83]», – дейді. Дұрыс таңдалған бағыт қашан да діттелген мақсатқа жеткізетіндігін меңзеп тұр.


Қос ғұламаның даналығы да – олардың сыншылдық биік танымының тапқырлығы мен кеңдігінде. Танымдық деңгейдің де аса биіктеп, шымырланып, ерекше бір кемел биігіне, көтерілуінде. Кең ауқымда алар болсақ, даналық

адамдар арасындағы ұлы жарастықты, қатал жауапкершілікті, тіпті азаматтық қоғамға деген қателіксіз де тұрақты, мәңгі өзгермейтін, құйған қорғасындай ұқсас ой үндестігін білдіреді. Кемелдіктің өзі де ұлтқа да, ұлысқа қарамай, даналықтың бұрын-соңғы тұлғалық деңгейі мен ұлттық деңгейінен асып түсіп, әлемдік ауқымда қуатталатын ой айта алуында. Бұлай деуге себеп те мысал да ұрпақ тәрбиелеуде рухани мұра ретінде қалған Абай мен Конфуцийдің артында қалған бай да құнды, өміршең мұралары. Осы зерттеу мен жинақталған тәжірибе негізінде «Рухани бай кәсіби маман» моделі ұстанымдары екі түрлі халықтың рухани негізінде зерттеліп, ортақ модель жасалды:

Ол – Абай Мен Конфуций ұсынған адами құндылықтарды сыншылдық негізде саралау арқылы жасалған – «*Рухани бай кәсіби тұлға*» моделі.

Ол үшін КИМЭП Университеті студенттері «Іскерлік қазақ тілі» және «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курсы СӨЖ аясында «Рухани бай кәсіби маман» дегенді қалай түсінесіз? деген басты сұрақ қойылып: *адамгершілікті маман, салт-дәстүрді жақсы білетін маман, қазақ әдебиетін көп оқыған маман, бәсекеге қабілетті маман, материалдық тұрғыда бай маман, іскер маман* жалпы жауаптардан үшеуін белгілеу ұсынылды. Сауалнама 17-20 жас аралығындағы 100 студентке жүргізілді. Сауалнама төмендегіше нәтижені көрсетті: адамгершілікті, қазақ халқының салт дәстүрлерін жақсы білетін, әдеби шығармаларды көп оқыған, деген жауаптар алғашқы үш орынды иеленді.

Сауалнамадан соң «Рухани бай кәсіби тұлға қандай болу керек» атты СӨЖ жұмыстары жасалып, осы жұмыстың негізгі талабы Абай шығармаларындағы аталған мәселенің студент пікірлерімен салыстыра отырып, ортақ негіздегі нағыз рухани бай кәсіби тұлға моделін анықтау болды. Студенттер Абай өлеңдері мен қара сөздерін өз деңгейлерінде зерттеуге тырысып, зерттеу барысында төмендегіше ойтүйіндер жасай алды. Сол нәтижелер студенттер танымында былайша көрініс тапты (4, 5-суреттер).



Сурет 4 – Студенттер танымы



Сурет 5 – Студенттер танымы


Бұдан соң Абай мен Конфуций мұраларын салыстырмалы зертеу бойынша студент танымындағы мықты тұлға портретін анықтау мақсаты қойылды. Студенттер танымындағы зерттеу бойынша мына үлгідегі сипаттамалар жинақталды (6-сурет).



Сурет 6 – Мықты тұлғаның портреті

Абай мен Конфуций мұралары салыстырмалы сыни тұрғыдан зерттеу жұмыстарынан соң, *Болашақ маман бәсекеге қабілетті болу үшін басты көңілді неге бөлуі қажет?* деген ашық сұрақ қойылып, 60 студентке таратылды. Сұрақ нәтижесі жинақтала келе, болашақ маманға қажетті ең көп аталған қасиеттер төмендегіше болды (7-сурет).

ЖАУАПТАРЫ:



Сурет 7 – «Болашақ маман бәсекеге қабілетті болу үшін басты көңілді неге бөлуі қажет?» атты сауалнама қорытындысы

«Рухани бай кәсіби маман» моделін қалыптастыру ұстанымдарын жасауда Абай және Конфуций сияқты ұлылар мұраларындағы ортақ сыншылдық көзқарасқа құрылған ой үндестіктігін пайдалану маңызды. Себебі, екі рухани тұлғаның салихалы ойларын болашақ кәсіби маман тәрбиелеуде тамаша рухани құрал ретінде пайдалануға болатыны өткізілген тәжірибелер қорытындысы дәлел бола алды. Жаңа заманның мықты мамандарын жан-жақты тәрбиелеуде берері мол, білік-дағдысын жетілдіріп қана қоймай, кәсіби парасатты тұлға, құзіретті маман ретінде шыңдай түсуде таптырмас әдіс-тәсіл екендігін көруге болады (8-сурет).

Зерттеу жұмысы барысында осындай үлгідегі рухани бай кәсіби маманның біртұтас моделі құрылды. Ұсынылып отырған арнайы модель болашақ маманның кәсіби білімді меңгеру ерекшеліктерімен қоса:

– олардың кәсіби-интеллектуалдық, рухани мықты тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне жағдай жасайды;

– кәсіби коммуникативтік құзыреттілігінің нық қалыптасуына негіз болады.

«РУХАНИ БАЙ КӘСІБИ ТҰЛҒА» МОДЕЛІ



Сурет 8 – «Рухани бай кәсіби тұлға» моделі

Рухани бай кәсіби маман моделі болашақ маманға коммуникативтік құзыреттілік қалыптастыру ұстанымы бола алады. Аудиторияда отырған ертеңгі маманды дағдыландыруда ұлттық құндылықтарға негіздерген білім қоры дұрыс бағытта, түсінікті, ұғынықты, пайдаға жарайтындай қызықты етіп ұсынылуы керек. Екіншіден, студенттің өздік жұмыстары, бонус түрінде ұсынылатын тапсырмалардың форматын да түрлендіру тиімді. Бұл тұрғыда, бейнематериалдар, сұхбаттар түрінде қабылдау нәтижелі болады. Тапсырма түрлері және болашақ мамандықтарына қатысты кәсіптік жағдаяттарды ескермеуге болмайды. Егер курс тақырыптары пайдасыз, мотивация тудыратындай болмаса, нәтиже сапа талабына сай болмайды. Үшіншіден, дидактикалық тапсырмалар интерактивті желілік форматта ұйымдастырылғаны дұрыс. Бұл студент құлшынысын және қызығушылығын тудырады. Бұған қоса, әрбір оқытушы Қазақстан территориясында мәдениетаралық қарым-қатынаста, іскерлік салада, әлеуметтік, қаржы экономика т.б. салаларда, қазақ тілі адамдармен қарым-қатынас құрудың басты құралы болуын студенттерге үнемі ескертіп отыруы тиіс. Болашақ маман даярлауда кәсіби тілдік дағдысы қалыптасқан маман даярлаудың еңбек нарығындағы сұранысқа қашан да ие екендігін де еске салғанның артықтығы жоқ. Бұл – болашақ маманның қажет дағдысын қалыптастыру ғана емес, оған қоса ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие де беру

Мақсат – маңызды педагогикалық категориялардың бірі екені анық. Аталған модель мақсаттары: «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» атты курс сабақтарының барысында қойылып, қалыптасты; Ұсынылған үлгі курс бағдарламасымен өзара тығыз байланысты, оның тұтастығымен ерекшеленеді.

Кәсіби тілдік дағдысы қалыптасқан, «Рухани бай кәсіби маман» моделін құру бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан ЖОО-да оқу бағдарламаларында, стандарттарда осындай мақсаттағы курстарды ұсыну мәселесі қарастырылмай отыр. Бұл тұрғыдан келгенде КИМЭП Университеті қазақ тілі курстарының артықшылықтары мен ерекшеліктері және көптеген мүмкіндіктері де бар.

Сондықтан студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысында ұсынылатын тапсырмаларды рухани құндылықтарға негіздей, міндетті түрде бай қазақ әдебиеті туындыларын қоса оқытып отыру ұсынылады.

Қазіргі заман адамзат тарихындағы жоғарғы технологиялық өркениеттің, дамыған елдердің мәдениеттер бәсекелестігімен сайысқан тың идеялар ғасыры. Бұл тұтас адамзат атаулы қоғамның рухани жаңғыруына алып келеді. Өркениеттің озық өнегесі өміршең мәдени-рухани құндылықтармен өрнектеледі. Жаһандық қоғам адамдары санасы тәуелсіз екені анық. Бұл ұрпақ санасына да әсері бар. Осы тұста рухы күшті, мәдени рухани және тамырлары терең, жалпы адамзат қоғамына ортақ құндылықтарымен ерекшеленетін мемлекеттер өз үстемдігін құруы табиғи заңдылық. Ғаламдану, жаһандану

жағдайындағы өркениет инновациялық технологиямен қатар, мәдени рухани саладағы бәсекелестікті күшейтіп отыр. Әлем жасандылықтан табиғилыққа көшудің инновациялық үдерісіне мойын бұруда. Бүкіл әлем мәдени өркениеттің ортақ құндылықтарына қарай бірігу, ықпалдасу үдерісіне мойын ұсынуға мәжбүр. Ендеше, әлем мойындап, ортақ құндылыққа айналған Конфуций мұрасы мен *Абайдың рухани бай мұраларын қатар, салыстыра, ортақ үндестікте қарастыру осыдан келіп туған модель*. Мәдени өркениеттің жалпы адамзатқа ортақ озық үлгілерін қазақ руханиятындағы құндылықтар арқылы насихаттаудың басым бағыттарын, жаңаша әдіс-тәсілдерін айқындап, оны қоғамдық өмірде дәлелдейтін іс шараларды бірінші кезекке қою аса қажетті екені де даусыз. Бұл тұста мәдениеттер бәсекелестігіне төтеп бере алатын ұлттық құндылықтарды сақтап қалуда осындай бірегей туындыларды оқытып, үйрету арқылы болашақ маманды тәрбиелеудің жөні бөлек. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарды жаңғыртудың маңызы зор. Ата-баба аманат еткен ұлттық дәстүрлер қадір-қасиетін, қазақ руханиятындағы халықтық және белгілі тұлғалардан қалған бай мұраларды кәсіби мамандар бойына сіңіру тілді оқыту әдістемесінде оқу материалы ғана емес, басты қажеттілік пен міндетке айналуы тиіс.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Қазіргі заман талаптары оқытудың, білім берудің жаңаша үрдісін талап етуде. Ол ғаламдану мен жылдам дамып және түрлі салаларда еніп жатқан жаңа педагогикалық парадигмалар мен технологиялық өзгерістер себебінен. Студентті болашақ кәсіби қызметі мансабына толыққанды маман ретінде дайындауда сапалы білім мазмұнын ғана беріп қоймай, оны қолдана білуге, дамытуға үйрету қажет. Бәсекесі мықты қоғамда өзгерісі мол өмірге икемділік пен бейімділік дағдыларын дамытудың да маңызды зор екендігінде дау жоқ. Бүгінгі студент тұлға ретінде қоғамдағы өз лайықты орнын тандауда, өз қабілет, дағдыларын білімділікпен жүзеге асыруға, тәжірибе мен әмбебап қабілеттердің жиынтығын бойына сіңіруге бейім болғаны дұрыс. Бұл – жаңа заман талабы.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесі жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесімен және тілдерді оқытудың, үйретудің әлемдік әдістемесімен тығыз байланыста қарастырылды.

Қазақ тілі әдістемесінің негізін салушылар ғалымдардың өзіндік құнды пікірлерімен, сапалы ғылыми-әдістемелік еңбектерімен байып, өз жалғастығын тапқандығы белгілі. Осыған сәйкес Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, Т.Шонанұлы сияқты ғалымдар еңбектері сараланды. Қазақ тілін оқыту әдістемесі Қ.Басымов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ы. Маманов сияқты мықты ғалымдардың өзіндік құнды пікірлері мен ғылыми-әдістемелік еңбектері негізге алынды. Қазіргі ғылымдағы бетбұрыстың, жаңалықтың антропоцентристік бағытқа ойысуы тілді оқыту мен үйрету

әдістемесінде психолінгвистикалық, этнолінгвистикалық, когнитивтік, прагматикалық, қатысымдық тұрғыда қарастыруына негізделіп зерттелді. Қазақ тілін оқыту әдістемесіне де тың жаңалықтардың ашылуы, жаңаша оқытуға бағытталған әдістемелік тың теориялардың орнығуы жайлы айтылды. Аталған теориялар мен әдістемелер тілді қатысымдық тұрғыда оқытуға бағыттап, тілді оқыту әдістемесінде тың бетбұрыстар мен өзгерістер әкелген еңбектер қатарынан орын алды. Бұл саланы зерттеу мен дамыту мәселесі бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың мәселесінің күн тәртібінде әлі де зерттелмеген қырлары мен өзіндік проблемаларын алға тартып, оны шешудің бірқатар жолдары ұсынылды.

Алаш қайраткерлері арасында қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда кәсіби қарым-қатынас мәселесіне тікелей қатысты Қ. Кеменгерұлы еңбектеріне қатысты нақты мысалдар келтіріліді. Зерттеу тақырыбының бастаулары сол кезеңдерде де болғандығын атап кету орынды. Және ол еңбектердің тақырыптық-мазмұндық салалары осы зерттеуде анықталды.

Қазіргі ғылымдағы бетбұрыстың, жаңалықтың антропоцентристік бағытқа ойысуы тілді оқыту мен үйрету әдістемесінде психолінгвистикалық, этнолінгвистикалық, когнитивтік, прагматикалық, қатысымдық тұрғыда қарастыруына жол ашты. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесіне де тың жаңалықтардың ашылуына, жаңаша оқытуға бағытталған әдістемелік тың теориялардың орнығуына алып келді. Осы орайда, Ф. Оразбаева қазақ тілін коммуникация құралы ретінде қарастырса, К. Жақсылықова модуль арқылы оқытуды, Қ. Қадашева жаңаша жаңғыртып оқытуды енгізді. Бұл теориялар мен әдістемелер тілді қатысымдық тұрғыда оқытуға бағыттап, тілді оқыту әдістемесінде тың бетбұрыстар мен өзгерістер келген еңбектер қатарынан орын алды. Қазақ тілін оқытуда студенттернің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың мәселесі күн тәртібінде әлі де зерттелмеген қырлары мен өзіндік проблемаларын алға тартып отыр. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың зерттелу тарихын жалпы қазақ тілін оқытумен тығыз байланыста қарастыруды қажет етеді. Сол себептен ЖОО-ны студенттерінің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінің зерттелуі мен қалыптасу тарихы зерделенді. Қазіргі ғылыми педагогикалық парадигмада қазақ тілін кәсіби тұрғыдан оқытудың мазмұны жасалды.

Осы бөлімде «Рухани бай кәсіби маман» моделін қалыптастыру ұстанымдары Абай мен Конфуцийдің сыншылдық көзқарастағы ойларына негізделді. Екі ойшылдың рухани бай мұраларынан нақты салыстырмалы мысалдары арқылы және қазіргі жастар көзқарасындағы кәсіби маман тұлғасы ескеріліп, ортақ модель ұсынылды.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қазақ тілі пәнін оқытуға байланысты болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдірудің лингвистикалық тұғырлары

Кез келген ғылым жеке дара дамымайтыны белгілі жайт. Тілді оқыту процесінде де бірнеше ғылымдар жүйесінің бірлігі, үндестігі, сәйкестігі қатар келіп жатуы заңдылық. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінде аралас қолданылатын ғылымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін тауып, мақсатын айқындап алу қажет. Қазіргі дамыған қоғамда қазақ тілін оқыту мәселесі де лингвистика, психология, философия, психолінгвистика, педагогика және дидактикамен тығыз байланыста дамып отыр. Бұл тілді оқыту мен дамытудың, үйретудің лингвистикалық негізін тек тілдің теориясымен ғана шектемей, басқа да ғылым салалары жетістіктерімен тығыз байланыста, үздіксіз ізденісте, дамытушылық бағытта қарастыруды талап етеді. Қазақ тілін оқытуды қандай тәсілмен, қандай ғылым принциптеріне негіздесек те, тұтас сөздік қор, қажетті тілдік қорек тіл білімінсіз болмайтыны – аксиома.

Бұл мәселеде көптеген зерттеуші-ғалымдар пікірі осы зерттеу жұмысының темірқазығындай болды.

Қазақ тіл білімінің білімінің қазіргі зерттелуі адам қажеттілігіне, адами факторға бағытталуда. Қазақ тілі білімі адамның өмір сүру ортасына, заман мен жаңаша қоғам талап етіп отырған нормаларға бейімдейтін ғылым ретінде дамып отыр. Ал болашақ маманның өмір сүру ортасының, кәсіби қызметіндегі тілдік құзіреттілігін орындау процесі қазақ тілінің заңдылықтарынсыз болмайтыны анық. Кез-келген кәсіби маман өз қызметін, диттеген мақсатын жүзеге асыруда қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтарын сақтай сауатты сөйлеуі өз мақсатына жетуде басымдыққа ие екені даусыз. Кәсіби қарым-қатынастың жүзеге асуында сөйлеу әрекетінің түрлі механизмдері, сыртқы процестермен үйлестікте байланысы, дамуы оның нәтижелі түрде жарыққа шығуының басты құралы – ол маманның тілдік нормаларды дұрыс, тиянақты, сауатты жатық түрде қолдануы. А. Байтұрсынұлы: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оның жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алған жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды.

Солай танығаннан кейін ананың да мынаның да құрал жұмсауы, оны тануы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды...» [59, б. 120], – дейді. Осы қарастырылып отырған болашақ маманның кәсіби қарым қатынас-дағдысын дамытудағы тілдік коммуникация ғалым айтып отырған мәселемен толық үндеседі. Аудиторияда отырған студент, болашақ кәсіби маман. Болашақ маманың тілдік білімі, тілдің қалыптасқан нормаларын білуі, қолдануы тура осы мысалдағыдай екені белгілі жайт.

Қазіргі таңда болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда тек тілдік нормаларды дұрыс қолдану жеткіліксіз. Бұған қоса, қазіргі жаңаша парадигмада студенттерді *танымдық ғылым тұрғысынан* дайындау мәселесі қарастырылуда. Бұл студенттің кәсіби тілдік қарым-қатынас дағдысының әмбебаптық тұрғыда, яғни жан-жақты қырынан қарастырылуын қажет етеді.

И.П. Меркулов танымдық ғылымға орай: Когнитивная лингвистика – «комплекс наук, изучающих познание и высшие мыслительные процессы на основе применения теоретико-информационных моделей» [84], – деген пікір айтқан. Студенттің танымдық қабілеті оның мәселені дұрыс қабылдау, шешу, меңгеру, жоспарлау, тапқырлық таныту, жеке тұлғалық қабілеті т.б. мәселелер арқылы айқындалса, бұл мәселелер тілдік қатысымға шығумен де тікелей байланысты, деп айтуға болады. Когнитивтік лингвистика ғылымы тіл арқылы адамды, адам арқылы тілді тануға бағытталады. Демек, *қатысымдық-танымдық оқытудың* маңызы зор Берілетін білімнің танымдық құрылымы сөзді жүйелі құру үшін қатысымдық бірліктердің формалдық және мазмұндық жақтарына тәуелді болады. Танымдық тұрғыдан оқыту ұсынылатын материалдарды танымдық тұрғыдан ұйымдастыруға мүмкіндік ашады. Бұл студенттің, болашақ маманның өзін-өзі дамытуына, жеке тұлғалық қабілетін арттыруға сол арқылы кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. Танымдық тұрғыда алған білімін болашақ қызметіндегі түрлі жағдаяттардағы кәсіби қарым-қатынаста ұтымды пайдалануға көмек болады.

Қазақ тілін оқытудың лингвистикалық негізі жайлы зерттеушілер пікірі: «Пәндерді оқыту әдістемесі сол ғылымға негізделеді. Мысалы, химияны оқыту әдістемесі химия ғылымына, математиканы оқыту математика ғылымына, әдебиетті оқыту әдебиет ғылымына тағы басқа. Сол сияқты қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл біліміне негізделеді. Ол – қазақ мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне де, орыс мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне де ортақ заңдылық» [85], – дейді. Сондықтан ғалымдардың осындай пікірлері де ескерілді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысында берілетін білім, қазақ тіл білімі салалары заңдылықтарына негізделіп, қажет материалдарды студент қажеттілігі мен қызығушылығына сай таңдалып, іріктеу қажет, деп саналды. Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысында ұсынылатын материалдардың

- тілдік жағынан әбден жүйеленген, сараланған түрде топтастырылуына;
- кәсіби тілдік тұрғыда берілетін білім сипаттама тұрғыда емес, студенттің болашақ мамандығына қатысты дағдыларын дамытуға жол ашатындай;

– коммуникативті тіл білімі тұрғысынан карауға, сөйлеуші мақсатын қанағаттандырушы қабілетіне қарай таңдау;

– функционалды қызметі тұрғысынан талдау жүргізілуі қажет, деген тұжырымдар негіз болды.

Жас сәбидің тілі былдырлап шыға бастағаннан-ақ сөзді анық айта алмай, жобалап айта бастайды. Кей жағдайда айтпақ қажеттілігін, тіпті сөзбен де емес, түрлі мағынасыз дыбыстар немесе *ым, ишара* арқылы да ұғындыруы мүмкін. Сәби тілінің дұрыс, таза шығып қалыптасуына, өз ойын жеткізе алуына дейін 4-5 жылдай уақыт керек. Осы процесс барысында әрбір ата-ана сәбиін дұрыс сөйлету үшін екі-ақ қарапайым тәсіл қолданады. Ол – баланың қатемен айтып тұрған сөздерін өзі дауыстап қайталап айту және балаға айтқызу. Екінші, атауын білмейтін сөздерді айта отырып таныстыру. Осы кезден бастап-ақ тілдің денотативтік қызметі кішкентай сәби өмірінде орын ала бастайды. Сәбидің тілінің шығу барысындағы қателіктер интерференциялық қателіктерге жатпайды, ол – табиғи даму, жетілу процесі. Бұл қарапайым қағида – әр адамның өз ана тілін меңгеру жолы. Мектеп бітіріп келген кез келген студент әрбір сөздің айтылуына, дыбысталуына орай өз қолдануында, өз өмір сүрген аймағында қалыптасқан қолданысты алға тартады. Осы мәселе кәсіби тілдік қарым-қатынаста «кедергі рөлін» атқарады. Біріншіден, көптеген студенттерде *жергілікті тіл ерекшеліктерін қолдану немесе диалектизмдер* болуы мүмкін. Екіншіден, *ауызекі қолданыстар*. Ана тілі қалыптасқан, мектепті қазақша бітірген студенттердің де қателіктері болуы – тілдік заңдылық.

Келесі кедергі – *сөздерді дұрыс, анық сауатты айтпауы, интонацияның дұрыс қойылмауы*. Сөйлеу өкпеден шыққан ауа күшінің дауыс шымылдығына түсетін қысымымен болады. Сөйлеу дыбыстың ырғағы дауыс шымылдығының ұзындығы және оның қысылу қалпына қарай айқындалады. Дыбыстың, сөздің, тіркестің, сөйлемнің күші, әуені, ырғағы, созылықлығы коммуникацияның қажеттілігіне қарай болады.

Айтылмақшы сөз, ой мағынасы пауза немесе кідіріс арқылы ажыратылады. Кідіріс жасау арқылы ауа ішке тартылады, екінші сөзді айтқанда сыртқа шығады. Осы сөздердің басын біріктіріп, мағына үстейтін нәрсе – интонация.

С.А. Аманжолов: «Қандай сөйлем болсын мейлі, ол екі сөзден немесе бір сөзден құралған сөйлем болса да, өзіне тән интонациясы болады [85]. Интонацияда дауыс ырғағының көтеріліп барып бәсеңдеуі немесе керісінше болуы – мелодика болса, тіл оқытуда мелодиканың дұрыстығы да маңызды рөл атқарады. Демек нормаға сай мелодика дұрыс сөйлеу құралының бірі. Бұны *сөздегі әуен нормасы* деп атасақ та болады. Сондай ақ кәсіби тілдік дағды қалыптастыруда сөйлеу ырғағының да маңызы зор. Оның шапшаң немесе баяу болуының да атқарар қызметі бар екені белгілі. Бұл сөйлеу барысындағы түсініктілікті, анықтықты қамтамасыз ету құралы бола алады. Қарым- қатынас дағдысына да әсері бар. Келесі ерекше мән берілуге тиіс мәселенің бірі – сөйлеудің үдемелілігі, айтылудың күштілігі немесе әлсіздігі. Бұл арқылы сөйлеушінің эмоциясын, көңіл-күйін көруге болады.

К. Аханов: «Интонация – сөйлемнің органикалық элементі. Жеке сөздер немесе сөз тіркестері кейде сөйлем түрінде жұмсалуды үшін міндетті түрде сөйлемге тән интонациямен айтылуы шарт» [87], – дейді. Когнитивтік лингвистикада тілді адамның барлық психикалық және танымдық процестерімен тығыз байланыста қарастырады. Бұл психология, нейрофизиология, философия, жасанды интеллектпен байланыстыру дегенге де саяды.

Американ психологы Альберт Эллис Маграбян зерттеулері нәтижесі, адамдар бір-бірімен алғаш кездескендегі ақпараттар алу пайызы параметрлерін шығарған. Сол дәлелдеме бойынша, ақпараттың 55% - визуалды түрде, 38% - паралингвистикалық сигналдар арқылы (интонация, дауыс ырғағы, дауыс қарқыны, сөйлеу ырғағы); 55% вербалды емес сигналдар (дене қимылы, жүріс-тұрысы, дене қалпын ұстауы, ым - ишара, 7%-ын ғана вербалды түрде қабылдайды екен [88]. Осындай зерттеулер нәтижесін ескере отырып, болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың лингвистикалық тұғырлары туралы сөз болғанда, қарым-қатынаста *интонацияның дұрыс қойылу мәселесін ескеру* де аса маңызды.

Замана өзгеруі, жаппай ғаламдану, бәсекенің күшеюіне орай ата-аналар балаларының тілінің толық ана тілінде төселіп жаттыққанын күтпей, бірнеше тілді қатар меңгертуге құштарлық танытады. Немесе үш тілде қатар білім беретін мектептерде балардың білім алуы. Бұл – бала болашағына жасалған тамаша инвестиция, болашақ мүмкіндіктер. Бірақ бірнеше тілді қатар оқыған баланың тілдесім барысында интерференциялық, интонациялық қателерді көп жіберетінін анық байқауға болады. Осындай студенттердің артикуляциясы қазақ тілінен гөрі орыс және ағылшын тілінің артикуляциясына бейім қалыптасады. Ал артикуляциясы қалыптасып қалған ересек адамның қазақ тілінен фонетикалық дағдысын қалыптастыру оңай емес. Бұл жерде екі түрлі мәселеге назар аудару қажет:

- 1) интерференцияны айқындау немесе *интерференциялық қателіктер*;
- 2) аппроксимация немесе *аппроксимациялық қателіктер*.

«Интерференция» терминіне арнайы сөздікте былайша анықтама береді: «интерференция – (лат. inter-аралық, ferio-соғу, тигізу) – көптілділік жағдайында тілдердің бір-біріне тигізетін әсері, ықпалы. Тілдердің байланыс жасауына немесе өзге тілді жекелей меңгеру кезінде екінші тілдің ана тілі ықпалына түсу көрінісін белгілейді. Интерференция тілдің барлық деңгейінде кездесуі мүмкін, бірақ фонетикада (акцент) ерекше байқалады. Интерференцияның негізгі қайнар көзі қатар қолданылатын екі тілдің әр түрлі жүйедегі тілдер екендігі, яғни фонемалық құрамның әр түрлілігі, фонемалардың әрқилылығы, интонацияның бөтендігі т.б. Екі тілдің арасындағы дыбыстың араласуы, дыбыстың қатынасы диафонетикалық қатынас, ал басқа дыбыс орнына жұмсалып тұрған тұрған дыбысты диафон деп атайды» [89].

Бұл термин де «алгоритм», «интеграция» т.б. терминдері сияқты алғашқыда басқа ғылым салаларында пайда болып, шет тілдерін оқыту әдістемесі арқылы енген. Терминді тілдік жағынан зерттеушілер: «тормозящее влияние родного языка на усвоение иностранного» [90], – дейді.

Жоғарыда келтірілген «интерференциялық қателіктер», «апроксимациялық қателіктер» деген терминдер диссертацияда алғаш рет ұсынылып отыр. Бұған дейін бұл сөздер: «интерференция», «апроксимация» деп ұғым түрінде де, термин ретінде де жеке-дара қолданылып келсе, осы зерттеу нәтижесі бойынша, қателіктер деген сөз қосылып, тіркес әрі ұғым ретінде ұсынылды.

Келесі қарастыратын мәселе – апроксимация мәселесі немесе *апроксимациялық қателіктер*. Осы екі қателік те шет елде оқып келген немесе өз елімізде үш тілді қатар меңгерген студенттерде кездесетін *тілдік кедергі* деп аталады.

Осы тізімге *коммуникациялық деңгейдегі интерференцияны* қосуға болады [90]. Бұл жерде ерекше назар аударуға тиіс мәселе, коммуникация процесінде қарым-қатынас формаларының бұзылуы. Мысалы, сөз бастауда қызықтыру мақсатында түрлі әдістерді қолдану: жарнама жасау, бір сурет, т.б. көрсету, өзін таныстыруды кейінге қалдыру, студенттердің презентациялар жасауда топпен сабақ басынан топпен бірге отырып, өз презентациясы кезінде қайта амандасуы т.б.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас тілін дамытуда негізгі ескерілетін тағы бір мәселе – *коммуникативтік елеулі қателер және коммуникативтік елеусіз қателер*. Тәжірибеде студенттердің кәсіби тілдік қатысым материалдарын қолдану барысында жиі жіберетін қателіктерінің бірқатары ұсынылды (7-кесте).

Кесте 7 – Студенттер қолданысындағы жиі жіберілетін қателер

Коммуникативтік елеулі қателер	Дұрыс қолданысы
<i>Осы интервью маған көп пайда әкелді.</i>	<i>Маған осы интервьюдің көп пайдасы болды// Осы интервьюдің маған көп пайдасы болды.</i>
<i>Жұмыс табу қиын болған.</i>	<i>Жұмыс табу қиын болды.</i>
<i>Басқа елдің мәдениетіне, тіліне үйрену қиын болған.</i>	<i>Басқа елдің мәдениетіне, тіліне үйрену қиын болды.</i>
<i>Шет ел компаниясында системасы басқа.</i>	<i>Шет ел компаниясының жұмыс жасау жүйесі басқаша.</i>
<i>Жаңа технология жаңа мамандықтарды әкелді</i>	<i>Жаңа технология жаңа мамандықтардың тууына себеп болды.</i>
<i>«Үлкен төрттік» компанияның қызметкерлері</i>	<i>«Үлкен төрттік» компаниясының қызметкерлері</i>
<i>Жаңа жұмысқа кіргенде</i>	<i>Жаңа жұмысқа тұрғанда</i>
<i>Көп ақша алу үшін еңбекқор болуың керек</i>	<i>Көп ақша табу үшін... Жоғары жалақы алуың үшін еңбекқор болуың керек.</i>
<i>Маңызды рөл ойнайды.</i>	<i>Рөлі маңызды.</i>
<i>Қызметкерлер көп уақытын компьютерде, смартфонда өткізеді.</i>	<i>Қызметкерлер компьютер, смартфон қараумен көп уақытын жоғалтады.</i>
<i>Тарихта өз бизнесін нөлден бастаған миллиардердің үлгісі көп.</i>	<i>Тарихта өз бизнесін нөлден бастаған миллиардердер жайлы мысалдар көп.</i>
<i>Уақытпен үлгермейді</i>	<i>Уақыты жетпейді. Уақытты жеткізе алмайды. Уақытты дұрыс қолдана алмайды</i>

Коммуникативтік елеусіз қателер қолданысқа еніп кеткен, бірақ стильдік жағынан қате қолданыстарға жатады. Мысалы:

Банкоматтан ақша шешу – Банкоматтан ақша алу.

Доллар бағасының өсуіне алып келді – Доллар бағасының өсуіне ықпал етті.

30 пайыз қызметкерлер штаттан қысқартылды – штаттағы қызметкерлердің 30 пайызы қысқартылды.

Инвестицияның мақсаты табыс табу болып келеді – Инвестицияның мақсаты – табыс табу.

Мәлім болғандай, бүгін бірнеше тәртіп бұзушылық болды – бүгін бірнеше тәртіп бұзушылық мәлім болды.

Банкке қарызгерлер несиені уақытында төлей алмауда, жұмыссыздық мәселесі себебімен шағымданған-қарызгерлер банкке жұмыссыз қалуларына байланысты, несиені уақытында төлей алмайтындығына шағымданған.

Теледидардан азық-түлік бағасы өсіп жатыр дегенді айтып жатыр– Теледидардан азық-түлік бағасы өсіп жатқандығын айтып жатыр.

Осы сипаттағы қате қолданыстар көптеп саналады. Ата-бабадан аманат боп қалған мұраның бірі – қазақтың бай тілі. Сондықтан халықтың бай әдеби тілін келер әрбір ұрпақ бойына сіңіріп отыру маңыздылығын ешқашан жоғалтпауы тиіс. Бұл мәселенің өзектілігі жөнінде тілші ғалымдар зерттеуі нәтижесінде арнайы сөздік шықты. Осы еңбекте: «Тәуелсіздік жылдарында ана тіліміздің өрісі кеңейе түсті. Білім мен ғылымның, интернет пен бизнестің тіліне айналды. Дегенмен ақпараттық технологияның зардабын тигізетін тұстары да жоқ емес. Қазіргі жастар әдеби шығарма оқығаннан гөрі тіл мәдениетінің талаптары сақтала бермейтін әлеуметтік желіде отырғанды жөн көреді. Бұл өскелең ұрпақтың дұрыс жазып-сөйлей білу қабілетіне кері әсерін тигізуде» [92], – деген пікір айтады. Ұсынылған пікір және зерттеу көрсетіп отырғандай, кездесетін қателіктер бұрынғы өткен шақтың *-ған* және оның жедел өткен шақтағы вариантын жұмсай алмауынан туындайды. Келесі ескеруге тиіс мәселе – сөздердің орын тәртібін дұрыс қойылмауы. КИМЭП Университеті ағылшын тілді оқу орны болғандықтан кейбір сөздердің ағылшынша баламасын қолданып сөйлеу: *дедлайн қашан? мидтерм бола ма? куиз бола ма? аттенденс бар ма?* т.б. қалыпты қолданысқа еніп кеткен. Бұл республикадағы үш тілділіктің талап етуінен қалыптасып отырған қателіктер. Сондықтан бұл мәселелерді де қолға алу қажет. Қазіргі тілді оқыту әдістемесінің негізгі талабы – тіл бірліктерінің сөйлеу тіліндегі толыққанды қызметін де алдыңғы қатарға қою.

Қазіргі таңда мұхит асып келіп, қазақ тілін өз қажет мақсаттарына қарай үйреніп алып жатқан азаматтар және өзге тілді қазақстандықтар саны да күннен-күнге артып отыр. Шет тілін, шет тілдерін оқыту әдістемесін білу тек шет ел азаматтарына тіл үйрету мәселесінде ғана емес, жергілікті өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде де тиімді әрі өнімді әдіс. Өйткені, аудиторияда – шет тілдерінің бірнешеуін игеріп келген студент отыруы әбден мүмкін. Ол сол тілдерді жаңаша әдістемемен, жаңа технологиямен үйреніп келген. Сондықтан ондай студент өзінің тіл білу деңгейін, тілдік білім дәрежесінен ары

карай сатылап дамыту мақсатын көздейді. Бүгінгі таңдағы білім алушы студент өз болашағының бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Кәсіби тілдік қор ғана емес, кәсіби, іскери қарым-қатынас дағдысын меңгеріп, сала терминологиясын меңгергісі келеді. Қазақ тілінің тілдік нормасына сай білігін дамытқысы келеді. Сондықтан ауызша сөйлеумен шектелмей, болашақ кәсібінде сауатты да әдемі, тілдік норманы сақтай сөйлеуді, іскерлік құжаттарды сауатты жазуды мақсат тұтады. Бұл мәселеде Р.Сыздықованың: «Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында (лексикасында), грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрінде де, яғни жазба және ауызша қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан тілдің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды» [29, б. 6], – деген пікірі қазақ тілін кәсіби тілдік дағды қалыптасыруда нақты нәтижеге жетудің негізгі ұстанымы етіп алынды.

Тілді оқытудың лингвистикалық мәселелері бойынша көптеген оқулықтардағы тілдік материалдардың ұсынылып жүрген жолдары оқу материалын ұйымдастырудағы коммуникативтік ұстанымға емес, лингвистикалық әдіске құрылады. Бұл студенттердің жинаған білімдерін табиғи сөйлеуде, қатысым ситуацияларында пайдалана алмайтындығын көрсетіп жүр. Бұл оқулық мәселесінде ғана емес, материалды ұсыну мәселесіне де өзекті. Тағы бір мәселе – алынған білімнің қатысымдық мақсатқа жұмсалмауы. Шет тілдері әдістемесінде және қазіргі уақыттағы озық әдістеме ретінде мойындалып отырған коммуникативтік әдістің негізгі талабы да, мақсаты да – осы. Кез-келген тілде тілдік материал үш компонентке бөлінеді. Литвинов П.П [93] кез-келген тілдің үш киті бар, дейді. Ол тілдің үш функциясына байланысты. Олар: денотативтік, коммуникативтік, эстетикалық қызметтері. Оған жататындар: Сөз, Грамматика, Тұрақты сөйлеу үлгілері:

1. Сөз. Сөз – заттың, қимылдың, белгінің, құбылыстың атауы қызметін атқарады.

2. Грамматика. Грамматика – сөйлемдегі сөздердің байланысу заңдылығы.

3. Тұрақты сөйлеу үлгілері. Тұрақты сөйлеу үлгілеріне дайын клишелерді де қосуға болады.

Бірінші мәселе бойынша, сөз білмеген адам сөйлем құрап, сөйлей алмайтыны белгілі.

Екінші мәселе бойынша, сөйлеуші тыңдаушыға өз ойын жеткізу барысында, жоғарыда аталған сөздің денотативтік формасын денотативтік реңіне өзгертеді. Сөздерді байланыстыру үшін оның байланысу, түрлену үлгілері мен ережелерін білу керек. Бірақ біз бұл мәселеде, болашақ мамандардың кәсіби тілдік дағдысын дамытуда сөйлеуді ережеге емес, ережені сөйлеуге бағындыру мәселесін көздедік. А.Кушнирдің: «тілдік білім берудегі мақсат оның ішкі орфография, синтаксис, стилистика ережелерін меңгеру емес, тілдің өмірмен тығыз байланыстағы қызметі» [94] – деген пікірі осы зерттеу мақсатымен үндес. Коммуникация сөйлеу тілімен байланысты болуын, грамматика да сөйлесу үшін, қатысым үшін ұсынылуы ескерілді. Нәтижесінде,

қазақ тілінің өзіндік тілдік ерекшеліктерін қатаң сақтай отырып, тілдің адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы екендігіне басымдық бере отырып, тілдік білік қалыптастыру көзделді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысын зерттеуде студенттерге берілген тапсырмалар мен жаттығулар да күнделікті кәсіби өміріне қажетті, тілдік қарым-қатынасқа, тілдік жағдаятқа мәжбүрлейтін, болашақ кәсіби қызметі қажетіне жарайтындай етіп ұсынылды.

Үшінші мәселе – тілдің эстетикалық қызметі. Бұл тілдегі тұрақты сөйлеу үлгілері, дайын клишелер және фразеологиялық тіркестерді қолданумен байланыста қарастырылды. Өйткені, тіл – сол халықтың ғасырлар бойы жиған байлығы, қазынасы, даналығы. Қазақ тілі әуезді, сазды тіл екенін қазақ жеріне келген зертеушілер жазып та, айтып та кеткен. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда сөйлеуші сөзінің тыңдаушысына қабылдану әсері, эмоциялық реңкі, қазақ тілінің тазалығы басты назарда болды. Болашақ кәсіпте қолданысқа қажетті сөйлеу үлгілері мен дайын клишелер тізбегі сараланды.

Осы қарастырылып отырған мәселеде ерекше көңіл бөлетін мәселе жоғарыда айтылған – *сөздегі дауыс екпіні*.

Екпін дұрыс қойылмаса, сөз мағынасы да тілдің үш функциясының бірі эстетикалық қызметі де өз дәрежесінде болмайды. Студенттер кейбір сөздердегі екпіннің тиесілі орнын, кейбір сөздерде жылдам айтылуға тиіс дыбыстарды созып айтатын кездері бар. Бұл сөз созылып айтылғандықтан оның қолдану мағынасы өзгеріп, түсіну барысында сөз мағынасына күмән туатыны белгілі.

Тағы бір мәселе – сөз ішіндегі дауыссыздардың қосарланып келуін дыбыстаудағы қателіктер. Енді қолданысқа қажет сөздерді созып айтпай, қайта шұғыл, тез, жылдам түрде бір дауыссыз сияқты айту қателігі де сөз мағынасын өзгертеді. Мысалы, *кессе /түбірі -кес/ кесе* деп айтылса, ол сөздің мағынасы қимылдан затқа айналады. Бұл қателіктердің болуын көмектес септігінің */-мен/ жай септелу және тәуелдене септелу формаларын дұрыс айтпауда да кездеседі: досыммен, баламмен, отбасыммен → досмен, баламен, отбасмен* болып өзгерсе, орыс тілінің грамматикасымен тілі қалыптасқан студенттің осы септіктің *-пен* жалғауын жалғай дыбыстауында да *доппен, баппен, топпен* сөздерінің *доббен, тоббен, баббен* деп айтуы кездеседі. Дауыссыздардың қосарлана айтылуындағы жіберілетін қателіктер көмектестің *-бен* қосымшасына қатысы жоқ. Бұндай сөз арасындағы дауыссыздардың қосарланып келуі етістіктің рай түрлерінде де дұрыс айтылмаса: *шиш /шашшы, қашшы → шашы, қашы* болып мағынасы өзгерсе, *сс* қосарлануы */басса, тосса → баса, тоса* болып, қолданыстағыдан өте алшақ мағынадағы өзгеріске ұшырайды. Бұл қателіктер болымсыз форма жасауда кездесетін дауыссыздың қосарлануында да */дос- доссыз, жас- жассыз → досыз, жасыз* деген мағынасыз сөздер пайда болады. Дауыссыз *сс* қосарлануы жіктеуде кездесетін: *сен доссың, сен боссың, сіз боссыз* формаларына да қатысты. Мысалы: *Баянның, күннің/ және шақ пен жақ түрлерінде /Мысалы: айттым, қайттым/,* яғни түбір соңы мен жалғанатын қосымшаның бірінші әрпі сәйкес келіп қосарланып айтылу мәселесінде қосарланып отырған дауыссыздардың ерекше екпінмен айтылу

қажет. Етістіктің жедел өткен шағы мен жіктіктің жақ түрлерінде /М: *айттым, қайттым*/, яғни түбір соңы мен жалғанатын қосымшаның бірінші әрпі сәйкес келіп, қосарланып отырған дауыссыздардың ерекше екпінмен айтылу қажеттігі қатаң сақталуы тиіс.

Бұлайша дыбысталудағы қосар дыбыстардың қазақ тілінде екінші дауыссызға салмақ түсіре дыбыстау қажеттілігі мен міндеттілігінің сөзге анық, дұрыс және эмоционалды мағына беруде маңызы зор. Мысалы, мемлекеттік мінберлерден сөйленген тілек білдіру, құттықтаулар, даталы шаралар барысында *құттықтаймын, құттықтаймыз* сөзін анық айта алмау жағдайларын мысалға алуға болады. Бұл жалпы қазақ тілінің сөздік қорындағы сөз ішіндегі барлық дауыссыздардың қосарлануына тән жайт. Бұндай қате қолданыстардың саны күн сайын артып, бай әдеби тіліміздің шұбарлануына әсіресе, жастар тілінің, *болашақ маман тілінің шұбарлануна қаупі* бар екені анық мәселе. Қазіргі уақытта болашақ маман даярлау барысында қазақ мектебін бітіріп келген студенттердің де, жастардың да тілдік қателерді көп жіберетінін байқауға болады. Сондай қате қолданыстардың тағы бірі – сөйлем құрылымының бұзылуы: *Мен ойлаймын, ... деп бастау. Сіз білесіз бе, мына сөз қалай аударылады?*

Осыдан келіп, жоғарыда аталған мәселелерге қоса, төмендегіше қателіктердің ең көп орын алуы былайша топтастырылды:

Сөздердің орын тәртібінің бұзылуы;

Сөздердің тіркесімділік қабілетінің ескерілмеуі;

Стильдік қателердің орын алуы;

Сөйлем құрылысының дұрыс болмауы;

Өзге тілдердің ықпалы: үш тілдің қатар қолданылуына байланысты көптілді білім берудің қанат жайып, сол әсердің қазақ тілінің дыбыстық, лексикалық, синтаксистік жүйесіне ықпалы;

Орыс және ағылшын тілдері ықпалына сәйкес қазақтың төл дыбыстарын дұрыс айтпау, ұлт тіліндегі сөздердің мағынасын айқын ажырата алмауы;

Сөз арасында басқа тілдерегі сөздердің орынсыз қолдануы;

Аудармада ұтымды жасалмаған калька тіркестерді қолдануы;

Сөйлем құрылымын бұзып, өзге тілдің қалыбына салуы.

Сондықтан қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда лингвистикалық негіз қалыптастыру барысында осы айтылған мәселелер дұрыс жолға қойылып, дер кезінде дұрыс орындалып отырса – тілдің денотативтік қызметінің коммуникативтік қатынастағы сауатты, дұрыс жұмсалу мақсатына жеткені.

Қазақ тілі әдістемесінде мол мұра қалдырған Қ.Жұбанов: «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, тас, кірпіш, балшықтары қалай болса солай құрастырып, үй салса үй болмайды, тек үйіншік болады. Үй болу үшін қиынын тауып қалап, байлауын тауып ұстатып, адам тұратын бөлме ме, мал қора ма, астық жинайтын сарай ма, қайсысы екенін керегіне қарай тиісті түр беру керек... Қиынын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да, немесе адамға

арнап салған үйің құстың күркесі боп шыққандай, керекті сөзің болмай басқа бір сөз болып шығады» [95], – деуі осы мысалдар дәлелі.

Қазіргі әдістемеде бұл мәселе жан-жақты және түрлі қырынан зерттелуде. Әлі де терең зерттеуді, жан-жақты зерделеуді талап етіп отыр. Бұл мәселенің маңыздылығы жөнінде ғалым Ф. Оразбаева: «Адам қай тілде сөйлегісі келсе де, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын түсінбейді. Демек, адам сөйлесу, пікірлесу үшін тілдік қолданысқа керекті лексикалық құралдарды үйренбесе, тілдік қатынас та жүзеге аспайды» [95]. Сөзді қатысымдық құрал рөлін атқарушы *лексикалық белгі* ретінде қарастыра келе, оның бірнеше белгілерін анықтап көрсетеді:

Лексикалық бірліктерді әдістемелік тұрғыдан іріктеу мәселесін қарастырған Қ. Қадашева: «лексикалық бірліктерді ұсынуда стильдік шектеудің болмауын, сөз тіркесінің құрамына ену қызметін, қайталау жиілігіне назар аудару керектігін ұсынған» [48, б. 116]. Бұл мәселелде: К. Жақсылықова: «тілдік материал сұрыпталғанда, оны меңгеруге ұмтылатындай себеп (мотив) болуға тиісті» [47], – деп жазады

Адамдар кәсіби қарым-қатынас барысында өздерінің қатысымдық интенцияларына байланысты ойша түрлі қатысымдық стратегиялармен жұмыс жасайды. Сол стратегиялар адамдарға түрлі коммуникативтік актілерге шығуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда адамдар өз кәсіби қарым-қатынасында коммуникативтік актілердің экстралингвистикалық және әлеуметтік, психологиялық аспектілерін ескере отырып, оңтайлы тұста тиісті сөз сөйлеуге, дұрыс сөз саптауға, өз ойын білдіруге тырысады. Сөйлеу амалына кіріседі. Сөйлеу тактикасын қолданады.

«Сөйлеу стратегиясы дегеніміз – сөйлесім жағдаятының нақты шарттары мен коммуниканттардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдік қатысымды жоспарлау мен сол жоспарды тілдік қарым-қатынас барысында жүзеге асыру» [97].

Психологияда бұл сөйлеу фазаларымен сөйлеу әрекетінің сатылары ретінде: «сөйлеуге дайындық, жоспарлау, жүзеге асыру, бақылау» [98], – деп бөледі. Ғылым қалыптаспай тұрып-ақ тіл адам атаулының қарым-қатынас құралы болғаны рас.

В.М. Солнцев зерттеуі бойынша, тіл қызметі тұрғысынан:

«1) тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы, ойды білдіру құралы;

2) құрылым тұрғысынан: тіл-тілдік бірліктер мен ережелердің жиынтығы;

3) өмір сүруі тұрғысынан: тіл қоғамдық, ұжымдық дағдының нәтижесі;

4) семиотикалық тұрғыдан: тіл таңбалар жүйесі;

5) ақпараттық тұрғыдан: тіл – ақпараттық мағынаның коды» [99].

Әрине, тілдің атқарар қызметі сан алуан. Ал Н.Уәли: «Тілдің қарым қатынас құралы болу қызметі оның коммуникативтік функциясы, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы конструктивтік функциясы, рухани мәдениетті жасау қызметі эстетикалық функциясы, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтау куммулятивтік функциясы» [53, б. 11] деп топтастырады

Қорыта айтқанда, кез келген маман үшін осы қызметтердің барлығы да әмбебаптық қасиетке ие болып, өз тиісті рөлін атқарады.

2.2 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың педагогикалық-психологиялық жақтары

Қазақ халқының тұңғыш педагогі Ы. Алтынсарин білім беру мәселесінде оқытушыға: «Ол кіммен істес болып отырғанын еш уақытта да ұмытпауы керек... егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес. Оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесу, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек» [8, б. 16], – деп жазған. Осы талап әрбір педагог үшін бүгінгі таңда да маңызды.

Педагогика тарихы жалпы адамзатқа ортақ идеяларды насихаттап, оны тұлға тәрбиесіне арқау еткен мұраларға бай. Сол мұралардағы негізгі ой-тұжырым педагогикалық-психологиялық тұрғыдағы ортақ ой адам тәрбиесіне барып тіреледі. Адами құндылықтарды ізгілендіру, абзалдық пен кемелдік болашақ маманға керек қасиеттер. Сонау әль-Фараби мұраларынан бастап, Ы. Алтынсарин сияқты педагогтармен жалғасын тапқан тәрбие өнері бақытқа адал еңбекпен жетуді насихаттаса, М. Жұмабаевтың «бала тәрбиясы бір өнер» [12, б. 7], Абайдың «ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды» [7, б. 16], Ш. Құдайбердиевтің «Ақылдың көзін байлама, Білгіш деп басшы сайлама, Оқуым, дінім, наным деп, Әдетке қарай айдама, Ақылға сынат әр істі» [100] деген өлең жолдарында да ақыл мен тәрбиені қатар ұстануға шақырған құнды ойлары, М. Дулатов: «Туысында қанша зеректік болса да ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың» [101], Ж. Аймауытов пікірінше: «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады» [102], – дейді.

Ғылымда педагогтар пікірі мен психологтар пікірінің үндесетін тұстары аз емес. Бұл саладағы педагогтар мен психолог ғалымдардың дифференциясы негізінде адам қабілеттілігі мен психикасы мүмкіндіктері жатыр. Дегенмен осы пікірге қазіргі заман психологтарының пікірін қосар болсақ, Қ. Жарықбаев: «Адамға тән әрекеттің кез-келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы мүмкін емес. Зейін – адамның өз психикасын ұйымдастыра алу қабілеті. Дәлірек айтқанда, зейін дегеніміз – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу» [103], – дейді. Демек, жаңаша енгізілген үдерістерге ең бірінші кезекте адамның психикалық әрекетін тұрақтандыру қажет. Бұл – білім алу барысында студенттің зейінін барынша шоғырландырып, жаңа білімді, жаңалықты жағымды қабылдауға, өз әрекетінде тиімді жұмсауға бағыттау деген сөз. Зейінді психологтар адам еркінің ығына қарай екіге бөледі. Қ. Жарықбаев: «Сыртқы дүниенің кез-келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды тартады. Мысалы, көшемен кетіп бара

жатып, бояулы жарнамаға көзіңіз түссе, оған мойын бұрасыз. Не жақын жерден шыққан милиционерлердің ысқырығына жалт бұрылып қарайсыз, т.б. Осылардың бәрі еріксіз зейінге жатады» [103, б. 63-64] және «ырықты зейіннің керісінше, адамның мақсатқа қарай, мәселеге арнайы зер салуы» [103, б. 65], «ырықты зейін – әрекетті жоспарлы түрде ұйымдастыру» [103, б. 65], – дейді. Ендеше, осы жоғарыда келтірілген Ы. Алтынсарин және Қ. Жарықбаевтың еңбектерінен алынған екі мысалдың да айтпақ ойы бір мәселе төңірегінде болып отыр. Ол – берілетін білімнің дұрыс дайындықпен, дұрыс бағытта, қажет мақсатқа сай ұйымдастырылуы.

Кәсіби шебер және кәсіби құзіреттілігі жоғары маман даярлауда тілдік білімі толысқан маманның орны бөлек. Құзіретті кәсіби тілдік тұлға қалыптастыру үшін республикада қазақ тілін оқыту әдістемесінің педагогикалық-психологиялық жақтарын да жетілдірудің, жандандырудың қажет етіп отырған тұстары бар. Ендігі мақсат - осы мәселені жақсы жолға қою. Психолог Қ.Б.Жарықбаев осы зерттеу қарастырып отырған мәселеге орай, жалпы адамдар арасындағы, қарым-қатынасты біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы үдеріске жататындығын [103, б. 65-85] айтады.

Тілді оқытудың психологиясы мәселесінде ғалымдар мынадай негізгі ұстанымдарды ұсынады: «Психологиялық тұрғыдан қазақ тілін өзге ұлтқа оқытып үйрету мәселесі мынадай бір-бірімен тығыз байланысты үш нәрсеге назар аударуды қажет етеді:

- 1) студент - қызмет объектісі;
- 2) оқытушы - іс -әрекет субъектісі;
- 3) оқыту үрдісі - белгілі бір қимылдар мен операциялар жиынтығы ретіндегі іс-әрекеттің өзі» [96, б. 12]. Студенттердің кәсіби тілдік қарым-қатынас дағдысын дамыту жолындағы осы зерттеуде осы шарттардың дұрыстығына көз жеткізілді. Кез-келген жауапты және маңызды іс-әрекетке алдын ала психологиялық дайындық керек. Сол сияқты тілді оқыту процесінде тіл дамытушыға да, тіл оқытушыға да психологиялық дайындық қажет. Тіл оқыту «іс-әрекет» деп аталса, осындай жауапты әрекетке жақсы дайындық пен үлкен жауапкершілік қажет. Психологтар тілді оқытуда «іс-әрекет әдісін», «іс-әрекет теориясын» алға тартады. Осы іс-әрекет арқылы тілді оқытудың, үйретудің психологиялық негізін бегілеп, теориясын қалыптастырады.

А.А.Леонтьев: «Іс-әрекет әдісі білімді игеруге дұрыс бағыт беріп қоймайды, ойлаудың тәсілдеріне және үлгілеріне, іс-әрекетіне, баланы шығармашылық күш-қайраты мен таным күшінің дамуына да бағыт сілтеп, игеру жолдарын да анықтайды» [61, с. 19], – дейтін болса, Қ. Жарықбаев тұжырымында: «Іс-әрекет деп – түрлі қажеттерді өтеуге байланысты түрлі мақсатқа жетуге бағытталған үдерісті айтамыз» [103, б. 92], – дейді. Кез-келген мәселеде көзделген мақсатқа жетудің негізі қажеттіліктен туындайтыны белгілі. А.А. Леонтьев: «...әрекет «қажеттіліктен» келіп шығатындығын айтады. Бірақ «қажеттілік» әрекеттің көзі, қозғаушы күші бола алмайтындығын, тек ол әрекеттің қалай бағытталғанын, затын анықтайтындығын» [61, с. 20] ескертеді. А.А. Леонтьев: «Әрекет деген ұғымның өзі ең алдымен мотив туралы ұғыммен

байланысты. Әрекет мотивсіз болмақ емес, қажеттілік әрекеттің затын анықтайды. Ал бұл зат әрекеттің мотивіне айналады, оған түрткі болады» [61, с. 21] дейтін болса, Л.С. Рубинштейн: «Қандай болмасын, әрекеттің мотиві болады» [104], – деп нақтылайды. Дидактикада белгілі бір объектіге бағытталған және қызметке немесе әрекетке түрткі болатын кез келген тілек, талпыныс, қызығу, қажетсіну себептері (мотивация) деп ұғынылады. *Мотив* – адамның объективті мұқтаждығы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. «Мотив» дегеніміз–ішкі мүмкіншіліктердің оянуы, тілді оқып үйренуде студенттің жақсы нәтижеге жетуін қамтамасыз ететін әрекеттердің тууына себепші болатын ішкі күш. Бұл мәселедегі М.Н. Вятютьнев [105] тұжырымдары бойынша, іс-әрекетті орындаудағы сапа мен нәтижеге жету үшін ең алдымен, мақсатқа жету құралдары мен әдістерін дұрыс таңдау қажет. Және оларды ретке келтіруді анықтайтын мотивация мен мен мақсат екенін айта отырып, мотивацияның кез келген адамның «қозғаушы күші» болып табылатын жазады. Мотивация табысқа жеткізеді. Егер табыс болмаса, мотивация жоғалады. Бұл әрекеттің орындалуына кері әсер етеді деген пікірде. Бұл айтылған пікірлер арқылы кәсіби тілдік қарым-қатынас дағдыны қалыптастырудың бүкіл даму динамикасы мен табиғатын, тұтастай сипатын көруге болады. Айтылған пікірлерді тұжырымдай келе, былайша формулада бейнелеу ұсынылды:

Қажеттілік → мотив → іс-әрекет → кәсіби қарым-қатынас дағдының қалыптасуы

Әрекетке психологиялық дайындық жайлы К.К. Платонов еңбектерінде [106] нақтыланып, тұжырымдалған. Оның көзқарасы бойынша, психологиялық дайындау іс-әрекетті сәтті орындауға психологиялық әзір болуымен аяқталуы керек. Ғалым бұл дайындық, әзірлікті «*уақытша психикалық күй*» ретінде қарастырады.

Орындалмақшы іс-әрекеттің талап-міндеттерін орындай алу тұлғаның даярлығының толық пісіп-жетілгендігін айқындайды. Студенттердің болашақ кәсібіне мотивациясы, оның мақсатқа жетудегі белсенділігі, ұмтылысы, зерттеу, зерделеу, алған білімнің санада бекітуі, түптеп келгенде, нәтижеге қол жеткізуі де психологиялық даярлыққа тікелей қатысты. Аталған тақырып қарастыруында бұл мәселе кешенді түрде деңгейлі даму динамикасымен тығыз байланыста анықталуы тиіс.

Тіл оқытуда психологиялық дайындауда жеке тұлғаға бағытталған дайындаудың мәні зор. Психологиялық дайындыққа Л.С. Выгодский [107] мен С.Л. Рубинштейн ұстанымдары да мысал бола алады. С.Л. Рубинштейн: «... субъект шығармашылығы өзіндік іс-әрекеті бойынша, өз істері мен актілері арқылы тек танылап қана қоймайды – олар осы арқылы жасампаз болады және анықталады. Сондықтан әрекеттері арқылы оның қандай екендігін анықтауға болады» [104, с. 129], – дейді.

Адам баласы дүниені тани отырып, өзін-өзі таниды. Танымның кез-келген түрі іздену, көру, оқу, білім арқылы іске асады. Сондықтан қазіргі заман талабы қажет етіп отырған оқытудың жаңа технологиялары студенттердің кәсіби тілдік қарым-қатынас дағдысын жан-жақты ізденіп, игеруін қамтамасыз

етумен ғана шектеліп қоймай, жүйелі, жан-жақты және деңгейлеп дамып жетілуін қамтамасыз етеді. Бұл студент жинаған тілдік білімнің тек қор қалпында қалмай, болашақ өмір сүруінің маңызды шартына айналып, маңызды құрал қызметін атқаруы қажет. Тілдік білім алу мен білім берудің игерілу жолдары субъектінің өзіндік әрекетіне тікелей тәуелді болуы қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа заман технологиясы білім дәстүрлі жүйедегідей дайын күйде меңгеріліп, жаттанды түрдегі қолданысқа пайдасыз нәтиже көрсетумен шектелмейді. Бұл жерде мақсат міндетке тәуелді: *не үшін білім аламын және оны қайда қандай мақсатқа жұмсаймын* қағидасына негізделеді. Осы аралықта қазақ тілін оқуда *білімді қалай аламын* сұранысы туындайды. Оқыту процесі барысындағы білім тұтастай алғанда, алынған білімді жүйеге келтіру, өз өміріне қажет тұстарда, өз болашақ кәсібінде дұрыс пайдалануға үйрету мақсатын көздей отырып ұйымдастырылуы керек. Дегенмен, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын іске асырудың психологиялық жақтары мәселесінде ғылыми негізделген шешімдер мен тұжырымдар әлі де жеткіліксіз. Бұл мәселе осы зерттеу қарастыруында тілді оқытудың тұтас, кешенді түрде болашақ рухани бай кәсіби тұлға ұстанымымен зерттеліп отыр. Адам баласы іс-әрекетінің қайсысын алсаңыз да *жай қажеттілік* мақсатында немесе *таным қажеттілігі* мақсатында болатыны анық. Қазақ тілі мәселесін де танымдық қажеттілік деп қарастыруға болады. Психологтар зерттеуі нәтижесі көрсетіп отырғандай, *таным қажеттілігінің 2 түрі* болады. Ол: «... *жасалған дайын білімдерді іздеу қажеттілігіне және жаңа білімдерді өндіру қажеттілігіне бөлінеді*» [108]. Студенттердің шығармашылық ойлауы – жаңа білімді жасап шығарудағы бағыты; танымдық баюы – динамикалық дамуын саралау. Бұлардың өз ара тығыз байланыстылығы сақталуы тиіс. Психологтардың бұл дәлелдері осы зерттеудің тақырыбы болып отырған студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын іске асырудың ұстанымымен толық сәйкес келеді және зерттеу қорытындысы мен тұжырымдардың дұрыстығын дәлелдейді. Оны былайша көрсетуге болады :

– *танымдық қажеттілік → студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту, тіл дамыту процесі;*

– *қазақ тілін дамыту процесін зерттеу → студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту даму динамикасын талдау;*

– *динамикалық сипаттамалары → курс ішілік және курс аралық даму;*

– *аралық және соңғы гностикалық мақсаттардың туу ерекшеліктері арасындағы тығыз өзара байланыстылық → курстар арасындағы өзара байланыстың жүйелілігі,* деп салыстыруымызға болады.

Тілді оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуды психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, психология ғылымындағы *жүйелілік ықпал методологиясымен* де байланыста қарастыру зерттеу мазмұнын байытады. Аталған принципті психологияда «жүйелілік принципі» ретінде қарастырады [108, с. 132]. Оны «тұтастай «кешен» түрінде қарастырады. Себебі, «жүйе», «кешен», «деңгей» ұғымдары бір-біріне жақын, жуық, мән-дес ұғымдар. «Жүйе» деп бір-бірімен белгілі бір қатынаста болатын объектілердің немесе элементтердің жиынтығын айтуға болады. Басқаша айтқанда, белгілі

бір тәртіпте ұйымдастырылған, өзара байланысқан құрылым. Бұл мәселелер студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың кешенді, жалғастықты принципті ұстану тиімділігін растайды. Жұмыстың зерттеу объектісі болып отырған студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту *кешенді жүйе* болып табылады. Себебі: *қазақ тілінің тілдік нормасы сақталған, болашақ кәсіби мамандыққа сай дағдылары қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген* – осының бәрінің әдемі үндескен бірлігі нәтижесінен туындаған *тұлға моделі* болып отыр.

Тілді оқыту, тіл үйрену мәселесінің жас бала тілінің шығуымен ұқсас тұстары да аз емес. Жас сәбиде бұл процесс табиғи жолмен қалыптасады. Л.С. Выготский өзінің «Ауызша сөйлеудің дамуы» [107, с. 127] атты еңбегінде баланың ойлау мен сөйлеу дамуындағы ерекшеліктерді жан-жақты зерттеген. Осы еңбекте сөйлеудің алғашқы фазасы бала ойының дамуымен ешқандай байланыспайтындығын және сөйлеудің алғашқы түрлері ойлаудан тәуелсіз жүзеге асатындығын айтады. Сөйлеу өз жолымен, ойлау өз жолымен дамиды дей келе, мынандай қызық дәлел келтіреді: «Белгілі бір кездерде әр жолмен жүрген осы желілілер – сөйлеудің дамуы мен ойдың дамуы айқасып, кездескендей болады. Осы жерде даму желілері бір-бірімен қиылысады. Оймен байланысқан сөйлеу интеллектілі бола бастайды, ал ойлау сөйлеумен байланыса бастайды» [107, с. 127], – дейді. Осы ойды ары қарай толықтыра отырып, ойлау мен сөйлеу дамуындағы ерекшеліктерді түсіндіретін алғашқы теорияны В. Штерн ұсынғандығын айтады. Л.С. Выготский: «Штерн қалыпты балаларда белгілі жас шамаларында (1,5 жас) оның ойлауы мен сөйлеуінің кездесуі болады деп тұжырымдайды. Басқаша айтсақ, кенет өзгеріс болады, сонан соң әрқайсысының дамуы мүлдем жаңа желілермен жүре бастайды. Штерн бұл сәтті баланың өзінің барлық өмір үрдісінде жасайтын үлкен жаңалығы деп атады» [107, с. 137] – дейді. Осындай зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, баланың сөз үйрену, тіл дамыту тәсілін үш кезеңге бөледі:

- 1) сөз қорының секірмелі түрде ұлғаюы;
- 2) баланың сұрақтар қою кезеңі;
- 3) баланың сөз қорын белсенді түрде кеңейтуге көшуі.

Бірақ психологтар Штерннің пікірін теріске шығарып, басқаша жорамал ұсынады: «... бала сөздердің мағынасын ашпайды, күрт өзгеру кезеңінде, Штерннің баладан көргісі келген, белсенді ізденістері болмайды, бала тек қана сөздердің сыртқы құрылымдық мағыналарын игереді, әрбір зат өз атауымен аталатынын меңгереді, сөз бен затты біріктіріп, осылайша затты білдіретін сөз заттың бір өсиетіне айналатындай тұрғыда меңгереді. Егер біз сөздер тарихына көшсек, онда ересек адамның сөйлеуінің де осы жолмен дамитындығын көреміз» [107, с. 137], – дейді.

Жұмыс барысында зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, Штерннің жоғарыда келтірілген үш кезеңі тілді оқытуда, тіл үйретуде болатын өзгерістерге сай екенін айту орынды. Яғни, сөз қорының секірмелі түрде ұлғаюы – сөздік қордың толығы, көбеюі, жетілуі, баюы. Екінші кезең – білетін, өзіне қажет қолданыстарды пайдалана бастауы. Өз қажеттілігіне жұмсауы. Үшінші кезең – сөз қорын белсенді түрде кеңейтуге көшуі, осы кезеңге дейінгі сөздік қорында

болмаған, бұрын қолданысында пайдаланып көрмеген сөздермен танысумен қатар, бір уақытта қолданысқа енгізуі. Психологтар да Штерн қателігін осы тұстан тапқан. Баланың бұрын қолданыста болмаған сөз мағынасын танып-білуі күрделі мәселе. Бала ол сөзді қолданғанымен мағынасын жете танымайды. Есту арқылы автоматты түрде қайталап айта отырып дыбыстауы. Шартты түрде ғана жұмсап қолданады. Ал ересек адамда осы сәт, осы кезең саналы болады. Әр сөзді бір сәтке болса да ақыл таразысына сала отырып, мағынаны тануға тырысады. Бұл мәселенің осы зеттеуге қатысы былайша: студент өз сөздік қорында бұрын болмаған жаңа тіркестерді, оралымдарды ұғып біле бастайды. Келесі мәселедегі Штерннің: «... сөйлеу өз жолымен, ойлау өз жолымен дамиды, бегілі бір кездерде әр жолмен жүрген осы даму желілері бір-бірімен қиылысады. Оймен байланысқан сөйлеу интеллектілі бола бастайды, ал ойлау сөйлеумен байланыса бастайды» [107, с. 139], – деген пікірін де тілі жаңа шығып келе жатырған балаға тән деу ертегі сияқты нәрсе. Ал осы кезеңдегі студент жағдайы бойынша, ұзақ жылдар бойы қордаланған сөздік қордың ассоциациясы сөз қолдану барысында сөз мағынасын ажыратудың өмірлік тәжірибесі ой мен сөйлеудің интеллектілі болатындығын айту керек. Ересек адамда белсенді әрекеттер де, сөз мағынасын тану да қатар жүріп отырады. Сөйтіп сөздік қор байыған сайын таным да кеңейе түседі. Ол – қажеттіліктен туындайтын нәрсе. Енді осы мәселелер Абай Құнанбаев мұралары бойынша және психологиялық тұрғыда былайша болмақ [109] (9-сурет).

	Абай мұралары бойынша	Психологиялық тұрғыда
әуелі	Көкірекке түю	Естіген ақпаратқа дұрыс пайым жасай білу, саналы меңгеру.
екінші	Ұғып алу	Қызығушылықпен бойға сіңіру, рефлексия.
үшінші	Көңілге түю	Қабылдаған ақпаратты қайта жаңғырту, есте сақтау
төртінші	Басқа ойдан аулақ болу	Ой сананы тек қажеттілікке бағыттау

Сурет 9 – Абай мұрасы және психология ғылымы бойынша таным процесін салыстыру

Бұл мәселелерді қазақ тілін оқытуда жан қуатының қызметімен сәйкестігін психологиялық жағынан осылай салыстыруға, сәйкестендіруге болады. Қазақ халқының руханиятында осындай қазақи ұлттық бояумен, реңмен пайым жасауға болатын тек әдеби мұра ғана емес, психологиялық тұрғыда да рөл атқарар мұралар мол екендігін айта кету дұрыс. Жантану жайлы ілім-білімнің ілкі бастаулары сонау VI ғасырлардан түркі ғұламаларынан бастау алады. Болашақ мамандардың кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінде тек психологиялық тұрғыда ғана емес, танымдық, тәрбиелік, тіл

дамыту мақсатында ұлттық мұралардың атқарар рөлі зор. Ол ғұламалардың баға жетпес еңбектері кәсіби маман дайындауда оқыту мен білім мазмұнын жан-жақты рухани байытушылық мақсатында алынуы тиіс.

Студенттердің кәсіби тілдік дағдысын дамытуда шет тілдері әдістемесінен алатын үлгілер баршылық. Шет тілдерін оқытудың психологиялық мәселелеріне қатысты бірнеше еңбектердің авторы Б.В. Беляев те бұл мәселенің дұрыстығын айтады [110]. Психоллингвистика тілді сөйлеу және ойлаумен тығыз байланыста зерттейді. Іштей және сырттай сөйлеуді өзара тікелей байланыста қарастырады. Сөйлеу ой әрекеті арқылы жүзеге асады. Сөйлеу мен ойлау тығыз байланыстағы әрекеттер.

Қазақ педагогикасының негізін қалаушылардың бірі М. Жұмабаев: «...жан көріністерінің ең қымбаттысы – ой, ой тілі – сөз. Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады...» [12, б. 135], – деп жазады. Жоғарыда айтылған пікірлерді тұжырымдай келе, тіл арқылы адамның бүкіл болмысы, жан-дүниесіндегі өзгеріс көрініс табатындығын айту орынды.

Таным процесі адамзаттың өзін қоршаған сыртқы дүниені сезім мүшелері арқылы бейнелеп, соның негізінде қалыптастыратын білім мазмұнынан басталады. Оның дұрыс ұйымдастырылуы өзіне сай және қолайлы психикалық күйді тудырады. Сондықтан студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінде тілді оқыту мен дамыту процесінің барлық кезеңінде оқытудың басты міндеттерінің бірі – болашақ маманның жеке бас психологиялық ерекшеліктері назарда болып, үнемі ескеріліп отырса, онда күтілетін нәтиженің тиімділігін көруге болады.

Психологтар зерттеулері дәлелдеп отырғандай, тілді дамытуда студенттің ақпаратты қабылдау тәсілдері әр түрлі әдіспен жүзеге асады. Тілдік материалды есте сақтауда, алдына қойған мақсатқа жетуде, тапсырманы орындауда т.б. мәселелерді шешудегі өзіндік іс әрекеті мен әдіс-тәсілдері бар екендігін ерекше айтады. А.А. Леонтьев [61, с. 30] оқытушылардың бұрынғы және қазіргі оқыту үдерістерінің психологиялық жағын қарастыра келе, бұл мәселелерді салыстыруда қазіргі уақытта оқу материалдарын өңдеудің өзіндік тактикасы, механизмі, стратегиясы өзгергендігін жазады. Оның ішкі психикалық, психологиялық формаларының бірі ретінде матрицалар, дайын үлгілер, схемалар, кестелер, модельдер арқылы барлық ақпараттар мен талдау синтезі жүретіндігін айтады. Студенттерге материалдар ұсынуда тұтастай мәтін түрінде ұсынбай, интернет платформалар көмегімен осындай қалыпты үлгілер мен шаблондар, мультимедиялық көріністерге қажетті тұстарды бөліп ұсыну тез қабылдауға, рефлексия жасауға мүмкіндік береді және интерактивтілік те әсері болады.

Әр адамның жаратылысынан, туа біткен өзіндік қабылдау тәсілі болады. Білім алу, тілдік дағды қалыптастыру да адам санасында қалыптасып өзіндік үйрену амал-тәсілдеріне де байланысты. Тіпті тілдік дағдыны дамытудың табиғи үйлесімді болуы табиғи тәуелділікке де қатысты екенін аңғару қиын емес. Ғалымдар пікірі, бұл мәселені білім алудағы «қосымша күш» ретінде

таниды. Адам бойындағы табиғатпен берілген «қосымша күш» болашақ алынар біліммен үндестікте болғанда ғана нәтижелі білім алып, тілді өз қажеттілік деңгейінде білу мүмкін болады.

И.Г. Песталоцци – ғылыми педагогикалық ойдың даму тарихына зор үлес қосқан тұлға. Ғалымның дидактикаға қосқан аса ірі үлесі – дамыта оқыту идеясы. Ол: «Ана тілі мен кез келген басқа *тілді үйренудің табиғи үйлесімділігі* сезім арқылы алған біліммен тығыз байланысты, ал олардың ең бастыларын үйренудің табиғи үйлесімді барысы табиғаттың жолдарына сәйкес келу керек, табиғаттың сол жолдары бойынша сезім мүшелерімен қабылдау арқылы алынған әсер білімге айналады» [111], – дей келе, «Адамның ойлау қабілетін қалыптастыруға қажетті, маңызы зор сөйлеу қабілетін ең алдымен, адам табиғатының қосымша күші деп қарауымыз керек, оның басты міндеті – сезім мүшелерімен қабылдау барысында алған білімді ойдағыдай сіңіріп алуға көмектесу. Ол басынан бастап сезім мүшелері арқылы алынған, әдетте сөйлеу қабілетінің алдында жүретін білімнің өсіп, кеңеюімен тығыз байланыста болғанда ғана табиғи үйлесімді болып дамиды. Адам әлі өзі білмейтін нәрсе туралы табиғи үйлесімді етіп айта алмайды. Адам не туралы айтса да, сол туралы ол тек білгенде ғана айта алады. Нені үстірт білсе, сол туралы ол үстірт қана айтады: нені дұрыс білмесе, сол туралы айтқаны дұрыс болмайды; басынан бастап ақиқат болған нәрсе бүгінге дейін солай болып келе жатыр» [112-114], – деп тұжырым жасаған.

Иоган Генрих Песталоцци осы еңбегінде: «бақылау қабілеті мен ойлау қабілетін» қатар, тең ұстай отырып, дамытуды ұсынады: «Табиғи үйлесімді етіп тәрбиеленген баланың сөйлеу қабілеті қоршаған орта мен қоршаған жағдайдан сезім арқылы алған әсерлерін бақылау құралдары арқылы қалай түсінікті етіп алса, дәл солай сөзбен білдіре алатындай деңгейде дамытылу керек екені айдан анық. Баланы тілге үйреткенде оны сөйлеуді меңгерудің осы деңгейіне жеткізбесе, онда оның *бақылау қабілетін* қалыптастыруы мен *ойлау қабілетінің* арасында *шыңырау пайда болады*. Оны тек табиғи үйлесімді дамыған бақылау қабілетімен, сонымен қатар табиғи үйлесімді дамыған ойлау қабілетімен тепе-теңдікке келтірілген, келісілген сөйлеу қабілетін қалыптастырумен ғана толтыруға болады. Тілге психологиялық жағынан дәлелденген үйретудің ішкі міндеті осындай» [115], – деп ескертеді. Бұл нәтиже қарапайым математикалық өрнекпен былайша ұсынылды:

– *бақылау қабілеті + табиғи үйлесімді дамыған ойлау қабілеті = кәсіби тілде сөйлеу қабілетінің қалыптасуы.*

Адамның интеллект немесе ақыл-ой қабілеті өмірдегі жетістіктерге жетуде, өмірге бейімделуде маңызды рөл атқарады. Ж. Баласағұн: «Ақыл. Оны адам үйрене алмайды, үйренілмейді» [3, б. 450], – дейтін болса, әл-Фараби: «Әрбір адам өз өмірінің басынан-ақ жаратылысында қабілетті болады, соның арқасында оның әрекеттері, жан аффектілері және ақыл-парасаты тиісінше жақсы болады немесе тиісінше жақсы болмай шығады. Осы қабілеттің арқасында адам тамаша да, оңбаған да әрекет жасауға әуел бастан мүмкін қабілеті бар. Дәл осы қабілеттің арқасында ол жақсы да, жаман да ақыл-парасатқа ие болады» [112, б. 15-36], – дейді.

Қорыта айтқанда, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың психологиялық мәселесінде көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің мына сөздерін негізгі ұстаным етіп алған жөн: «Жақсы оқыту деп, ол – баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» [107, с. 123]. Л.С. Выготский баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек деп, ескертеді, осыған орай, ол бала дамуының «екі зонасы» болатынын айтады. «Бірінші зона – бала дамуының қазіргі қол жеткен сатысы, осыған қанағаттанып қоймай, мұғалімнің оқушыларды болашақтағы дамудың ең жақын сатысына «екінші зонаға» жеткізуге міндетті екенін айтады [107, с. 123]. Бұл – күнделікті сабақ барысында негізгі мақсат етіп қойылып жүрген студенттің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың мынадай негізгі ұстанымдары: дербестігі, шығармашылық таным әрекеті, өзіндік ізденісі, алған білімді дер кезінде икемді, оңтайлы және креативті пайдалана алуы, сыни тұрғыда ойлауы т.б.

2.3 Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын арттырудың философиялық параметрлері

Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттырудың философиялық параметрлерін анықтау үшін, ең алдымен, философия ғылымындағы қарым-қатынас мәселесінің қарастырылуын анықтап алу дұрыс. Себебі, философтар осы зеттеу қарастырып отырған мәселені дүниенің материалдық бірлігімен, құбылыстар мен процестердің өзара байланыстылығымен, өзара тәуелділігімен байланыста қарастырады. Философия дамуының бастапқы кезеңінде-ақ адами қарым-қатынас мәселесі жеке тақырып болып арнайы қарастырылмаса да, ежелгі философияда қоғамдағы қарым-қатынастың рөлі адамның адаммен диалогы ретінде көрініс тапты. Көне грек заманынан қазіргі уақытқа дейін тіл мен философияның, оның ішінде адамдар арасындағы қарым-қатынастағы байланыстың негізгі құралы ретіндегі тілдің мәселесі гуманитарлық ойдың ең күрделі мәселелерінің бірі болып қала береді. Ойшылдардың әрқайсысы осы мәселеге өз көзқарасын, пайымын қалдырған. Әрқайсысы деуге себеп – қай ғылым саласы болмасын, өз жетістігін адам игілігі үшін жасайтыны анық.

Кез-келген ғылым саласы жеке-дара дамымайды. Тіл ғылымы да қазіргі жаңаша даму бағытын табиғатпен, адаммен, қоғаммен тығыз байланыста қарастыруда. «Тіл мен адам ажырамас бірлікте. Әлемде адамзаттан тыс тіл болмайтыны секілді, адам да тілсіз өмір сүре алмайды. Адамды тілсіз зерттеп білуге болмайтыны сияқты, тілді де адамсыз меңгеру мүмкін емес. Тіл адамның қоршаған ортасын, сол ортада қалыптасқан мәдениетті бейнелейді, мәдениетті сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға жеткізеді. Тіл – таным құралы, адам оның көмегімен әлемді, мәдениетті танып біледі. Сондай-ақ, тіл – мәдениет құралы, ол адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оның іс- әрекетін, өмір-салтын, дүниетанымын, ұлттық мінезін, ділін, идеологиясын анықтайды» [113, б. 10-48].

Философияда рационализм мен эмпиризмді білімнің дүниеге келуі мен қоршаған ортамен байланысы қандай, деген көзқараспен зерттейді. Осы

көзқарастар қазіргі заманауи білім беру теорияларында жан-жақты қолданылады. Осы тұрғыда қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттыру мәселесін логика-философиялық тұрғыдан зерттеу мәселесіне айрықша көңіл бөлінгені дұрыс.

Философия ғылымында әр заман ойшылдарының тілге қатысты маңызды да, құнды пікірлері мен өзіндік пайымдаулары бар. Қазіргі жаңа парадигма оқыту мен үйрету мәселесінде, тілдің жалпы табиғатын тану мен талдау, зерттеу антропоцентристік талдауға көшуімен өзгеше сипат алуда. Адам мен оның әлемі контексін антропология қарастыратын ескерсек, бұл салада адам негізгі орталық орынды иемденеді. Қазіргі студенттің, ертеңгі маманның жеке тұлға ретінде қалыптасуы өзі өмір сүретін, қызмет ететін ортаға тигізетін ықпалы тікелей байланысты болғандықтан, оны дұрыс қалыптастыруға және дамытуға түрлі қырынан келу керек. Бұл – педагогикалық антропологияның маңызды бір саласы. Философиялық термин ретінде: «антропоцентризм» грек тілінен аударғанда адам және орталық ұғымында. Адам феноменін ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт болып табылады.

Бұл бағыттың мәнін ғылыми-философиялық тұрғыда П.С. Гуревич: «Антропоцентризм – бұл адам ғаламның орталығы және әлемде болып жатқан оқиғалардың орталығы. Көптеген философтар осы дүниетанымнан бастау алып, философияның басты мәселесі – адам деп санайды. Адамның табиғатын, мәнін, мақсатын түсіну арқылы ғана біз көптеген басқа философиялық мәселелерді, олардың қаншама ғасырлар бойы жинақталғанына қарамай, түсіне аламыз [114, с. 4-15], – деп түсіндіреді.

Белгілі философ, дипломат, этнограф, ағартушы, тіл білімінде антропоцентристік парадигманың негізін салушы В. Гумбольдт [115, с. 3-120] зерттеулерінде: «тіл адамның қолдан жасап алған жеке дүниесі емес, ол тұтас бір халыққа ортақ, үнемі өзгерісте, дамуда болатынын және тіл ұрпақтан-ұрпаққа өзгерістермен берілетінін, түптеп келгенде, өзгеріп, тазарып, басқа тілдер сөздері араласып, ортақ қолданысқа айналады, деген пікірінің құндылығы жоғары болып табылады. Хайдеггер-Риккердің де: «Адам дегеніміз – тіл» деген ұстанымдық теориясы тұтастық ұғымын береді. Тіл мен адамның ара жігін бөлмей, біртұтас, ажырамас ұғым ретінде қарастырады. «Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың ой-танымы мен сана-сезімінің құралы» [116]. Философтардың осылайша тұжырымдауларын әрқашан тілдің халықпен, қоғаммен, әлеуметтік ортамен, сол халықтың бүтін болмысымен, сан ғасырлық бай тарихымен, терең ой-танымымен, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани құндылықтар қоры деп қабылдауға болады. «Адам мен Тіл» біртұтастығы, адам санасы, ойлау жүйесі, бүкіл адамдық саналы таныммен біте тығыз байланыста. Бұл А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» деген ұстанымымен сәйкес келеді.

Ф. де Соссюрдің 1916 жылы «Лингвистиканың жалпы курсы» еңбегі жарық көреді. Осы еңбегінде алғашқылардың бірі болып тілді әлеуметтік құбылыс ретінде танытты. Ф. де Соссюр тілдік қызметті үнемі жеке индивидтің аясында ғана шектеулі түрде қарастырылуы қате көзқарас екендігін айтады.

Тілдің әлеуметтік фактор екендігін алғашқылардың бірі болып көтереді. Ал тілдік қызметке бейімделген индивид тілді тек өзін қоршаған ұжымдық ортада қарым-қатынасқа түсуде ғана қолдана алады және оны қолдануға деген қажеттілікті сезінеді. Ол толықтай сол ұжымға тәуелді екендігін айтады [117]. Философтың бұл пікірі қазіргі таңда да өзекті. Бұл – тілдің кәсіби қарым-қатынастың барлық түрінде жетекші және шешуші рөл атқаруының айғағы.

Л. Витгенштейн тіл мен логиканың тығыз байланысы жайлы: «Грамофон пластинкасы, музыкалық ой, партитура дыбыстық толқындар – мұның бәрі тіл мен әлем арасындағы бейнелі қарым-қатынас сияқты образды түрде бір-біріне сай қарым-қатынаста. Олардың барлығы ортақ логикалық құрылымға ие» [118], – дей келе «Адам кез-келген мағынаны білдіруде тілді қолданып сөйлете алады. Сөйлеу тілі – бұл адам ағзасының бір бөлігі және ол адам ағзасынан күрделі емес. Адамның тілдің логикасын тікелей игеруі мүмкін емес. Тіл ойды қайта киім кигендей ауыстырады. Сонымен қатар, осы киген киімнің сыртқы формасына қарап, киімді өзгерткен ой формасы туралы айтуға болмайды» [118, с. 45], – деген пайымдауы кез-келген салада, түрлі мәселеде қарым-қатынас дағдысын қалыптастырудың күрделі де маңызды мәселе екендігін көрсетеді.

Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттырудың философиялық параметрлерін қарастыру барысында философия ғылымы тарихында қарым-қатынас, коммуникация мәселесінде ғана емес, басқа да ғылым салалары метафизика, таным теориясы мен логикасы, адам туралы ілім жайлы сөз қозғаған Аристотельді айтып кету орынды. Себебі, Аристотель еңбектері, ұстаздық жолы кейінгі дәуірлерде де өмірлік маңызы зор мектепке айналуымен де құнды болып отыр. Философтар алғаш рет адамдар қарым-қатынасының ішкі мәнін, құндылығын дәлелдеуге тырысып, одан «алтын мағынаны» табуға тырысады. «Аристотель адамның ішкі рухани сапаларын жетілдірудегі пайда болатын диалектикалық қайшылықтарға да жан-жақты тоқталды. Мұнда екі жаққа кететін үшқарылық, сыңаржақтықтар бар. Аристотель бұл қарама-қарсылықтарды «аралық» және «орташалық» деп бөліп қарады» [119]. Аристотельдің «Никомах этикасы» еңбегін зерттеуші философ Хесс Реми: «Платон әлемді болмыстың шындығын анықтайтын идеялар түрінде елестетті. Данышпан кездейсоқ көлеңкелерден бойын аулақ салу арқылы ғана идеяларға жақындай алуы мүмкін. Ұстазы Платонға қарағанда, Аристотель даналықты өмірде кездесетін нақты жағдайлардан туындайтын ұстамды пайым деп ұғады. Сонымен бірге шектен шығып кету, болмаса кемшін қалу қаупі бар. Сондықтан тең ортаны ұстану үшін адам қоршаған ортасымен қатынасын дамытып отыруы тиіс. Демек, кез-келген этикалық ізгілік дегеніміз – дұрыс ой-пікірмен анықталатын, әр нақты жағдайдағы және әр адамға тән өзіндік темірқазық бағдары» – деп баға береді [120]. Аристотель философиясы өзі өмір сүрген қоғаммен шектеліп қалмай, ол көтерген идеялар басқа да ойшылдар арасында кеңінен қолдау тапты. Қарым-қатынас процесінің, сөз өнерінің, шешендік өнердің табиғатының нақты үш компонентін анықтап, оның ең алғашқы формуласын жасады. Сөз өнерінің асқан білгірі ол формуланы былайша өрнектеді:

«Шешен – Сөйлеу – Аудитория».

Аристотель: «Сөйлеу үш элементтен тұрады: шешеннің өзі, сөйлейтін тақырыбы және сөйлесетін адамы» [121].

XVIII-XIX ғасырларда неміс философиясында «субъект» және «объект» ұғымдары жақсы дамыған болатын, мұнда «субъект» қоршаған объективті әлемге деген белсенді-танымдық қатынасы бар тұлға ретінде түсіндірілді. Ал, «объект» [122] тұлғааралық қарым-қатынастың диалогтік түрінде қолданылды. Байланысты бір бағытты процесс ретінде қарастыру субъект-субъектілік қатынастарды білдірді. Тұлғааралық қарым-қатынас теориясында «субъект-объект» қатынасы деңгейіне дейін көтерілді.

Герменевтиканың негізін салушы ретінде Ф. Шлейермахер қарым-қатынас мәселесін де дәйекті түрде қарастырған. Оның қарастыруында адамдар арасындағы қарым-қатынас дегеніміз – бұл ең алдымен жеке адамдар, тең тараптар арасындағы байланыс. Оның шынайы адами қатынастардың негізі ретіндегі *түсіну теориясы* бұл мәселеде қажетті және іргелі негіз болды. Ол қарым-қатынасты *басқа біреудің жеке басын түсіну өнері*, деп санады [123].

Алайда, XIX ғасырда адам өмірінің коммуникативті аспектілерін зерттеудің жалпы бағытына қарсы сыни тұрғыдағы пікірлер де пайда бола бастады. Ол XIX ғасырдағы ең танымал сыншы Ф. Ницше пікірі еді. Ол ойлау мен тілдің ажырамас бірлікте екенін мойындайды, бірақ тілдің міндетті түрде шындықты бұрмалайтындығын да айтқан болатын. Тіл шынайы өмірді жасанды суретпен, бейнемен алмастыратынын сынаған [124].

Ғұлама ғалым Әл-Фараби еңбектері қай заманда да болашақ маман тәрбиелеуде маңызды. Ғалым білім жайлы классификациясында оқытуда, білім алуда, өз ойын жеткізуде, сұрақ қоюда, жауап беруде, баяндауда барлық ғылымдардан тіл ғылымын жоғары қояды. Екінші орынға – грамматиканы, үшінші орынға логиканы қояды. Және тіл мен логиканы өзара тығыз байланыста қарастырады. Грамматика дұрыс сөйлеуді реттейтін болса, логика дұрыс ойлау жүйесін реттейтіндігін салыстырмалы түрде түсіндіреді [125]. Ғалым «Әлеуметтік трактаттарында» адамның жетілуі жөнінде «бақыт» деген сөздің баламасы «мақсат» деп анықтайды. Ол өз еңбектерінде адамның жетілуіндегі ақыл-ой мен білімнің де рөлін маңызды екенін айтады: «Ақыл-парасаттың қызметі қалай болса солай бет алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат болуы тиіс». Әл-Фараби мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін адамның үш түрлі табиғи қабілетін атайды: «а) ерекше жасалған дене құрылысы; ә) жан құмарлықтары; б) ой-парасаты. Олардың әрқайсысын дұрыс жолға бағыттап, тәрбиелеуге, терісін жөнге салып, дұрысын дамытуға, сол арқылы адамның мінез-құлқы мен ақыл-парасаты оларды саналы түрде үнемі дұрыс нәтиже туғызатын дәрежеге көтеруге көңіл бөлінсе, адамның дамуы да оң жолда болады. Мұндай нәтижеге жету үшін, біріншіден, оған әр адамның өзі мүдделі болу керек те, екіншіден, ол арнайы мақсат қойылып үйретілуі қажет» [125, б. 135], – дейді. Әл-Фараби айтқан табиғи қабілеттердің бәрі болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда аса маңызды. Қарым-қатынас – адам өміріндегі рухани және материалдық құндылықтарды ғана қамтымайтыны белгілі. Қарым-қатынас адамзат үшін өмірдегі ең жоғары

кажеттіліктердің бірі. Бір қарағанда қарым-қатынас ұғымы баршаға танымал және қандай да бір күрделі мәселеге жатпайтындай көрінуі мүмкін.

«Қарым-қатынас» сөзі қарапайым түрдегі «араласу» ұғымынан бастау алып, жоғары деңгейдегі түрлі ғаламдық мәні мен мазмұны бар үлкен және ауқымды қарым-қатынас ұғымына ұласады. Бұл ұғымның кәсіби, жеке, топтық, халықтық, мемлекетаралық, ғаламдық қатынас дәрежесіне дейін дамып, көтерілген ұғым ретінде түсіну қажет деп есептейміз. Осы үлкен ұғым аясында адам қоғамда, өзін қоршаған адамдар ортасында өмір сүреді және дамиды.

М.В. Ломоносов: «Қандай да бір мәшинені құрастыруға дайындалған бөлшектер оқшау жатса және өзіне тиесілі әрекетті екіншісінде орындап отырмаса, олардың жаратылысы бос әрі пайдасыз. Сол сияқты адам жаратылысындағы әрбір мүше өз ұғымындағы ойды өзгеге айтып жеткізе алмаса, біздің ортақ ойларымыз іс бағытын басқару, істі бірге жүргізуді былай қойғанда, жабайы аңдардан бетер болып кетер едік» [126].

Осы пікір арқылы кез-келген іс-әрекетте қарым-қатынастың қаншалықты мән мен мазмұнға ие екендігі айқын көрініп тұр. Адамдар арасындағы қарым-қатынас түрлері мен формалары сан алуан түрлі болуына қарамастан, олардың пайда болуының негізгі көзі – адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы мен қарым-қатынас ортасы. Бұл пікірімізді Л. Витгенштейннің ойымен түйіндеуге болады: «Адам кез-келген мағынаны білдіруде тілді қолданып сөйлете алады. Сөйлеу тілі – бұл адам ағзасының бір бөлігі және ол адам ағзасынан күрделі емес. Адамның тілдің логикасын тікелей игеруі мүмкін емес. Тіл ойды қайта киім кигендей ауыстырады. Сонымен қатар, осы киген киімнің сыртқы формасына қарап, киімді өзгерткен ой формасы туралы айтуға болмайды» [118, с. 44].

Философия тарихында ғана емес, жалпы адамзат даму тарихында жаңа дәуір, жаңа технологияның дами бастауы, яғни технологиялық прогрестің келуі адамдар арасындағы қарым-қатынастың түрлерін де, формаларын да өзгертті. Бұл барлық салаға дерлік көптеген түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтар енгізді. «Гуттенберг галактикасының» пайда болуы, яғни қарым-қатынастың жаңаша формасы баспа әдісі – әлемнің коммуникативті бейнесін тұтастай өзгертті деп айта аламыз. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, коммуникация кеңістік пен уақытпен жаңаша қарым-қатынасқа көшті. Осылайша қоғам өзгеруі, заман өзгеруімен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынас та өзгеріп, даму қарқыны жеделдеуде. Қазіргі уақытта бұл даму ғаламдану процесіне ұласып, *Адам – Қоғам – Технология* үштігіне алмасуда. Бұлайша даму процесін Қ. Жұбановтың сол замандарда-ақ айтып кеткен көрегендік сөздері де растайды: «Адам баласының табиғатында әуелі сөзді біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата айтатыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен...» [94, б. 292], – деп «Адам–Қоғам» байланысының ажырамас ортақтығы, осы байланыстың тіл мен таным сабақтастығы арқасында екенін айтады.

Тілдің маңызын жалпыадамзаттық таным тұрғысындағы рөлін С. Аманжолов: «Тіл – қоғамдық қатынас құралы, тап құралы деумен оның

маңызын бітіре қойғамыз жоқ. Мұның ең маңызды жағы оның дүние тану құралы болатындығында» [127] екендігін жазған.

Тілдің коммуникативтік функциясы бүкіл адамзат тарихында әр түрлі аспектіде қарастырылып, ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделуде. Тілді қатысымдық мақсатта біртұтас, біріктірілген функциясында қарастыру қазіргі уақытта да үлкен қызығушылық тудыруда. Бұл тілді бүкіл адамзат атаулының барлық қызметіндегі ең зор басқарушы механизм ретінде кәсіби қарым-қатынастағы қасиеттерді жандандыруға көмектеседі.

Қазіргі таңда тілдің қатысымдық қызметі тек лингвистика ғылымының ғана емес, адам өмір сүру саласының түрінде өзекті. Қазіргідей нарықтық замандағы коммуникативтік қызмет, байланыс адамдардың бір-бірін түсінуі үшін, бір мақсатқа жетуі үшін де маңызды. Адамдық қызметтің басқа түрлерімен салыстырғанда адамдар арасындағы коммуникативті іс-әрекеттің, қарым-қатынастың ерекшелігі игілік рөлін атқаруымен де маңызды. Адамдар арасындағы байланыс бір-бірін түсіну, мақсатқа жету үшін де маңызды. Осы тұрғыда Рене Декарт адамдардың бақытты өмір сүруі үшін қажетті төрт ережені атайды: «Бірінші – ереже туған еліңнің заңдары мен әдеп-ғұрыптарына бойұсыну, уыз тәрбиемен құйылған дініңе адал болу, айналадағы парасатты жандардың көзқарастарына жүгіну. Екінші – өз ұстанымыңды таптым деп шешсең, сол ұстанымыңа беріктік таныт, мейлі ол күмәнді, дүдәмал пікір болса да, талассыз дұрыс деп сана. Үшінші – тағдырыңды емес, өзінді өзгертуге тырыс. Күллі әлемді жақсартам деп әуре болғанша, алдымен өз тірліктерінді өзгерт» [128].

Томас Гоббс философия тарихында саяси философияда жақсы танылған ойшыл. Ол тілдің философиясына да маңызды ойлар қалдырған: «Сөйлеудің мақсаты – ойларымызды сөзге аудару. Бізде оны қолданудың төрт түрі бар. «Біріншісі ойларымызды тіркеуден өткізу, ойлаудың көмегімен біз қазір бар болып отырған немесе бұрын болған қандай да бір заттың себебін анықтаймыз, нәтижесінде, сөйлей білу өнері пайда болады. Екіншіден, басқаларға өзіміз жинаған білімімізді беру, яғни оқытып, үйрету. Үшіншіден, бір-бірімізге өзара көмектесе алу үшін басқаларға ниетіміз бен мақсатымызды жеткізу. Төртіншіден, сөздерімізді рахаттану немесе әсемдеу үшін ойната отырып, өзімізге де, басқаларға да шын жүрегімізден қуаныш сыйлау» [129].

Қарым-қатынас пен тілдің бірлігі жөнінде Ф де Соссюр: «Тіл сөйлеудің орнауы үшін, сөйлем арқылы әрекет ету қажет. Ал сөйлеу тілдің қалыптасуы үшін қажет. Тіл – әрі сөйлеу құралы, әрі – оның нәтижесі» дейді [130]. Мұндағы «сөйлеудің орнауы» адамдар арасындағы қарым-қатынастың орнауы. Тілсіз де байланыс орнатуға болады, бірақ адамдар арасындағы қарым-қатынастың орны бәрінен де маңызды екені анық.

Гегельдің пайымдауынша, әр адам өз ерекшелік қасиеттері арқылы, өз «адамдығы» арқылы белгілі бір толықтық болып табылады. «Толықтық – ақиқаттың белгісі» [131], – дейді. Бұл осы зерттеу нәтижесі бойынша ұсынылған «Рухани бай кәсіби тұлға» моделі, ұлы Абайдың «толық адам» концептісімен үндес ой-тұжырым. Абайдың философиясы жайлы М. Мырзахметов: «Ол біздің рухани қазынамыз және ол бізді аласапыран

дүниеде адастырмай, дұрыс, тура жолға бастайтын, бірегей ілімі бар адам. Мұндай ілімі бар адам көп халықта жоқ, Еуропада да жоқ» [132] деген болатын.

Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттырудың философиялық параметрлерін зерттеудің қорытынды тұжырымын атақты философ Эпиктеттің: «Сіз сөйлесіп отырған адамға үш түрлі тұрғыдан қараңыз: ақыл-ойы артық, ақылы сізбен пара-пар, ақылы сізден төмен. Егер ол сізден ақылды болса - оны тыңдап, оған мойынсұныңыз, ақылсыз болса – оған кеңес беріңіз. Егер ол сізге ақылымен тең немесе пара-пар болса – онымен келісіңіз» [133], – деген пікірімен қорытындылау орынды.

Қорыта келе, философтардың қарым-қатынас мәселесіне қатысты ой-тұжырымдарын саралай, *Адам – Тіл – Технология* үштігінің толық ажырамас бірлікте салтанат құруы болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттыруға негіз болатыны тұжырымдалды. Осы диссертацияның алдыңғы тарауында (1.4) «Рухани бай кәсіби маман» моделін қалыптастыру ұстанымдары Абайдың «толық адам» және қытай ойшылы Конфуцийдің «ізгілікті адам» идеясы негізінде ұсынылды. Жоғарыда қарастырылған ойшылдар пікірін ортақ негіз ете отырып, осы модель тағы да философиялық көзқарастармен, пікірлермен байытылды, толықтырылды. Өзара үндестікте тұжырым жасалды. Кез-келген өлшем немесе параметр белгілі бір ғылыми тұрғыда қабылданған ережеге, қағидаға, ілімге негізделетіні анық. Сонымен *қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттырудың философиялық параметрлерін айқындауда және белгілеуде аксиологиялық құндылықтарға, антропоцентристік бағытқа және рухани құндылықтар негізінде жинақтай келе, былайша ұсыну ұйғарылды (8-кесте).*

Кесте 8 – Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттырудың философиялық параметрлері

Аристотель	«Алтын мағынаны тану» немесе «тең ортаны ұстану» қағидасы
Аль Фараби	«Ақыл-ой парасаттың болуы» қағидасы
Рене Декарттың 3 ережесі	1. Туған елдің заңдары мен әдеп -ғұрыптарына бойұсыну, дініне адал болу, парасатты жандардың көзқарастарына жүгіну; 2. Өз ұстанымына беріктік таныту; 3. Тағдырды емес, өзін өзгертуге тырысу.
Томас Гоббс	1. Ойларын тіркеуден өткізу; 2. Басқаларға өзіңіз жинаған білімімізді беру, оқытып, үйрету. 3. Бір-біріне өзара көмектесе алу үшін басқаларға ниетіміз бен мақсатымызды жеткізу. 4. Сөздерімізді рахаттану немесе әсемдеу үшін ойната отырып, өзімізге де, басқаларға да шын жүрегімізден қуаныш сыйлау.
Ф де Соссюр	Тіл – әрі сөйлеу құралы, әрі –оның нәтижесі.
Гегель	Әр адам өз ерекшелік қасиеттері арқылы, өз «адамдығы» арқылы белгілі бір толықтық болып табылады.
Абай	«Толық адам» концепциясы
Конфуций	«Ізгілікті адам» ілімі

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Бұл бөлімде қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесі жалпы қазақ тілін оқытудың әдістемесімен тығыз байланыста қарастырылды. Зерттеуде осы қағида басшылыққа алынды. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту барысында берілетін білім, қазақ тіл білімі салалары заңдылықтарына негізделді. Оған қажет материалдарды студент деңгейіне сай таңдалып, іріктелді. Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту барысында ұсынылатын материалдардың тілдік жағынан әбден жүйеленген, сараланған түрде топтастырылуы ұсынылды.

Тілдің пән ретінде үш бағытта жүргізілуі: коммуникативті тіл білімі тұрғысынан қарау, тіл бірліктеріне функционалды қызметі тұрғысынанан талдау жүргізу, сөйлеушінің сөйлеу әрекетін психолінгвистикалық тұрғысынан бағалап, жүйелеу, соған сай тіл бірліктерін анықтау тұжырымдары негізге алынды.

Зерттеудің кәсіби қарым-қатынас дағды дамытуға арналғандығы себебінен, белгілі бір тілде немесе өз ана тілінде сөйлеу нормалары қалыптасып қалған студенттің тілін дамыту тілдің орфоэпиялық нормаларын қадағалануына басымдық берілді. Бұл мәселеде екі түрлі мәселеге назар аудару қажет екендігі анықталды: интерференцияны айқындау немесе интерференциялық қателіктер және аппроксимация немесе аппроксимациялық қателіктердің болатындығы. Сондай-ақ студенттердің тіл үйрену барысында жиі қайталанатын интерференциялық қателері айқындалды. Олар: *орфографиялық, орфоэпиялық, интонациялық*, деп топтастырылып, жиі қайталануларға нақты мысалдар келтіріліп, оны болдырмау жолдары мен әдістері ұсынылды. Интонациялық қателіктер көп жағдайда сөзге түсірілетін «екпіннің адасуы» түрінде болатындығы және оның негізгі үш түрлі себебі анықталды.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас тілін дамытуда негізгі ескерілетін мәселенің бірі – коммуникативтік жағынан елеулі және коммуникативтік елеулі емес қателер анықталып, осы жасалған тәжірибеде студенттерде жиі қайталанатын нақты мысалдар ұсынылды. Осы саланы зерттеуші ғалымдар пікірлері сараланып, студенттердің кәсіби қарым-қатынас тілін сапаландырудың лингвистикалық негізінде екі мәселенің: қазақ тілінің жүйесіне, қазақ тілі білімінің негізгі заңдылықтарына сүйену мен қазақ және орыс тілдері жүйесін салыстыра талдау мәліметін ескеру керек екендігі ұсынылды.

Осы бөлімде тілді оқыту, дамыту үрдісінде тілдердің өзара әрекеті теориясының негіз етіп алынуы да ұсынылды. Зерттеуде бүгінгі күн талабы туғызып отырған қазақ және шет тілдері жүйесін де салыстыра оқытуды да естен шығармау керектігі айтылды. Сондай-ақ, қазіргі оқулықтардағы тілдік материалдардың ұсынылып жүрген жолдары оқу материалын ұйымдастырудағы коммуникативтік ұстанымға толық жауап бере алмайтындығы, авторлар оқулықтарда көбінесе «лингвистикалық» әдісті пайдаланылатыны анықталды. Бұл тәсіл бойынша берілетін грамматикалық

білім тілдесімге шығара алмайтындығы анықталып, орта мектепті бітіру тесінде жоғары балл алған, тамаша білім көрсеткен оқушылар, студенттер алған лингвистикалық білімдерін табиғи сөйлеуде, қатысым ситуацияларында пайдалана алмайтындығы оқытудағы нәтижеге жете алмаудың себебін ашып бере алды.

Сөйлеуші тыңдаушыға өз ойын жеткізу барысында, жоғарыда аталған сөздің денотативтік формасын денотативтік реңіне өзгертеді. Сөздерді байланыстыру үшін оның байланысу, түрлену үлгілері мен ережелерін білуі керек. Бірақ бұл мәселеде, болашақ мамандардың кәсіби тілдік дағдысын дамытуда сөйлеуді ережеге емес, ережені сөйлеуге бағындыру мәселесі көзделді.

Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысын зерттеуде грамматикалық тапсырмалар мен жаттығулар да күнделікті кәсіби өмірге қажетті, тілдік қарым-қатынасқа, тілдік жағдаятқа мәжбүрлейтін, болашақ кәсіби қызметі қажетіне жарайтындай етіп ұсынылды. Осы бөлімде тілдің эстетикалық қызметі тілдегі тұрақты сөйлеу үлгілері мен дайын клишелерімен байланыста қарастырылды. Бұл арқылы тілді оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда сөйлеуші сөзінің тыңдаушысына қабылдану әсері, эмоциялық реңкі, қазақ тілінің тазалығы басты назарда болды.

Тілді үйретудің, оқытудың лингвистикалық негізін қарастырғанда, ерекше көңіл бөлетін мәселе – сөздегі дауыс екпіні.

Екпін дұрыс қойылмаса, сөз мағынасы да тілдің үш функциясының бірі эстетикалық қызметі де өз дәрежесінде болмайды.

Сөздің қатысым құралы рөлін атқарушы лексикалық тілдік тұлға деңгейінде қарастырылып, оның өзіндік белгілері арнайы зерттеуші-ғалымдар пікірлері бойынша сараланды.

Осы бөлімде қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын арттырудың философиялық параметрлері философия ғылымындағы қарым-қатынас мәселесінің қарастырылуы арқылы анықталды. Қазіргі жаңа парадигма білім беруде және тіл оқытуда антропоцентристік тұрғыда қарастырылуымен сипатталады. Философтар В. Гумбольдт, Хайдеггер-Риккер, Ф. де Соссюрдің, Л. Витгенштейн тіл мен логиканың тығыз байланысы жайлы ой-пікірлері сараланды.

Аристотель еңбектері, ұстаздық жолы кейінгі дәуірлерде де өмірлік маңызы зор мектепке айналуы және алғашқылардың бірі ретінде адамдар қарым-қатынасының ішкі мәнін, құндылығын дәлелдеуге ұмтылып, одан «алтын мағынаны» табуға тырысқандығы және оның «аралық» және «орташалық» деген параметрлері талданды. Аристотелдің философиясы, көтерген идеяларының құндылығы сараланды. Герменевтиканың негізін салушы ретінде Ф. Шлейермахер қарым-қатынас мәселесіне *түсіну теориясы* бұл мәселеде қажетті және іргелі негіз болды. Сондай зерттеу тақырыбына қатысты философтар тарапынан айтылған сыни пікірлері яғни, тілдің шындықты бұрмалауы, шынайы өмірді жасанды суретпен, бейнемен алмастыратынын сынауы да сараланды.

Қорытындысында, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын арттырудың философиялық параметрлері айқындалып, аксиологиялық құндылықтарға негізделді: Аристотельдің – «алтын мағынаны тану немесе тең ортаны ұстану қағидасы», Аль Фарабидің «ақыл-ой парасаттың болуы қағидасы», Рене Декарттың 3 ережесі: «туған елдің заңдары мен әдеп-ғұрыптарына бойұсыну, дініне адал болу, парасатты жандардың көзқарастарына жүгіну, өз ұстанымына беріктік таныту, тағдырды емес, өзін өзгертуге тырысу», Томас Гоббстің «ойларын тіркеуден өткізу, басқаларға өзіңіз жинаған білімімізді беру, оқытып, үйрету, бір-біріне өзара көмектесе алу үшін басқаларға ниетіміз бен мақсатымызды жеткізу» қағидалары, Ф де Соссюрдің «Тіл – әрі сөйлеу құралы, әрі – оның нәтижесі» қағидасы, Гегельдің: «Әр адам өз ерекшелік қасиеттері арқылы, өз «адамдығы» арқылы белгілі бір толықтық болып табылады» ұстанымы. Адамзат тарихындағы осындай ойшылдар философиясына негізделген Конфуцийдің «ізгі адам» ілімі және Абайдың – «толық адам» ілімін сыншылдық үндестікте оқыту ұсынылып, қорытындысында «Рухани бай кәсіби тұлға» моделі ұсынылды.

Осы бөлімде «Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын іске асырудың педагогикалық-психологиялық жақтарын» жан жақты қарастыру барысында психологтар Қ.Б. Жарықбаевтың, А.А. Леонтьевтің «іс-әрекет әдісі», «іс-әрекет теориясы» жайлы пікірлері, басқа да психологтардың тілге қатысты ой-пікірлері басшылыққа алынды. Осы құнды пікірлер сараланып, тілді оқытудың психологиялық негізі бегіленіп, теориясы анықталды. Әрекет ұғымының өзі мотивпен тығыз бірлікте болуы қарастырылды. Және оның формуласы жасалды: *Қажеттілік → Мотив → Іс-әрекет → Кәсіби Қарым - Қатынас Дағдының Қалыптасуы.*

Тілді оқытуда психологиялық жағынан дайындау мәселесі жеке тұлғаға бағытталуы бойынша Л.С. Выгодский мен С.Л. Рубинштейн ұстанымдары басшылыққа алынып, психологтардың дәлелдері осы зерттеу қарастырып отырған студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын іске асырудың ұстанымымен толық сәйкестендірілді. Зерттеу қорытындысының дұрыстығы дәлелденіп, арнайы тұжырымдар ұсынылды: *танымдық қажеттілік → студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту, тіл дамыту процесі; тіл оқыту процесін зерттеу → студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда даму динамикасын талдау; рухани даму динамикасы сипаттамалары.* Кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуды психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, психология ғылымындағы *жүйелілік ықпал методологиясымен* байланыста қарастыру ұсынылды.

Қорыта айтқанда, студенттің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың негізгі ұстанымдары анықталды: дербестігі, шығармашылық таным әрекеті, өзіндік ізденісі, алған білімді дер кезінде икемді, оңтайлы және креативті пайдалана алуы, сыни тұрғыда ойлауы т.б.

3 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

3.1 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру амалдары мен әдістері

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінде сабақ процесінің дұрыс ұйымдастырылуы мен онда қолданылатын оңтайлы әдіс-тәсілдері де сапалы білім нәтижесіне жол ашады. Маңызды материалдарды сабақтың қай кезеңінде ұсынудың өзіндік тәртібі болғаны дұрыс. Мысалы, Р.Г. Лемберг: «өз эксперименталды зерттеулер нәтижесі бойынша, сабақтың кезеңдеріне қатысты «бастапқы пайдасыз минуттар» («первые невыгодные минуты») және «кривая работа способность» деген атаулар ұсынған. Осы «кривая работаспособность» ұғымын, яғни студенттердің сабаққа деген назарының, зейінінің төмендеу кезеңі деуге болады.

Ғалым зерттеуінде, сабақтың бастапқы 3-5 минуты – оқушылар назарының, зейінінің шоғырлануының тұрақсыздығы, келесі 25 минуты – белсенділіктің артуы, жоғары болу кезеңі.

Одан кейінгі 12-14 минут сабаққа деген құлшыныстың төмендеу кезеңі, ал үзіліске 6-8 минут қалғандағы уақытты «крутой спад» деп тұжырымдаған. Бұл мысал арқылы болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерінің, стратегияларының мәні зор екендігі туралы мәселе туындайды» [134].

«Кәсібилік –мұғалімнің өз тәжірибесінде қолданып жүрген тәсілдерін іріктеп, байыта отырып жинақтаған дағдыларының, стратегияларының, әдістерінің, тәсілдемелері мен практикасының оның репертуары ретінде көрініс табуы» [135], – дейді.

Өткен тарауларда арнайы *рухани бай кәсіби маман моделі ұсынылды.*

Тілдік құзіреттіліктерді рухани бай құндылықтармен әдемі үндестікте топтасқан тәсіл ретінде оқытудың қай параметрлері де, ол, болашақ маманның тіл арқылы өзін-өзі тануы, мансап және кәсіби қызметте және күнделікті өмірде қарым-қатынастағы тамаша құрал рөлін атқара алады.

Ұлттық құндылықтардың маңызы жайлы: Ж.Манкеева: «Олар – ұлттық болмыс-бітімін, дүниеге көзқарасын, рухани-мәдени құндылықтарын, әлеуметтік мәнін ұлттық таным қорында жинақталған таңбалар. Себебі, қазақ ұлты да басқа ұлттар секілді ғасырлар бойы жинақталған ой-тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін т.б. тілінде көрсете білген. Олар халық өмірінің, тұрмысының, мәдениетінің ортақ сипаты ретінде тұтас құрылымдық жүйе құрайды» [136], – дейді.

«Қазақ ұлттық мәдениетінің ерекше болмысын сипаттайтын осы белгі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес жаңа деңгейде жаңғыруы тиіс. Осы тұрғыдан сөз мәдениетін коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттік, этикалық, лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырудың концептуалдық негіздерін айқындау, сөздің коммуникативтік

сапаларын анықтау – сөзбен өрілген қазақ мәдениетін жаңғырту ісіндегі өзекті мәселе» [53, б. 103], – дейді ғалым Н. Уәли.

Бұл осы жұмыста екі түрлі қарапайым және лингвоелтанушылық ұстаным бағытында анықталды: Ол: *Сөз* → *Сөз тіркесі* → *Сөйлем*

маман → *мықты маман* → *Ол мықты маман*.

Лингвоелтанушылық ұстаным моделі: Сөз → *Тұрақты тіркес* → *Сөйлем*

маман → *сегіз қырлы, бір сырлы* → *Ол сегіз қырлы, бір сырлы маман*.

мықтылық → *Ісіне мығым* → *Жас болса да, өз ісіне мығым маман*.

басқару → *Тізгінді қолға алу* → *Ол тізгінді қолға алды*.

жұмысбастылық → *Тыным таппау, Зыр жүгіру, Жұмысы шаш етекпен, Дамыл көрмеу, Қолы тимеу* → *Мамандар тыным таппай жүр*.

Олардың жұмысы шаш етекпен. т.б.

қамқорлық → *Қанатының астына алу* → *Компания мамандарды алғашқы күннен-ақ қанатының астына ала баулыды*.

тәуекел → *Бағын сынау, Тәуекелге бел байлау, Басын бәйгеге тігу* → *Ол тәуекелге бел буды*.

қиналу → *Басы кату* → *Басы дал болды. Миы ашыды, Ойы онға, санасы санға бөлінді* → *Мамандардың бұл мәселеде басы қатты*.

асығу → *Аяғы жерге тимеу, Құстай ұшу* → *Тапсырманы орындауда аяғы жерге тимеді*.

құрметтеу → *Қадір тұту, Қошемет көрсету* → *Компания өз мамандарын қадір тұтады/қошемет көрсетеді*.

дайындау → *бабына келтіру, Сақадай сай тұру* → *Олар сақадай сай тұр*.

жұмысты жақсы істеу → *істі дөңгелетіп әкету, істің көзін табу* → *Жас маман өз ісін тез арада дөңгелетіп әкетті*.

анықтау → *Анығына жету, Бақайшығына дейін шағу* → *Есепшілер қорытынды есепті бақайшығына дейін шағып талқылады*.

дұрыстық → *Ісі мақұл болу* → *Нәтижесінде, ісі мақұл болды*.

өнімділік → *Ісі өнімді, ісі жемісті болды* → *Жарнамадан кейін компания ісі табысты, жемісті болды*.

қорыту → *Сөздің тоқ етері/Ұзын сөздің қысқасы/Сөздің тоқ етері/* → *Ұзын сөздің қысқасы мәселе осылай шешілді*.

жолы болды → *Жұлдызы оңынан туды, Асығы алшысынан түсті, Айдарынан жел есті, Тасы өрге домалау, Маңдайының ырысы бес елі, Нұр жауу, Самалы оңынан туу, Сәті түсу, Оңынан-ай, солынан күні туу. т.б. мысалдарды келтіруге болады [137]*.

Болашақ маманның қазақ халқының бай тілдік қоры да, ұлттық коды да сақталған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді білуі рухани бай кәсіби тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Бұндай тілдік құндылықтарды өз кәсібінде, қарым-қатынаста қолдана алуы іскерлік дискурста жасалған бір тамаша мүмкіндік екені рас [138].

Бұл талаптарды мәтін құрастырғанда, сөз сөйлегенде, эссе жазғанда жоспар ішінде орнын көрсете (қай бөлігінде: басы, ортасы, соңында) отырып, ұсынған тиімді. Ал ауызекі тілде бұл моделді қай тұста қолдануды өз қалауына

тапсырған ыңғайлы. Лингвоелтанушылық ұстаным бағытындағы ұсынылған модельдердің қолданылу жиілігіне мұқият болу қажет. Қазақ тілін оқытуда бұл моделдерді түрлентіп, мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, іскерлік дискурстағы канатты сөздерді, белгілі тұлғалар сөздерін қатыстыру арқылы да күрделендіруге болады. Ондай жағдайда тіл үйренушіге қазақи дүниетанымды анық танып-білуге жол ашыла бастайды. Себебі: «тіл арқылы бейнеленетін білім – әлем туралы білімнің жалпы бір бөлшегі ғана. Сөзжасамдық, семантикалық дериваттар, фразеологизмдер, тұрақты метафоралардағы сөздің ішкі мазмұндық межесі жинақтала келе, сөздің сындарлы семантикалық «шыңы» тұрғызылады. Сөздің осы аталған семантикасы лингвомәдениеттану саласында айқындалып, тілдік жағынан анықталып, нақтыланады. Сондықтан тілді мәдени жақтан біліп- түсіну, игеру деп тілдік құбылыстарды ұлттық-мәдени ерекшеліктерді тану және анықтай түсу мақсатында саралауды айтамыз» [139] деген пікір осы ұсынысқа дәлел бола алады.

Қазақ тілін оқытуда лингвомәдениеттану ұстанымының маңызы зор. Өйткені халықтың тіл байлығы оның асыл қазыналы қорында жатыр. Оны молынан және жүйелі пайдалану дұрыс. Ол нәтижелі болуы үшін осы салада жақсы ұсыныстар берген авторлардың мынандай тұжырымдарына негізделгені жөн:

1 а) концептілер, метафоралар, паремиологиялық қор мен фразеологизмдер; ә) ритуал, рәсімдерде, салт пен дәстүрде, наным-сенімдер мен аңыздарда кездесетін мифологияланған тілдік бірліктер; б) символдар мен эталондардағы, стереотиптердегі тілдік бірліктер; в) сөйлеу этикетінің коммуникативтік бірліктері жатады [139, б. 129].

2. Студенттің өздік және шығармашылық жұмыстарының аясында олардың сөздік қоры кеңейтіледі; қазақ тілінің қолданыс аясының кеңдігі мен тілдік-қатысымдық мүмкіндіктерін тануы үшін этикеттік орамдар, тілдің алуан түрлі көріктеуіш құралдары, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер ұсынылып, олардың студенттің сөздік қорынан орын алуына ықпал ететін тапсырмалар орындалады. Бұның барлығы оқу мотивациясын тудырып, қазақ тілін еркін қолдануына мүдделілік туғызады. Бір жағынан, осындай интеграциялық сипаттағы білім мазмұны жастар санасына өз ұлттық құндылықтарын құрметтеу сезімін оятып, ұлттық рухын шыңдаса, екінші жағынан, қазақ тілінің ішкі тілдік әлеуетін тану оны болашақ кәсіби қызметінде орынды және міндетті қолдануға ұмтылдырып, кәсіби мансап жолында оның қажеттігін мойындатады. Ең бастысы, өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген мұрасын қастерлей білетін шынайы интеллигент болуына мүдделілігін арттыратын интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырады [44, б. 28].

Қазақ халқының руханиятында баға жетпес құндылықтар қалдырған алаштың мықты тұлғалары бар. М. Жұмабаев: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең. Тілі де бай» [12, б. 63], – деп жазған болатын. Винградов В.В. «Ауызекі тілдің жоғарғы мәдениеті, ана тілін жақсы

білу мен сезіну, оның мәнерлі тәсілдерін, оның стилистикалық алуан түрлілігін, қолдана білу – әр адам үшін оның қоғамдық өміріндегі және творчестволық қызметіндегі ең жақсы тірек және ең сенімді – мінездеме», – десе, Г. Қосымова: «Халықтың тіршілігі мен тұрмысында сөз өнері шешуші рөл атқарады. Айтысқандарды да бітістірген, жауласқандарды да татуластырған, қиюы кеткен істі бүтіндеген, бұра тартқандарды түзу жолға салған, тентекті телі еткен, қалғығандарды оятқан, тұлғалардың еңсесін көтерген – ақылды сөздің арыны, қуатты сөздің құдіреті» [40, б. 17], – деген пікір айтқан.

Бұл ұсынылған пікірлер жоғарыда айтылған мәселелерді толық қуаттай алады.

3.2 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуды әдістемелік тұрғыдан талдау және жаңа технологиялар арқылы жүзеге асыру

Кез-келген оқыту пәнінің өз теориясы, әдіс-тәсілі, методологиясы, қолданылатын технологиялары бар. Осы өзіндік әдіс-тәсіл, технологияның оңтайлы қолданылуы сабақ сапасының нәтижелілігіне апаратын дұрыс жол болып есептеледі. Олар оқытудың ерекше әдістері мен сан түрлі ұйымдастырушылық түрлерін талап етеді. Оқыту үрдісі – сапалы білім беру, тіл дамыту. Бұл оқытушының негізгі қызметі болса, студенттен осы қызметтердің нәтижесі күтілетіні анық. Кәсіби тілдік қарым-қатынас дағдысын дамыту оқытушы мен студенттің субъект-субъект қатынасына негізделеді. Оқытудың бұндай тепе-теңдіктегі қарым-қатынас формасы оқытушы мен студент арасындағы кедергіні жойып, студенттің тілдік дағдысын толық қалыптастырудың еркін дамуына жол ашады.

Өзге ғылым салалары сияқты әдістеме ғылымының да өзіндік тарихы, даму жолы бар. Әдістеме саласының оқытуды ұйымдастыру тәсілдерінің көптеген жүйесі болғаны тарихтан мәлім. Оқыту формасының жеке, дара одан соң топтық жүйесімен жалғасқан ұйымдастыру формалары қоғам дамуына сай өзгеріп, дамып отырды. Алғашқы жаңалық ретінде танылған Чехтың ғалым-ағартушысының Ян Амос Коменскийдің сыныптық сабақ жүйесі қалыптасып, бүгінгі күні де қолданыста. Басқа да оқыту формалары мен әдіс-тәсілдер оқыту әдістемесінің тарихын байытып келеді. Дегенмен қоғамның өзгеруі, заманның даму талаптарына сай оқытуды дұрыс ұйымдастыру мәселесі *сапалылық, нәтижелілік* тұрғысынан да маңызды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы қазақ педагогикасының негізін салушы Ы. Алтынсариннен басталып, түрлі ғалымдар қосқан үлесі мен өзіндік қалыптасу, даму жолы бар. Оған жалпы шолу арқылы төмендегіше әдіс-тәсіл түрлерін көруге болады (9-кесте).

Кесте 9 – Қазақ тілін оқыту әдістемесінің даму тарихы

А. Байтұрсынұлы	Жалпылау-жалқылау, талдау-жинақтау, салыстыру, тұтас сөз әдісі, ойын т.б.
Ж. Аймауытов	Талдау, ұластыру, жалпылау-жалқылау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік, салыстыру, іздендіру т.б.
М. Жұмабаев	Көрнекілік, көрініс қойдыру, әңгімелеу, ойын, іздендіру.
Т. Шонанұлы	Зерттеу әдісі т.б.
Қ. Кемеңгерұлы	Үлестіру, талдау, аудару
Д. Әлімжанов, Ы. Маманов	Салыстыру, индукция- дедукция, баяндау, әңгімелесу, жаттығу, көрнекілік әдіс.
С. Жиенбаев	Дағдыландыру, оқу, жазу. т.б.
Ш. Сарыбаев	Сан әдіс, аудару, табиғи әдіс т.б.
Н. Оралбаева	Баяндау, түсіндіру, оқушыны ойландыру, экскурсия т.б.

Осы педагогикалық зерттеулердің жалғасы ретінде қазақ тілін оқытуды жаңаша технологиялармен дамытып, байытқан бірнеше технологиялар дүниеге келді. Олардың қатарында: Қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиясы (Ф.Оразбаева), Деңгейлеп оқыту технологиясы (Ж.А.Қараев), Жүйелілік негізде оқыту технологиясы (Т.Т.Ғалиев), Шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы (К.А.Әбдіғалиев, Н.Н.Нұрахметова), Блоктық-модульдік технология (М.Жампейісова), Сатылай-кешенді талдау технологиясы (Н. Оразахынқызы), Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі технологиясы (Ж.А. Қараев пен Ж.У. Қобдикова) т.б.

Ұсынылған технологиялар мен әдіс-тәсілдердің ары қарай дамып, жетілуіне басқа да қазақстандық ғалымдар өзіндік үлесін қосты. Осы әдістердің басым көпшілігі бүгінгі таңда да оқу үдерісінде қолданылуда. Аталған әдіс-тәсілдердің барлығы да адамдар арасындағы негізгі қарым-қатынас құралы тілдік қарым-қатынасқа, қатысымға апаруда өзіндік зор үлестері бар зерттеулер. Осы әдіс-тәсілдерді біріктірген, жаңа заман талабы мен сұранысына лайықталған жаңаша технология коммуникативтік технология қатысымдық әдіс пайда болды. Бұл әдіс әдістемеде теориялық ізденістерімен дәлелденген, антропоөзектік бағытты ұстанған жаңаша тәсіл болып енді. Ол Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы алғашқы зерттеу еңбегі Қазақстандағы осы салаға түрен салған зерттеу ретінде рөлі зор.

Жоғарыда аталған барлық педагогикалық технологиялардың басын біріктірген және әлемдік әдістемеге алғаш жол салған әдістеме болды. Осы әдістемелік бастаулардың барлығын ортақтастырған коммуникативті әдіс бүгінгі таңда жетекші орында. Ж.Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жәй шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» [102, б. 15], – деген тұжырымы қашан да маңызды.

Қазіргі технология дамуы ғасырында білімнің сапасын көтеруде қолданылатын әдіс-тәсілдер көп. Себебі, бүкіл әлемге таралып отырған *интернет желісі* тек білім беру саласына ғана емес, басқа да түрлі салаларға ғаламдық ауқымда қарқын бере алу күшіне ие байланыстың зор және қолжетімді құралы болып отыр. Қазіргі заман жастары, болашақ мамандары

ретінде өзінің алар білім-білігін, болашақ қызметіне қажет дағдыны озық технологиялар арқылы жаңаша талапта қабылдауды құп көретіні сөзсіз. Жаңа технологиялар қазіргі студенттердің танымына, қабылдау, үйрену қабілеттеріне де оңтайлы болып келеді. Сондықтан педагогтар қауымынан жаңаша технологияларды өз әдістемелік шеберлігімен өзара тығыз бірлікте ұйымдастыру талап етіледі.

Э. Битем және тағы басқа авторлар: «Папирус пен қағаз, бор мен баспа қондырғылары, проекциялық аппараттар, дамытушы ойыншықтар мен телевизия, тіпті жазудың түп негізгі технологияларының өзі бір кездері инновация болған. Желілік компьютер мен оның кейінгі мобильді және сымсыз аналогтары – мұның бәрі бізге қолдануға берілген адамзат тапқырлығының соңғы жетістіктері. Шындап келсек, егер білім алуды таза танымдық тұрғыда қабылдасақ, бұл технологиялардың ешқайсысы адам баласының білім алуға деген түпкі қабілеттеріне айтарлықтай өзгеріс әкелмеді. Алайда бұл технологиялар идеялар мен тәжірибелерді тарату амалдарын, сондай-ақ білімді немесе қабілетті адамның бейнесін түбегейлі өзгертіп жіберді» [140] – деп жазады. Білім беруде жаңаша заманның кәсіби тұлғасын дайындаудағы жауапкершілік күшейгенін және өзгеше сипат алғанын ескеру керек. Осы тұрғыда жаңаша педагогикалық технологияны жақсы меңгеріп, сәтті қолдана білудің өзі – шеберлік. Білім берудің жаңа технологиялары сабақ сапасын арттыруда, кәсіби тұлғаның қарым-қатынас дағдысын дамытуда, көзделген түпкі нәтижеге жетуде орны бөлек. Басқа салаларды былай қойғанда, білім беру жүйесіне түрлі озық оқу құралдары еніп, ол оқытудың дәстүрлі жүйесін өзгертіп, *технологияландырылған оқыту жүйесін* дүниеге әкелді. Бұл дәстүрлі, классикалық жүйедегі дәптерге ұзын сонар лекциялар жазу, тақтада оқытушының бормен сабақ материалдарын тәптіштеп жазып-түсіндіруі сияқты студентті тез жалықтыратын, сабаққа деген қызығушылығын төмендететін оқыту тәсілінің жаңаша заманауи техникалық құралдар мен технологияның алмастырылуына алып келді. Қазіргі кез-келген студент жаңа технологияға бейім екендігін күнделікті сабақтар көрсетіп жүр.

3.2.1 А Интерактивті желілік технология

Осы зерттеудің жаңа технологиясы мәселесі өткізілген сабақтардың тәжірибесіне сай үш түрлі форматта қарастырылды. Ол – офлайн, онлайн және аралас форматта.

Инновация әрқашан даму мен жаңа және пайдалы да, тиімді бағытты көздейтіні белгілі. Бұның өзі жаңашылдыққа, үлкен өзгерістерге жетелейтін тамаша құрал ролін де атқарып отыр. Білім беру бойынша инновацияны былайша жүйелей қарастыруға болады (10-кесте).

Кесте 10 – Білім берудегі инновация түрлері

<i>Білім берудегі технологиялық инновация</i>	– білім берудің технологиясын жетілдіру, білім берудегі тиімді бағыттар, білім берудегі жетілдірілген тиімді білім процестері
<i>Білім беруді ұйымдастырудағы басқарудағы инновация</i>	– электронды, цифрлық, қашықтықтан оқыту, онлайн оқыту, интернет платформаларды қолдану
<i>Білім берудегі қоғамдық-әлеуметтік инновация</i>	– білім алушы мен білім берушінің қоғамдағы салаларының жаңаруы немесе білім алушы өмірінің өзгеруі, жаңаруы, жаңаша білім алу, білім беру форматының жаңаруы, пайда болуы(онлайн, виртуалды оқыту, онлайн конференция, видеоконференция)
<i>Білім берудегі материалдық инновация</i>	– жаңа технологиялық озық құралдардың болуы(компьютер, макбук, телефон, планшет, smart tv т.б) оны оқу үдерісінде тиімді пайдалана алу, сапалы білімді қамтамасыз етуге арналған бағдарламалар, платформалар, электронды кітаптар мен оқулықтар.
<i>Білім берудегі маркетингтік инновация</i>	– білім берудегі сапалы және оңтайлы қызметті ұсыну, білім берудің жаңаша креативті түрлерін ұсыну (арнайы онлайн курстар, жаңаша курстар)

Эсперимент барысында жаңаша технологияларды қолдануда КИМЭП Университеті тарапынан жасалған техникалық және технологиялық жағдайлардың *әлемдік деңгейде және әлемдік стандартпен* қамтылғандығы осы зерттеудің жұмысының сапалы және нәтижелі орындалуына үлкен көмек болды. Осының нәтижесінде, қолданыстағы негізгі технология ретінде, *Интерактивті желілік технология* өтілген сабақтардың және сабақтан тыс уақыттағы тәулік бойғы қолданысында болды. Интерактивтік желілік технология қазір бүкіл әлемде қолданылатын қарым-қатынастың жаңаша формасы. Осы жасалған тәжірибе барысында бұл технологияның өзіндік артықшылығын білім берудің әрбір кезеңінде үздіксіз пайдалану нәтижелі болды. Әлемдік пандемия салдарынан күрт онлайн форматқа көшу бұл технологияны түрлендіріп, жаңаша әдіс-тәсілдермен толықтырғанын айту орынды.

Интерактивті желілік технологияның ерекшелігі – студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда жаңаша мүмкіндіктер бере алуында және жылдам түрдегі кері байланыс икемділігі, мотивация тудыра алу мүмкіндігінде. Күнделікті тәжірибеде және практикалық қолданыстағы платформа ZOOM, E-Learning Moodle платформалары және қарапайым желілік құралдар L-drive, Whatsapp, e-mail.

КИМЭП Университеті E-Learning Moodle платформасымен жұмыс жасайды. Бұл платформаның интерактивтілік және желілік мүмкіндіктері өте көп, жетілдірілген платформа. Артықшылығы, *біріншіден*, студент үшін де, оқытушы үшін де түрлі қажетті қосымшалардың бір жерге топтастырылғандығы. *Екіншіден*, интернеттен қажетті платформаларды қатар қолдана, кіріктіре, біріктіре қолдану мүмкіндігінің берілуінде.

Білім берудің жаңа технологиясы осы E-Learning Moodle платформасын осы тәжірибелік қолданысынан бастаған жөн. Себебі, соңғы үш жыл бойы білім беру ісі осы платформаға толық бейімделді. Сапалы білім беру мен нәтижеге жету үшін: дұрыс жасалған курс дизайны, курс материалдарының орналасуы, студентпен кері байланыс оқу процесіне қажетті дүниенің бәрі жаңа технологияға бейімделді. Бұл технологияны оқу процесінде толық қалыптастыру мақсатында осы саланы зерттеуші ғалымдар ұстанымдары басшылыққа алынды. Мысалы, К.Г. Кречетников *мудлда курс дизайнын дайындауда* төмендегіше ұстанымдарды ұсынады:

«Ғылымилығы – Оқу материалдарының қазіргі заманауи ғылым техникасына, технологияға сай дайындалуы.

Көрнекілігі – Студенттің танымына сай қабылдауын ескеру; оқу материалдары мен құралдарын орынды пайдалану; студенттің оқу процесінде есте сақтау, ойлау, қабылдау психологиясына сай болуы, таным процесінің логикасы, жас ерекшеліктері ескерілуі.

Үздіксіздік және жүйелілік – Оқу материалдарын орналастыруда логикалық, жүйелілік; курс элементтері, оқытудың принциптері мен әдістері арасындағы сәйкестік, жүйелілік және үздіксіз байланыстың болуы.

Қолжетімділігі: қабылдаудың эргономикалылығы.

Төртінші ұстаным бойынша, *эргономикалығы* дегенді былайша түсіндіруге болады: Адам мен жалпы қолданып отырған жүйенің өз ара тығыз байланыстылығы, адамның жағдайын оңтайландыру үшін адамға ыңғайлы, қолайлы болуы [141].

Яғни мудлдағы орналастырылған материалдардың студент алатын сапалы білім қажеттілігіне айналуы Бұндай интернет платформада курс дизайнын дұрыс дайындау сапалы білімге қол жеткізудегі әмбебап технологиялық құрал ролін атқара алады. Курс дизайны анық, түсінікті болуы-студенттің нәтижелі біліміне апарар жаңаша әмбебап тәсілдің бірі.

Осы жұмыстың зерттеу тәжірибесінде курс дизайнын, яғни педагогикалық дизайнды, студентке берілер білім мазмұнын дайындауда Мактай Дж., Г. Виггинс сияқты ғалымдардың да арнайы зерттеп, тәжірибеден өткізіп, дайындалған анықтамалығы негізге алынды [142].

Осы ғалымдар дайындаған нұсқаулық нәтижелі білім беруге мүмкіндік аша алады. Ғалымдар тәжірибе нәтижесінде, курстың білім мазмұнын түсінудің, меңгерудің қандай екенін және оны білуді мақсат еткен. Осы арқылы студенттердің курс материалдарын шынымен түсінгенін-түсінбегенін, меңгерген-меңгермегенін анықтаған. Ол үшін курс парақшасы бөлімдерін тек материалмен қамтамсыз ету емес, оны түсінуге баса назар аудару үшін қалай құрастырылуы мүмкін екенін айтады. Бұл нұсқаулық *жоспарлау үлгісін, жұмыс парақтарын, жаттығуларды, дизайн құралдарын, дизайн стандарттары мен сынақтарын, сондай-ақ жаңа идеяларды үйрену және қолдану үшін өзара бағалау процесін* қамтиды. Және үш кезеңге бөліп қарастырған:

1-кезең: Қалаған нәтижелерді анықтау – курс жоспары ерекшеліктерін сипаттауда студенттердің өздері қалаған нәтижелерін анықтауға бағытталуы.

Оқушылар нені білуі, түсінуі және істей алуы керек? Нені түсінуге тұрарлық?

Бұл әдіс оқытудың екі маңызды қателігін болдырмайды: оқулықпен қамту немесе жаттап оқу. Бұл – белсенділікке негізделген оқыту, қызықты болуы мүмкін, бірақ айқын басымдықтары жоқ деген пікірді айтады.

2-кезең: Сабақ нәтижелерін анықтау. Студенттің қалаған нақты оқу мақсатына қол жеткізгенін растау үшін қажет бағалау элементтерінің әртүрлілігі мен оның тереңдігіне назар аударады. Бағалау түрлі әдістерді қажет етеді. Сыныптағы бағалау, сыныптан тыс бағалау түрлері бар. Түрлі тапсырмалар үшін әр түрлі бағалау талаптары мен өлшемдерін әзірлеу талапты егжей-тегжейлі қарастырады. Пайдалы айдарлармен берілген тапсырмалар түсіну немесе меңгеру дәрежесін анықтауға пайдалы. Баллдық, пайыздық тапсырмалар атауларын дұрыс қою маңызды. Мұғалім оқушылардың қажетті нәтижелерге қол жеткізгенін қалай біледі?

Ол үшін авторлар мынандай ұсыныстар айтады:

Түсіндірмеде – ұсынылған материалдардың, фактілердің және деректердің жан-жақты, негізделген және нақты сипаттамасының берілуі.

Интерпретация – ақпараттың әр студентке жекелендірілуі, өзектілігінің маңыздылығы және ұзақ мерзімді сақтау мүмкіндігінің болуы.

Қосымшалар – тапсырмаларды орындауды әртүрлі контекстерде түсініп пайдалану және қолдану мүмкіндіктерін беруі,

Перспективасы – сыни көзқараспен қарай алуы.

Эмпатия – басқаларға оғаш көрінуі мүмкін, мүлдем жат немесе мүмкін емес, деп санайтын нәрселерде өз құндылықтарын табады, яғни, тікелей өз тәжірибесі арқылы қабылдауы.

Өзін-өзі тану – адамның жеке стилі, бейтарап көзқарастары, болжамдары мен әдеттері ақыл-ойды қалыптастыратынын және оның түсінуіне кедергі болатынын мойындауы.

3-кезең: Оқыту тәжірибесі мен нұсқаулықтарды жоспарлау. Авторлар бұл кезеңде мына сұрақтар жауабын анықтап алуды ұсынады:

Студенттерге қайда және неге бара жатқанын білуге қалай көмектесесіз?

Сіз студенттерді қызықты және ойландыратын тәжірибелерге қалай тартасыз?

Идеялар мен мәселелерді шынайы ету үшін студенттер қандай тәжірибелерді, нақты қалай модельдейді? Қандай оқу әрекеттері студенттерге мықты идеялар мен маңызды сұрақтар жауабын табуға көмектеседі? Студенттерді қорытынды презентацияға дайындау үшін қандай нұсқаулық қажет? Негізгі идеяларды тереңірек меңгеру үшін студенттерді ойлануға және қайта ойлауға қалай итермелейсіз? Студенттерді жаттығуларға, оны орындауға қалай бағыттаيسىз? Кері байланыс пен өзін-өзі бағалау негізінде олардың жұмысын қайта қарап, қалай жақсартасыз? Оқушылар өздерінің қорытынды презентациялары мен орындаған тапсырмалар нәтижесі туралы түсінігін қалай

көрсетеді? Өз жұмысының күшті және әлсіз жақтарын анықтау және болашақ мақсаттарды белгілеу үшін оларды өзін-өзі бағалауға қалай бағыттайсыз?

Жалпы курс дизайнын жоспарлауда, жасауда арнайы өткен біліктілікті арттыру семинарлары ұсыныстары мен аталған авторлар ұсыныстары да негізге алынды. Ол білім беру мазмұны бойынша мынандай мәселелерді қамтыды: Сабақты ұйымдастыру бойынша түсіндірме материалдары, сабақ материалдары, студент тапсырмалары, тапсырма талаптары мен бағалау өлшемдері, тапсырмаларды тексеру және кері байланыс орнату, бақылаулар түрлері және оны бағалау өлшемдері мен талаптары, т.б қажетті материалдар (10, 11-суреттер).



Сурет 10 – КИМЭП Университетінің E-LEARNING платформасы




Сурет 11 – КИМЭП Университетінің E-LEARNING платформасы бойынша оқытушы Н. Ж. Бекеева парақшасы «Іскерлік қазақ тілі» курсы туралы жалпы ақпараттар

Курстың интерактивті элементтері мәзірінде: Жалпы мәліметтер: Сабаққа қатысу парағы; Сауалнама; Деректер базасы; Вики; Сыртқы қосымша; Глоссарий; Тапсырма; Дәріс; Пакет SCORM; Семинар; Тест; Форум; Чат.

BigBlueButton Видеоконференциясы;

Курстың статикалық ресурстар мәзірінде: Гиперсілтемелер; Кітап; IMS мазмұнды жиынтығы; Папка; Түсіндірме; Парақша; Файл (12-сурет).



Сурет 12 – Мудл қосымшалары

Бұл ресурстарды қалай пайдалану мәселесін түсіндіру қажет деп табылмады. Себебі, бұл жөнінде арнайы нұсқаулықтар университет сайтында

орналастырылады және интернетте де ақпараттар кез келген үйренушіге қолжетімді.

Курс дизайнындағы келесі мәселе – суреттер мен графика. Дұрыс таңдалған суреттер мен графика курс дизайнының эстетикасын, материал мазұнын байытып, студентті ынталандыру мен мотивация тудыруда тамаша қосымша бола алады. Тақырыптық суреттер мен графика мазмұнға сәйкес және анық болуы тиіс. Анимацияланған немесе жыпылықтайтын кескіндерден аулақ болған дұрыс. Қажет жағдайларда Blackboard, Canvas т.б. платформаларды қолдануға болады.

Аудио/бейне элементтері мен материалдары


Суреттер мен графика сияқты, курс мәзірінде таза естілетін аудио және бейнематериалдар болуын қамтамасыз ету маңызды. Таза дыбыс фоны аз шуды, сөздің анық айтылу деңгейін талап етеді.

Аудио және бейне файлдарды сілтеме арқылы да орналастыруға болады.

Мудлдағы аудио кері байланыстың транскриптерін қамтамасыз ете алады. Ғалымдар зерттеуі бойынша, ұзақтығы бойынша 3 минуттан 10 минутқа дейінгі аудио немесе бейнематериалдар болуы тиімді. Егер мазмұнды қамту ұзағырақ болса, әрқайсысының ұзақтығы 3-тен 10 минутқа дейін болатын қысқа, сегменттелген бейнематериалдарды дайындаған ыңғайлы.

Курстағы барлық материал студентке қолжетімді, ашылатындай болуы керек. Курстағы материалдарды орналастыруда қарапайым сілтеме белгісінің соңында файл кеңейтім түрі болғаны да дұрыс (Word құжаты үшін .doc немесе .docx, PowerPoint үшін .ppt, Excel үшін .xlsx немесе .xltx және т.б.).

Аталған интерактивті желілік технология мүмкіндіктерін кесте түрінде былайша ұсынуға болады (13-сурет).




Сурет 13 – Интерактивті желілік технология

Төмендегі скриншот көшірмесі арқылы студенттер арасында жүргізілген «Интерактивті байланыстың артықшылықтары» атты сауалнаманың жауаптарының бірі. Бұл мәлімет интерактивті желілік технологиямен оқытудың әлемдік пандемияға дейін, білім бердің онлайн форматқа көшпей тұрғанға дейінгі жағдайы бойынша ұсынылды (14-сурет).

Кадрбаева Амина
ID: 20190539
14.30 тобы


Интерактивті байланыстың артықшылықтары.

Галамтор арқылы профессорлармен байланыс - бұл оқытушыға да, студентке де септігі бар қазіргі заман артықшылығы. Өткен он жылдықта студенттерге көп оқулықтарды өзімен тасуына тура келді, ал қазіргі уақытпен салыстырғанда барлық дәрістер мен оқу материалдары L-драйвта қол жетімді. Технологиялардың даму нәтижесінде студенттерде электронды түрде профессор поштасына пайда болған сұрақтарын қою арқылы жауапты лезде алу мүмкіндігі пайда болды.



Қазіргі кезде оқытушылар көбісі студенттермен үнемі байланыста болу мақсатында ватсапта топтық чаттың ашылуын қолдайды. Менің ойымша, бұл тенденция оқу үрдісін жеңілдету және уақыт үнемдеу секілді көп пайдалы жақтары бар.

Менің курстарым және WhatsApp'та топтық чаттарым



6 пәннен, профессорлармен бірге 5 чат бар

Қорытындылай келе, интерактивті байланыс студенттерге де, оқытушыларға да беретін пайдасы зор. Мысалы, оқытуды тиімді ете отырып жеңілдетеді және уақытты молынан үнемдейді.

Сурет 14 – «Интерактивті байланыстың артықшылықтары» атты сауалнама жауаптарының бірі.

Осындай сауалнама пікірлері бойынша, қарастырылып отырған курс пандемияға дейін де студент алған 6 пәннің бірі ретінде басқа пәндермен қатар тұрғанын студент жауабынан көруге болады.

Интернет – бұл әлем бойынша ауадай қажет маңызды әмбебап құрал болып отыр. Университеттің барлық аудиториялары мен жұмыс офистерінің соңғы модельде шығарылған компьютерлері, SMART TV тақталары мен жаңа бағдарламалары және интернетпен қамтамасыз етілуі сабақ сапасының жоғары

дәрежеде өтуіне толық мүмкіндік бере алады. Оқытушы семестр басталмас бұрын студентке алатын курсына қатысты қажетті барлық ақпараттарды E-Learning Moodle платформасында орналастырады. Курс материалдарын орналастыруда жоғарыда айтып кеткеніміздей, курс дизайнының дұрыс жасалуы маңызды. Осы диссертацияда тәжірибе ретінде алынып отырған курстар «Іскерлік қазақ тілі курсы», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» міндетті пәндерге кіреді және студент оны бірінші, екінші семестрде жалғастықты түрде алады. Демек, мектептен жаңа келіп университет жүйесіне дағдыланбаған студент үшін түсініксіз мәселелер көп болуы мүмкін. Сондықтан студент үшін курстағы оқытушы парақшасы өте түсінікті болуы тиіс. Оқытушы парақшасы ашылған сәттен бастап, оқытушымен байланыс түрі, уақытынан бастап, студент алғалы отырған курс туралы ақпараттар анық және толық болуы тиіс. Ол оқытушы парақшасында былайша қамтылды:

1. *Курсты ұйымдастыру:* оқытушы туралы ақпарат, оқытушы офис сағаттары, түрлі хабарландырулар, тапсырмалар мен интернет платформаларды қолданылуын түсіндіру нұсқаулықтар.

2. *Курс материалдары:* *Курс атауы, Курс силлабусы, Курстың апталық жоспары, Сабаққа қажетті барлық материалдар(оқылым мәтіндері, электронды кітаптар, аудио кітаптар, аудио-бейнематериалдар, тапсырма түрлері: талаптары мен бағалау өлшемдері, тапсыру уақыты, Үй тапсырмасы, ағымдық бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылаулар бағалау талаптары мен өлшемдері, СӨЖ талаптары мен бағалау талаптары т.б.).*


Жаңа заман әкелген жаңалықтар нәтижесінің таң қаларлықтай өзгеріс пен инновациялылығы жайлы Х.Шунк Дейл пікірі былайша өріледі: «Технологияның білім беру процесін қалай жеңілдететіні бұрын тіпті түске де кірмеген еді. Бүгінгі оқушылар дәстүрлі сабақ кезінде еске асыру мүмкін болмайтын оқиғалар мен орталарға симуляция жасап, ұзақ арақашықтықтан білім ала алады және коммуникацияға енеді, сондай-ақ білім базалары мен сарапшы білім беру жүйелерімен байланыс орната алады» [143].

Шындығында, жаңа технология білім беруде студент белсенділігін тудырып қана қоймай, жаңа қоғамға тез бейімделуге, бәсекелестікке, сапалы да жан-жақты білім алуға жол ашады. Дәстүрлі технологияларға қарағанда қазіргі жаңа технологиялардың мүмкіндігі мол және әмбебаптық қасиетке ие.

Д.Н.Джоннассен, Р.Л.Песк, В.Г.Вильсон сияқты зерттеуші-ғалымдар оқыту кезіндегі технологияның әмбебаптық қызметін былайша топтастырады [144] (15-сурет).

Қазақстан Республикасы білім беру кеңістігінде онлайн оқыту форматына дейін қашықтықтан оқыту форматы жұмыс жасады. Қазақстан ЖОО-ында онлайн оқыту толықтай болмаса да, бірқатар дайындықтары болды деп айтуға болады. Қашықтықтан оқыту онлайн форматына көшуде тәжірибе алаңы іспеттес болмаса да, білім беруге деген алғышарттар ретінде қызмет етті. Бүкіл әлем бойынша онлайн форматқа көшу күтпеген, жоспарланбаған, кей жерлерде дайындықсыз жағдайда орын алғаны шарасыздықтан туындады. Дәстүрлі оқыту жүйесінен алшақ жатқан бұл формат алғашқыда көптеген қиындықтарды

алға тартты. Бұндай қиындықтар тек білім беру саласында ғана емес, бүкіл әлемде және барлық салалар бойынша болды. Бірақ осы жедел онлайн форматына көшу және оның қалыптасу барысы Қазақстанның да білім беру саласында үлкен революция жасады. Жаңа технологиялардың тууына ықпал етті. Білім сапасына технологиялық жағынан, әдістемелік тұғыдан жақсы серпін бере алды.



Сурет 15 – Оқыту технологиясы қызметтері

Онлайн оқыту бүгінгі күні білім беруде курстарды өткізудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде өз артықшылықтары бар екенін осы тәжірибелік зерттеу көрсете алды. Онлайн формат білім беруде де, білім алуда да тамаша мүмкіндік және технологиялық жетістік деп айтуға болады. Студенттер үшін де, оқытушылар үшін де онлайн курстар әлемдік деңгейдегі және басқа да түрлі курстарға, семинарлар мен конференцияларға, шебер-кластарға бағдарламаларға қол жеткізуге мүмкіндік ашты. Студенттер арнайы дайындалған нұсқаулықтармен өздігінен жұмыс жасау жауаптылығына, еркіндігіне дағдыланды. Бұл тұжырымды басқа да ғалымдардың арнайы зерттеу тәжірибелері қорытынды пікірімен толықтыруға болады: «Басқа технологиялармен біріктірілген электрондық оқыту әдісі оның оқу және оқыту процесінде білім берудің игілігі үшін әртүрлі қолдану түрлерін де қамтамсыз ете алуы мүмкін; синхронды және/немесе асинхронды әрекет түрлері. Соңында

электронды оқыту әдісінің маңызы зор және білім беруде жақсы оң нәтиже беретіні көптеген зерттеулермен дәлелденді» [142, p. 20].

Әрине, компьютерлік сауаттылығы төмен оқытушылар мен студенттер үшін көптеген қиындықтар болуы заңдылық.

Интерактивті желілік технология аясында қарастырылатын оқыту форматының тағы бір түрі – *Аралас оқыту(гибрид оқыту, Blended learning)*. Дамыған елдерде гибрид оқытуды эксперимент түрінде бастаған. Алдымен «гибрид» оқыту түрі дегенді түсіндіріп алайық. Бұл оқыту түрін «gibrid» немесе «blended learning» деген атаулармен атап жүр. Екеуі де аралас оқыту форматын білдіреді. Бұл оқыту форматы әлемдік тәжірибеде сыналуды барысында арнайы аптаның белгілі бірнеше күні – онлайн, келесі күндерінде офлайн түрінде оқытылған. Ол жасалған эксперименттер мен біздің қолданысымыздағы форматтардың өзіндік ерекшеліктері бар. КИМЭП Университеті тәжірибесінде екі түрлі жолмен ұйымдастырылды.

Бірінші, бірнеше сағат бетпе-бет, бірнеше сағат онлайн түрінде оқытылуы мүмкін. Бұл оқыту форматы жайлы толығырақ шет ел тәжірибесінен мысал келтіріледі.

Екінші, осы зерттеу тәжірибесі бойынша (2021 жылдың күзгі семестрі-2022 жылдың көктемгі семестрі бойынша) студенттердің басым көпшілігі университет аудиториясында отырып білім алды. «Іскерлік қазақ тілі», «Шешендік өнер» топтарындағы студент саны 20 дан 27-студентке дейін болды. Осы студенттердің 20-25%-ы онлайн форматында өз білімдерін жалғастырды. Тамаша мүмкіндік ретінде онлайн форматында сол топпен бірге отырып білім алу мүмкіндігіне ие болды. Бұлайша аралас форматта оқытудың өзіндік себептері бар. Ол студенттің науқастану немесе түрлі себепті жағдайларда онлайн оқи алады. Қазақстан білім жүйесі 2021 қараша айында карантин уақытын аяқтап, офлайн форматқа көшкен уақытта әлі де науқастанып жүрген студенттер немесе вакцина алмаған студенттер бар болғандықтан, аудиторияға келе алмау себептерінен онлайн форматта білім алды. Әрине, топтағы онлайн студент саны күн сайын азайып отырды. Бұндай аралас оқыту форматында екі жақта отырған студентке параллель білім беру аса қиындыққа соққан жоқ. Себебі, университет аудиторияларының техникалық қамтамсыз етілуі және студенттердің портативті және мобилді құрылғыларының озық үлгіде болуы және интернет байланысымен жақсы жабдықталуы сабақтың атмосферасына және оқу процесінің сапалы жүргізілуіне өз пайдасын тигізе алды. Дегенмен зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, оқу форматтары бойынша салыстырмалы түрдегі бағаны былайша ұсыну орынды. Оқытудың бір түрлі: онлайн формат немесе офлайн форматы түрінде білім беру сапасы жақсы нәтиже көрсететіндігі анықталды.

Аралас форматтың бірінші түрі бойынша, бір уақытта *онлайн+офлайн форматындағы гибрид түрі*:

– оқытушы үшін де, онлайн білім алып отырған студент үшін де аздаған қолайсыздықтар болуы мүмкін. Ол осы тәжірибеде негізгі мәселені айқындап берді. Ол – оқытушының басты назарының офлайн аудиторияға бағытталуы: осы уақытта онлайн студентті толық бақылауда ұстай алмау және онлайн

студент кей жағдайларда назардан тыс қалуы мүмкін. Керісінше, онлайн студентпен жұмыс барсында офлайн аудиторияның аздап босаңсуы. Сондықтан студенттің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінде бұндай формат тек кейбір қиындықтан шығу жолы ретінде ғана ұсынуға болады.

Аралас форматтың *екінші түрі бойынша*, аптаның белгілі бір күндері барлық студенттер үшін офлайн форматта болуы, аптаның басқа күндері күндері барлық студенттер үшін офлайн форматта оқып, сабақ апталарында *онлайн+офлайн форматының араласқан гибрид түрі*. Бұл формат осы зерттеу аясында болған жоқ. Дегенмен шетелдік ғалымдар зерттеулері мен тәжірибесі негізінде мысалдар келтірілді. Бұған мысал ретінде [145] аралас оқытуды енгізу және бағалау бойынша арнайы екі жылдық зерттеу жасаған АҚШ-тың Джорджия Гвиннетт – (GGC) Georgia Gwinnett College Шағын қоғамдық гуманитарлық өнер колледжі зерттеуі алынды. Осы экспериментте колледж студенттердің сабаққа қатысуында белсенді оқу ортасын қалыптастыру және білім берудегі инновацияларға баса назар аударады.

Аралас оқытуға көшу арқылы білім беру экспериментінде студенттер мен оқытушылардың портативті технологиялық құралдармен әдіс-тәсілдерді қалай қабылдайтынын кампуста және одан тыс жерде қолдануға, оқуға және жұмыс істеуге қалай мүмкіндік беретініне зерттеу жасайды. Аралас оқыту принциптерін қабылдау осы мақсаттан туындайды. Эксперимент бойынша келесідей зерттеу сұрақтарын басшылыққа алды:

1. Студенттер аралас оқыту курстарынан өтудің нақты артықшылықтары мен қиындықтары қандай?

2. Профессорлар құрамы аралас оқыту курстарын оқытудың нақты артықшылықтары мен қиындықтары қандай?

Бұл эксперимент тілдік курстарда жасалмағандығын ескертіп кету орынды.

Аталған колледжде 2008 жылдың күз семестрінен бастап, кіріспе компьютерлік сауаттылық курсының бірнеше бөлімдері дәстүрлі «бетпе-бет» форматынан аралас оқыту форматына көшіріледі. Аралас оқытудың студенттерге әсерін бағалау үшін сауалнама деректері семестрдің ортасында және соңында жиналады. Және дәстүрлі және аралас оқыту бөлімдерінде студенттердің қорытынды емтихандағы көрсеткіштері салыстырылды. Профессорлардың аралас оқыту курстарын оқытуға қатысты көзқарастарын анықтау үшін аралас оқыту бөлімдерін оқыту бойынша оқытушылардың жазбаша рефлексиялары мен талқылаулары талданады.

Аралас оқыту курстарында студенттердің қанағаттануы мен білім алуы әдетте кейс-стади зерттеу әдісі арқылы зерттеледі. Кейс-стади зерттеулері күрделі, нақты әлемдегі жағдайларды жақсырақ түсіну үшін бірнеше дәлелдеме көздеріне сүйенеді. Бір жағдаяттық зерттеудің нәтижелерін жалпылау мүмкін болмаса, зерттеушілер бірнеше жағдаяттық зерттеулер нәтижелерін талдау арқылы өзекті тақырыптарды анықтау мүмкіндігін қарастырған. Студенттердің аралас оқыту курстарына қанағаттануын талдауда, әсіресе тек онлайн форматымен салыстырғанда бірнеше артықшылықтарды көрсетті. Мысалы, аралас оқыту курстарының студенттері уақыттарын өздеріне икемді және

ыңғайлы жоспарлауды, үнемі қолжетімді онлайн материалдарды және нұсқаушылармен бетпе-бет кездесуді жоғары бағалаған. Аралас оқыту курстарының студенттері де бұл формат олардың оқуға деген жауапкершілігін арттыруға көмектескенін мойындайды.

Сонымен бірге аралас оқыту курстарының студенттері кейбір алаңдаушылықтарын да білдіреді. Семестр бойы кейбір студенттер өздерінің уақытты басқару және жеке ұйымдастырушылық дағдыларына көбірек алаңдай бастады. Мысалы, кейбір оқушылар топтық жобаларды орындауда және сыныптағы басқа оқушылармен қауымдастық, қарым-қатынастық дағдысын дамытуда қиындықтарға тап болған. Эксперимент нәтижелері бойынша, барлық мәселелерді топтастыра келе, 5 негізгі мәселе басымдыққа ие екендігі анықталған: *Сыныптағы ахуал; Оқуға қажет материалдар; Студентке пайдасы; Өзара қарым-қатынас; Мазмұнға сәйкес формат.*

Нәтижеде, дәстүрлі оқыту форматы бойынша студенттер осы аталған мәселелердің барлық бағыттары бойынша қанағаттанушылықтарын білдірсе, аралас форматтағы студенттер кейбір тақырыптарға толық қанағаттанбағанын айтқан.

Эксперимент бойынша, жоғарыда атап кеткендей, студенттердің қарым-қатынас дағдыларына алаңдаушылығынан басқа, зерттеушілер аралас оқыту студенттердің оқу сапасына қалай әсер ететінін зерттеді. Бетпе-бет, онлайн немесе аралас оқыту бойынша зерттеулер студенттердің оқу нәтижелерінде айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетпейтіндігін анықтаған.

Аралас оқыту курстары бойынша оқытушылар құрамының пікірлері де зерттелген. Аралас оқыту курсына оқытатын оқытушылар қол жетімді технологиямен танысуға, сыныптағы іс-шараларды жасауға және жалпы курс құрылымына рефлексия жасауға көбірек уақыт бөлетіндігін айтқан. Сонымен қатар, курстардың онлайн пікірталас тақтасындағы хабарламаларды бақылау және оларға жауап беру мәселелесін, қауымдастық құруға бағытталған іс-шараларды бастаған соң ғана арнайы әрекет ету керектігі ұсынылған.

Осы зерттеу жұмысы объектісі болып отырған алаңда аралас оқыту форматы қолданыста біршама уақыттай болды. Оқытудың екі түрлі форматы да дәстүрлі бетпе-бет курстан-онлайнға, аралас оқыту курстарына көшу студенттер үшін де, оқытушылар үшін де қиындықтары бар екенін айту керек. Мысалы, аралас оқыту курстарында студенттер тәуелсіз білім алуы, уақытты жақсы басқару дағдыларына ие болуы және технологияны қолдануда ептілік танытуы тиіс. Аралас оқыту курстарын оқытатын профессорлық-оқытушылар құрамы білім берудегі оң нәтижелерді арттыру үшін жаңа оқыту тәсілдері мен жаңаша талаптарды қарастыруы орынды. Себебі, бір уақытта онлайн студент пен офлайн студентке берілген тапсырма нәтижесін бағалау бірдей болғанымен, оны қабылдап алудағы әдіс-тәсіл әртүрлі болуы мүмкін. Осындай мүмкін қиындықтарды ескере отырып, студенттердің де, оқытушылардың да бұл форматқа дайын болуын қамтамасыз ету үшін аралас оқыту моделінде мұқият дайындық керек.

Аралас оқыту моделі бетпе-бет сабақты онлайн оқытумен біріктіре отырып, студентке кездейсоқ, тосын жағдайларда ғана білім алу мүмкіндігінің бар екендігін қамтамсыз ете алды.

3.2.2 Ә Интерактивті желілік технология: Онлайн формат

Онлайн оқыту форматы Қазақстан білім беру кеңістігінде ғана емес, бүкіл әлемде тосын, жоспарланбаған жағдайда орын алғандығы белгілі. Осындай күрт өзгерістер білім саласында өзіндік қиындықтарын алып келді. Және оған қоса, білім саласына керек, пайдалы және тиімді онлайн форматтың жетілуіне үлкен жағдай жасағаны да рас. Онлайн форматтағы білім беру жүйесі біріншіден, қабырғалары жоқ виртуалды сыныпты тудыра алды.

Тәжірибелік зерттеулер көптеген материалдарды онлайн режимінде де сапалы әрі тез жеткізуге болатындығын анықтады. Нәтижесінде, онлайн режимінде де студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға болатындығын тәжірибе көрсете алды. Онлайн оқыту технологиясы студентті неғұрлым инновациялық ойлау шеңберіне бейімдеуге баулиды. Ол студенттің тек компьютерлік білімі мен дағдысы емес, басқа студенттермен қарым-қатынас дағдысының дамуына, оқытушымен байланыс орната алуы, сапалы білім ала алуы, тапсырмаларды орындау ерекшеліктері, тосын жағдайларға тез бейімделіп, шешім таба алуы, қажет уақытты өз ыңғайына қарай дұрыс бөліп, пайдалануы т.б. көптеген артықшылықтарын көрсетті. Білім беруде байланыс платформасы ретінде КИМЭП Университеті ZOOM платформасын таңдады. Университет тарапынан бұл платформаны пайдалану уақытының ұзақтығына да мүмкіндік жасалды.

Зум бөлмелерін қолдану: Сөйлесім, түрлі топтық жұмыстар. Зум бөлмелерінде студенттердің қалай жұмыс жасап отырғанын оқытушы бақылауы да өз нәтижесін бере алды. Ол үшін топтық тапсырмалардың нақты уақытқа берілуі және оны тапсыру форматы, бағалау талаптары мен өлшемдері басты назарда болды. Зум бөлмелерінде топтық жұмыстарды орындаудың да өзіндік артықшылықтары бар. Осы тәсіл бойынша студенттер бірі-бірімен тез тіл табысуға, топтық тапсырмаларды бірігіп орындауда жақынырақ танысып, бір-бірімен көбірек араласу мүмкіндігіне ие болды. Осы өзара әрекеттесу арқылы студенттердің интерактивті желілік қарым-қатынас, ынтымақтастық, қоғамдастық қарым-қатынасы орнады, деп айтуға болады.

Онлайн сабақтар сөйлесім үшін де қолайлы болды. Нақты тақырыптардағы дөңгелек үстелдер, пікірталастар, дебаттар онлайн талқылаулар тәжірибеде сыналды.

Зумчат: түрлі сұрақтар қою, кері байланыс орнату, сабақ материалдарын жеке студенттің өзіне бағыттау т.б. мүмкіндіктері болды.

Курсты басқару: кері байланыс, бағалау, электрондық тақталармен жұмыс, жылдам хабарлар жіберу, онлайн чат, форум жаңа мазмұн туралы электрондық пошта, хабарландырулары және сабақ материалдарына құрылған

интерактивті ойындар т.б. (онлайн оқулықтар мен кітаптар) қосымша оқулықтар.

Студенттерді қызықтыру және ынталандыру: сабақ материалдарына құрылған интерактивті ойындар, бағалау символдарын қою. Қосымша тестер қою.

Студенттердің интерактивті желілік ортаға жарамдылығын бағалау: Бұл формат өз бетінше жұмыс істеуді ұнататын, тәртіпті, жауапкершілік деңгейі жоғары студенттер үшін тиімді формат. Осы зерттеу алаңы курстарында өз бетімен жұмыс істеудің орнына бәрін айтып, түсіндіріп беруді жөн көретін кейбір студенттер де болды. Сабаққа қатысу және тапсырмаларды орындаудағы кешігу мәселесі де біркелкі емес. Бұл кейбір студенттердің онлайн жұмысында артта қалуына әкеліп соқты. Белгіленген уақыттан кешіксе де оқытушы почтасына жіберуге әдеттенді. Осы мәселеде студент тапсырмаларын бағалау қиындықтары болды. Бірақ почта арқылы кешігіп келген тапсырмалар да бағаланды. Бұл мәселеде кешігу уақытына қарай пайыздар саны кемітілді.

Онлайн курста студенттер белсенділігін арттырудың тағы бір жолы – бірнеше интернет платформаларды қатар пайдалану. Бұл тәсілдер интерактивтілікке дағдыландырады. Бірақ студент онлайн сыныпқа қатыспаған жағдайда студент үшін таныс емес бірнеше платформалар қолданылса, сол платформа бойынша техникалық сауаттылығы жоқ студент, көңілі түсіп, сол платформа тапсырмасын орындай алмай қиындық туындауы мүмкін. Бұл тапсырмаларды сапалы және тез орындауға кедергі келтіреді. Мұндай жағдайларда платформаны қолдану нұсқаулығын алдын ала түсінікті етіп, жазып қою да маңызды. Онлайн технологияда студенттерге барлық қажетті ақпаратты таба алатын бір орынның болуы да – материал іздеудегі көрсетілген дұрыс нұсқаудың бір жолы. Ол осы зерттеу тәжірибесінде – әр оқу аптасы бойынша бөлінген мүдді платформасындағы блоктар. Студенттер қажет жағдайда осы орталық орыннан басқа веб-сайттар мен құралдарға бағытталуы тиіс. Тапсырмаларды қашан және қалай тапсыру керектігінің бірізділігі де өте маңызды. Студенттерге көмектесетін кейбір басқа әдістер оқу тапсырмаларын нақты сабақ мақсаттарымен толықтыру, оқылым, жазылым, тыңдалым, сөйлесім тапсырмалары дыбысты немесе бейне жазба арқылы ұсыну да тиімді. Егер ол мәтін түрінде болса, нақты, түсінікті болады. Түсінікті және қарапайым түрде ұсынылған тапсырма талаптары, мақсаттары, нәтижелері мультимедиялық тәсілмен көрсетілетін мазмұн студенттерді оқу тапсырмаларын орындауға ынталандырып, мотивациясын арттырып, көмектесе алады. Топтық жұмысты сыныптың бір тұрақты жұмыс түріне айналдыру студенттерге оқу тобын құруға және бір-бірімен бәсекелесуіне, табысқа жетуіне көмектеседі. Зерттеу бойынша онлайн форматта курстарды әзірлеуде, әлемдік деңгейдегі онлайн форматтағы озық тәжірибелерді қолдануға арналған КИМЭП Университеті тарапынан ұйымдастырылған «KIMEP Remote and Learning Professional Development Program Quality: Online Course Design» (2020.15.06-1.07), «Blended and Blended Online Learning» (Dr Nellie, Deutch 29-30.09. 2021) сертификатты курс материалдары сапалы нәтижеге жету жолында өз үлесін

косты. Онлайн, офлайн форматта оқыту бойынша студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда осындай сынақтан өткен әлемдік тәжірибедегі педагогикалық теорияларды, түрлі дидактикалық платформаларды пайдалану және оған сәйкес желілік интерактивті технологияны енгізу нәтижелі болды.

Онлайн интерактивті тақталарды пайдалану: Онлайн форматта студенттер мен оқытушы арасында өте қажет ортақ сабаққа қажетті құралдың бірі – интерактивті тақта. Интернетте бұндай электронды тақталар түрі өте көп. Сондықтан бұндай тақталарды күнделікті сабақтың қажет тұстарында тиімді пайдалану да сабақ сапасына әсері бар. Онлайн тақталардың ақылы және тегін түрлерін пайдалануға болады. Кейбір электронды интернет тақталарға студенттің тіркелуі міндетті емес, ал кейбіреулері тіркелуді талап етеді. Жалпы тіркелу көп уақыт алмайды және оңай. Бұл тақталарда сабақ жоспарынан бастап, күнделікті тапсырмалар, мәтін орналастыруға, аудио, видеоматериалдар, сабаққа қатысты ойын түрлері, интерактивті жаттығулар топтамасын жасау, суреттер қою, сурет салу, түрлі шаблондар, анимация жасау, түрлі түсті стикерлер ілу, оған ескертпелер жазу.т.б толып жатқан мүмкіндіктері бар. Интерфэйстер интуитивті түрде түсініктілігімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта интернет желісінде Miro, AWWApp, Limnu, Autodraw, GYNZY, Whiteboard.fi, Jamboard, Padlet сияқты көптеген онлайн тақталар бар. Тақталарды сыныпта ортақ түрде пайдаланудың екі түрлі мүмкіндігі бар:

1. Оқытушының студенттерге жіберген сілтемесі арқылы кіріп, жұмыс жасау.

2. Оқытушы дайындаған QR code арқылы. Оқытушы сол платформаның тақтаға кіру мүмкіндігіне жол ашатын матрицалық штрих-кодын дайындап, суретке түсіріп, студентке жібереді. Осы интерактивті желілік технология бойынша, Whiteboard.fi онлайн тақтасын студенттермен бірлесе, ортақ пайдалану үшін дайындалған мына сілтемені <https://whiteboard.fi/n6p89> және ұсынылған штрих коды ұсынылып отыр (16-сурет).



Сурет 16 – Whiteboard.fi тақтасына жасалған штрихкод

Бұл – сабақ уақытын тиімді пайдаланудың жақсы тәсілі және интерактивтілікке дағдыландыру тәсілінің бірі. Онлайн тақталарды пайдалану арқылы сол сәтте студенттің қалай жұмыс жасап отырғанын толық бақылап отыруға болады. Онлайн сабақта студенттің белсенді қатысуын қамтамасыз ете алатын бірден-бір құрал ролін де атқарады. Онлайн кезінде студент


портфолиосын, жұмыс дәптерін тексеріп отыруға арналған тағы бір әмбебап платформа бұл – Padlet. Padlet-ті қолдану ыңғайлылығымен, ашықтығымен, тез қол жетімділігімен, толық ақпаратты көрсете алуымен ерекшеленеді. Және аудио, видео материалдар орналастыру, мәтіндер, жаттығулар, суреттер, кері байланыс орнату т.б. мүмкіндіктерді қамтиды. Сондай-ақ, тағы бір артықшылығы – материалдар сыйымдылығы. Курс материалдарын толық орналастыру мүмкіндігі бар. Студент өз тақтасын ашып, тек сілтемесін оқытушыға жіберу арқылы барлық тапсырмаларды, осы курс бойынша өз білімін қалай дамытып жүргендігін де көрсете алады. Оқытушы үшін де өте ыңғайлы. Студент сілтемесі арқылы ашылған тақта студенттің бүкіл жұмысын алақандағыдай көре алу мүмкіндігіне ие болады. Тапсырмаларға ескертпелер жазу қажеттілігі туындаса, кері байланыс мүмкіндігі де қарастырылған. Тақтаға материалдар орналастыру барысында студенттерден білім сапасына қоса креативтілік те талап етіледі. Бұл студент мотивациясын тудырады. Ал топ тақталарында жаппай жұмыс істеу бәсекелестікті және уақытты дұрыс пайдалануға дағдыландырады. Төменде студент тақталарынан мысалдар ұсынылды. Бірінші тақтада студенттің өзін қандай рухани құндылықтармен байытып жүргені бейнеленген (17-сурет).



Сурет 17 – Электронды тақтадағы «Рухани құндылықтар» бөлімі

Келесі тақта көшірмесінде студенттің жалпы өзі туралы ақпараттары жинақталған. Жоғарыда айтылғандай, бұндай онлайн тақталарды қазақ тілін оқытуда пайдалану студенттің шығармашылық дағдысын дамытуға да пайдасы зор. Курс барысында тек сабақ материалдарын орналастырумен шектеліп қалмай, студентке еркіндік берілгені де дұрыс. Мысалы, студент өзі туралы, болашақ мақсаттары, жоспарлары туралы, іскерлік дағды қалыптастыруға тәрбиелейтін белгілі адамдар сөздері, қанатты сөздер жазып қоюға да еркіндік

берілді. Бұл тек эксперимент үшін таңдап алған курстарда ғана емес, басқа да деңгейдегі курстарда жүргізілген жұмыс түрі деп, толық айтуға болады (18-сурет).



Сурет 18 – Студент Е.Кравцованың Padlet.com тақтасы

Бұлтты технологиялар. Бұны кез-келген деректерді, ақпаратты, материалдарды сақтауға, өңдеуге болатын интернеттегі арнайы орын деп түсіндіруге болады. Ақпарат сақтау, алмасу, ақпарат өңдеу т.б. жұмыс жасау мүмкіндіктерін бере алады. Бұл мүмкіндік те осы зерттеу жұмысына өзінің зор мүмкіндіктерін бере алды. Ақпараттың құпиялылығы мәселесінде де қауіпсіздік жағы жақсы қарастырылған. Бұлтты технологияларды онлайн қызмет көрсететін Amazon EC2, Google Apps/Docs, Microsoft Office Web сияқты платформаларында сақтауға болады. Бұлтты технологияның үш түрі бар: *көпшілікке ортақ; жеке; гибрид.* Әсіресе, көпшілікке ортақ түрінде студенттермен бірлесе жұмыс жасау, әріптестермен бірігіп жұмыс жасау және мүдәлі курс материалдарын орналастыруда ортақ әмбебап байланыс құралы және кері байланыс қызметі, материалдарды тасымалдаушы рөлін де атқара алды.

Білім берудегі әлеуметтік медиалар. Зерттеу жұмысын іске асыру барысында әлеуметтік медиалар (мысалы Wiki ресурстары, Facebook, Twitter, Watsapp, LinkedIn, Instagram, Skype, В-контакте сияқты желілер де пайдаланылды. Бұндай желілер де жылдам ақпарат алмасу, бөлісу, кері байланыс онату үшін ыңғайлы байланыс құралдары деп айтуға болады. Онлайн курс атықшылықтары мен кемшіліктері төмендегі 11-кестеде ұсынылды.

Кесте 11 – Онлайн курс артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
1	2

Сабақ тапсырмаларын орындаудың икемділігі, ыңғайлылығы.	Интернет байланысқа тәуелділік.
Технологияны қолданудағы ыңғайлылық.	Компьютерлік және интернет платформалар жайлы сауаттылық жетіспеуі.

11-кестенің жалғасы

1	2
Жауапкершіліктің артуы.	Студенттің басқа студенттермен қауымдастық, қарым-қатынас сезімін дамытуда қиындықтарға тап болуы.
Уақытты жақсы басқару дағдысын қалыптастыру.	Компьютерлік және интернет платформалар жайлы сауаттылық жетіспеген жағдайда уақыттан ұтылу.
Оқытушымен байланыстың қол жетімділігі	
Оқуға деген жауапкершіліктің артуы.	Егер курс материалдары қызықсыз, пайдасыз болса оқуға деген жауапкершіліктің төмендеуі.
Әлемдік және т.б. деңгейдегі түрлі курстарға қол жетімділік.	Кей жағдайларда студенттерді бақылау қиындығы.
Өздігінен білім жетілдіру, түрлі дағдылар қалыптастыра алуға мүмкіндік	Бақылау түрлері бойынша көшіру, плагиат болуы.
Түрлі материалдарды қайта көре алу, оқи, тындай алу арқылы алған білімді тиянақтай алу, бекіте алу мүмкіндігі т.б.	Студент қимыл-қозғалысын байқау қиындығы.

3.2.3 Б Кәсіби қарым қатынасты дамыту үшін қазақ тілі сабағында жүргізілетін жұмыс түрлері

Қазіргі технология ғасырында, түрлі салалардың тез дамуы заманында оқу процесін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі. Бұл рухани бай кәсіби тұлғаның қалыптасуына жол ашады. Білім мен тәрбие беру барысында болашақ маманның, тұлғаның дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Білім берудің сапасы ғана емес, қорытынды нәтижесінде ел экономикасына өз пайдасын тигізетін, өзгермелі қоғамның ертеңгі болашағына ұлттық құндылықтарымызды қатар сақтай отырып, рухани да дамуына жұмыс жасайтын тұлғалар қажет. Сондықтан бүгінгі білім беру мазмұнында ұлттық құндылықтарға бағдарланған сапалы білім мазмұны мен қорының орны бөлек. Бұл тұрғыда студенттердің танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту – ЖОО оқытушыларының алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Бұл қатысымдық-танымдық оқытуды алға тартады.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыс түрлері арасында олардың танымдық әрекеті мен шығармашылық қабілеттерін арттыруда ұсынылатын материалдардың алатын орыны ерекше. Болашақ маманның қажетті дағдысын дамыту жолдарының ең негізгісі-дұрыс ұйымдастырылған дидактикалық тапсырмалар. Бұл тұрғыда сан алуан жұмыс түрлері мен әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

«Дидактикалық жұмыстың тағы бір түрі бейнематериалдар бойынша қажет дағдыларды қалыптастыру. Бейнематериал көруде бірнеше әрекет қатарласа жүреді: көреді, естиді, ойланады, сезінеді. Бұның бәрі қабаттаса, қатарласа жүргендіктен бұны *естіп-көру синтезі* деп атауға болады. Ғалымдар «семиотикалық жүйелер тоғысы» деп атайды. В.А. Толоконников [146], – дейтін болса, Ю.М. Лотман: «сөз бейнеге айналып, ал бейне сөздің қасиетін ашады...» [147], – деп нақты анықтамасын берген. Сабақта бұндай тәсілдерді қолданудың өз әдістері бар.

Басқа авторлар былайша тұжырым жасаған:

«– белсенді түрде көріп-тамашалау(active viewing);

– өз бетінше бейнематериалдар түсіру, дайындау (making your own videos);

– негізгі оқу құралына бейнематериал қосымшасын жасау(video your coursebook)» [148].

Осы зерттеу тәжірибесінде арнайы оқу материалдарына арналған қазақ тіліндегі контенттер болмағандықтан, «Хабар» телеарнасы, «Қазақстан» телеарнасы, «Шалқар» радиосының түрлі хабарлары қолданылды. Және студенттердің өздері түсірген бейнематериалдары, оқытушы тарапынан Canva, Renderforest платформалары көмегімен дайындалған бейнематериалдар, жазылған үнтаспалар пайдаланылды. Және бұл жұмыстар да Moodle оқыту платформасында жасалып, орналастырылды. Қазақ тілін оқытуда бұл әдістерді пайдалану толық өз дәрежесінде болмай отыруы: бірінші – тілді оқыту, дамыту, үйретуге арналып арнайы дайындалған бейнетаспа, үнтаспа материалдары мен оқу фильмдерінің, арнайы оқу мақсатына сай дайындалған интернет ресурстардың жетіспеушілігі. Екінші – Қазақстан ЖОО-ы аудиторияларының бейнематериалды көрсету мақсатында қолданылатын заманауи құрылғылармен қамтамасыз етілмеуі. Осы жұмыс тәжірибе алаңы болып отырған КИМЭП Университетінде бұл әдістер күнделікті сабақтың бір ажырамас бөлігі ретінде орын алды. Ақпараттық мазмұндағы, іскерлік интервьюлердің ондайн форматы, түрлі жарнамалар, хабарлар, көркем фильмнен үзінділер, қазақ руханияты алтын қоры материалдары, танымдық материалдар және студенттердің креативтілік талабына сай орындаған бейнематериалдары т.б. қолданылып, зерттеу мақсатына жетуге өз көмегін тигізді.

Сондай-ақ Абайдың шығармалары бойынша студенттердің өздері түсірген ойтолғаныстары рухани бай кәсіби тұлға моделін жасауда тиімді әдіс рөлін атқара алды.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуың әдіс-тәсілдерінің сан алуан екендігін осы зерттеу тәжірибесі нәтижесі анықтап отыр. Тағы бір ерекше үлес қосатын тәсіл ол – *жобалау әдісі*. Бұл әдіс әлемдік тәжірибеде жан-жақты сыналған, тіл оқыту, дамыту, үйрету саласында да оң нәтиже көрсеткен озық әдістің бірі. Әдістемеші ғалымдар, атап айтқанда, В.П. Беспалько оқыту тәжірибесінде ғана емес, адамға керекті кез-келген қажеттілікте ылғи да оң нәтижеге кепіл беретін жақсы жобаланған технологиялардың пайдаланылуы керектігін айтады. Оқу-тәрбие жұмыстарында туындайтын *«штаттан тыс жағдаяттардың»* да

болатындығын, ондай сәттерде оқытушының импровизациясы, тапқырлығы қажеттігін де ескертеді [21, с. 171].

Осы зерттеуде *жобалау әдісінің*, тәжірибедегі қолданысы сөз болады.

Жоба әдісі тіл үйрету саласында ғана емес, білім берудің түрлі салаларында ұзақ уақыттар бойы сынақтан өтіп, оң нәтижесін көрсетіп әрі заман ағымына қарай әмбебаптығын дәлелдеп келе жатқан белсенді тәсіл түрі. Жобаның төмендегіше бірнеше түрі бар: зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік-ойындық, ақпараттық, жағдаяттық практикалық бағыттағы жобалар, моножобалар, пәнаралық жобалар.

Осы жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, жобалық оқыту тәсілі тіл дамыту мәселесінде ғана емес, тәжірибелік мақсаттағы жан-жақты әмбебаптығымен ыңғайлы. Студент білімін тереңдету, мамандыққа баулудағы жетекші тәсіл екендігін дәлелдеді. Әсіресе, онлайн оқыту жүйесіне көшкен уақытта белсенді қолданысқа енді. Себебі, студенттерге берілген бірдей тапсырмалар емес, өз бетінше орындайтын түрлі тақырыптағы шығармашылық тапсырмаларды бағалаудың өзіндік артықшылықтары болды: *біріншіден*, студенттің дайын материалдарды көшіріп алып, плагиатқа жасауына жол бермеуі.

Келесі, өз бетінше зерттеу жүргізе алуы.

Үшіншіден, жинаған қажет материалдарын іріктеу, салыстыруда сыни тұрғыдан келуі.

Бұл саланы зерттеушілер пікірін жинақтай келе, төмендегіше мазмұнда болды:

– аудиториялық сабақтан алған білім, білік, дағдымен ғана шектеліп қалмай, практикалық әрекеттің пайда болуы;

– тапсырылған тақырып аясында шығармашылық жұмысты өз бетінше іске асыруда қажетті ақпаратты оқулықтан ғана емес, басқа да дереккөздерден іздеу мүмкіндігіне ие болатындығы. Соның негізінде студенттің өзінше ойлау, мәселені табу және оны шешуі көзделеді. Бұл мақсатта әр түрлі саладағы білімді пайдаланып, шешімдердің түрлі нұсқасы мен күтілетін нәтижені болжай алуы және себеп-салдарын анықтай алуы;

– жоба барысында оқыту қызметінің түрлі формаларын ұйымдастыруы, сол арқылы студенттердің бір-бірімен және оқытушымен ізгі, серіктестік қарым-қатынасын құра алуы. Рөлдердің алмасуы: оқытушының бақылаушыдан тең құқылы серіктеске немесе кеңесшіге айналуы;

– жобалық жұмыстың бүкіл процесі студентке арналғандығы;

– жобалық жұмыста студенттің қызығушылығының артуы, өмірлік тәжірибесі және жеке қабілеттері дамуы;

– студенттің жоба аясындағы нақты жұмыста жеке және ұжымдық жауапкершілігінің артуы, әрбір студенттің жеке немесе топтық жұмыс барысында өзі атқарып жүрген қызметінің нәтижесі жайлы өз тобына баяндауы;

– жоба аясында бірлесіп жасалатын қызмет студенттің бастаған істі аяғына дейін жеткізу жауапкершілігін тудыра алуы. Жобаны орындау барысында түрлі жұмыстар атқарылады: статистикалық ақпараттар жинау және оны өңдеу, аудио-бейне жазбалар жасау т.б.

Осы аталған мәселелер жоба әдісімен берілген тапсырмаларды орындау барысында тәжірибедегі студенттер дағдысынан көрінді.

«Іскерлік қазақ тілі» курстарында «Жұмысқа тұру интервьюі», «Менің болашақ мансабым», «Харизманы дамыту», «Бизнестегі ұлттық стереотиптер», «Іскерлік келіссөздер», «Менің компаниям» т.б. тақырыптарда жүргізілді.

Алғашқы зерттеу «Менің болашақ компаниям» тақырыбында болды. Ол үшін арнайы СӨЖ талаптары жасалды (Қосымша В).

«Банк» тақырыбында, мысалы: несиелеу, депозиттер, төлем карточкалары, ақша аударымдары, интернет банкинг, *American Express* чектерін сату сияқты қызмет түрлерінде әр банктің пайыздық мөлшерлемесі, қай банктен және қандай мақсатта алынған несие тиімді (қандай құжаттарды қажет етеді), қай банкке салым салған тиімді, карточканың түрлері, шет елге шыққанда қай карточка ыңғайлы, чектің қандай түрі қауіпсіз т.б. мәселелерді шешу барысында студенттер топ-топқа бөлініп, интернеттегі банк сайтынан және қаладағы банк филиалдарына барып, нақты мәліметтер жинайды. Банк қызметкерлерінен интервью алады. Түсірілген бейнематериалды жобаны тапсыру кезінде топ алдында экранан презентациялау талап етіледі. Жоба нәтижесін топ алдында тұсаукесер(презентация) түрінде компьютерде түрлі-түсті слайдтармен және аудио, видео түрінде көрсету және оны You Tube-ке орналастыру қиынға соқпайды. Әрине, жобалық жұмыс студент үшін ізденушілік бағытта үлкен жауапкершілікті және айтарлықтай уақытты талап етеді. Зерттеу барысында сандық мәліметтерді салыстыру, пайыздарды есептеу, түрлі калькуляторларды пайдаланып есептеу өзі оқып жатырған мамандықтарын шыңдай түседі. Бұндай жұмыстар интеграциялық білімді қажет етеді. Ал банк қызметкерлерінен және банк клиенттерінен алынатын интервьюлер олардың іскери де, кәсіби де қарым-қатынас дағдысын дамытады. Уақыты санаулы және жұмысы жауапты банк қызметкері жұмысын тоқтата салып, студент өтінішін қанағаттандыра салуы екі талай. Сондықтан осындай тұстарда банк қызметкерімен ортақ тіл табысу, оны интервьюге тарту, банк туралы шынайы ақпарат алу үшін де ептілік керек. Осы кезең – студенттің іскерлік дағдысы сыналатын тұс. Жобаны тапсыру барысында кей тұстарда банк қызметтерін жарнамалау үшін студенттер түрлі рөлдерде де өздері ойнап, 4-5 минуттық жарнамаларды да видеоға түсіріп келеді. Жобаны тапсыруда сол банк қызметкерлері сияқты киініп (банк галстугін, төс белгісін тағып), «біздің банк ... », деп сөйлеп, қойылған сұрақтарға да банк атынан жауап береді. Ол үшін студенттер банктің маркетинг бөлімінің көмегін пайдаланады. Кейбір банктер мұндай қолдау көмектеріне келісе қоймайды. Бұндай жағдайда интернет сайтындағы материалдармен және банк жарнамаларымен шектелуге тура келеді. Осындай жұмыстарды зерттеу, жан-жақты мәліметтерді жинақтау студент ұқыптылығын ғана емес, зерделілігін де қажет етеді. Кәсіби тілдік дағдысын ғана дамытып қоймай, қарым-қатынас дағдысын дамытуға жол ашады. Студент жобасындағы ең жауапты кезең ол – жиналған материалын, зерттелген жұмысын топ алдында презентациялау. Бұл тәжірибе жөнінде зерттеу нәтижесіне арналған мақала жазылды [149]. Презентация кезінде топ

ортасынан зерттеген жұмысқа қатысты сұрақтар көп болады. Ол сұрақтар да өмірлік қажеттілігі бар мәселелерге құрылады. Мысалы:

– Сіз неліктен банк тақырыбын таңдадыңыз?

– Мен сіздің банктің автокөлікке берілетін несиесіне алғым келеді. Банктің көлікті сақтандыру сомасы қандай?

– Мен ипотекалық несиесіне алмақшымын, ол үшін қандай қандай құжаттар қажет? т.б.

Жоба жұмысында практикалық мақсаттағы ізденістер студент белсенділігін арттырады. Танымдық мақсатта алынатын білімі де тереңдейді. Сол арқылы білімнің өмірлік қажеттілікте алатын маңызды орнын сезініп, зерттей, іздене алған білімді өзінің келешек кәсіби қызметтегі мақсатына айналдырғанын да байқамай қалады. Бұл тәсіл білімді міндеттей оқытудан гөрі, студентке қажеттілік үшін, өз тарапынан іздене, зерттей, менгере оқу мүмкіндігін ашып береді. Сөйтіп, топ алдында жиналған материалдарының есебін ғана емес, маман ретінде қалай сөйлей алу шеберлігін көрсетеді. Ол үшін сол банк немесе компания атынан бірінші жақта; *Біздің жоба жұмысымызда, біздің банк, біздің компания, деп сөз саптайды.* Диссертация жұмысының тәжірибесі барысында кез-келген презентацияда сол жұмыстың жетістігі мен кемшілігін бағалайтын арнайы екі студент тағайындалды. Олар: «Жақтаушы» және «Қорғаушы» деп аталады. Ол студенттер өз аттары айтып тұрғандай, өз міндеттері аясында ғана жобалық жұмысқа пікір білдіріп, сөз сөйлеуі қажет. Әдетте, бұл студенттер үшін 1,5 минут қана уақыт беріледі. Содан соң топтағы басқа студенттер де өз пікірлерін білдіреді. Немесе, Moodle платформасы форум қосымшасында пікір жазылады. Семестр бойы студенттерден топ (2-3 студент) болып орындалатын 2 жобалық жұмыс талап етіледі.

Қорыта айтқанда, жобалық жұмыспен студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту әдістемесі қазақ тілін оқытуда, білім беру ісіндегі өміршең, жаңа, қазіргі заман талабына лайық технология болып табылады. Жаңа болу себебі – тарихы тым әріде жатса да, жылдар өткен сайын заман талабына сай түрліше дамып, түрін, формасын, мазмұнын дамыта өзгерте алатындығында.

Келесі – кейс әдісі. Интерактивті әдістемеге құрылған кейс тәсілін курстың ыңғайына қарай және Case study (кейс-стади) – бұл нақты практикалық жағдаяттарды талқылауға негізделген әдіс түрі болғандықтан бұл *кейс-жағдаят* деп алынды. Әрине, *нақты жағдаят* деп атауға да болар еді, дегенмен интернационалды бастапқы атауы *кейсті* сол күйінде қалдырып, *жағдаят* деп алынды. Бұл әдістің танымдық жағы басым. Өз мамандығы бойынша білімін тереңдетуге де септігін тигізеді. Бұл тәсілді мамандық тілі және іскерлік деңгейінде қолдануға болатындығын сабақта қолданылған кейс-жағдаяттар дәлелдеді. Өйткені студенттер кәсіпорында, компанияларда іс жүзінде болған жағдаяттарды талдау арқылы тіл дамытып қана қоймай, келешекте қызмет барысында кездесуі ықтимал түрлі мәселелерді шешу, терең ойлау, мәдениетті пікірталасқа түсу т.б. мәселелер арқылы білік -дағдысын дамыта алады. Кейс материалдары алдын ала таратылады. Немесе жағдаятты студенттер өздері табады. Жағдаят бойынша студенттер рөлдерге бөлінеді. Сол

рөлдік ойында ресми сарапшының да болғанын ескерген жөн. Өйткені, қорытынды кезінде сарапшы сауатты да тиімді пікір білдіре алады. Аудиторияда ойын түрінде сол жағдаят сюжеті толықтай рөлдік ойын түрінде көрсетіледі. Көптеген кейсте мәселе әбден шиеленіседі. Тығырыққа тірелген мәселені шешу үшін топтағы студенттер бірнеше топқа бөлінеді. Кейс мазмұны тыңдалмас бұрын оқытушы тақтада қажет болуы мүмкін тірек сөздер мен сөз тіркестерді, сөйлемдерді ұсынғаны дұрыс. Әр топ ақылдаса келе өз шешімдерін, ұсыныстарын ортаға салады. Кейсті жергілікті Қазақстандық компанияларда болған жағдаяттар бойынша да өткізуге болады. Бұл тапсырмада жағдаятты толық түсіндіру мақсатында интернет сайттарынан алынған, кең ауқымда талқыланған, сабақтарда сынақтан өтіп, тиімді жақтарын көрсеткен және студенттердің қызығушылығын тудырған кейс-жағдаят ұсынылды. Кейстің қысқаша сюжеті :

«Контекст» атты жарнама агенттігінің арт директоры қызметтегі жетістіктерін көтере алмай, жұлдыздар ауруына шалдығады. Ал компания басшысы артдиректорды ары қарай қызметте ұстау керек пе, әлде жұмыстан шығарсам ба екен деп, басы қатады.

Ендігі кезекте топ студенттері осы мәселені шешу амалдарын ақылдаса отырып қарастырады. Топ ұсынған ұсыныстар тыңдалады. Содан соң қорытынды ретінде арнайы сарапшы мамандар пікірі тыңдалып, топ ұсынған ұсыныстармен салыстырлады.

Бұл тәсіл студенттерді дербес ойлауға, тыңдай білуді дамытуға, балама көзқарасты ескеруге және өз пікірін дәйекті жеткізуге үйретеді [150]. Осы тәсілдің көмегімен студенттер талдау, сараптау мен бағалау дағдыларын жетілдіруге, бірігіп жұмыс істеуге, қойылған мәселені неғұрлым тез және дұрыс шешуге мүмкіндік алады.

Қорыта айтқанда, жылдам өзгеріп отырған технология ғасырында, сандық технология заманында студенттердің болашақ кәсібіне қажет дағдыларын қалыптастыруда жаңаша әдіс-тісілдердің, атап айтқанда, осы зерттеу нәтижесінің бірі ретінде тіжірибеден ұсынылған *интерактивті желілік технологияның* қазақ тілін оқытуда жаңаша талаппен білім беруде өзіндік қосар үлесі бар екені анық. Бұл – білім берудің жаңаша парадигмасынан туындаған технология.

3.2.4 В Кәсіби жаттығулар

Осы зерттеу тәжірибесі барысында жаттығу түрлері сабақ мақсатына қарай өзара жүйелі байланыста пайдаланылды. Осы тұста студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда ұсынылатын бейнематериалдардың пайдасы мен оң әсері бар екенін айту орынды. «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстарында бейнематериалдар үшін түрлі телеарналар материалдары қолданылғанын атап өттік. Сондай-ақ Ұлттық аударма бюросы дайындаған «Қазақстанның ашық университеті» сайты видеоматериалдары мен аудиокітаптары пайдаланылды. Мысал ретінде, бірегей идеяларды таратуды мақсат еткен, мықты спикерлердің сөйленген сөздерін әлемдік деңгейде тарататын TED бағдарламасы материалдарының маңыздылығы зор. Кэтрин Шульцтің «Қателіктен үйренуіміз керек», «Дағдарыс: Адами қорлар дағдарысы»

т.б. Мысалы, «Өзін-өзі бағалау» тақырыбы бойынша ұсынылған бейнематериал – Меган Рамзи сөзі «Сенім рөлі» деп аталады (Қосымша-Г). Бұл материалдарды тыңдап-көруге дайындық барысында жұмыс түрі былайша жүргізілді:

Тапсырма мақсаты – спикер сөзін тыңдату арқылы көпшілік алдында сөз сөйлеу, өзін ұстау дағдысына үйрету. Студенттердің кәсіби қарым-қатынастағы сенімділігін арттыру. Өзін-өзі дұрыс бағалауға үйрету.

Видеоны көру, тапсырмаларын орындау арқылы күтілетін нәтиже: топ алдында сөз сөйлеу құрылымын, ерекше амал-тәсілдерді меңгереді, өзіне деген сенімділігі артады.

Сауалнаманың мақсаты – студенттердің көпшілік ортада сөз сөйлеуде, өздерін ұстауда өздеріне деген сенімділік деңгейін анықтау болды.

Дайындық кезеңінде немесе:

1-кезеңде: Видеоны көрмес бұрын, сауалнама сұрақтарына жауап беру міндетті. Арнайы интернет платформада сұрақтар дайындалып, сауалнамаға кіру үшін 2 түрлі жол ұсынылды:

а) сілтеме арқылы: <https://survey.questionstar.ru/62050025>.

ә) штрих код арқылы (19-сурет).



Сурет 19 – Видеоматериал көру алдында сауалнамаға жауап беру штрихкоды

Сауалнама сұрақтарына жауап беру: 2-3 минут:


1. Болашақ кәсіби маман өзін-өзі бағалауда сенімді болу керек *ия/ жоқ.*
2. Өзін-өзін бағалауға адамның өз түрі, жалпы жаратылысы да әсер етеді *ия/ жоқ.*
3. Мен өзімді дәл қазіргі уақытта қалай бағалаймын *жоғары, орташа. төмен бағалаймын.*
4. Адамдар өзін бағалауда күмәнданады *ия/жоқ.*
5. Маған өзімді бағалау оңай *ия/ жоқ.*
6. Өзімді бағалауда мен өзіме сенімдімін *ия/ жоқ.*
7. Өзін дұрыс бағалау адам өміріне де әсер етеді *ия/жоқ.*
8. Болашақ кәсіби маман ретінде дұрыс бағалау үшін жақсы *білім мен тәжірибе* керек *ия/жоқ.* Сонан соң осы сілтемеде ұсынылған бейнематериалды тыңдайды: <https://openu.kz/kz/ted/show/megan-ramzi-ozingdi-suykimsizbin-dep-oylau-nelikten-zıyan>.

2-кезең: видеоны көру, тыңдау барысында спикер сөздерін тыңдай отырып, қимыл-қозғалысы, бет мимикасы, аудиториямен байланыс тәсіліне баса мән беру керектігі ұсынылды.


3-кезең: Видеоны көріп болған соң: Жауап беруге тиісті сұрақтар таратылады: Көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдысын қалыптастыруда видеода қандай тұстар пайдалы болды? Спикер сөздерін қалай бастады? Негізгі тақырыпқа қалай барды? Тақырыпты қалай аша алды? Ең тартымды, әсерлі тұс қандай сөздер арқылы берілді? Қалай қорытынды жасады? Осы сөзді тыңдау сізге ұнады ма? Сізді қандай дағдыларға үйрете алды?

4-кезеңде: Сауалнамаға берген жауаптарыңызды енді өзгертер ме едіңіз? Барлық студенттер «иә» деп жауап берді. Видеоны көруге дейінгі сол сауалнама сұрақтарына қайта жауап беру ұсынылды.

5-кезеңде: 2 сауалнама қорытындысы салыстырылды. Сауалнама қорытындысы бойынша алғашқы сауалнама қорытындысы студенттердің өздеріне деген сенімінің орташа екенін көрсетсе, екінші сауалнама нәтижесі өздеріне деген сенімнің артқанын көрсетті. Оған дәлел: 2-7 диаграммалар аралығындағы сұрақтар бойынша жауаптар нәтижесі. 1-кезеңде: Видеоны көргенге дейінгі және кейінгі сауалнама қорытындысы (20, 21-суреттер).




а




ә




б



в




г




д

а – болашақ кәсіби маман өзін-өзі бағалауда сенімді болу керек; ә – өзін-өзін бағалауға адамның өз түрі, жалпы жаратылысы да әсер етеді; б – мен өзімді дәл қазіргі уақытта қалай бағалаймын; в – адамдар өзін бағалауда күмәнданады; г – маған өзімді бағалау оңай; ғ – өзімді бағалауда мен өзіме сенімдімін

Сурет 20 – Видеоны көргенге дейінгі сауалнама қорытындысы, парақ 1




д




е

д – өзін дұрыс бағалау адам өміріне де әсер етеді; е – болашақ кәсіби маман ретінде дұрыс бағалау үшін жақсы білім мен тәжірибе керек


Сурет 20, парақ 2




а




ә




б



в




г



ғ

а – болашақ кәсіби маман ретінде дұрыс бағалау үшін жақсы білім мен тәжірибе керек; ә – өзін-өзін бағалауға адамның өз түрі, жалпы жаратылысы да әсер етеді; б – мен өзімді дәл қазіргі уақытта қалай бағалаймын; в – адамдар өзін бағалауда күмәнданады; г – маған өзімді бағалау оңай; ғ – өзімді бағалауда мен өзіме сенімдімін

Сурет 21 – Видеоны көргеннен кейінгі сауалнама қорытындысы, парақ 1



д – өзін дұрыс бағалау адам өміріне де әсер етеді; е – болашақ кәсіби маман ретінде дұрыс бағалау үшін жақсы білім мен тәжірибе керек


Сурет 21, парақ 2

Суденттердің барлығы дерлік бұл бейнематериалдың өздеріне деген сенімін арттырып, құлшынысын оятып, мотивация беретінін айтты. Ұсынылған сауалнама еш өзгертілмей, қайта ұсынылса, бастапқы пікірлеріңіз өзгерер ме еді? деген сұраққа 2 топ студенттері де «иә» деп жауап берді.


Бұндай тапсырмаларды ұсынбас бұрын А.Байтұрсынұлының сөз өнеріне қойылатын талаптары жайлы жан-жақты мағлұмат берілді. Ол бойынша арнайы тақырыптар ұсынылып, топ алдында сөз сөйлеу, мәселені ұсына білу үйретілді. Ол кластер түрінде жинақталып, сөз сөйлеуде басшылыққа алынуы қадағаланды (22, 23, 24, 25-суреттер).



Сурет 22 – А. Байтұрсынұлы: Сөз өнері адам санасының үш негізіне тірелуі



Сурет 23 – А. Байтұрсынұлы: Тіл мен сөз нормалары жайлы



Сурет 24 – А. Байтұрсынұлы: Шешендік сөздің құрылымы



Сурет 25 – А. Байтұрсынұлы: Шешендік сөздің бөлімдері

Осы үлгідегі тапсырмалар барысында ми қызметі толықтай сол материалды қабылдауға бағытталады. Психологтар бұның бәрі *анперцепцияға* байланысты, дейді. Бұл термин мәні студенттің бейнематериалды түсініп, саналы түрде қабылдауы деп нақтылауға болады. Сондықтан бейнематериалдарды сабақ мақсатында ұсынуда арнайы нұсқаулықтың, тапсырма талаптары мен бағалау өлшемдері ұсынылуы дұрыс нәтижеге апарды.

Сабақ процесінде ұсынылған бейнематериалдардың түрліше қызметтерді атқаратындығын анықтауға болады: ақпараттық-танымдық, иллюстративтік-көрнекілік, білімдік, интеграциялық т.б.

Бейнематериалдарды ұсыну нәтижесі: студент белсенділігінің артуына, зейіннің жақсы шоғырлануы бірлескен танымдық қызметтің оянуына; кәсіби-іскери тілдік қордың ұлғаюы мен баюына; жағдаяттарды есте сақтау арқылы түрлі оралымдар мен клишелерді есте сақтап қалуына; бейнематериалдағы тілдік ситуацияны болашақ кәсіби қызметінде өз қажетіне қарай икемдей, модельдей алуына пайдасы бар. Тәжірибелік қолданыстағы бейнематериалдардың басым көпшілігі оқыту, үйрету мақсатында дайындалмаған. Көпшілік-танымдық хабарлардан алынды, ал кейбіреулері шынайы өмірден алынған. Осы шынайылық кәсіби тілдік қатысымдық сәттілікке жетелейді, болашақ бәсекеге қабілетті маманның арнайы салада кәсіби тілдік қажеттілігін қамтамасыз ете алады, болашақ маманды жаңа біліммен толықтыра алатындығы анықталды [149, б. 245-247]. Тілдік қызметтерді үйретуде бейнематериалдар төмендегіше тақырыптық тәсілмен ұсынылды:

1. Кәсіби бағыттағы материалдар: салалық тақырыптар бойынша.
2. Әдеби шығармалар бойынша.
3. Белгілі тұлғалар сұқбаттары бойынша.
4. Көркем фильмдер бойынша.
5. TED платформасы бойынша.
6. Іскерлік және кәсіби қарым-қатынасқа қажетті құжаттар мен хаттар бойынша.
7. Бизнес, аналитикалық ақпараттар бойынша.
8. Студенттер мен оқытушының дайындаған материалдары бойынша.
9. Танымдық хабарлар бойынша.

3.2.5 Г Жағдаяттық жаттығулар

1-тапсырма. Кейс жағдаят өткізу: «Жұмысқа тұру интервьюі»

Ол үшін Түйіндеме жазу, Жұмысқа тұру өтінішін жазу. Интервьюге дайындық бойынша: интервьюге қалай дайындалу керек: өзін таныстыру, қойылуы мүмкін сұрақтар тізімі, сұрақтарға қалай жауап беру керек, интервьюге қалай киініп бару керек, интервьюде өзін қалай ұстау керек, стресс жағдайында және күтпеген сұрақтарға қалай жауап беру керек. Бос жұмыс орындарына вакансия жариялау жұмыстары жүргізілді.

1-кезең: Дайындық кезеңі

Курс бағдарламасы бойынша бастапқы тақырып «Мен және менің компаниям» тақырыбы болғандықтан, алғашқы орындалатын тапсырмалар өз болашақ мамандығы саласына қатысты компаниялар жайлы жалпы ақпараттар білу, компанияға жұмысқа тұру талаптары, жұмысқа интервьюден өту және қажет білік-дағдыларға бағытталды. Ол үшін ең алғашқы қадам топтық жұмысқа берілді. Студенттер өз болашақ мамандығы бойынша бір компанияны таңдай отырып, өзі сол компаниядағы бір қызмет иесі ретінде, компанияның нарықтағы орны, қызметі, беделі жайлы презентация жасайды.

Мудл платформасында презентация өткізу талаптары мен бағалау өлшемдері алдын ала орналастырылып, студенттерге түсіндіріледі. Осы зерттеу аясында болашақ маманның презентациялар жасау дағдысын дамыту мәселесі бойынша арнайы мақалада толық жазылды [150, б. 157-159].

Мақсаты: Болашақ мамандығы, қызметі саласындағы компанияларды білу, кәсіби қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру; Презентация құруда слайдтармен жүйелі жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; 1-кезеңде: топтарға мамандықтары бойынша бөліну, компания жайлы ақпараттар жинау;

2-кезеңде: Презентацияны дайындау: презентация жоспары.

3-кезеңде: Топ алдында презентациялау.

Берілген тақырып бойынша ақпаратты жүйелі, нақты PowerPoint.ppt Prezi немесе тағы басқа жаңа презентациялық бағдарлама арқылы жеткізу.

Нәтижесінде: Презентация жасау арқылы студент өз болашақ қызмет саласына қатысты кәсіби лексика, терминология, жаңа ақпаратты, көпшілікке ұсынып, презентация дағдысы қалыптасады.

Презентация орындау және дайындау талаптары:

Презентация көлемі 10-12 слайдтан тұруы қажет;

Кіріспе (мамандығы туралы, шығу тарихы, бұл мамандықты таңдау себебі, мамандық болашағы, артықшылықтары мен кемшіліктері, компания тарихы, нарықтағы орны);

Негізгі бөлімі (компанияның негізгі қызметтері, компаниядағы өз орны, лауазымдары);

Қорытынды (бұл презентация не бере алды? Нақты, қысқаша айту);

Қолданылған әдебиеттер, сайттар, т.б. Талаптары мен бағалау былайша ұсынылды (12-кесте).

Кесте 12 – Презентацияны бағалау талаптары

Презентация	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Өте нашар
Тақырыптың ашылуы.	1	0,7	0,5	0,3	0
Ақпараттылығы (нақты мысалдар, статистиканың болуы)	1	0,7	0,5	0,3	0
Сөз саптауы, кәсіби лексика, терминологияны қолдануы	1	0,7	0,5	0,3	0
Өзін топ алдында ұстауы, аудитория назарын тартуы	1	0,7	0,5	0,3	0
Креативтілігі	1	0,7	0,5	0,3	0

Интервьюде жиі қойылатын сұрақтар (студент жауаптары алынды):

1. Неге біз сізді жұмысқа алуымыз керек?

Менің кәсіби дағдыларым сіздер талап етіп отырған қасиеттермен сәйкес келеді. Сонымен қатар, мен адамдармен жұмыс істегенді ұнатамын, бұл сіздің компанияңыздың жұмысқа орналасуда маңызды талаптардың бірі болды. Университет қабырғасында түрлі жобаларға қатыстым. Бұл салада аздап та болса тәжірибем бар.

2. Бұл компанияға қандай үлес қоса аласыз?

Мен сіздің компанияңыздың болашақ мақсаттарын, соның ішінде халықаралық сату көлемін кеңейтуге байланысты көптеген іс-шараларды жүргізуде өз тәжірибиеммен бөлісе аламын. Мысалы, мен бұрынғы компанияда халықаралық сауда-саттық жасауда табысты 25%-ға көтердім. Менің сату бойынша бірегей жоспарларым, жоспарлай алу қабілетіммен бірге, сіздің компанияңызға үлес қоса алатынына сенімдімін.

3. Өзіңізді бес жылдан кейін қайдан көре аласыз?

Мен өзімді жақсы, табысты, беделді компанияның жоғары лауазымды қызметкерінің бірі ретінде көремін. Өзімнің біліктілігімді жоғарылатуды және тиісті кәсіби қауымдастықтарға қатысуды жалғастырамын, деп жоспарлап отырмын.

4. Сіз жеке немес топпен жұмыс істеуді қалайсыз ба?

Менде жеке және командалық жұмыс тәжірибем бар. Сондықтан мен екі тәсілдегі жұмыстарды да орындай аламын. Адамдармен тез тіл табыса аламын.

5. Сіздің хоббиіңіз қандай?

Шынымды айтсам, мен жан-жақты адаммын. Сондықтан менің қызығушылықтарым көп деп айта аламын. Мен үшін спортпен айналысу, дене шынықтыру жаттығулары денсаулықты, энергияны, өміршеңдікті және стрессті болдырмауға көмегі тиді. Спорт, жалпы алғанда, күшті команда мүшесі болуға қабілеттілікті көрсетеді, деп ойлаймын.

6. Сіз іссапарларға дайынсыз ба?

Мен іссапарға дайынмын. Менің ойымша, сатып алушылармен жеке қарым-қатынасымызды дамыту үшін үнемі келіссөздер жүргізу керек, деп ойлаймын. Ал олар тек Алматыда емес, басқа қалаларда, елдерде болса, мен баруға дайынмын.

7. Сіз өзіңіздің бұрынғы жұмысыңызды неге тастадыңыз?

Менің бұрынғы жұмыс орнымда мансаптық өсуге мүмкіндік болмады.

Бұндай сұрақтарға берілетін жауаптар жан-жақты талқыланады. Дұрыс жауаптар қалай болу керектігі де ұсынылады. Осы тапсырма бойынша

Студенттің болашақ маман ретінде өзін таныстыру үлгісі:

Сәлеметсіздер ме?! Менің аты-жөнім –Темирбулатова Дильназа Серікқызы. Менің жасым 21-де. Мен КИМЭП университетін, халықаралық қатынастар мамандығы бойынша бітірдім. Мен жан-жақты дамуға тырысамын, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруді ұнатамын. Сондықтан сіздің компанияңыздағы жұмыс мен үшін бірден-бір тамаша мүмкіндіктің бірі. Мен, өз кезегімде, компания бұдан да перспективалы болып, оның табысы

өсуі үшін бар білімді саламын. Мен бұрын жұмыс істеген жерде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алдым. Түрлі жобалармен айналыстым. Бұл салада тәжірибем бар. Маған бұрынғы жұмыс орным қатты ұнады, бірақ мен тағы да алға ұмтылғым келеді. Сіздің компанияңыз маған осындай мүмкіндік береді, деп ойлаймын. Бұл қадамым менің болашақ мансабымда тағы да үлкен жетістіктерге апаратынына сенім артамын.

2-тапсырма. Жұмысқа тұру интервьюіне(кейс-жағдаятқа)дайындық:

Тапсырмада екі түрлі жұмыс бар: жеке және топтық жұмыстар

Бағалау пайызы - 1%

Топпен орындалатын тапсырмалар:

1-топ: Жұмысқа тұрушылар не дайындауы керек:

1. Түйіндеме әкелу (А4 қағазда немесе электронды түрде. Мулддағы үлгіні тағы бір қарап, негізге алыңыз).

2. Өзіңізді нағыз маман ретінде таныстыруды тағы да пысықтап, сөйлеуге дайындық жасау (9-12 сөйлем) дайындау.

3. Қойылуы мүмкін сұрақтарға жауаптарға дайындық жасау.

2-топ: Жұмыс берушілер:

Интервьюде жиі қойылатын сұрақтарды тізіп жазып, дайындалу. Сұрақтарда стресс-сұрақтардың да болуы қарастырылуы тиіс.

3-топ: Сарапшылар:

1. Екі топ жұмысын арнайы парақта сараптайды / интервью уақытынд.

2. Екі сараптама критерийін дайындаулары керек: Жұмысқа тұрушыларға арналған. Жұмыс берушілерге арналған (Әр талапқа 02%-дан 5 талап дайындайды. Барлығы 1% болуы керек)


Жеке орындалатын тапсырмалар: Барлық студенттер түйіндеме, интервьюге жалпы дайындығы болуы және өзін таныстыруды дайындайды және интервьюге сай киініп келгені дұрыс.

Бұл интервью жыл сайын курс басында өткізіледі. Себебі, студенттерден интервью біткен соң: Шын интервьюден өткен секілді сезіне алдыңыздар ма? деген сұраққа аудиторияның 95% «ия» деп жауап береді. Бұл интервьюді өткізуде топты жоғарыдағы талаптарға сай 3 командаға бөлген тиімді. Жұмысқа тұрушылар аудитория сыртында болып, жұмысқа қабылдаушылар мен сарапшылар ғана аудиторияда отырғаны дұрыс. Кандидаттар жұмысқа тұру үшін кезекпен кіріп, интервьюден өтеді. Кәсіби дағды дамытудың тиімді бір жолы осыған ұқсас кейс-жағдаяттарға құрылған интервьюлер.

Сонымен, бірінші кезең тапсырмалары студенттердің ізденушілік, дамытушылық, танымдық бағытында болды.

Екі жұмыс түрінде де топтық және жеке орындалатын тапсырмалар бар. Ол тапсырмаларды тапсыру барысындағы бақылаушы, сарапшылар рөлін де айта кеткеніміз орынды болар. Презентациялар бойынша, 2 студент сарапшы болады. Біреуі–қорғаушы, екіншісі–сынаушы рөлінде. Қорғаушы міндеті: презентацияның тек жетістікті жақтарын айтады; Сынаушы міндеті: тек кемшілікті жақтары бойынша өзі пікірін білдіреді. Сынаушыға презентация кемшіліктерін тізбес бұрын: *Презентация жақсы өтті, дегенмен мына мәселелерде жетілдірсе, бұдан да жоғары деңгейде болатын еді, деген сөзді*

айту міндеттеледі. Топтағы студенттер де өз пікірлерін мүдда арнайы ашылған форумда жазады. Студенттер тарапынан тағы да сын-ескертпелер болса, презентация жасаушы студент оған міндетті түрде жауап беруі тиіс. Ол форумда былайша көрініс табады (26-сурет).



Сурет 26 – Студенттердің форумда пікір жазуы мен алмасуы

Интервьюдің тағы бір түрі «*Бетпе-бет*» интервью деп аталады. Аталған интервью түрі алдыңғы интервьюге қарағанда басқаша. Студент үшін жауапкершілігі де жоғары. Бұл жұмыс СӨЖ тапсырмасы ретінде орындау ұсынылады. Зерттеушілік бағытта болғандықтан:

1-кезеңде: Лауазым таңдау, материалдар жинау

Студент жауапкершілігінде не болуы қажет: Студент бір лауазым иесін таңдайды. Мысалы: Түркістан облысының әкімі, ҚР қаржы министрі т.б. Таңдау құқы студенттердің өз қалауы бойынша болады. Бірақ оқытушы бақылауы болғаны дұрыс. Студент таңдалған лауазымын ватсап тобында жариялайды. Бұл жариялау талабы – студенттердің тақырыпты қайталамауы үшін және олардың да сол лауазымдық міндеттердің аясын зерттеу, білу дайындығы үшін қажет. Әдетте, жоғары лауазым иесі болуы талап етіледі. Сол лауазым иесінің атқаратын жұмысы аясындағы қызметтері мен негізгі міндеттерін зерттейді. Студент өз лауазымдық қызметін таңдап болған соң, сол лауазым саласын зерттеп, мәліметтер, ақпараттар, сала проблемаларын іздейді.

Аудиториядағы басқа студенттер жауапкершілігі: Топ студенттері де сол лауазым иесінің саласын зерттеп, мәліметтер, ақпараттар, сала

проблемаларын іздейді. Сол бойынша болашақ міндеттері, проблемалары т.б. мәселелерде сұрақтар дайындайды.

2-кезеңде: Топ алдында бетпе-бет кездесуге шығады

Бұл кезең талаптары мен бағалау өлшемдері алдын ала мудлда орналастырылғандықтан, тек түсіндіру қажет болады. Студенттерге дайындыққа екі аптадай уақыт беріледі. Жалпы, өткізілген тәжірибеде бұл тапсырмалар мен бағалау талаптары семестр басында мудлда орналастырылды. Себебі, студент оқытушы мудлын ашып қарау арқылы болашақта қандай жұмыс түрлері, қандай тапсырмалар болатынын біліп, дайындалып жүргенді қалайды. Кей жағдайларда студенттер тапсырманы алдын ала орындап, мудлға жүктеп қоятын жағдайларға да рұқсат етіледі. Ол арқылы студент өз уақытын тиімді басқаруды үйренеді. Бұл да болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың бір тәсілі рөлін атқара алады.

3-кезеңде студенттер осы жұмыс бойынша «Интервью мені қалай дамытты?» атты пікір жазады.

Оқылым бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері де сан алуан болды.

Жекелеген мәтіндер бойынша тапсырма түрлері:

1-мәтін тақырыбы: Қызметкерлерді ынталандыру (мотивация). Мәтіндерді мұқият оқыңыз. Сіз осы ынталандырулар жайлы білетін бе едіңіз? Өзіңізге ұнағандарын белгілеңіз және түсіндіріңіз.

Әлемдік деңгейдегі белгілі, атақты компаниялардың қызметкерлерін қалай ынталандыруы жайлы қызықты материалдар іздеңіз. Қызықты әңгімелеуге тырысыңыз.

Мотивацияның ұсынылған анықтамасын тағы қалай толықтырар едіңіз?

2-мәтін бойынша мотивация моделдеріне қатысты кестені өз пікіріңізбен, өз сөзіңізбен қарапайым түрде толтырыңыз (А. Маслоу бойынша қажеттілік пирамидасы) (13-кесте), (Қосымша-Д).

Кесте 13 – Оқылым бойынша тапсырма

Мотивация моделдері	Сөзбен, сөз тіркесімен жазыңыз
Физиологиялық қажеттілік	
Қауіпсіздік	
Әлеуметтік қажеттілік	
Құрметтеу қажеттілігі	

Сөйлесім және оқылым бойынша студенттердің сыни тұрғыдан көзқарастарын қалыптастыру мақсатында Ұлттық аударма бюросы аударған 100 кітаптағы қызықты қысқа, ойландыратындай, пікірталас тудыратын сюжеттер ықшамдалып алынып, жағдаяттық тапсырмалар ретінде сыналды. Мысалы, С.Ковидің «Жасампаз жандардың жеті дағдысы» атты кітабындағы: Р.Х. Ривз «Аңдар мектебі» (R.H. Reeves. The Animal School) атты ертегісінен алынған үзінді және түрлі кәсіби, іскерлік жағдаяттар алынып, оған сәйкес суреттер қойылып, былайша ұсынылды [57, б. 270].

1-жағдаят:

Бірде хайуандар «заманға сай» ұлан-асыр бірдеңе ұйымдастыруды ойлап, мектеп ашады. Пәндер қатарына олар жүгіру, ағашқа өрмелеу, жүзу және ұшуға машықтануды енгізеді. Қарапайым түрде ұйымдастыру үшін аңдардың бәрі ортақ бағдарлама бойынша оқиды.



Үйрек үздік шығып, тіпті оқытушыдан да асып түсіп, жүзуден және ұшудан ылғи жақсы баға алады, бірақ жүгіруден соңында келеді. Жүгіруге жаттығу үшін оған сабақтан тыс көбірек уақыт бөлуге, тіпті жүзуді тастап кетуге тура келді. Оның жарғақ табаны әбден күстеніп, жалтырап қалғанына осылай жалғаса берді, ақырында, жүзуден де көрсеткіші нашарлап, төмен баға алатын жағдайға жетті. Бірақ мектепте мұндай бағалауға жол берілген. Сондықтан бұл жайт үйректің өзінен басқа ешкімді толғандырмады.



Қоян жүгіруден үздік болғанмен, жүзу сабағында жүйкесі сыр берді. Тиін ағашқа өрмелеуден алдына жан салмайды, бірақ ұшудан беретін мұғалім одан жоғарыға ұшуды талап еткенде, салы суға кеткендей күй кешті. Өйткені ол тек ағаштың ұшар басынан төмен қарай құлдырауға дағдыланған. Қатты шаршағандықтан, сіңірлері тартылып, өрмелеуден үш, ал жүгіруден екі алды».

Бүркіт қиқар бала болып шықты, өзіне лайықты қарым-қатынас жасалуын талап етті. Ағаштың басына бәрінен бұрын өрмелеп шығады. Тек өзінің әдісі дұрыс деуден танбайтын.



Жыл аяғында тамаша жүзетін, жүгіретін, ағашқа өрмелейтін және шамалы ұша алатын қайдағы бір жыланбалық үздік оқушы атанды – қоштасу кешінде сөз сөйлеу құрметі соған бұйырды.

2-жағдаят:



Саршұнақтар оқудан бас тартты. Төлемақыларын қайтаруды талап етті, өйткені мектеп әкімшілігі бағдарламаға ін қазуды енгізбеген. Олар балаларын борсыққа оқытуға беріп, өздері аламандармен және суырлармен бірігіп, табысты жекеменшік мектеп ашып алды



Сұрақтар:

1. Осы мысал бойынша, сіздің пікіріңіз қандай, өз ойыңызды білдіріңіз.

2. Осы жағдаяттар бойынша үйрек, бүркіт, қоян, тиін, жыланбалық, саршұнақтарда қандай дағды мықты, қандай дағды осалдау?

3. Оның себебі неде?

4. Сіз сол рөлдерде болсаңыз не істер едіңіз? Өзіңізді қалай дамытар едіңіз?

3-жағдаят.

Эзоптың «Қаз бен алтын жұмыртқа» туралы мысалын еске түсірсек, бұл принципті түсіну оңай. Бұл мысалда кедей шаруаның асыранды қазы күндердің күні көздің жауын алардай, жалтыраған жұмыртқа туады. Әуелі «біреудің қылжағы болар» деп жұмыртқаны тастай салмақшы болады да, оны зергерге көрсетеді. Жұмыртқаның саф алтыннан екенін білгенде, шаруа өз көзіне өзі сенбейді. Келесі күні қаз тағы «алтын жұмыртқа» туады. Шаруа бақыттан басы айналады. Сөйтіп, күн сайын көзін тырнап аша сала, қаздың алтын жұмыртқасын алуға асығатын болды. Шаруа әбден байыды. Бәрі гажап түс сияқты. Алайда байлықпен бірге төзімсіздік пен ашкөздік пайда болады. Шаруа алтын жұмыртқаны алу үшін, келесі күнді күте алмай тағаты таусыла бастады. Ол қазды өлтіріп, ішіндегі алтын жұмыртқаларды бірден алмақшы болды. Қаздың ішін жарып қараса, дым жоқ. Сөйтіп, шаруа қаздан бір айырылды, күн сайын алтын жұмыртқа алу мүмкіндігінен екі айырылды. Алтын жұмыртқа табатын қазды өз қолымен өлтірді.

4-жағдаят. «Орманда серуендеп жүріп, жанталаса ағаш кесіп жатқан адаммен ұшырастыңыз делік.



– Не істеп жатырсыз? – деп жөн сұрайсыз.

– Көрмей тұрсыз ба? – дейді ол.

– Ағаш кесіп жатырмын.

– Қатты шаршағаныңыз көрініп тұр,- деп сіз аяушылық білдірдіңіз. – Аралап жатқаныңызға көп болды ма?

– Иә, бес сағаттан асты! – дейді бейтаныс. – Екі аяғымнан зорға тұрдым. Оңай шаруа емес!

– Ендеше, неге бірнеше минут демалып, араңызды қайрап алмайсыз? – деп ақыл айтасыз. – Сонда шапшаң әрі өндіріп жұмыс істеріңізге сенімдімін!

– Е, менің ара қайрап отыруға уақытым жоқ, маған тез-тез кесу керек, дейді анау...

Жағдаят бойынша сұрақтар:

1. Ағаш кесуші жауабына өз пікіріңіз қандай?

2. Жолаушы ақыл-кеңесінің маңыздылығы қандай?

С.Ковидің ұсынған жеті дағдысы бойынша да түрлі тапсырмалар ұсынылды. Бұл тапсырмалар тыңдалым мен оқылым бойынша аралас түрде болды. Себебі, автордың аталған кітабы материалдарын тілдесімге жетудің тамаша құралы ролінде дидактикалық материал ретінде қолдану тиімді. Оқылым, тыңдалым, айтылым, тідесім және жазылым жұмыс түрлері жүргізілді. Төмендегіше жазылым тапсырмалары ұсынылды:

Жазылым. Топтағы студенттерге өтілген материалдар бойынша берілген тапсырма түрі. С. Ковидің «Жасампаз жандадың 7 дағдысы» бойынша ойтүйін жазыңыз.

Тапсырма талаптары:

Болашақ өміріңізде, мансап жолыңда, кәсіби қызметте, адамдармен қарым-қатынаста жақсы дағдыларды дамыту үшін осы кітап материалдары бойынша 20 ақыл-кеңес ұсыныңыз. Бұл бірінші кезекте, өзіңізге пайдалы дағдыны қалыптастыруға септігін тигізетіндей кеңестер болсын. Кітапты қайта оқып, мазмұны бойынша қай тұстарды алу өз қалауыңыз бойынша.

Жазылым бойынша қорытынды ретінде «Ойтүйін» жазу тапсырмаларын жинақтап, нәтижелерін тақырыптарға бөлдік:

Тағдыр жайлы

Тағдырың өз қолыңда екенін түсін.

Өз тағдырыңызды өз қолыңызға алыңыз.

Мінез жайлы

Ең алдымен, сіз жеке қасиеттерді дамыту туралы емес, мінездің дұрыс қалыптасуын реттеңіз. Мінезді тәрбиелеу өз қолыңда екенін жақсы біл, өйткені не істеу керектігін өзің шешесің.

Қарым -қатынас жайлы

Басқа адамдармен кез келген қарым-қатынасты сенім негізінде құрыңыз.

Басқалар алдындағы міндеттеріңізді орындауға және олармен қарым-қатынасты сақтауға уақыт бөліңіз.

Басқалармен қарым-қатынаста өзара тиімділікке ұмтылу

Отбасында немесе бизнесте серіктестермен қарым-қатынас орнатыңыз, сонда екі жақ та пайда көреді.

Қандай әлеуметтік рөлдерді ойнау керектігін анықтаңыз - мысалы, жұбайыңыздың, ата-анаңыздың және бизнесменнің рөлдерін - әрқайсысын адал орындауға уақыт бөліңіз.

Өзара әрекеттестіктің кез келген басқа түрі деструктивті болып табылады, өйткені ол сізге кек сақтайтын және сіздің ең нашар жауларыңызға айналуы мүмкін жеңілістердің болуын қамтиды. Жауларды емес, одақтастарды көбейтетін тұлғааралық қарым-қатынастарды ғана табысты, деп санауға болады.

Байланыс – екі жақты жол. Өзара тиімді қарым-қатынас орнату үшін екінші тараптың не қалайтынын және пайданы қалай түсінетінін біліңіз. Сіз бәрін алдын ала білемін деп ойламаңыз - екінші тарапты мұқият тыңдаңыз.

Кез келген жағдайда, өз тілектеріңізді айтпас бұрын, басқалардың не қалайтынын түсінуге тырысыңыз.

Ынтымақтастық оған қатысқан әрбір адамның күшін арттырады.

Шығармашылық ынтымақтастық көбінесе оған жету үшін жұмсалған күш-жігердің қосындысынан үлкен нәтиже береді, мысалы, арка екі бөлек бағанға қарағанда көбірек салмақты көтере алады.

Арка екі бағанның бекінісін нығайтады. Қарым-қатынастың бұл түрі бүгінде әдетте «синергетика» сөзі деп аталады – бұл оның бөліктерінің қосындысынан үлкенірек тұтастықты құру үшін күш-жігерді біріктіруді білдіреді. Бұл әсерге жету адамдар арасындағы қарым-қатынастың қаншалықты тиімді екеніне байланысты.

Ынтымақтастық мүмкіндіктерін іздеңіз.

Өміріңіздің эмоционалды аймағын дамытыңыз, басқалармен эмоционалды қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз.

Дағды, әдет, шеберлік жайлы

Шеберлік – туа біткен дарын емес, жаттықтыруға болатын ескер.

Сіз үйренген нәрселеріңіз көп, бірақ жақсы әдеттерді дамытыңыз.

Ешқашан өз басымдықтарыңызды екінші істердің пайдасына құрбан етпеңіз.

Біреуін екіншісі үшін құрбан етпе.

Мақсат қою жайлы

Өмірлік мақсаттарыңызды қайталаңыз. Елестетіп көріңізші, егер сіз қазір қалай өмір сүрсеңіз, жерлеу рәсімінде адамдар сіз туралы не айтады? Сіз осылай есте қалғыңыз келеді ме? Егер жоқ болса, өміріңізді өзгертіңіз, оны бақылауға алыңыз және өз-өзіңізді реттеумен айналысыңыз.

Өмірлік принцип жайлы

Өзіңіздің өмірлік принциптеріңізді адалдық, сыйластық, мінсіз болуға ұмтылу, борыш, басқаларға қамқорлық, батылдық пен табандылыққа құрыңыз.

Жерлеу рәсімінде өзіңіз туралы қандай сөздерді естігіңіз келеді? Осы сөздерді өмір бойы табуға тырысыңыз.

Өзіне сенімділік қалыптастыру.

Табыстылыққа, жеңіске жету.

Табысты адамдар бастаманы қолға алудан тартынбайды.

Табысты адамдар өз іс-әрекеттері үшін жауап береді.

Табысты адамдардың барлық әрекеттері туындаған жағдайдың, қиындықтың, мәселенің ыңғайына қарай емес, саналы, дұрыс әрекет нәтижесінде болған.

Жұмысты бастаған кезде нәтиже туралы ойланыңыз.

Табысты адамдар ешкімнің мүдделеріне нұқсан келтірмейтін өзара әрекеттерге ұмтылады, бұл екі тарап үшін де жеңіске уәде береді.

Жеңіске жету жайлы

«Сізде еркіндік бар, сондықтан, сіз әрқашан не туралы ойлау керектігін және түрлі жағдайларда қалай әрекет ету керектігін өзіңіз шешесіз.

Жеке миссияңызды немесе өмірлік кредоңызды тұжырымдаңыз.

«Ештеңе істеу мүмкін емес» деп қиналма, оның орнына «Біз нұсқаларды ойлап табуымыз керек» деп әрекет жаса.

«Мен солай туылдым» дегеннің орнына «Мен неге басқаша болмаймын» деңіз.

«Ол мені ренжітеді» дегеннің орнына «Бұл туралы ренжіткім келе ме, ол маған байланысты» деңіз.

«Мен істей алмаймын» немесе «Мен міндеттімін» дегеннің орнына «Мен шешемін» деңіз.

Екі жеңіліске қарағанда екі жеңіс жақсы, өйткені соңғы жағдайда екі жақтың да ойы өзгереді.

Бір жаққа ғана пайда әкелетін қарым-қатынаста әрқашан жеңімпаз бен жеңіліс болады.

Мәселе, Шешім қабылдау, Жоспарлау, Пайдалы тәсілдер жайлы

Көптеген адамдар бүкіл өмірін шұғыл шешімдер қабылдауы қажет кенет, күтпеген жағдайларға әрекет етумен ғана өткізеді, бірақ олардың алдын алуды үйренуге күш салудан бас тартады.

Олар маңызды мен шұғылды шатастырады. Шұғыл бірден танылады, ал маңыздысын ажырата білу керек.

Өзіңізді өзгерту сіздің қолыңызда, бірақ ол үшін әдеттегі әрекет ету тәсілін өзгерту керек.

Тәжірибелі заңгерлер процеске дайындықты қарсы тараптың дұрыстығын растайтын барлық ықтимал дәлелдерді іздеу арқылы бастайды. Қарсы жақтың аргументтерін анық елестетіп қана, олар өз стратегиясын құра бастайды. Қарсы жақтың қол жеткізуге тырысып жатқанын түсінуге тырысыңыз, содан кейін өз мақсаттарыңызды басқа тараптың мақсаттарымен тікелей сәйкес келетін етіп көрсетіңіз. Мұндай қарым-қатынас эмпатия принципіне негізделетін болады.

Сөйлесу жайлы, Тыңдай білу жайлы

Естігеніңізбен дауласпаңыз, бірақ соңына дейін тыңдаңыз және естігеніңіз туралы ойланыңыз. Өзіңізді екінші тараптың орнында елестетіп көріңіз.

Көбісі тыңдау, ойлау және жауап берудің орнына автоматты түрде әрекет етеді. Мұндай адамдар келісуі немесе келіспеуі мүмкін, бірақ олар ешқашан белсенді ынтымақтастық орната алмайды. Қарым-қатынас пен ынтымақтастық синергетикалық қарым-қатынастың екі тірегі болып табылады. Егер сіз синергияны іздесеңіз, тыңдаңыз, не айтылғанын ойлаңыз, жауап беріңіз және ынтымақтастықта болыңыз.

Алдымен түсінуге, содан кейін ғана түсіндіруге ұмтыл.

Қарым-қатынас жасаңыз, басқаларды тыңдаңыз және ешкімді айыптауға асықпаңыз.

Көптеген адамдар басқаларды олардың сөздеріне қандай да бір түрде жауап беру үшін ғана тыңдайды, бірақ естігендерін түсінбейді.

Өзін дамыту жайлы

Кітаптар оқыңыз, басқатырғыштар мен математикалық есептерді шешіңіз немесе ақыл-ойыңызды өткір ететін басқа зияткерлік хобби табыңыз.

Өзіңізді алдын ала жоспарлауға, асығыс шешімдерден аулақ болуға, басқалармен қарым-қатынасты нығайтуға, мүмкіндіктерді іздеуге және демалуға уақыт табуға үйретіңіз. Кестеге мүмкіндігінше көп нәрсені қалай енгізу керек деп алаңдамаңыз, ең маңыздыларын іріктеуді үйреніңіз.

Маңызды мәселелерді екіншісінен ажырата біліңіз.

Жазылым бойынша осы жинақталған ақыл-кеңестер, әлемдік деңгейде бестселлер мәртебесін иеленген кітап бойынша жинақталды. Миллиондаған адамды мансап жолындағы пайдалы дағдыларға баулыған осындай мықты туынды бойынша ақыл-кеңестер осы тәжірибеге қатысқан студенттердің де кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға үлкен үлес қосқанын атап өту орынды. Бұл кітаптар материалдары осы зерттеу жұмысының эксперимент тапсырмаларының алтын қоры іспеттес болғанын ерекше ықыласпен атап айта отырып, осындай кітаптарды мәтін түрінде де, ұнтаспа түрінде де қазақша сөйлеткен, Ұлттық аударма бюросының қызметкерлері мен аудармашыларына

ризашылығымызды да білдіргіміз келеді. Зерттеу жұмысының нәтижелі және сапалы болуында осы бюроның дайындаған бірнеше кітаптарының пайдасы тиді.

Оқылым бойынша жүргізілген жұмыс түрінің тағы бірі, бұл *рухани бай кәсіби тұлға қалыптастыру бағытында* болды. Бұл әрекет түрі бойынша әдеби шығармаларды қызықтыра оқытудың жаңаша креативті тәсілдерін ерекше атауға болады. Сабак барысында әдеби шығармаларды оқыту студенттердің тіл байлығын байытып қана қоймай, оның дүниетанымын, сыни көзқарасын да қалыптастырады. Қазіргі таңда кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеу проблемасы бар екені анық.

Зерттеулер мен тәжірибе барысында бұл мәселенің шешу жолдары да анықталды. Оны тар және кең түрде қарастыруға болады:

– кітап оқуға курс басталғаннан бастап, нақты тапсырмалар беру арқылы үйрету;

– білім беретін әдебиеттер ғана емес, қалай өмір сүруге үйрететін шығармаларды ұсыну;

– студентке ерік беру: эпизодтардан бейнематериалдар түсіру; пародиялар түсіру; ойтүйін жазу: *қысқаша этюдтер жаздырту; конкурстармен ынталандыру (әңгіме жаздырту, өлең т.б).*

Оқылым жұмыстары екі түрлі дереккөзден алынды:

а) көркем шығарманы кітаптан оқыту арқылы;

ә) көркем шығармаларды үнтаспадан тыңдату арқылы орындалды. Көркем шығармаларды үнтаспадан тыңдату арқылы төмендегіше пайдалы жұмыс түрлері өз тиімді нәтижесін көрсетті: сөздік жұмысын жүргізу; тыңдалған материалдар бойынша топқа сұрақтар дайындау; үнтаспаның қай тұсы екенін анықтау; сөйлеп тұрған кейіпкерлердің кім екенін анықтау; оқиғаның қалай өрбитінін жалғастыру; бұған дейінгі эпизодтар; кейіпкерлерге мінездеме беру т.б.

Әдеби шығармалар оқытудағы «Бейнематериал дайындау»: Бұл жұмыс шығармашылық бөлімінің тың нәтижелерге жеткізетіндігіне және креативтілікті туындатуға мүмкіндігі зор. Нәтижесінде, студенттер өз оқыған көркем шығармаларынан үзінділерге эпизодтар дайындай алды. Сюжеттер түсіруге кез-келген шығарма келе бермейтіні анық. Бұл тәсілдің артықшылығы әдеби шығарманы өз еркімен таңдаудың, оқудың төмендегіше артықшылықтарын көрсетті:

– студентті бір емес, бірнеше шығарма оқуға мәжбүрлейді;

– оқыған шығармаларын бір-біріне айтып, өз тобындағы студенттерді де оқуға итермелейді;

– рөлдерде ойнау барысында көптеген сөздерді үйреніп қана қоймай, жаттап алуға да дағдыландырады;

– шығармаларға сыни көзқарастың қалыптаса бастауы.

Аталған жұмыстарға қоса кейбір қысқа сюжетті шығармаларға пародия жасауға болатынына да өткізілген тәжірибе дәлел болды. Мысалы, түрлі мысал әңгімелерге пародия жасауы студенттерді сын тұрғысынан ойлауын дамыту сияқты әрекет түрлері еркін сөйлеуге өзін-өзі жеке тұлға ретінде дайындаудың

тамаша құралы екендігін дәлелдеді. Әдеби шығармалар оқытуда жанрлық жағынан прозалық шығармалармен қоса поэзиялық туындыларды оқытудың тиімділігі, шағын көлемдегі бастапқы жұмыс түрлерін айтпағанда қорытынды жұмыс ретінде жасалатын жұмыс түрлері студенттер тілін байытып қана қоймай, қызығушылығын да арттырды. Олар:

- мазмұнға сәйкес слайд-шоу жасау;
- шығармаларды оқыту арқылы қысқа сюжетке құрылған бейнематериалдар түсіру;
- өзі таңдап оқыған шығармаға жалпы еркін түрдегі пікірін жаздырту;
- авторға хат жаздырту;
- авторлармен интеллектуалды сұхбат өткізу.

Бұл арқылы студенттің шығармашылығын да туындата алуға болатындығын тәжірибе дәлелдеді. Бұл мақсатқа жетуде белгілі француз жазушысы Д. Пеннактың «Как роман» [151] атты шығармасындағы кітап оқудағы 10 құқығы қағидасы басшылыққа алынды:

- 1) оқымау құқығы;
- 2) аттап оқу құқығы;
- 3) толық аяқтап оқымау құқығы;
- 4) оқығанды қайта түсініп оқу құқығы;
- 5) қолға түскен нәрсені оқу;
- 6) әсерленіп оқу;
- 7) өзі қалаған жерде оқу құқығы;
- 8) дауыстап оқу құқығы;
- 9) кідіріп, тоқтап оқу құқығы (кез-келген кітапты алу, кез-келген бетін ашу, жабу, оқу, қарау);
- 10) оқыған жайлы ештеңе айтпау, үндемеу.

Себебі, жазушының өзі: *«Егер де біз баламыз, қызымыз немесе шәкіртіміз кітап оқысын десек, осы құқықтарды оларға да беруге тиіспіз»*, – деп жазған болатын [151, б. 159].

Оқылым әрекеті бойынша қорыта айтқанда, нәтижеге жету тәжірибеде басшылыққа алынған басты қағида – студенттің рухани бай тұлға болып қалыптасуда әдеби шығармаларды оқуда, таңдауда еркіндік беру.

Жазылым мен Сөйлесім әрекеті бойынша:

Тіл қарым-қатынас құралы бола отырып, өзінің қатысымдық қызметіндегі рөлін жан-жақты түрлендіріп отыруы – өмірдегі қажеттіліктер барысында туындайтындығы белгілі. Адамдар өз ойын, атқармақшы ісін, түрлі мақсаттарын ешқандай әңгімесіз де іске асырып, орындап жатуы мүмкін. Бірақ адам өмірі тек үнсіз іс атқару мен іштей ой ойлаудан тұрмайтыны белгілі. Кез келген адамға екінші бір тұлғамен сөйлесуіне немесе белгілі бір ортада сөйлеуіне тура келеді. Ол маңызды мәселе ме, қарапайым мәселе ме – ббайланысуды, сөйлесуді, тілдесуді қажет етеді. Осы әрекеттің бәрін қарапайым түрде сөйлесу, тілдесу, әңгімелесу дейміз. Қазіргі әдістемедегі озық әдістің бірі саналатын *тілдік жағдаяттар арқылы оқыту әдісін* көптеген ғалымдардың жан-жақты зерттеуінен, қол жеткізген нәтижелерінен туған деп айта аламыз. Жоғарыда Ұлттық аударма бюросы аударған 100 кітап бойынша

да жағдаяттық тапсырмалар ұсынылды. Осы тұста *тілдік жағдаят* деген терминді анықтап алған жөн.

В.Е. Скалкин В.Е, Г.А. Рубинштейн тілдік жағдаят тұрғысында тілдік реакция тудыра алушылығына басымдық береді [152]. Ғалымдар өз зерттеулерінде *табиғи тілдік жағдаят* пен *оқытудағы тілдік жағдаят* терминдерін жан-жақты және бір-бірінен ажырата түсіндірген. Осы тұрғыда *тілдік реакция* терминін қолданады.

Тілдік жағдаят деп, тек қана тілдік реакция тудыра алатын жағдаятты атауға болатындығын, ондай тілдік жағдаят шарттарының оқу аудиториясында бола бермейтіндігін айтады. В.Л. Скалкин тілдік реакция тудыратын жаттығулар жөнінде тілдік реакция реплика тудыра алуы, таң қалдыруы, сұрақ туындатуы, соның негізінде нағыз табиғи әңгіме, тілдесім туындайтынын жазады [152, с. 88-89], – дейді.

Бұл арқылы тілдік жағдаяттың шындық өмірге жақын берілу мақсатының нәтижесі, біріншіден, сөйлеуге мәжбүрлеуі болса, екіншіден, өзіндік импровизациялы сөйлеу әрекетін тудыруына алып келетінін көруге болады.

Осы зерттеу қарастыруында оқытудағы тілдік жағдаяттар болғандықтан, жасалу мен туындау тәсілдері былайша топтастырылды:

- 1) кәдімгі табиғи тілдік жағдаяттар оқиғасынан және тілдік бірліктерін қолдану, падалану арқылы туындаған;
- 2) оқу мәтіндері негізінде туындаған;
- 3) түрлі дидактикалық ойын түрлерін ұйымдастыруда туындаған.

Көптеген зерттеушілер еңбегінде оқытудағы тілдік жағдаят пен табиғи жағдаяттың өзіндік ерекшелігі бар екендігін айтады. А.В. Камалетдинова зерттеулеріне сүйенсек, оқытудағы тілдік жағдаяттарға төмендегіше міндетті ерекшеліктер мен талаптар қояды:

- 1) жағдаяттың ойланта алуы;
- 2) жағдаяттың іске асыру, жүзеге асыру құралына айналуы;
- 3) жағдаятта түрліше реакцияларының болуы (жауаптардың көп нұсқалылығы);
- 4) жағдаяттың эмоционалды реакция тудыра алуы;
- 5) жағдаяттың қайталай және бірнеше мәрте түрлендіре, қайта ойнай алу мүмкіндігі;
- 6) оқу мақсатындағы тілдесімге қатысу барысында жағдаяттың, тілдік ойлау қызметін белсендендіруге мәжбүрлеуі;
- 7) жағдаяттың пікірлесім құрушылығы.

Ал табиғи жағдаяттардың мынадай құрамдас бөліктері болуын талап етеді:

- 1) жағдаятта белгілі бір объектінің болуы(іс жүзіндегі шындықпен байланысты);
- 2) жағдаятта субъектінің болуы(тілдік әрекет бағытталған, тілдік қажеттілікті басынан сезініп өткізетін индивидтің болуы);
- 3) жағдаяттағы әңгімеге субъектінің тікелей қатысының болуы;
- 4) жағдаятта тілдік акт шартының болуы.

Соңғы мәселені *тілдік акт шартының болуын* толығырақ түсіндірер болсақ, алдымен, *тілдік акт* терминін түсініп алуымыз қажет. Автордың айтуынша: бұл жағдаяттың «өнімі» болып табылады. Осы зерттеуде тәжірибелік мақсатта ұсынылған жағдаяттық жаттығулар бұл талапты қанағаттандыра алды. Автор тілдік қатысым шарты негізінде:

а) серіктесті таңдауы, оның құзіреттілігі, ортақ қызығушылықтары (тақырыптарының болуы);

ә) жеке мінездемесі: ортақ, іскер, эмоционалдық т.б.;

в) қатысымдық жағдаяттың өтетін орны мен уақыты, ол жерде кейбір заттардың болуы, басқа адамдардың қатысуы сияқты мәселелердің болуын ұсынады.

Жағдаяттық жаттығулар қатысымдық жаттығулар жүйесіне жататыны белгілі. В.Л. Скалкин қатысымдық жаттығуларды былайша топтастырады:

«1. Респонсивті жаттығулар.

2. *Жағдаяттық жаттығулар.*

3. Репродуктивті жаттығулар.

4. Сипаттамалы жаттығулар.

5. Дискуссиялық жаттығулар.

6. Құрылымдық/композиционные/жаттығулар.

7. Бастамашылық/инициативные/ жаттығулар» [152, с. 88-89].

Осы жаттығу түрлерінің бәрінде де жағдаяттық жаттығу элементтерінің ұшырасуын көруге болады.


Қорыта айтқанда, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мақсатында қолданылатын тілдік жағдаяттардың шындық өмірге жақын болуы маңызды. Тілдік жағдаят студенттердің өз өмірлеріне, болашақ кәсіби қызметіне қатысты құрылғаны дұрыс. Студенттің қызығушылығын оятатын тілдік реакция көп болса, соғұрлым жағдаят бойынша тапсырма орындау барысы қызықты және нәтижелі өтеді. Сондай-ақ студенттің қолданатын тілдік біліктері де мұқият қадағаланғаны тиімді, себебі студенттер сол жағдаятты, тапсырманы қызықты және өз дәрежесінде орындап шығуы үшін бұл өте маңызды.

3.2.6 Г Қатысымдық ойын жаттығулары

Қатысымдық ойындар тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ету құралының бірі екені дау туғызбайтыны анық. Күнделікті сабақта оқу материалдарын меңгерту мақсатында ойын түрлерін қолдану әдістеме ғылымында жаңалық емес екені белгілі. Ұзақ жылдар бойы қолданылып келе жатқан белсенді әдістің бірі. Сондай-ақ ескіріп, қолданыстан шығарылу қаупі де жоқ екені белгілі. Ойын түрлерін сабақта пайдаланудың мәселесі қай кезде де зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Білім беруде ойынның тиімділігін зерттеген әдіскерлер мен педагогтардың жалпы ортақ пікірі мынаған келіп тоғысады: студенттің таным қабілетін арттырады, тілдік машығын қалыптастырады, сабақтағы белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. Ойын түрлерінің білім беруде, тәрбие беруде және кәсіби дағды қалыптастыруда мүмкіндігі зор.

Осы зерттеу қарастыруындағы-қатысымдық ойындардың тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ету құралы рөліндегі дидактикалық мақсатта қолданылуы.

Қазіргі білім саласындағы қолданылып жүрген педагогикалық жаңаша технологиялар да сабақтағы ойын түрлеріне үлкен басымдық беріп отыр. Интернет платформаларда қажетті ойын түрлерін ұйымдастыру соншалықты қиын мәселе емес. Мысалы: Learning Apps платформасында ойындар топтамасы салынып, тілдік дағды қалыптасыру мақсатында қолданылды (27-сурет).



Сурет 27 – Learning Apps платформасы бойынша Н. Бекеева парақшасы

Көптеген ұлы жазушылар мен өнер қайраткерлері де бала кездерінде ойнаған ойындарының болашақ өмірлеріне, шығармашылығына пайдасын тигізе алғанын айтады. М. Горький: «именно на игре словом ребенок учиться тонкостям родного языка, усваивает музыку его и то, что филологи называют и «духом языка» деп жазады [153]. Ойынды сабақта қолданудың артықшылығы мен тиімділігі және оның қолданылу технологиясы жөнінде кеңес педогогтері де құнды пікірлер жазған. Тәжірибедегі ойындар лингво-мәдениет танымдық бағытта «таным құралы» қызметін атқарады. Сондай-ақ *ойынның синкреттілік қасиеті де* күнделікті сабақ тәжірибесінен көрінді. Ойынды ұйымдастыруда, өткізу барысында, студенттердің түрлі қабілеттері дамидынығы анықталды. Студент бойынан көшбасшылық қабілетті, шешендікті, тапқырлықты, артистизмді т.б. қасиеттерді көруге болады. Сондай-ақ сабаққа енжарлау студенттің өзі де рөлдерге енуде белсенділік, тапқырлық көрсетіп, өзін басқа бірқырынан танытып жататын кездері болады. Ойынды пайдалану арқылы студенттің сабаққа деген қызығушылығын, уәждемесін де тудыруға болады.

Қатысымдық ойындардың тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ету құралы ретінде сөйлесім әрекетіндегі рөлінің маңыздылығын айту керек. Осы әдіс – студентті сөйлесімнің диалогтық және монологтық түрлеріне дағдыландыратын да, машықтандыратын да тиімді мүмкіндік. Себебі, студент үшін өзінің «мен» деген образы немесе тұлға ретінде қатысымдық ойын арқылы монологқа немесе диалогқа шығуы ол – өз тілдік білігін бетпе-бет

сынаудың алғашқы алаңы іспеттес. Осы жерде топ алдында жұп болып та, топ болып та бір-бірімен тілдік қарым қатынасқа түсуге мәжбүр болады. Сол арқылы тілдесімге, пікір алысуға шығады. Тілдік білігі, сөз саптауы қандай деңгейде болса да, бар мүмкіндігін пайдаланып, әріптесімен тікелей тілдесімге шығуға мәжбүр. Диалогтық сөйлеу мен монологтік сөйлеуді салыстыруда диалогта – бірнеше адам арасындағы сөйлесім болса, монологта – бір ғана адамның сөйлеу әрекеті іске асады. Монологтік сөйлеуде алдын ала дайындыққа, сөйлемдерде айтпақ ойын ұтымды құруға, ой жинақтауға мүмкіндік бар, айтар сөзін алдын ала жоспарлап алуға болады. Диалогтік сөзде бұл жоспарсыз түрде өтеді. Ғалымдар зерттеулерінде Б. Мешімбаева [154] диалог түрлерін түрлі жағдаяттар мен диалог ерекшеліктеріне қарай былайша анықтайды: *әңгімелесу, сұрақ, жинақтау, айтыс, ұрыс, түсіндіру, хабар, талқылау, сөзге тарту, өтініш, сәлемдесу, қоштасу*. Демек ойын барысындағы диалогта да осы аталған мәселелердің барлығының элементтері кездесуі мүмкін. Бұл мысалдар арқылы қатысымдық ойын түрлерінде диалогтық сөйлесімге басымдық беріледі. Студентті тілдесімге шығарудың тиімді жолы осы диалог болса, онда қатысымдық ойынның да негізгі материалы – диалог.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде дидактикалық ойын түрлерін жан жақты зерттеген Б.А. Наркұлова:

«1. Тапқырлық ойындар.

2. Ізденімдік ойындар.

3. Рөлдік ойындар.

4. Искерлік ойындар» [155], – деп топтастырады. Е.И. Пассов пікірінше, оқу мақсатындағы ойын жаттығуларының төмендегіше ерекшеліктері ескерілуі қажет:

«1. Жағдаяттылығы – тіл үйренушіге еліктеу мақсатындағы және табиғи тілдік жағдаят мүмкіндігінің болуы.

2. Аттрактивтілігі – ойын-жаттығудың тіл үйренуші қажеттілігіне, уәжіне, қызығушылығына лайық болуы.

3. Мақсаттылығы – тіл үйренушінің нақты тілдік материалды пайдаланудағы үйрену жаттығулары іспеттес болуы, сондай-ақ тіл үйренушінің бірнеше тілдік әрекетті орындауы қамтамасыз етілуі.

4. Қатысымдық-құндылық дәрежесі моральдық-эстетикалық сезімді қалыптастыратындай мазмұнды болуы.

5. Қол жетімділігі – тілдік материалдың күнделікті өмірдегі барынша қолданымдылығы» [156].

Ойын әдісінің де қатысымдық мақсатқа негізделуі тілді меңгертуде нәтижелі болатыны даусыз. Қатысым әдісі туралы Ф. Оразбаева: «Қатысымдық әдіс тілдік қатынас теорияларын іс жүзінде асырушы барлық іс-әрекеттер мен тәжірибелердің жиынтығы» [31, б. 483], – дейді. Қатысымдық ойындар кәсіби қарым-қатынасты қамтамасыз ету құралы рөлін атқара отырып, оқыту мақсаты – тілдік қатысымды жүзеге асыруға, үйретуге бағытталуы керек. Ойын барысында студентті сөйлеуге жетелейтін қатысымдық міндеттер қойылады. Сондықтан, ойын барысында тілдік жүйе мүлдем ескерілмейді деп санауға болмайды. Керісінше, студентпен дайындық кезеңінде алдын ала жан-жақты

жұмыс жасалып, тілдік қатысымға ойын арқылы шығуға дайындалуы қажет. Сонымен, тілдік қатысымға үйретуде қатысымдық ойын әдісінің негізгі міндеті *студенттің қатысымдық білігін қалыптастыру* болып табылады. Түрлі әрекеттер эмоция, ым-ишара, қимыл-қозғалыс т.б. мәселелерді қалыптастыру көмекші, қосымша қызмет атқаруы тиіс.

Тілді оқыту әдістемесінде қатысымдық-ойын(коммуникативно-игровой) терминін алғаш ұсынған ғалым – О.Е. Сергеева. Ғалым өз зерттеуінде қатысымдық ойынның төмендегіше ерекшеліктерін көрсетеді:

«1. Қатысымдық ойын арнайы оқу материалын меңгеруге және тілдік дағды мен машық қалыптастыруға бағытталады.

2. Қатысымдық ойын оқу материалымен қатар, басқа да ортақ әрекеттерге құрылады.

3. Қатысымдық ойында оқу тапсырмалары ойын арқылы ұйымдастырылған сөйлесім кезінде іске асады.

4. Қатысымдық ойын белсенді әдіс ретінде қатысымдық күзінетті қалыптастырып және дамытып қана қоймай, өзіндік тілдік қажеттіліктерді де шешеді» [157].

Жоғарыда айтылған пікірлер мен тұжырымдарды саралау барысында, қатысымдық ойындардың студенттердің кәсіби тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытушылығын қамтамасыз ету құралы ретінде оның сан түрлі қыры анықталды:

– әмбебаптығы, синкреттілігі, қарым-қатынас құралы қызметін атқарушылығы, білім мазмұнын байыту мүмкіндігі, қызығушылық пен уәждеме тудыруы, танымдық қабілетті арттыруы, тіл мәдениетін жетілдіруі, проблеманы шеше алу іскерлігін қалыптастыруы, білімдік, тәрбиелік, шығармашылық, дамытушылық тағы басқа да артықшылықтары.

3.3 Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуды эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы дәлелдеу

3.3.1 Оқыту тәжірибесі

КИМЭП Университеті Қазақстан ЖОО-ры арасында Солтүстік американдық кредиттік жүйемен ашылған алғашқы оқу орны. Университет 1992 жылы ашылған уақыттан бастап оқу процесін осы жүйемен жүргізіп келеді. Аталған кредиттік жүйе талаптары университеттің барлық бағдарламалары мен пәннің курстарына бірдей. Осы зерттеудің студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінің эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарын дәлелдеудегі негізгі алаңы аталған университеттің бұрынғы Тілдер Орталығы, қазіргі Білім беру және гуманитарлық ғылымдар колледжінің (2016-2022 жылдар аралығы) қазақ тілі бағдарламасының «Іскерлік қазақ тілі» және «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстарында өткізілген сабақтары аясында, негізінде жасалды. Бұл курстарды таңдауға себеп – аталған екі курста да студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Осы курсты алған студенттің түпкі мақсаты да осы зерттеудің негізгі мақсатымен сәйкес келеді. 2019 қыркүйектен бастап, колледж әкімшілігі

тарапынан оқу семестрінің әр аптасының бейсенбі күні оқытушы-профессорлар құрамы үшін кәсіби даму және ғылыми семинарлар күні болып бекітілген. Осы күндерде түрлі тақырыптағы ғылыми баяндамалар және сабақтағы жаңаша әдіс-тәсілдер ортаға салынып, талқылану дәстүрлі тәжірибеге айналған. Семинарларда басқа шетелдік университеттерден келген оқытушы-профессорлар да арнайы семинарлар өткізеді. Және университет тарапынан шетелдік семинарлар мен конференцияларға бару толықтай қолдау тауып, қаржыландырылады. Осы ұйымдастырылатын педагогикалық-әдістемелік шаралардан алынған тәжірибелер де осы зерттеу сабақтарының сапалы және нәтижелі өтуіне, интерактивті желілік технологияны жетілдіруге үлесі болды. Сондай-ақ әлемдік деңгей талаптарына сәйкестендіру, оқыту технологиясын жетілдіру мақсатында КИМЭП Университеті басшылығы тарапынан әлемдік пандемия басталған уақытта шұғыл түрде оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында *KIMEP Remote Teaching and Learning Professional Development Program «Quality Online Course Design»* атты арнайы курсты ұйымдастыруы да жаңа технологияға негізделген білім сапасына өз үлесін қоса алды.

Біріншіден, университет тарапынан бұндай шаралар әлемдік деңгейдегі мықты әдіскер-ғалымдар тарапынан ұйымдастырылуы, екіншіден, заман талабына сай озық тәжірибелер қатарындағы білім беру технологиялары мен тіл үйретудің, тілді оқытудың, тілді дамытудың түрлі интерактивті әдіс-тәсілдерін үйретуі, біліктілікті арттыруы білім берудің жаңа технологиясы бойынша жаңалықтарды жылдам қабылдап, практикада қолдануға септігін тигізді.

Шетелдік педагогикада «педагогикалық техника» мен «педагогикалық технология» қатар қолданылады.

Әдістеме талабы бойынша егжей-тегжейлі жетілдірілген және тәжірибеде сынақтан өткен әдіс-тәсілдер технология деңгейіне көтеріледі. Ал педагогикалық технология педагогтар қызметінің белгілі бір саласының, білім берудегі белгілі бір пәндік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі, яғни оны дайындаудағы қажетті процестері және сол жолда жасалған әдістері мен қағидаларының жиынтығы. Бұл тұжырымдама аясына педагогтің осы процесті жүргізу, орындау барысындағы ұтымды техникасы да кіреді.

Сондықтан осы зерттеу эксперименті негізінде оқытудың, білім берудің әлемдік деңгейдегі үлгісі Солтүстік американдық кредиттік технология және тілді оқытудың қатысымдық әдісі жатыр.

Солтүстік американдық кредиттік технология бойынша студенттің сапалы білім алуына көптеген мүмкіндіктер қарастырылған:


- оқу процесін ұйымдастыруда – міндетті пәнді және таңдау пәндерді алу уақытын студенттің өзі ерікті түрде, қалауына қарай таңдау құқығы;
- оқытушыны сол курсты тәмамдаған студенттер кеңестері бойынша немесе өз қалауымен таңдауы;
- сабақ кестесін таңдау құқығы;
- семестр басында курсқа тіркелген соң, бір апта бойы оқытушы сабағына қатысып көру құқығы (түрлі себептер болса басқа курсқа ауысуы рұқсат

етіледі). Қазақ тілі пәнін таңдаушы студенттің өз білімін деңгейлеп, жалғастықты түрде дамыта алуы – ең бірінші артықшылығы деп айтуымызға болады. Осындай мүмкіндіктер студенттердің тілдік білімін толық дамыта алуға жасалған ұтымды тәсіл. Диссертацияның зерттеу тақырыбының негізгі объектісі болып отырған алаңға студенттің арнайы дайындықпен келуі де жұмыстың нәтижелілігіне өз септігін тигізді.


Зерттеу жұмысында әлемдік деңгейде шет тілдерін оқытуда қолданылып жүрген *коммуникативтік технология* жетекші орында. Зерттеу объектісі болып отырған курстар сабақтарының білім мазмұны мен ұйымдастырылуы толықтай осы технологияны басшылыққа алады.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінің іске асырылуы *диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды эксперимент* болып үш кезеңмен жүргізілді. *Эксперимент жұмысының мақсаты* жоғарғы мектепте болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың болашақ кәсіби және қоғамдық өмірдегі жарамдылығын тіжірібелік эксперимент алқылы анықтап, көз жеткізу болды. *Эксперимент алаңы* Қазақстан Республикасы ЖОО-да қазақ тілі сабақтарында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту жағдайын КИМЭП Университеті бұрынғы Тілдер Орталығы қазіргі Білім беру және гуманитарлық ғылымдар колледжі қазақ тілі бағдарламасының «Іскерлік қазақ тілі» және «Шешендік өнер» курстары негізінде жасалған тәжірибе жұмыстары бойынша.


Диагностикалық экспериментте бастапқы кезеңде ғылыми еңбектер негізінде зерттеудің негізгі бағыттары айқындалды. Аталған курсты алушы студенттердің кәсіби тілдік қарым-қатынас саласы бойынша сауалнама және түрлі тапсырмалар дайындалып, тапсырма талаптары мен бағалау критерийлері ұсынылды. Курстың силлабусы мен апталық жоспарына білімдік-мазмұндық тұрғыда тақырыптық өзгертулер енгізілді (Қосымша Г). Курстағы СӨЖ тақырыптары, бағалау өлшемдері мен талаптары, ағымдық, аралық, қорытынды бақылаулардың өлшемдері мен талаптары жасалды (Қосымша В). Диагностикалық эксперимент ағымдағы педагогикалық бақылауды қамтамасыз етті. Студенттердің ағымдық білім сапасының қандай екені, бағыты айқындалып, оқытудың онлайн және офлайн форматындағы студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру жолдары мен зерттеу жұмысындағы басты ұстанымдарды оқыту процесіне енгізудің мүмкіндіктері мен жолдары анықталды. Экспериментке 2016-2022 жылдар арлығында аталған курсты алушы студенттер қатысты. Әр семестр басында, курс басталғанда топ студенттерінен сауалнама алынып отырды. Сауалнама сұрақтары мазмұны төмендегіше болды (28-сурет).



а




ә




б




в



г



ғ



д

а – сіздің болашақ мамандығыңыз қандай?; ә – осы мамандық саласында қатысты қандай қазақстандық және әлемдік деңгейдегі компанияларды білесіз?; б – осы саладағы қандай белгілі, атақты, іскер тұлғаларды білесіз?; в – осы мамандыққа қатысты қандай кәсіби қарым-қатынас дағдыларына бейімсіз?; г – топ алдында еркін сөйлей аласыз ба?; ғ – топ алдында презентация жасау талаптарын білесіз бе?; д – топпен жұмыс жасау ұнай ма?

Сурет 28 – Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысына бейімділігін тексеру мақсатында өткізілген сауалнама нәтижесі

Көрсетілген жылдар бойынша сауалнамаға қатысқан 50 студенттің өз болашақ мамандығы саласына қатысты қазақстандық және әлемдік деңгейдегі компанияларды және белгілі, атақты, іскер тұлғаларды білу деңгейі бойынша 30-34% аралығында болды. Адамдармен тез тіл табыса алмаймын – 38-52% арлығында болса, топ алдында еркін сөйлеу дағдысы бойынша 28-30% сөйлей алмайтындығын, 40-45% аздап қиналатындығы анықталды. Сол сияқты топен жұмыс жасау мәселесінде де кейбір студенттерде қиындықтың бар екені айқындалды. Сауалнамаға қосымша ретінде, студенттермен осы диссертацияның зерттеу тақырыбына сәйкес, кәсіби қарым-қатынас дағдысы мәселесіне қатысты ауызша сұрақтар қойылды, сұхбаттар өткізілді. Диагностикалық бақылаудың осы екі түрі арқылы студенттердің жалпы білім мен дағдылары деңгейі анықталды.

Диагностикалық кезең студенттердің осы уақытқа дейінгі кәсіби қарым-қатынас дағдысы деңгейін және қай тұрғыда дамыту керектігін анықтап берді. Эксперимент нәтижесі сандық көрсеткіштермен жоғарыда көрсетілген диаграммадағы сапалық көрсеткіштерді анықтап берді. Әр семестр басында алынған сауалнама нәтижесі, сауалнамада анықталған кемшіліктер бойынша арнайы жетілдіруге тиіс мәселелер анықталып, осы тақырыптарда төмендегіше жұмыстарды жүргізу мақсаты қойылды:

– *болашақ мамандығына қатысты жалпы ақпараттық-танымдық мақсаттағы жұмыс түрлері;*

– *курс бағдарламасы қамтитын тақырыптар мазмұны өзгертіліп, тақырыптар студент қажеттілігі мен жалпы болашақ кәсіби-іскери дағдыға баулитын қажеттілік мақсаты бойынша;*

– *тапсырмалар түрлері жандандырылып, білім берудің онлайн технологиясына, аралас технологиясына және интерактивті желілік технологияға бейімделу мақсаты бойынша.*

Эксперимент барысында осындай мақсаттағы тапсырмалар жүргізілді. Ол диссертацияның жоғарғы бөлімінде және қосымшада ұсынылып, талданды. Және осы мақсат өз нәтижесіне жетуге көмектесті.

3.3.2 Бақылау тәжірибесі

Қалыптастыру эксперименті бойынша кәсіби тілдік қатынасты дамытуға арналған *қатысымдық-танымдық тұрғыда* дамытатын бағыттар анықталып, сол мақсатқа жетудегі ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер іріктелді. Тақырыптарды меңгертудің ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалды. Әдістемелік еңбектер сараланып, білім беру технологиялары таңдалды. Нәтижесінде, заман талабы мен қоғамда орын алып отырған күрт өзгерістерге бейімделе алатын жаңа технология ұсынылды. Ол – *интерактивті желілік технология*. Ұсынылған жаңа технология және ғылыми-әдістемелік жүйеде қазақ халқының бай рухани мұрасы негізгі ұстаным етіп алынып, педагогика ғылымы мен тіл біліміндегі жаңа бағыттарға және іскерлік коммуникация, менеджмент саласындағы еңбектердегі ұсыныстар, теориялар және оқытудың жаңа парадигмасына негізделді.

Студент алған жаңа білім болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға бағытталды.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы кәсіби-танымдық белсенділігін ояту.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда мотивациясын тудыру.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда іскерлік белсенділігін тудыру.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда сыни көзқарасын тудыру.

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда бәсекеге қабілеттілігін тудыру.

Бұл эксперимент түрі бойынша да нақты тапсырмалар түрлерімен тәжірибе жасалды. Атап айтқанда, оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым және тілдесім бойынша.

Сабақ барысында эксперимент үшін таңдалған тақырыптар студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталды. Ол үшін «Харизма. Харизма түрлері», «Мотивация», «Эмоционалды интеллект», «Тайм менеджмент» және т.б. курс бағдарламасына сай тақырыптағы мәтіндер таңдалып алынып, олар бойынша түрлі тапсырмалар ұсынылды. Курс оқылымы мен тыңдалымы, жазылымы, айтылымы тапсырмаларын орындау арқылы тілдесімге шығуға қатысты жұмыстардағы материалдардың басым көпшілігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ тіліне аударылған «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасының кітаптары материалдары болды. Жазылым бойынша материалдарда хаттар, іскерлік коммуникация дағдыларын дамытуда Куртланд Л. Бове, Джон Тиллдің «Қазіргі бизнес-коммуникация» кітабы материалдарына арқа сүйей отырып, қазақстандық жүйеге бағыттай дамытылды. Сондай-ақ, С. Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы», К. Швабтың «Төртінші индустриялық революция» кітаптары. Әлемдік деңгейдегі осы атаған кітап материалдары қоса зерттеу жұмысы экспериментінде таңдалған курс мазмұнын сәтті байытып, тәжірибенің нәтижелілігіне ықпал етті. Бұл кітап материалдарын таңдалу себебі, *біріншіден*, электронды нұсқасы және аудиокітап нұсқасы www.kitap.kz, сондай-ақ, openU.kz: Қазақстанның ашық университеті сайттарынан кез келген уақытта қолдана алу, электронды нұсқада оқу және тыңдау мүмкіндігі бар. Және осы екі кітаптың да толықтай аудио нұсқасы арнайы кәсіби мамандар баяндауымен жазылған.

Екіншіден, әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған озық кітаптарға айналған. *Үшіншіден*, студенттерді белсенді білім алуға жетелейтін, бизнес-коммуникацияға қатысы маңызды мәселелер, сыни тұрғыдан ойлауды жетілдіретін теңдессіз механизмдер жинақталған. Түрлі компаниялар даму сатылары, мысалдары берілген. Болашақ мансап жасағысы келетін және өзін дамытқысы келетін, көпшілік алдында сөз сөйлегісі келетін, өз ойын жеткізуді қалайтын, қобалжу сезімін жоюдың жолдарын көрсететін әрбір жас үшін таптырмайтын құрал.

3.3.3 Қорыту тәжірибесі мен нәтижесі

Қорытынды эксперимент нәтижесі бойынша тапсырма сипаттары түрлі дағдылар, коммуникация, тұлғаралық коммуникация, прагматизм, эмпатия, көшбасшылық, мотивация т.б. түрлі қасиеттерді дамытып, студенттердің қарым-қатынас дағдыларының дамуын қалыптастыра алды, деп толық айтуға болады. Бұған дәлел ретінде, 2020 жылғы эксперимент қорытындысы мен 2021 жылғы «Іскерлік қазақ тілі» және «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстарындағы тәжірибе қорытындысы салыстырмалы түрде ұсынылып отыр. Бұл мәліметте университет тарапынан қойылған талаптар бойынша оқытушы және курсқа берілген баға (13-кесте).

Кесте 13 – Курсқа және оқытушыға студенттер тарапынан берілген баға

Сұрақтар	2021 Күз семестрі Департамент талабы: 4.49 Оқытушы орташа бағасы: 4.75	2020 Күз семестрі Департамент талабы: 4.60 Оқытушы орташа бағасы:4.58
Әр сабаққа дайындығы	4.90	4.60
Ұғымдар мен идеяларды анық түсіндіреді	4.76	4.62
Сабақта жоспарланған оқу нәтижелері анық	4.76	4.62
Пәнге деген қызығушылығымды оятады	4.81	4.45
Сұрақ қоюға және сабаққа қатысуға ынталандырады	4.81	4.62
Жұмысты әділ бағалайды	4.81	4.45
Тапсырмаларды анық түсіндіреді, ол бойынша пайдалы кері байланыс береді	4.81	4.62
Сыныптан тыс та байланыс қолжетімді	4.81	4.62
Тапсырмалардың күрделілік деңгейі сәйкес болды	4.81	4.62
Сынып сағаттары жақсы жоспарланған	4.76	4.59
Материалдарды жергілікті ортамен байланыста қатыстырады	4.81	4.55
Сабақ уақыты өзекті мәселелерге жұмсалады	4.76	4.62
Бағалау талаптары курстың басында нақты айтылды	4.81	4.59
Мәтіндер және басқа да курс материалдары пайдалы	4.67	4.66
Тапсырмалар менің қызығушылықпен оқуыма ықпал етеді	4.71	4.60
Курстың жүктемесі реттелген	4.57	4.52
Бұл курсқа қатысу менің осы тақырыпты көбірек білуге деген қызығушылығымды тудырды	4.67	4.62
Бұл курс менің оқу бағдарламасының барлық бөлігімен қалай байланысты екені маған түсінікті болды	4.62	4.66
Курстың мазмұны силлабуста көрсетілген оқудың жоспарланған нәтижелерін көрсетті	4.57	4.59
Мен бұл оқытушыны басқа студенттерге де ұсынар едім	4.67	4.52

Бұл 2020 жылғы Көктем семестрі бойынша, Департамент талабы: 4.60. Оқытушы орташа бағасы: 4.58-ді көрсетіп тұр. Курсты жүргізу сапасы бойынша бір пункттерде кемшіліктер жіберілгенін байқауға болады. Себебі, департамент талап етіп отырған талаптан 0.2 кем шығып тұр. Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, бұл кемшілік оқытушының жұмысты әділ бағаламауынан туындаған. Ол пункт 4.45-ті көрсетіп тұр. Және келесі кемшілік те 4.45-көрсетіп тұр. Бұл – пәнге деген қызығушылықтың төмен болуынан. Оқытушы өз курсына департамент талабы деңгейінде қызықтыра алмаған. Оны студент санымен анықтау қажет болса, 1-2 студенттің пәнге деген қызығушылығының болмағанын растайды. Осы көрсеткіштерден сапалық жағынан жақсы көрсеткішті көрсетіп тұрған мәлімет – 4.55. Бірақ сол пунктті жетілдіру қажеттігін тағы да ескертетін пункт. Бұл – оқу материалдарын ортамен байланыстырмаудан туындаған. Яғни, оқытушы ұсынған материалдардың кейбір мамандықтағы студенттің қажеттілігіне сай болмауынан. Ол болашақ мамандығы саласына пайдасын тигізбейтін материал болуы да мүмкін. Бұл да топтағы 1-2 студенттің ескертпесін көрсетеді. Мұндай кемшіліктер өте аз пайызды анықтап отырғанымен, осы пункттерді жетілдіру – оқытушының міндеті мен жауапкершілігін арттырады. Ол үшін аталған пункттер бойынша курс материалдары қайта қаралып, өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Сондай ақ тапсырмаларды бағалау талаптары да қайта қаралды.

Нәтижесінде, 2021 Күз семестрінде департамент талабы: 4.49 болып бекітілсе, оқытушы орташа бағасы: 4.75 болып, өте жоғары көрсеткішке көтерілгендігін көруге болады. Аталған пункттер бойынша да ескертпелер байқалмайды, студент қанағаттанушылығын көруге болады.

Жалпы, эксперимент алаңындағы курстардың материалдарын жетілдіру үздіксіз ізденісті талап етті.

Эксперимент нәтижесі анықтағандай, қарастырылып отырған арнайы зерттеуде, жетістіктерге жету жолында тақырыптардың дұрыс таңдалу мақсаттары жоғарыда аталды. Ол төмендегіше талаптарға негізделді:

– болашақ кәсібінде ғана емес, студенттің болашақ өміріне қажеттілік тұрғысында;

– мотивация тудыру мүмкіндігіне қарай;

– кәсіби тілдік қорды дамытушылық мүмкіндігіне қарай

– адамдармен кәсіби қарым-қатынас ережелеріне дағдыландыру қабілетіне қарай;

– рухани құндылықтарды бойға сіңіру мүмкіндігіне қарай;

– дұрыс шешім қабылдай алу дағдысын қалыптастыра алу мүмкіндігіне қарай.

Білім жетістіктерін тест тапсырмалары арқылы тексеру барысы төмендегіше жетістікті көрсетті.

Жеңілдік индексі – бұл студенттерге ұсынылған тест тапсырмасын орындау кезінде барлық тестілеушілер жинаған орташа ұпайлардың осы тапсырма бойынша ең жоғары баллға қатынасын көрсетеді. Бұл тәжірибе тестке әртүрлі күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды қосу оңтайлы болатындығын да анықтады.

Дискриминация индексі тест сұрақтарының мықты студенттерді әлсіз студенттерден ажырату қабілетін сипаттайды. Ол жеке тестілеушілердің орындау нәтижелері мен олардың жалпы тест бойынша алған бағалары арасындағы байланысты сипаттайды. Бұл бақылау түрінің мақсаты – студенттердің болашақ кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға қатысты қажет материалдарды қаншалықты меңгергенін анықтау. Сондықтан жеңілдік индексі де көтеріліп тұр. Бұл нәтиже тест мазмұнының жеңіл екендігін көрсетпейді, студенттердің материалдарды жақсы меңгергенін анықтайды. Себебі, тест мақсаты материалды қаншалықты меңгергенін тексеру мақсатында алынған (29-сурет).



Сурет 29 – Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға қатысты материалдарды қаншалықты меңгергенін анықтау бойынша тест нәтижесі

Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің нәтижелілігін анықтауға көмектесті. Қолданылған әдістер, интернет платформалар, технология т.б пайдалы болды.

Эксперимент нәтижелерін қорыта келе, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда ұсынылған ғылыми әдістемелік жүйенің жоғары нәтижеге жетуге жақсы мүмкіндік аша алатынын дәлелдеді. Студенттердің болашақ мансап жолында бәсекеге қабілеттілік танытып, өзін нағыз іскери тұлға ретінде танытуына дұрыс бағыт бере алды. Осы диссертацияда ұсынылған жаңа технология және жаңа парадигма болашақ маманның тек кәсіби қарым- қатынас дағдысын дамытып қана қоймай, рухани бай іскер тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Студенттердің жылдам дамып, өзгеріп жатқан қоғамда өз орнын тауып, заманауи өзгерістерге тез бейімделе алуына жол салды. Жаңа технологияларды, озық платформаларды қолдану арқылы білім берудің онлайн, офлайн форматында және аралас форматтағы режимінде кәсіби қарым-қатынас жасаудың тиімді дағдыларын меңгертуге мүмкіндік бере алды.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесінде сабақ процесінің дұрыс ұйымдастырылуы мен онда қолданылатын оңтайлы әдіс-тәсілдері де сапалы білім нәтижесіне жол ашады.

Бұл зерттеуде аталған тақырып бойынша болашақ маманның өз кәсібіне қажетті түрлі дағдылар қалыптастыру жолдары мен әдіс-тәсілдері зерделенді. Болашақ маманның тұлға ретінде танылуы ескеріліп, әмбебап іскер маман ғана емес, бай руханияттан хабары бар *рухани бай кәсіби маман моделі* ұсынылды.

Бұл тәсіл ретінде болашақ маманның мансап және кәсіби қызметте және күнделікті өмірде қарым-қатынастағы тамаша құрал рөлін атқара алатындығы дәлелденді.

Қазақстандық ауқымда ғана емес, әлемдік деңгейде орын алып отырған түрлі күрт өзгерістер кезеңінде, тіл сол халықтың дүниетанымын ғана емес, бүкіл болмысын айқындаушы құрал екені ескерілді. Осы тұрғыда жедел өзгерістерді тез қабылдап отырған тілдік кеңістіктегі қазақ тілінің лингвоелтанымдық бағытта оқытылуы маңызды екендігі дәлелденді. Бұл ғылыми жағынан қазақ тілін оқытудың, коммуникативтік-танымдық, когнитивтік, сөз мәдениеті, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру теорияларына сүйене келіп, негізінен, лингводидактиканың жаңаша сипаттағы қолданысын көздейді. Болашақ маманның қазақ халқының бай тілдік қоры да, ұлттық коды да сақталған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді білуі – рухани бай кәсіби тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Бұндай тілдік құндылықтарды өз кәсібінде, қарым-қатынаста оңтайлы қолдана алуы іскерлік дискурста жасалған бір тамаша мүмкіндік екені нақты мысалдармен тұжырымдалды.

Осы тарауда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуды әдістемелік тұрғыдан талдау және жаңа технологиялар арқылы жүзеге асыру мәселесі қаралды.

Кез-келген оқыту пәнінің өз теориясы, әдіс-тәсілі, методологиясы, қолданылатын технологиялары оқытудың ерекше әдістері мен сан түрлі ұйымдастырушылық түрлерін талап етеді.

Қазақ тілі әдістемесіне жол салушылардың бұлақ бастауы Ы. Алтынсариннен басталып, осы салаға түрлі ғалымдар қосқан үлесі сараланып, жалпы шолу жасалды. Осы әдістемелер ішінде осы зерттеу тақырыбының негізгі жетекші ұстанымы ретінде тілдің басты коммуникативтік қызметін жаңаша тұрғыда зерттеп, зерделеген, оқыту әдістемесіндегі тың теория мен жаңаша әдістемеге жол салған Ф. Оразбаеваның *«Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі»* басшылыққа алынды. Зерттеудің жаңаша әдістері мен жаңа технология мәселесі технологияның қарқынды дамуы ғасырында білімнің сапасын көтеруде қолданылатын оқыту әдіс-тәсілдерінің қажеттілігі және қазіргі заман жастары болашақ қызметіне қажет дағдыны озық технологиялар арқылы қабылдау талабы ескеріліп, жаңаша талапта қарастырылды. Жаңа технологиялар қазіргі студенттердің танымына, қабылдау, үйрену қабілеттері мен оңтайлылығына сай ұсынылды.

Білім берудің жаңа технологиялары сабақ сапасын арттыруда, кәсіби тұлғаның қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, көзделген түпкі нәтижеге жетуге бағытталды. Ол технологияландырылған оқыту жүйесіне бейімделді. Осыған сәйкес инновация түрлері сараланды.

Жүргізілген эксперимент нәтижесінің өз деңгейінде орындалуына КИМЭП Университеті тарапынан жасалған техникалық және технологиялық жағдайлардың *әлемдік деңгейде және әлемдік стандартпен* қамтылғандығы арнайы айтылды. Осының нәтижесінде, қолданыстағы негізгі технология ретінде, *Интерактивті желілік технология* ұсынылды. Интерактивті желілік технология қазір бүкіл әлемде қолданылатын қарым-қатынастың жаңаша формасы. Интерактивті желілік технологияның ерекшелігі – студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда жаңаша мүмкіндіктер бере алуында және жылдам түрдегі кері байланыс икемділігі, мотивация тудыра алуына негізделді. Практикалық қолданыстағы платформа ZOOM, E-Learning Moodle платформалары және қарапайым желілік құралдар L-drive, Whatsapp, e-mail, интернет электронды тақталары сияқты желілердегі нақты жұмыстар арқылы дәлелденді.

КИМЭП Университетінің негізгі қолданыстағы E-Learning Moodle платформасы бойынша білім беру нәтижелері осы экспериментке негіз болды. Қолданыстағы осы платформаның қазіргі заман талабына сай жан-жақтылығы мен мүмкіндігі бойынша нақты жасалған жұмыс түрлері көрсетілді. Платформа артықшылығы, оқытушы және студент үшін де түрлі қажетті қосымшалардың бір жерге топтастырылуы, интернеттен қажетті платформаларды қатар қолдана, кіріктіре, біріктіре қолдану мүмкіндігі нақты тәжірибелік жұмыстар арқылы ұсынылды.

Білім берудің жаңа технологиясы осы E-Learning Moodle платформасын қолдану бойынша: курс дизайны, курс материалдарының орналасуы, студентпен кері байланыс оқу процесіне қажетті дүниенің бәрі жаңа интерактивті желілік технологияға бейімделді. Бұл технологияны оқу процесінде толық қалыптастыру мақсатында осы саланы зерттеуші ғалымдар ұстанымдары басшылыққа алынып, ғылымилық ұстанымы, көрнекілік ұстанымы, үздіксіздік және жүйелілік ұстанымына негізделді. Сондай-ақ, қолжетімділігі: қабылдаудың эргономикалылығына негізделді. Бұл – орналастырылған материалдардың студент алатын сапалы білім қажеттілігіне айналуы. E-Learning Moodle платформасында *курстың интерактивті элементтері мәзірі ұсынылды.*

Аталған интерактивті желілік технология мүмкіндіктері толықтай түрде кестеде жинақталып ұсынылды.

Интерактивті желілік технологиямен оқытудың әлемдік пандемияға дейін, онлайн форматқа көшпей тұрғанға дейінгі жағдайы да қарастырылды және оқытушы парақшасында курсты пайдалану мысалы ұсынылды.

Жаңа технологиямен білім беруде студент белсенділігін тудыруы, жаңа қоғамға тез бейімделуі, бәсекеге қабілеттілігі, сапалы да жан-жақты білім алуға жол аша алатындығы тұжырымдалды.

Осы тарауда аралас оқыту (гибрид оқыту, *blended learning*) де қарастырылып, нақты тәжірибе мысалында артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілді.

Осы зерттеу жұмысында ұсынылған интерактивті желілік технологияның онлайн форматтағы қолданысы мен нәтижесі курсты басқару, студенттерді

қызықтыру және ынталандыру, студенттердің интерактивті желілік ортаға жарамдылығын бағалау, *бірнеше интернет платформаларды қатар пайдалану, зум* мүмкіндіктерін тиімді қолдану, Miro, AWWApp, Limnu, Autodraw, GYNZY, Whiteboard.fi, Jamboard, Padlet сияқты онлайн интерактивті тақталарды, QR code арқылы штрих-кодтың интерактивтілік рөлі нақты тәжірибелік мысалдар арқылы ұсынылып, нәтижесі ретінде онлайн курс артықшылықтары мен кемшіліктері сараланып көрсетілді. Жаңа инновацияға негізделген технологиялар тек студент белсенділігін тудырып қоймай, болашақ қажеттілігіне сай болуы көзделді. Әлемдік ғаламдану үдерісі мен шет тілдерін оқыту әдістемесі әкелген белсенді әдістерге сай сабақта ұнтаспа материалдарын, бейнематериалдарды, мультимедия құралдарын пайдалану да мысалдармен берілді. Бірнеше процесстің тоғысуы арқылы туындайтын *есіп-көру синтезі* көптеген ғалымдар пікірлері бойынша түсіндіріліп, бұл арқылы *тілді оқытудағы жағымды әсерді қалыптастыруға* болатындығы дәлелденді. Тілді оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері бойынша *жобалау әдісі кейс-жағдаят* түрінде ұсынылды. Кәсіби қарым-қатынасты дамыту үшін қазақ тілі сабағында болашақ маманның, тұлғаның дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынды. Және түрліше жаттығу түрлері ұсынылды. Зерттеу тақырыбына жоғарыда атап өткендей, кәсіби жаттығулардың тақырыптық қамту аясы өте кең ауқымда сан алуан салада болды. Сондай-ақ Ұлттық аударма бюросы дайындаған «Қазақстанның ашық университеті» сайты бейнематериалдары мен аудиокітаптарын пайдалану тәжірибесі ұсынылды. Бірегей идеяларды таратуды мақсат еткен, мықты спикерлердің сөйленген сөздерін әлемдік деңгейде тарататын TED бағдарламасы материалдары бойынша «Өзін-өзі бағалау» тақырыбы Меган Рамзи сөзі (Қосымша F), Катрин Шульцтің, «Қателіктен үйренуіміз керек», «Дағдарыс: Адами қорлар дағдарысы» т.б. ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғам мен заман үздіксіз өзгерістерден тұратыны – заңдылық. Бүгінгі студент ертеңгі маманның кәсіби қарым-қатынас дағдыларының толық қалыптасуы қай заманда да өзекті мәселе. Осы тақырыпты жан-жақты зерттеу, зерделеу барысында мынандай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

Бірінші, қарастырылған тақырып лингвистика, дидактика, психология, әлеуметтаным, педагогика, андрагогика, аксиология, акмеология, философия ғылымдары салаларымен тығыз байланыста қарастырылып, осы бағыттағы ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектердегі теориялық қағидалар әдіснамалық тұрғыдан сараланып талданып, нақты тұжырымдар жасалды.

Екінші, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге арналған кәсіби-іскери тілдік тұлға деңгейіне сай ғылыми-әдістемелік жүйе жасалды;

Үшінші, студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту үдерісін онлайн және офлайн оқыту форматында тиімді үйлестіру арқылы тілдік тұлғаның кәсіби, іскери қатысымдық құзыреттілігін дамытуға, нәтижелілігін арттыруға арналған арнайы курстардың мазмұны айқындалып, ұсынылған дидактикалық тапсырмалар мен жаттығулар болашақ кәсіби маманның өз ісінде қолданымдылық сипатқа негізделіп, тілдесімге шығуда нәтижеге жету мақсатында ұсынылды;

Төртінші, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда қолданылатын тілдесімдік тақырыптар мен сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдары әлемдік деңгейде сынақтан өткен дағдылар негізінде анықталды.

Бесінші, қазақ тілін оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде Абайдың «толық адам» концептісі және Конфуцийдің «ізгілікті кісі» ілімдері бойынша және ұлттық құндылықтар мен фразеологиялық тіркестерді іскерлік дискурстағы қолданымдылығы негізінде *рухани бай кәсіби тұлға* моделі жасалды.

Алтыншы, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде жаңа заманға лайықталған онлайн оқыту және офлайн оқытуда қолданылатын *интерактивті желілік технология* атты жаңа әмбебап технология ұсынылды.

Жетінші, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесі бойынша ғылыми терминдер жасалып, ғылыми айналымға енгізілді. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері эксперимент арқылы дәлелденді.

Жүргізілген зерттеулер, эксперимент барысында алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде дамудың, жоғарылаудың бар екендігін анықтап отыр. Осы қарастырылған тақырып бойынша диссертациялық зерттеу дамытуға, жетілдіруге тиіс мәселелерді барынша қамтуға тырысты. Дегенмен әлі де дамытуға тиіс қырлары бар екендігін айту керек. Көптеген мінберлерде болашақ маман дайындау мәселесінде қазақ тілін оқыту, үйрету әдістемесін ағылшын тілін

үйрету әдістемесімен салыстыру арқылы катал сындар айтылып жүр. Бұл сын әдістемелік тұрғыдан – дұрыс. Бірақ қазақ тілі курстарын оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Ағылшын тілінің әдістемесін дамыту, үйрету мәселесі бүкіл әлемдік деңгейде саясат құралы да, үлкен индустрия құралы, қарым-қатынастағы қажеттілік құралына айналғаны – шындық. Түрлі салада қазақ тіліне деген қажеттілік мәселесі әлі де өз шешімін таппай отыр. ҚР Білім беру салалары тұрғысынан келгенде, қазақ тілін оқытуда болашақ мамандық бойынша тілдік дағды қалыптастыратын міндетті пәндер де, таңдау пәндері де мемлекеттік стандарт бойынша қарастырылуы тиіс. Бұл мәселеде бірнеше ұсыныстар жасауға болады:

1. ЖОО-да қазақ тілін болашақ мамандық саласына кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту бағытында дайындайтын арнайы курстар ашу;

2. Қазақ тілі оқу құралдарын(түрлі мамандықтар бйынша) жазатын, дайындайтын қазақ тілі мамандарынан құралған арнайы бірнеше авторлар тобын құру;

3. Авторлар құрамын гранттық қаржыландыру арқылы шет елдерде ағылшын тілі курстарынан өткізу, ағылшын тілін үйрену, әдістемесін үйрету курстарына жіберу, осы мақсатта шетелдік үздік университеттермен келісімшарттар жасау;

4. Дипломды қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын осылай дайындауды дәстүрге айналдыру;

5. Қазақ тілін оқытудың сапалы оқу құралдарын шығаратын арнайы баспа ашу(кітап, бейне, аудио форматтарды дайындау);

6. Қазақ тілін оқуға, үйренуге мотивация тудыра алатын Отандық интернет ресурстар мен интернет платформалар дайындау (интерактивті ойындар, дыбысты интерфейсдер, интерактивті тақталар, түрлі қосымшалар т.б.);

7. Қазақ тілін оқытуға арналған сериялы оқыту құралдарының барлық түрлерін жыл сайын жаңаша өзгерістер енгізу арқылы қайта шығарып отыру;

8. Қазақ тілін оқыту құралдары қамтитын білім мазмұны қазақ халқының ұлттық құндылықтарына негізделуі.

Шет тілдерін оқыту әдістемесінде ағылшын тілін оқытудың сан түрлі құралдары жасалған. Және ол жыл сайын өзгерістермен, миллиондаған тираждармен қайта шығарылады. Осы қарапайым тәсіл және ағылшын тіліне деген қажеттілік тудыру мәселесі нәтижесінде ағылшын тілі әлемдік деңгейде сұранысқа да ие болып отыр. Қазақ тілін оқыту, дамыту мәселесінде ағылшын тілінің әдістемесін алу арқылы қазақ тілін оқытуды, дамытуды, үйретуді толық жолға қою аздық етеді. Себебі, бірінші кезекте, қазақ тілін оқытудың, қазақ тілін дамытудың, қазақ тілін үйретудің, қажетті құралдарының барлық түрін сапалық та, сандық та деңгейін көтеру керек. Ол үшін қазақ тілі мамандарына кәсіби даму тұрғысында мемлекет тарапынан материалдық та, моральдық та қамқорлық пен қолдау керек.

Қорыта айтқанда, осы диссертацияда арнайы зерттеу болған студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесі қазіргі жаңаша даму заманында күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелер

қатарында. Сондықтан бұл саланы болашақта әлі де дамыту, ғылыми тұрғыдан зерттеу жалғасуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №604 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>. 19.06.2020.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №726 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>. 19.06.2020.
- 3 Баласағұн Ж. Әдеби жәдігерлер: 20 т. / көне түркі тіл. ауд. А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – Т. 5. – 536 б.
- 4 Дусчанов Б. Абу Али Ибн Сино – гениальный исток педагогической мысли // Народное слово. – 2008. – №19. – С. 369-371.
- 5 Ал-Хорезми М. Астрономические трактаты. – Ташкент: Фан, 1983. – 142 с.
- 6 Йөгнеки А. Ақиқат сыйы: түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.
- 7 Құнанбайұлы А. Қара сөз. – Алматы: Ел, 1993. – 267 б.
- 8 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 9 Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – Т. 2. – 376 б.
- 10 Байтұрсынұлы Ахмет. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 11 Бөкейханов Ә. Шығармаларының толық жинағы: 7 т. – Астана: Сарыарқа, 2010. – Т. 5. – 560 б.
- 12 Жұмабаев М. Педагогика: монография. – Алматы: Рауан, 1992. – 154 б.
- 13 Архангельский С.И. Теоретические основы научной организации учебного процесса. – М.: Знание, 1975. – 42 с.
- 14 Пискунов А.И. Советская историко-педагогическая литература (1918-1957). – М.: Академия, 1960. – 559 с.
- 15 Слостенин В.А. Введение в педагогическую аксиологию: учеб. пос. – М.: Академия, 2003. – 185 с.
- 16 Загвязинский В.И. Противоречия процесса обучения. – Свердловск: Высшая школа, 1971. – 181 с.
- 17 Краевский В.В. Методология педагогики: пос. – Чебоксары: Изд-во Чуваш унив-та, 2001. – 244 с.
- 18 Кан-Калик В.А. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 1990. – 144 с.
- 19 Никандров Н. Педагогические особенности лекции в массовой аудитории // Советская педагогика. – 1990. – №9. – С. 741-747.
- 20 Беспалько В.П. Основы педагогических систем: проблемы и методы психол.-пед. обеспечения техн. обучающихся. – Воронеж: Воронежский университет, 1977. – 304 с.

- 21 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 191 с.
- 22 Вербицкий А.А. Методические рекомендации по проведению деловых игр. – М., 1990. – 46 с.
- 23 Кларин М.В. Стандарт профессии педагога-библиотекаря. Вызовы глобального мира. Профессиональные стратегии педагога-библиотекаря // Школьная библиотека. – 2014. – №9(10). – С. 48-63.
- 24 Образцов П.И., Иванова О.Ю. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку на неязыковых факультетах вузов: учеб. пос. – Орел: ОГУ, 2005. – 114 с.
- 25 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учеб. пос. – М., 1998. – 256 с.
- 26 Смирнов С.А. Технология наглядно-модельного обучения математике. – Ярославль, 1998. – 312 с.
- 27 Якминская И.С. Разработка технологии личностно-ориентированного обучения // http://koi.tspu.ru/koi_books/nikolskaya2/rtloo.htm. 15.09.2021.
- 28 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
- 29 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана, 1991. – 179 б.
- 30 Оразбаева Ф.Ш. Тілтамыр: лекциялар курсы. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т. 4. – 472 б.
- 31 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: ғыл. монография: 5 т. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т. 2. – 584 б.
- 32 Аяпова Т. Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2003. – 305 б.
- 33 Ильясова Н. Қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктер: когнитивтік аспектісі: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 270 б.
- 34 Жолшаева М. Функционалды грамматика: оқу құр. – Алматы: Print Word, 2016. – 137 б.
- 35 Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.
- 36 Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті: оқу құр. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.
- 37 Абдулжанова З.А. Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2013. – 150 б.
- 38 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
- 39 Болғанбаев Ә. Насихатшының тіл шеберлігі жайында. – Алматы, 1972. – 35 б.
- 40 Қосымова Г. Шешендік өнер негіздері, – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 248 б.
- 41 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: монография. – Алматы; Ғылым, 1998. – 196 б.
- 42 Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 169 б.
- 43 Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениетін оқыту: ғылым мен білім тоғысында: монография. – Алматы: РАД и АЛ баспасы, 2007. – 216 б.

- 44 Құрманова Н. Шешендік өнерге баулу. – Ақтөбе, 2003. – 50 б.
- 45 Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғарғы мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: 13.00.02: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2005. – 50 б.
- 46 Ерхожина Ш. Студенттердің кәсіби қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру-модульдік технологияның түпкі нәтижесі // Ұлағат журналы. 2014. – №4. – Б. 42-49.
- 47 Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2002. – 280 б.
- 48 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 176 б.
- 49 Сатбекова А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханаларда жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы 2009. – 260 б.
- 50 Балтабаева Ж. Тіл дамыту: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2018. – 260 б.
- 51 Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың негіздері: 13.00.02: пед. ғыл. ... дис. – Астана, 2008. – 290 б.
- 52 Оразахынова Н. Сатылай комплексті талдау – қазақ тілінің технологиясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – №5. – Б. 22-56.
- 53 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 328 б.
- 54 Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2001. – 246 б.
- 55 Жұбаева О.А. Байтұрсынұлы – қазақ тілі біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы // А. Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімінің көшбасшысы: халық. ғыл. әдістем. конф. матер. – Алматы, 2012. – Б. 175-183.
- 56 lukashova S. Fostering strategic competence in teaching//Bilding Cultural Bridges. International Conference proceedings. –Almaty. 2009. P. 133-140.
- 57 Кун Т. Структура научных революций / пер. с англ. – М.: Издательство АСТ, 2003. – 605 с.
- 58 Кови С.Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері / ағылш. тіл. ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. –352 б.
- 59 Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6 т. – М.: Педагогика, 1988. – Т. 1. – 416 с.
- 60 Байтұрсынұлы А. Тіл– құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
- 61 Петровский А.В., Абраменкова В.В., Горбатенко Т.М. и др. Психология развивающейся личности. – М.: Педагогика, 1987. – 238 с.
- 62 Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: в 2 т. – М.: Педагогика, 1983. – Т. 1. – 391 с.
- 63 Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 1999. – 384 с.

- 64 Бекеева Н.Ж. Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәні // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. – 2019. – №4(70). – Б. 420-427.
- 65 Daft R.L. Management. – Ed. 6th. – Cincinnati: Thomson South-Western, 2003. – 784 p.
- 66 Горянина В.А. Психология общения: учеб. пос. – М.: Академия, 2005. – 415 с.
- 67 Chodzkiene L. What every student should know about intercultural communication. – Vilnius, 2014. – 261 p.
- 68 Панфилова А.П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: учеб. пос. – СПб.: 2001, – 496 с.
- 69 Бове К.Л., Тилл Дж. Қазіргі бизнес-коммуникация / ағылш. тіл. ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, – 736 б.
- 70 Бекеева Н., Kucherbayeva D., Orazbayeva F. et al. Sequence of telephone openings in the workplaces in a Kazakh community // Opcion. – 2019. – Vol. 19, Issue 35. – P. 332-361.
- 71 Connelly J. The New Generation: Youthful Attitudes, Sobering Realities // <https://www.nytimes.com/2003/10/28/jobs/the-new-generation>. 15.07.2021.
- 72 Дәдебаев Ж. Таңдамалы шығармалар: 2 т. – Алматы: Өнер, 2008. – Т. 1. – 352 б.
- 73 Новиков А.М. Методология образования. – М., 2002. – 247 с.
- 74 Штофф В.А. Моделирование и философия. – М.; Л.: Наука, 1966. – 302 с.
- 75 Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание / пер. с англ. – М.: Прогресс, 1988. – 506 с.
- 76 Таубаева Ш.Т. Жоғары білім беру саласы саясатындағы инновациялық бағыттар // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №3. – Б. 3-11.
- 77 Климов Е.А. Психология профессионала: избр. психол. тр. – М.; Воронеж: НПО МОДЭК, 1966. – 400 с.
- 78 Куницын В.Г. Верность правды: о гражд. активности совр. прозы. – М.: Знание, 1980. – 63 с.
- 79 Бекеева Н.Ж., Түндікбаева Б. Абай және Конфуций мұраларындағы ортақ сыншылдық көзқарасты болашақ маман дайындауда пайдалану маңыздылығы // Proceed. 5th internat. Congr. on Social Sciences, China to Adriatic. – Токуо, 2017. – P. 146-151.
- 80 Кұнанбаев А. Шығармалары // <https://kitap.kz/author/265>. 23.07.2022.
- 81 Ақыштай Ә. Құнзы мұралары. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2020. – 230 б.
- 82 Әуезов М. Шығармалар жинағы: 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т. 16. – 400 б.
- 83 Переломов Л.С. Конфуций «Лунь юй»: исслед. / пер. с кит. – М.: Восточная литература РАН, 1998. – 588 с.
- 84 Меркулов И.П. Когнитивная наука // В кн.: Новая философская энциклопедия: в 4 т. – М.: Мысль, 2001. – Т. 2. – С. 264-265.
- 85 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 260 б.

- 86 Аманжолов С.А. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 87 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
- 88 Ellis A. Rational Emotive Behavior Therapy // <https://exploringyourmind.com/albert-ellis-rebt-rational-emotive-behavior-therapy/>. 15.07.2020.
- 89 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
- 90 Самохина И.А. Языковая интерференция: обзор исследований в лингвистике // Вестник Тверского государственного университета. – 2018. – №4. – С. 90-96.
- 91 Бекеева Н., Eskalieva A., Akbembetova G. және т.б. Speech Interference Generated by Proverbs and Phraseological Units of the Russian and Chinese Languages // International Journal of Society, Culture & Language. – 2021. – Vol. 9, Issue 2. – P. 29-40.
- 92 Құрманбайұлы Ш.Ж., Жақыпов Т., Ермакова О. және т.б. Сөзтүзер. – Нұр-Сұлтан: Форма Плюс, 2021. – 402 б.
- 93 Литвинов П.П. Как быстро выучить много английских слов. – М.: Айрис-Пресс, 2011. – 144 с.
- 94 Кушнир А. Педагогика. – М.: Народное образование, 2022. – 186 с.
- 95 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 518 б.
- 96 Оразбаева Ф. Деңгейлік қазақ тілі: ғылыми-әдістемелік зерттеу. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т. 5. – 560 б.
- 97 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методтерминов и понятия: теория и практика обучения языкам. – М.: Изд-во Икар, 2009. – 448 с.
- 98 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 224 б.
- 99 Солнцев В.М. Язык – как системно-структурное образование. – Изд. 2-е, доп. – М.: Наука, 1977. – 340 с.
- 100 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
- 101 Дулатов М. Шығамалары. – Алматы: Жазушы, 1991 – 385 б.
- 102 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Т. 4. – 448 б.
- 103 Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. – 370 б.
- 104 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2000. – 712 с.
- 105 Вятчютьнев М.Н. Методические основы теории школьного учебника русского языка как иностранного: дис. ... док. пед наук: 13.02.02. – М.: Русский язык, 1983. – 270 с.
- 106 Платонов К.К. Мои личные встречи на великой дороге жизни: воспоминания старого психолога. – М.: Институт психологии, 2005. – 308 с.
- 107 Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6 т. – М.: Педагогика, 1984. – Т. 4. – 432 с.
- 108 Рубинштейн Л.С. Основы общей психологии. – М., 1940. – 595 с.

- 109 Құманбаева Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркестері синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док ... дис. – Алматы, 2004. – 369 б.
- 110 Беляев Б.В. Новое в психологии обучения иностранным языкам // В кн.: Психологические и психолингвистические проблемы владения и овладения языком. – М.: Изд-во МГУ, 1969. – 232 с.
- 111 Песталоцци И.Г. Әлемдік педагогикалық ой-сана: 10 т. / англ. тіл. ауд. – Алматы: Таймс, 2008. – Т. 5. – 400 б.
- 112 Әл Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» // Кіт.: Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1987. – 469 б.
- 113 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- 114 Гуревич П.С. Антропоцентризм как философская позиция // В кн.: Философская антропология. – М.: Омега-Л, 2010. – 607 с.
- 115 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / пер. с нем. – М.: Погресс, 2000. – 400 с.
- 116 Хайдеггер М. Работы и размышления разных лет / пер. с нем. – М.: Гнозис, 1993. – 333 с.
- 117 Соссюр Ф.де. Заметки по общей лингвистике / пер. с фр. – М.: Прогресс, 2000. – 280 с.
- 118 Витгенштейн Л. Логико-философский трактат / пер. с нем. – М.: Иностранная литература, 1958. – 133 с.
- 119 Аристотель. Әлемдік философиялық мұра: 20 т. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 3. – 568 б.
- 120 Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы / фр. тіл. ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 360 б.
- 121 Аристотель. Риторика. – М.: Лабиринт, 2000. – 221 с.
- 122 Аристотель. Сочинения: в 4 т. – М.: Мысль, 1983. – Т. 4. – 830 с.
- 123 Шлейермахер, Ф. Герменевтика. – СПб.: Европейский Дом, 2004. – 242 с.
- 124 Ницше Ф. Смешанные мнения и изречения // <https://www.nietzsche.ru/works/main-works/mixed-opinions/>. 19. 06.2020.
- 125 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар / құраст. Р. Сейсенбаев. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. – 288 б.
- 126 Ломоносов М.В. Избранные сочинения / сост. Т.П. Аранзон. – М.: Фонд поддержки экономического развития стран СНГ, 2008. – 304 с.
- 127 Аманжолов С.А. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 128 Descartes R. Regulae ad directionem ingenii: 2 v. – М.: Mysl, 1989. – Vol. 1. – 658 p.
- 129 Гоббс Т. Философские основания учения о гражданине. – М.: АСТ, 2001. – 304 с.
- 130 Соссюр Ф.Де. Курс общей лингвистики. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.
- 131 Гегель В.Ф. Сочинения: в 14 т. – М., 1939. – Т. 3. – 466 с.

- 132 Мырзахметұлы М. Абайдың «толық адам» ілімі бізді аласапыран дүниеде адастырмай, тура жолға бастайды // <https://www.inform.kz/kz/abaydyn-tolyk-adam-ilimi-bizdi-alasapyran> 15.06.2021.
- 133 Афоризмы (Эпиктет) // <https://ru.wikisource.org/wiki>. 13.09.2021.
- 134 Лемберг Р.Г. Вопросы методики урока. – Алма-Ата: Госиздат, 1957. – 84 с.
- 135 Поллард Э. Рефлексивті оқыту негіздері. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. – 728 б.
- 136 Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 137 Bekeyeva N., Bissengali A., Nurdauletova. et al. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis // International Journal of Society, Culture & Language. – 2021. – Vol. 9, Issue 2. – P. 29-40.
- 138 Оразбаева Ф., Бекеева Н. Қазақ тілін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде оқыту және лингвоелтаным бағыты // Эль Фараби ҚҰУ Хабаршысы. – 2018. – №3(171). – Б. 192-197.
- 139 Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі: лексика-функционалды ракурс. – Алматы: Арыс, 2008. – 256 б.
- 140 Битэм Э., Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XX ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 328 б.
- 141 Кречетников К.Г. Педагогический дизайн и его значение для развития информационных образовательных технологий // Применение новых технологий в образовании: матер. 16-й междунар. конф. – Троицк, 2005. – С. 135-136.
- 142 McTighe J., Wiggins G. The Understanding by Design Handbook. – Alexandria, VA, 1999. – 281 p.
- 143 Шунк Д.Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.
- 144 Jonassen D.N., Pesk R.L., Wilson B.G. Learning wits technology constructiivist perspective. – New Jersey, 1999. – 234 p.
- 145 Napier N.P., Dekhane S., Smith S. Transitioning to blended learning: understanding student and faculty perceptions // Journal of Asynchronous Learning Network. – 2011. – Vol. 15, Issue 1. – P. 20-32.
- 146 Толоконников В.А. Влияние формы аудиовизуальной информации на усвоение учебного материала: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – М., 1992. – 188 с.
- 147 Лотман Ю.М. Семиотика кино и проблемы киноэстетики. – Таллин: Ээсти раамат, 1973. – 135 с.
- 148 Cooper R., Lavery M., Rinvoluer M. Video (Resource Books For Teachers) // <https://www.amazon.co.uk/Video-Resource-Teachers>. 25.03.2022.
- 149 Бекеева Н. Кәсіби тілдік дағды қалыптастырудағы бейнематериалдарды пайдаланудың белсенділік пен уәждеме тудыру әсері мен интеграциялылығы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ. – 2017. – №4(62). – С. 245-250.

150 Бекеева Н. Болашақ маманның презентациялар жасау дағдысын дамыту // Рухани жаңғыру бағдарламасы және Астананың 20 жылдығы аясында Қазіргі интеграциялық үдерістер және тіл мәртебесін арттыру: халық. ғыл.-практ. конф. матер. – Астана, 2018. – Б. 157-161.

151 Пеннак Д. Как роман: педагогическое эссе / пер. с фр. – М.: Самокат, 2013. – 160 с.

152 Скалкин, Рубинштейн Г.А. Основы обучения устной иноязычной речи // Русский язык за рубежом. – 1983. – №6. – С. 88-90.

153 Горький М. Человек уши которого заткнуты ватой: собр. соч.: в 30 т. – М.: Худ. Лит-ра, 1953. – Т. 25. – 315 с.

154 Мешімбаева Б.Ш. Гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлесуге үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 163 б.

155 Наркұлова Б.А. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 150 б.

156 Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М.: Рус. яз., 1989. – 276 с.

157 Сергеева О.Е. Лигвистические основы коммуникативного-игрового метода обучения русскому языку как иностранному детей дошкольного возраста: дис. ... док. пед наук: 13.00.02. – М., 2004. – 486 с.

ҚОСЫМША А

Анықтама (Ендіру актісі)



«БЕКІТЕМІН»

КИМЭП УНИВЕРСИТЕТИ
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР
Факультетінің директоры



Ж. Смагулова

2022 ж.

«6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Бекеева Нұрайша Жүсіпқызының «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі» диссертациялық жұмысының тәжірибелік сынақтан өтуі туралы

АНЫҚТАМА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Бекеева Нұрайша Жүсіпқызының «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі» атты докторлық (Phd) диссертациясының тәжірибелік-эксперименттік жұмысын (айқындау, қалыптастыру (оқу іс-әрекеті) және қорытынды эксперименті) КИМЭП Университеті, Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультеті KAZ2002 «Іскерлік қазақ тілі (Business Kazakh)» және KAZ2005 «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» (Public Speaking in Kazakh) курстары студенттерінің қатысуымен (2019-2021) жүргізілгендігін растаймын.

Ғылыми істер комитеті төрағасы

М. Шегебаев

Кәсіби даму комитеті төрағасы

Н. Қосылғанова

☎ NJSC "KIMEP University"
4 Abay Avenue, office 228,
Dostyk building,
050010, Almaty,
Republic of Kazakhstan

☎ tel.: +7 (727) 270 43 68

✉ ic-asst@kimep.kz

☎ "КИМЭП Университеті" БАҚ,
Абай даңғылы, 4, офис 228,
Достық ғимараты, 050010,
Алматы қ-сы,
Қазақстан Республикасы


☎ тел.: +7 (727) 270 43 68

✉ ic-asst@kimep.kz

☎ НАО "Университет КИМЭП"
проспект Абая, 4, офис 228,
Здание Достык,
050010, г. Алматы,
Республика Казахстан

☎ тел.: +7 (727) 270 43 68

✉ ic-asst@kimep.kz

 www.kimep.kz

ҚОСЫМША Ә

Салыстырмалы-статистикалық сауалнама -1,2

Салыстырма сауалнама -1

Салыстырмалы сауалнаманың мақсаты – студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысының жетілуі және мансаптық өсуге дайындығын анықтау.

Сауалнама КИМЭП Университеті 18-19 жастағы «Іскерлік қазақ тілі» курсы алушы 55 студент арасында таратылды.

Ұсынылған дағдыларды қайда қалыптастыра алдыңыз: мектепте, университетте?

Кесте Ә.1 – Студенттер жауаптары нәтижесі былайша болды

Ұсынылған қарым-қатынас дағдыларын қайда қалыптастыра алдыңыз?	Мектепте, %	Университетте, %
Топтық жұмыста басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары	15	85
Ұстамдылық: өзін-өзі басқара алу дағдысы	17	55
Кәсіби салада, көпшілік алдында сөйлеу дағдысы	27	73
Өз жеке пікірін білдіру: сыни тұрғыдағы пікірі, түрлі мәселелерді талқылау барысында пікір білдіру, әріптестерді қолдау, қорғауға қажетті дағдылары	20	80
Тез шешім қабылдай алу дағдылары	10	90

Салыстырма сауалнама-2

Салыстырмалы-сауалнаманың мақсаты – студенттердің аудиторияның алдында, көпшілік алдында сөйлеу қабілеттері мен дағдыларының, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Сауалнама сұрағы: *«Көпшілік алдында сөйлеуде қалайсыз?: қиналамын; өзімді еркін сезінемін; сасқалақтаймын».*

Сауалнамаға қатысушылар: «Іскерлік қазақ тілі» курсының 50 студенті.

Кесте Ә.2 – Семестр басындағы көрсеткіш

<i>Көпшілік алдында сөйлеуде қалайсыз?</i>	<i>Қиналамын</i>	<i>Сасқалақтаймын</i>	<i>Өзімді еркін сезінемін;</i>
-	85%	12%	3%


Бұл сұрақтың жауаптары нәтижесі студенттердің көпшілігінің, яғни (97%-ы) аудитория алдында сөйлеудің қиындық туғызатынын және сөйлеу барысында тосылып, сасқалақтайтынын(математикалық қабілеттері жоғары

студенттер) айтты. СӨЖ жұмыстары және түрлі аудиториялық тапсырмалардан соң семестр аяғында бұл көрсеткіш төмендегіше 27%-ды құрады.

Осы сауалнама нәтижесі де студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытуда жетілдіруге тиіс жұмыс түрлерінің бар екендігін анықтауға өз үлесін қоса алды. Студенттердің көпшілік алдында түрлі хабарламалар жасауда, баяндамалар жасауда, жұмысқа қатысты мәселені талқылауда, презентациялар жасауда қиындықтар туындайтынын көрсетті. Бірақ көпшілік (73%) аудитория алдында сөз сөйлеуді қалайтынын айтты. Сауалнаманың *«Кей кездерде адамдармен түсінбестік, конфликт, ұрыстар болып тұра ма?»* деген сұрауына 92%-ы *«иә»* деп жауап берді.

ҚОСЫМША Б

Студенттер танымындағы Абай мен Конфуцийдің сыншылдық көзқарасын салыстырудағы креативтілікке құрылған тапсырмалар



Сурет Б.1 – Абай және Конфуций



Сурет Б.2 – Бес асыл іс



Сурет Б.3 – Ізгіліктің негізгі жолдары



Сурет Б.4 – Бойды аулақ салуға керек қасиеттер



«Ар ұялар іс қылмас».

«Кімнің ізгілігі тұрақты болмаса, ол кісі ұятқа қалады».

«Алысты ойлай алмаған адамның қаупі тап қасынан шығады».



Сурет Б.5 – Абай мен Конфуций, парақ 1



«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан сақтанбақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – намыссыздық.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Намыссыздық – күллі адамзаттың ең қас жауы».

«Пайдалы құмарлық үш түрлі болады.

- Әдеп-иба мәселесіне құмарлық;
- Басқа адамдардың артықтығын айтуға құмарлық;
- Жақсы достарды көбейте беруге құмарлық.

Зиянды құмарлық:

- текаппарлыққа құмарлық;
- Бос сенделуге құмарлық;
- шектен тыс татымас іске құмарлық».

«Қайырымды адам тоғыз нәрсені: анық көруі; анық істеуі; оның жүзі ақжарқын болуы; оның іс – қылығы ізетті болуі; сөзі шынайы болуы; оның қимылы сақ болуы; күдік туған кезде өзгелерден сұрау қажеттігі; ашу-ызаның зардабы неге әкеліп соқтыратыны есінде болуы; пайда табуға мүмкіндік бар кезде әділеттілік қажет екені туралы».



«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы».

«Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз...».

«Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез».

«Оқымыстылық, ұмтылыстың табандылығы, ізденгіштік, барлық жақындар үшін қамқорлық. Адамгершіліктің өзі – осы».



«Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
жұрт айтса болды.
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз.
Болмаған соң айтпа сөз».

«Ян Хуэй маған көмектесе алатын адам емес. Ол менің сөзімнің бәрін қуана қуаттаушы еді».



Сурет Б.5, парақ 2

ҚОСЫМША В

СӨЖ талаптары мен бағалау өлшемдері

СӨЖ-1

«Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курсы

«Мені толғандырған мәселе» жайлы видео-сұхбат.

СӨЖ мақсаты: Белгілі бір тақырыпта өзекті мәселе жайлы сөз қозғай алу, тығырыққа тіреген мәселенің түйінді шешімдерін ұсына білу дағдысын қалыптастыру.

Кесте В.1 – 1-кезеңде: видеосұхбатты тапсыру

Қандай талаптар қойылады?	Бағалау пайыздары
Тақырыптың өзекті, проблемалы болуы. Таңдап алған проблеманы видеосұхбатта барынша толық аша алуы	2
Сол проблема бойынша маңызды және өткір 6-7-сұрақ болуы. Жауаптарда өзі зерттеген статистика, мысалдарды қолдануы. Сұхбатшылардың сұрақтар мен жауаптарда кезектесуі	2
Проблеманың дұрыс шешімін ұсына білуі	2
Сөз саптауы: шеберлік, тапқырлық, шешендікпен аудиторияны ойланта алуы. Өзіндік пікір, ойтүйін болуы	2
Видеосұхбаттағы креативтілік, басқа топтан өзгешеліктің болуы	1
Ашық, таза, дұрыс интонация	1

2-кезеңде: сұхбат жазбаша толық нұсқасы мен видеосілтемесін тапсыру.

Бағалау мен талаптар:

Видеосұхбат талаптары мен бағалау: 10%

Тапсыру уақыты: белгіленген кесте бойынша

СӨЖ-2 «Менің руханиятым» (3-4 студент видео-сұхбат форматында)

Бөлінетін уақыт: 5-6 мин.

Кесте В.2 – Бағалау талаптары мен өлшемдері - 10%

Талаптар	Бағалау пайызы
Жалпы таңдалған тақырып және шешендік сөздер маңыздылығы	2,5
Сұхбат мәдениетіне сай болуы : сөз бастау, өзара байланыс, сөз бөлмеуі. әдемі әңгіме өрбіте алуы, жалғастыруы, дәлелді қоштауы, ойтүйін шығара алуы	3,5
Сөз саптау ерекшелігі: шеберлігі, шешендігі, тапқырлығы, дауыс ырғағының жақсы әсері	3
Сәтті қорытынды сөз	1

Қорытынды бақылау: шығармашылық бағытта.

Бұл жұмыс қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевқа арналады:

Тақырыбы: «Менің танымымдағы Абай» және

«Мен Абайды қаншалықты түсіндім».

Бірінші кезең:

ойтолғау жазу.

Екінші кезең:

Бейнематериал түсіру.

Тапсыру уақыты: топта белгіленген кесте бойынша

Ойтолғау құрылымы:

Кіріспе: Алғашқы сөйлемдер жалпы Абайдың ұлылығына арналады. Келесі сөйлемдерде Абайды әлемдік деңгейдегі мықты ұлы тұлғалармен салыстыра отырып, негізгі бөлімге көшу.

Негізгі бөлім: Абай шығармалары бойынша өзіңіз таңдаған туындылардан мысалдар келтіре отырып, шамаңыз келгенше пікір айта отырып талдау. Ғалымдар пікірін, пайымын да мысалға келтіру. Өзіңіздің сыни көзқарасыңызды да білдірсеңіз ол сіздің жұмысыңыздың артықшылығы ретінде бағаланады.

Қорытынды: Бұрын да Абайды оқып едіңіз. Дәл осы оқуыңызда, зерттеуіңізде, саралауыңызда, пайымыңызда қандай ой түйдіңіз? Соны жазыңыз.

Ескерту: Семестр бойы өтілген шешендік шеберлік тәсілдерін қолданыңыз.

Жалпы көлемі: 2-2.5-бет/750-800 сөз/

Бейнематериал түсіру.

Көлемі: 5-7 мин

Осы ойтолғауыңызды әдемі баяндай отырып, бейнематериал түсіріңіз. Және Абай шығармашылығынан өлең оқуыңызға болады. Сабақ барысында арнайы мысал, үлгі ретінде ұсынылған видеонұсқалардағыдай креативтілік болсын.

Кесте В.3 – Ойтолғау талаптары мен бағалау: 10%

Қандай талаптар қойылады?	Бағалау пайыздары
Абайды тану бойынша баяндау стилі, ойтолғау құрылымның дұрыстығы.	2
Абай шығармалары бойынша алынған мысалдарды талдау шеберлігі, өзіндік көзқарасы, сыни тұрғыда пікір білдіре алуы	4
Сөз саптауы: шеберлік, тапқырлық, ой тастай алуы. Өзіндік пікір, ойтүйін болуы.	4

Кесте В.4 – Бейнематериал талаптары

Қандай талаптар қойылады?	Бағалау пайыздары
Бейнематериалдың креативтілігі, басқа топтан өзгешеліктің болуы;	5
Өзгеше әсердің болуы: Ашық, таза, дұрыс, интонация. Таңдалған суреттер, фон, әуен т.б құлаққа, көзге жағымды болуы.	5

ҚОСЫМША Г

Эксперимент курстары силлабусы

Course Code and Title: KAZ 2002 Business Kazakh
Курс атауы және коды: KAZ 2002 Іскерлік қазақ тілі
Semester: Fall 2021
Семестр: Күз 2021

Instructor:
Оқытушы:
офисі: 206 «а»
Office: 206 «а»
Почта: nuraisha@kimep.kz
Email: nuraisha@kimep.kz

Course credits: 3
Курс кредиті: 3
Time and Place of the
Lecture:
Office phone:
Офис тел:
Office hours:

Пререквизит: қазақ мектебін бітіргендер
Курстың постреквизиті: KAZ2003 Kazakh Language & Culture, Advanced level, KAZ2005 Public Speaking in Kazakh

1. Бағдарлама мен ұсынылып отырған курстың байланысы

2. Курстың сипаттамасы:

Курс қазақ мектебін бітірген және тілді жетік білетін студенттерге арналған. Курс ресми-іскери кәсіби тілді жетілдіруге құрылған. Курс кәсіби саладағы материалдармен тиімді жұмыс жасауға, өз бетінше жобалар мен презентациялар жасауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдауға, кәсіби пікірталас пен дебаттарға қатысуға, түрлі келіссөздер мен іскерлік қарым-қатынас тілін және қажет дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Соның нәтижесінде студент ресми-іскерлік және әлеуметтік қарым-қатынаста, саяси, қоғамдық басқару, қаржы, экономика салаларында терминологияны меңгере алады.

3. Оқу мақсаттары:

Курстың мақсаты студенттердің кәсіби салада маман ретінде жатық сөйлей алуын, сауатты жазу мен өз ой-пікірлерін дәлелді жеткізуге үйренуін көздейді. Іскерлік қарым-қатынас тілі мен дағдыларын жан-жақты меңгертуді мақсат етеді.

4. Оқу нәтижесі:

Іскерлік қазақ тілі курсы тәмамдаған студент:

- іскери сала бойынша түрлі күрделі мәтіндерді жете түсініп, талдау жасауды, талқылауды, өзіндік пікір білдіруді;
- аталған салаларға қажетті ұғым-түсініктерді, ақпараттарды, терминдерді кәсіби маман ретінде түсініп қолдануды;
- іскери ортада өз ойын толық жеткізу дандысын, өз пікірін дәлелдеуді, арнайы тақырыпта презентация жасау дағдысын;
- іскерлік қарым-қатынас тілінде жетік сөйлеуді, сауатты жазуды;
- іскери ортада сұхбат құра алуды, сұрақтарға сауатты жауап беруді, тосыннан ұтымды жауапты айтуда сауатты және жүйелі сөйлей алуды;
- іскери ортада қайшылықты жағдайда оңтайлы шешім табууды;

- өз іскери саласындағы ғылыми еңбектерді оқып-талдауды, сараптама жасауды;
- әлеуметтік-саяси, экономика, қаржы, салаларында болжаулар, топшылаулар жасауды;
- іскери көпшілік ортада, тікелей эфирден интервьюге шығуды;
- іскери сала бойынша түрлі құжаттармен жұмыс түрлерін жеке құрамға қатысты құжаттардан бастап, іскерлік қызметке қатысты хабарлама түрлері, ақпар беру, баяндама жасауды, т.б. өз бетінше жүргізе алуды үйренеді.

5. Студент білімін оқыған деңгейі бойынша бағалау өлшемдері:

Курс жұмысы 1(СӨЖ-1)	10%
Аралық бақылау 1	10%
Белсенділік, қатысу 1	5%
Үй тапсырмасы 1	5%
Курс жұмысы 2(СӨЖ-2)	10%
Аралық бақылау 2	10%
Белсенділік, қатысу 2	5%
Үй тапсырмасы 2	5%
<i>Қорытынды бақылау:</i>	40%
– қызметтік құжаттар мен іскерлік хат түрлерін талапқа сай, сауатты жазу;	10%
– оқылым – мәтіндегі қажетті ақпаратқа өзіндік пікір, сыни көзқарас білдіру;	10%
– жазылым- лексикалық тақырыптар аясында болжам, өзіндік пікір, сыни пікір білдіру;	10%
– тілдесім- монолог, іскерлік сұхбат, дебаттарда өз мүддесін қорғап шығу, интервью бере алу, дөңгелек столдарда өз пікірін білдіре алу.	10%
<i>Барлығы:</i>	100%

	7 - аптаның соңында	15 - аптаның соңында	Курстың соңында
Курс жұмысы 1	15		
Белсенділік 1	5		
Аралық бақылау 1	10		
Курс жұмысы 2		15	
Белсенділік 2		5	
Аралық бақылау 2		10	
<i>Қорытынды бақылау</i>			40
<i>Барлығы</i>	30	30	40

6. Бағалау көрсеткіштері

90-100	A+
85-89	A
80-84	A-
77-79	B+
73-76	B
70-72	B-
67-69	C+
63-66	C
60-62	C-
57-59	D+
53-56	D
50-52	D-
0-49	F

Сабаққа қатысу ережесі

1. Тілдік дағды – әрқашан үздіксіз тәжірибені талап ететін дағды. Сондықтан бұл курста онлайн сабаққа тікелей қатысып отыру қатысу міндетті.

2. Әр сабақтан қалу студенттің бағасынан 1%-ды шегереді. Бұл жалпы жиналған баллдан (аралық бақылау 1, аралық бақылау 2 және қорытынды бақылау) алынады.

3. Студент онлайн немесе офлайн сабаққа кешігіп кірмеуі тиіс. Бұл қорытынды емтиханға да қатысты. Сабаққа үш рет кешігу бір рет сабаққа қатыспаумен тең.

4. Студенттер сабаққа қатысу, емтихан тапсыру саясатының өзгермейтінін түсінуі қажет. Тіпті отбасылық немесе жұмыс жағдайы да бұл тәртіпке әсер ете алмайды.

5. Үй тапсырмаларын орындау мен тапсыру уақыттары нақты белгіленеді. Себепсіз жағдаймен орындалмаған тапсырмалар қабылданбайды және пайыздары шегеріледі. Ал студент ауырған жағдайда тапсырмаларды офис сағаттарында тапсыруға рұхсат етіледі.

Офис сағаты

Студент оқытушы жоспарлаған уақытта немесе келісілген уақытта офис сағатына онлайн қатысады. Оқытушы мен студент сабаққа қатысты хат жазуда КИМЭП поштасын пайдаланады. Сондықтан студент поштаны әрқашан тексеріп тұруы қажет. Студент бағалауға қатысты барлық тапсырмаларды семестр соңына дейін уақытында көрсетіп, тапсырып отыруы міндетті. Бұл студенттің жауапкершілігін көрсетеді. Бұл студенттің жұмысын бағалауда өзіндік рөлі бар.

Көмек көрсету орталығы

Онлайн көмек көрсету орталығы колледж басшылығы шешімімен қарастырылады.

Этика және академиялық әділдік

Сіз университеттің академиялық әділдік саясатымен танысуға жауаптысыз. КИМЭП-тің веб-сайтында КИМЭП каталогымен (28-бет) танысыңыз.

Кез келген дәлелге немесе идеяға АРА стилінде жазбаша түрде сілтеме беру керек. Басқа біреудің жұмысын өткізу, көшіру – плагиат. Көшірудің төмендегідей түрлері де плагиат болып саналады:

- басқа студенттен көшіру;
- өзге адамның жұмысын өткізу;
- авторы көрсетілмеген жазбалар;
- пайдаланған әдебиеті көрсетілмеген (мәтінде, мәтіннен кейін);
- пайдаланған әдебиеттерді бұрмалау;
- мәліметтерді бұрмалау;
- өз-өзіне плагиат жасау (алдыңғы жұмысты қайта өңдеу);
- оқытушы белгілеген механикалық перефразалар, электронды аудармалар және т.б.

Тапсырманы кеш тапсыру

Тапсырманы кеш тапсыру, қабылдау саясатын оқытушы қарастырады.

Орындалмаған сабақ тапсырмаларының орнын толтыру

Студент сабақта берілген тапсырмаларды орындауға жауапты. Сонымен қатар, бұл сабақ уақытында ғана орындалуы тиіс.

7. Курс философиясы мен методологиясы:

- оқу процесінің жеке студентке бағыттау мүмкіндіктерін ескеру;
- әлеуметтік-экономикалық өмірге, кәсіби әрекеттегі қатынастарға икемдеу;
- оқу процесінің проблемалық және интерактивті оқыту принципіне құрылуы. Студенттің дағды мен шеберлігін дамытуға лайықты проблемалар қойып, оны шешуге ықпал ету;
- сыни және креативті ойлау дағдысын қалыптастыратын жағдаяттар ұсыну.

8. Оқу әрекеті

Курстың мақсатына толық жетуі үшін күнделікті және курс жоспарына сәйкес тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалармен оқытушының Мудлынан немесе LD-нан таныса аласыздар.

Қолданылатын оқулық (-тар) мен интернет ресурстар

1. Оқытушылар дайындаған көмекші құрал.(e-Learning: мудлдағы оқытушы парақшасында және L-drive: оқытушы папкасында арнайы тапсырмалар мен қажет материалдар топтамасы.

2. Бекеева Н.Ж. Іскерлік қазақ тілі. 1-2- кітап. Электронды оқу құралы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша ұсынылатын кітаптар:

3. Стивен Кови Р. Жасампаз жандардың 7дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері. –Алматы: 2018жыл Ұлттық аударма бюросы. – 352 б.

4. Стивен Кови Р. Жасампаз жандардың 7дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері. Аудиокітап: <https://kitap.kz/author/1543>

5. Бове Л., Джон В. Тилл «Қазіргі бизнес-коммуникация», -Алматы: 2018жыл Ұлттық аударма бюросы. – 736 б.

6. Шваб К. «Төртінші индустриялық революция». –Алматы: 2018жыл Ұлттық аударма бюросы. – 452 б.

Сабақ тақырыптары бойынша газет-журнал, түрлі әдебиет және интернет сайттары материалдары қарастырылады: www.zakon.kz. www.nationalbank.kz www.deloitte.com, www.Pricewaterhouse.com, www.kpmg.com, www.buhgalter.kz, www.vikipedia.com, www.kase.com, kitap.kz openU.kz және екінші деңгейлі банк сайттары, әлемдік деңгейдегі танымал компаниялар сайттары материалдары т.б. <https://flipgrid.com> <https://padlet.com> <https://share.nearpod.com> <https://app.peardeck.com>.

Курстың атауы:
Көпшілік алдында сөз сөйлеу (*Public speaking in kazakh*)
Семестр: S2021

Курс кредиті: 3 кредит

Оқытушының офис
сағаттары:

Оқытушы: Бекеева Нұр-Айша Жүсіпқызы - филология
ғылымдарының кандидаты, аға лектор

*Оқытушы
телефоны:*

Email: nuraisha@kimep.kz

Курстың пререквизиті: Іскерлік қазақ тілі -2, Қазақ тілі мен мәдениеті

Курстың постреквизиті: Кәсіби орыс тілі

1. Бағдарлама мен ұсынылып отырған курстың байланысы

Курс қазақ әдеби тілді жақсы меңгерген, шешендік өнер мен шығармашылық қабілеті бар және қазақ тілінде еркін сөйлеу іскерлігін дамытқысы келетін студенттерге арналған. Курс барысында студенттер сөз түрлерін дайындауды, шаршы топ алдында сөз сөйлеуді, аудиторияны басқаруды, пікірталас жүргізуді, аргументтер құруды, әсерлі, мазмұнды сөз құрудың әдіс-тәсілдерін меңгереді. Сонымен қатар оқу үдерісі барысында студент ақпаратқа жылдам сараптама жасай білу, топты басқару сияқты көшбасшылық қабілеттерін дамытатын болады.

2. Курс сипаттамасы:

Курс студентті шаршы топ алдында сөз сөйлеуге үйрететін практикалық курс болып табылады. Студенттер ақпараттық, үгіт-насихат сөздерін құрастырудың талаптарын меңгереді, сөз әлеуетін күшейтудің стилистикалық әдіс-тәсілдерін пайдалануға дағдыланады. Әр түрлі тақырыптар бойынша пікірталас, дөңгелек үстелдерге қатысып, сөйлеу дағдысын қалыптастырады, шешен, еркін сөйлеу іскерлігін меңгереді.

3. Оқу мақсаты:

– көпшілік алдында сөз сөйлеу түрлері мен мақсаттарын айқындай білуге;

– тақырыпты анықтаудың, оны аудитория сұранысына қарай ұсынуға;

– ақпараттық сөзді құруға;

– үгіт-насихат сөзді дайындаудың әдіс-тәсілдерін шебер қолдана білуге;

– тыңдаушы аудиториямен байланыс орната білуге;

– аудитория алдында шығып сөйлеу қорқынышын женудің жолдарын тиімді қолдануға;

– сөзді бағалаудың өлшемдерін дұрыс пайдалануға;

– тақырып бойынша материал жинау, ақпаратпен жұмыс істеудің тәсілдерін қолдануға;

– аудитория алдында өзін ұстау мәдениетін қалыптастыруға үйрету.

4. Күтілетін нәтиже:

Студент:

– сөз ұстанымы мен мақсатын, міндеттерін анықтай алады;

- ақпараттық сөздің бірнеше құрылымдық түрлерін қолдану дағдысын меңгереді;
- үгіт-насихат сөзді құрудың бірнеше модельдерін меңгереді, қолдана алады;
- аудиториямен жұмыс жасаудың әртүрлі тәсілдерін аудиторияның сипаты мен сөз тақырыбына сай еркін ауыстыра алады;
- сөзді әсерлі етудің, тыңдаушы ықпал етудің көмекші құралдарын, сөз импровизация тәсілдерін шебер меңгеріп, тәжірибеде қолдану іскерлігіне ие болады;
- аудиторияда жүріп-тұру мәдениетін меңгереді;
- дебаттың, сөз сайысының түрлі форматтарын үйреніп, аргумент құрудың әдіс-тәсілдерін иегереді.

5. Білімді бағалаудың индикативті кестесі

Курстағы жұмыстар	10
1-аралық бақылау	10%
Ақпараттық сөз	5
Курстағы жұмыстар	10
Үгіт –насихат сөз	5
2-аралық бақылау	10%
Қатысу	10
<i>Қорытынды бақылау</i>	40%
– дебатқа қатысу	5%
– сөз импровизациялары	5%
– сөз түрлеріне талдау-сараптама жасау	10%
– ақпараттық және үгіт-насихат сөз түрлерінің жазбаша нұсқасын жазу	20%
<i>Барлығы</i>	100%

	7-птаның соңына	15-птаның соңына	Курс соңы
Курстағы жұмыстар-1	10		
Қатысу-1	5		
Ақпараттық сөз	5		
1-аралық бақылау	10		
Курстағы жұмыстар-2		10	
2-аралық бақылау		10	
Қатысу-2		5	
Үгіт-насихат сөз		5	
Қорытынды бақылау			40
<i>Барлығы</i>	<i>30</i>	<i>30</i>	<i>40</i>

6. Бағалау көрсеткіштері

A+	90–100
A	85 – 89
A-	80 – 84
B+	77 – 79
B	73 – 76
B-	70 – 72
C+	67 – 69
C	63 – 66
C-	60 – 62
D+	57 – 59
D	53 – 56
D-	50 – 52
F	0 – 49

Студент курс барысында 2 аралық бақылау қорытындысы бойынша 30 пайыздан төмен алмауы керек. Бұл көрсеткіштен төмен жинаған студенттер қорытынды бақылауға жіберілмейді.

Сабаққа қатысу ережесі

Студенттің сабаққа жалпы қатыспауы 15% аспауы керек. Сабақтан себеппен және себепсіз қалуы ескерілмейді.

Кесте Г.1 – Белсенділікті бағалау критерийлері

10%	Студент: 1) алғашқы сабақтан бастап оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекеттері 2) топтық жұмыстарда көшбасшылық таныту 3) пән аясында курс материалдарын талдау 4) басқа студенттерге материалдарды түсінуге көмектеседі 5) сабаққа үнемі дайын
8%	Студент: 1) оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекеттері 2) сабақта сұрақтарға тез жауап тауып, талдауға қатысу 3) сабаққа үнемі дайын 4) сұрақтарға өз бетімен жауап табу
6%	Студент: 1) сабаққа белсенді қатысу 2) топтық жұмыстар мен дискуссияларға толығымен қатысады, бірақ көшбасшылық танытпайды 3) сұрақтарға еркін жауап береді 4) сұрақтарға сілтеу арқылы жауап табу
4%	Студент: 1) сабаққа белсенділігі шамалы 2) топтық жұмыстарға қатысуға қызығушылық танытпайды 3) сұрақтарға өз бетімен жауап таба алмайды 4) сабақтарға дайындығы төмен
2%	Студент: 1) сабаққа қатысу белсенділігі төмен 2) дискуссия мен топтық жұмыстарға қызығушылығы төмен 3) жалпы топтық жұмыстарға қатыспайды 4) қателер көп жібереді, бірақ оларды түзетуге тырыспайды
0%	Студент:

<p>1) сабақта жауап бере алмау немесе дайындықсыз келу 2) сабақта басқа студенттерге кедергі жасау және т.б. 3) сынып жұмыстарына сирек қатысу 4) басқа студенттерге қарағанда тәртібі нашар 5) жағымсыз байланыс – сұрақтарға жауап беруден бас тарту және оқытушы жөнінде әрдайым заңсыз сын айту</p>

7. Курс философиясы мен методология:

Курс барысында студенттердің қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын дамытуға, қазақ көркем әдебиеті және публицистика жанрларының үлгілерімен таныстыру, еркін ой дамытып, тың пікір айтуға, мәселеге сын тұрғысынан баға беріп, тәуелсіз, дербес ойды айта білуге, ұлылардың өзіне сын көзбен баға беруге баса назар аударылады. Оқу үдерісі студенттің жеке тұлғасын дамыту, құрметтеу, көшбасшылық қабілеттерін ашуға бағытталады.

8. Оқу әрекеттерінің индикативтері

Курстың аудиториялық сағаттары - 45 сағат. СОБЖ және СӨЖ-ге берілетін сағат сандары 90 сағат. Студент аптасына 3 сағат аудиторияда және 1 сағат офис сағатында оқытушымен кездеседі. Ал қалған сағат сандары студенттің жеке жән топтық жұмыс түрлеріне - таныс емес аудитория алдында ақпараттық және үгіт-насихат сөздері (ТЕД форматында), интервью түрлері, дебаттар мен пікір сайыстар т.б. жұмыс түрлері жоспарланады.

9. Апталық жоспар

1. Студенттің өз бетінше жұмысы

2. Курс бойынша арнайы ұсынылған әдебиеттерді оқиды, тыңдайды (жағдаяттарды талдайды, мәтіндердегі негізгі тұжырымдарды жүйелейді, өз пікірін ұсынады).

3. Қазақ тілінде сөйлейтін белігілі шешендердің сөздерін тыңдайды, оған тақырыптық, құрылымдық, мазмұндық, көркемдік сипаты тұрғысынан талдау жасайды. Шешендерге тән жеке сөз саптау ерекшеліктерін анықтайды. Бейнематериалдар түсіріп дайындайды.

4. Ақпараттық сөз, үгіт-насихат сөздері бойынша өздері таңдаған тақырыптарға материал жинайды, іріктейді, сөз концепциясын, мақсаты мен міндеттерін анықтайды, сөз модельдерін құрады, ақпаратты оңтайлы пайдаланады, тыңдаушы тұлғасын ескеру талаптарын ескере отырып, сөздің жазбаша нұсқасын ұсынады.

5. Өз бетінше жүргізілген жұмыс түрлерін оқытушымен офис сағаты барысында талқылайды, пікірлеседі.

1-аралық бақылау:

– белгілі шешендердің сөздеріне талдау-сараптама жүргізу, сөз тақырыбы, мақсаты, міндеттері, авторлық ұстанымды анықтау;

– риторика туралы белгілі шығармалар бойынша бағалаушы-талқылаушы сұрақ түрлеріне жауап беру.

2-аралық бақылау:

– белгілі шешен сөзін тыңдау, үгіт-насихат сөздің моделіне талдау жасау;

– тақырып бойынша сөз кейсін құру, аргументтерді ұсыну.

Қорытынды бақылау:

- еркін таңдалған тақырып бойынша дайындықсыз дебатқа қатысу;
- алдын ала ұсынылған ұғымдар бойынша сөз импровизациясының бірнеше тәсілін пайдаланып, сөз сөйлеу;
- алдын ала ұсынылған тақырыптар бойынша ақпараттық немесе үгіт–насихат сөздің жазбаша нұсқасын ұсыну (3 бет).

10. Курстың индикативті ресурстары

Негізгі әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы Абай. Қара сөз. – Алматы: Ел, 1993. – 110 б
2. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Жазушы, 1997. -208 б.
3. Қосымова Г. Шешендік өнер негіздері, –Алматы: Баянжүрек, 2007. - 248б.

4. Ақыштай Ә. Құңзы мұралары. –Бейжін: Ұлттар баспасы, 2015

Қосымша әдебиеттер:

Шатунов С. Харизматичный оратор. –М., 2007.

1. *Безменова Н.* Очерки по теории и истории риторики. – М., 1999.
2. *Кохтев Н.* Основы ораторской речи. – М., 1992.
3. Неориторика: генезис, проблемы, перспективы. – М., 1991.
4. Общая риторика / Дюбуа Дж., Пир Ф. и др. – М., 1986.
5. *Павлова К.* Психология споров. – Владивосток, 1988.
6. *Снелл Фрэнк.* Искусство делового общения. – М., 1990.
7. *Эрнст Отто.* Слово предоставлено Вам. – М., 1988.
8. *Шопенгауэр А.* Искусство споров. – М., 1996

Сайттар:

www.orator.ru

www.speak_up.ru

www.coldwar.ru

www.akorda.kz

www.parlam.kz

Этика

Сабақ барысында қолданылған ақпарат көздеріне сілтеме жасалуы тиіс.

Қосымша мәліметтер үшін КИМЭП Университеті каталогындағы «Academic Code of Behavior» бөліміне көңіл бөліңіздер.

ҚОСЫМША Ғ

Көпшілік алдында сөз сөйлеудегі TED үлгісі

«TED үлгісі бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеу»

Кесте В.1 – Жұмыс талаптары мен бағалау пайызы

<i>Қандай талаптар қойылады?</i>	<i>Бағалау пайыздары</i>
Сөз саптауы: Таңдалған идея немесе проблема бойынша баяндау стиліндегі ерекшелік. Сөйлеу барысындағы еркіндік, өзі ұстау мәнері.	3,5
Таңдалған идея немесе проблема бойынша мысалдарды талдау шеберлігі: өзіндік көзқарасы, сыни тұрғыда пікір білдіре алуы тапқырлық, ой тастай алуы. Өзіндік пікір, ойтүйін болуы. Үлгіні түрлендіруі.	3,5
Бейнематериалдың немесе сөйлеудегі креативтілігі, басқа топтан өзгешеліктің болуы; Өзгеше әсердің болуы: Ашық, таза, дұрыс, интонация. Таңдалған суреттер, фон, әуен т.б. құлаққа, көзге жағымды болуы	3

Ескерту: Бейнематериалдағы Меган Рамзи сөзі толығымен өзгеріссіз ұсынылды: (<https://openu.kz/kz/ted/show/megan-ramzi-ozingdi-suykimsizbin-dep-oylau-nelikten-ziyan>)

Бұл – менің жиенім Стелла, ол 1 жасқа толып, енді жүре-жүре бастады. Оның бір жастағы балаға тән сондай қызық жүрісі бар. Ол денесі аяғынан тезірек қозғалғандай теңселіп жүреді. Ол сондай сүйкімді көрінеді. Қазіргі кезде оның ең сүйікті ермегі – өзін айнада көру. Ол өзінің бейнесін сондай жақсы көреді, күледі, айқайлайды, сонымен қоса айна бетінде сілекейлі сүйістер қалдырады. Бұл сондай ғажап! Әрине, оның достары да осылай істейді. Анамның айтуынша, мен де осылай істегенмін. Мұндай әдетім қашан тоқталғанын білгім келді. Қай уақытта айнадағы өз келбетіме сүйсіну тыйылды? Себебі жан-жақты қарастырғанда дұрысы солай секілді.

Ай сайын он мың адам Google іздеу жүйесінен «Мен ұсқынсызбын ба?» деген сұраққа жауап іздейді. Бұл- Фэй. Ол он үш жаста және Денверде тұрады. Кез келген жасөспірім секілді ол адамдарға ұнағысы және өзіндік болмысқа ие болғысы келеді. Жексенбі күні, кешкісін, ол мектепте оқу аптасында дайындалады. Ол мектепке барудан жүріксінеді және қысылады. Анасының оған қандай әдемі айтқанына қарамастан, күнде мектепте «Ұсқынсыз!» деген сөзді естіп қайтады. Анасы мен құрбыларының сөздері әртүрлі шыққандықтан, ол кімге сенерін білмей, дал болады. Сонында ол өзін видеоға түсіріп, YouTube-қа шығарды. Адамдардан «сұлу» не «ұсқынсыз» деген пікір қалдыруын сұрады. Бүгінгі күнде Фэй 13 мың пікір алды. Олардың кейбіреулерінің жиіркеніштілігі соншалық, ол туралы еске алудың өзі қиын. Қарапайым, дені сау жасөспірім қыз өмірінің ең эмоционалды, осал кезінде, осыншама қатыгез жауаптар алады.

Мыңдаған адамдар осындай видео шығарады. Әсіресе жауап алғысы келген жасөспірім қыздар, бірақ оларды бұған не итермелейді? Қазіргі жасөспірімдер сирек жалғыз қалады, олар үнемі онлайн қысым көріп, әрдайым сөйлесіп, хабарлама жіберіп, пікір қалдырып, лайк қойып, бірнәрсе шығарып және онымен бөлісіп уақыт өткізеді. Біздің жастығымыз ешқашан осыншалықты байланыста, соншалықты үздіксіз, шапшан болған емес. Менің анам айтқандай: «Әрбір түнде балалар бөлмесінде сауық кеші болатындай өз-өзімен қалу мүлдем жоқ, нәтижесінде әлеуметтік қыспақ шектен шығып кеткен». Мұндай шарттар балаларымызды өз бағасына алған лайк санымен және қалдырған пікірлермен өлшеуге тәуелді етеді.

Онлайн және оффлайн өмір арасында шекара жоқ. Ненің шын және өтірік екенін ажырату қиын. Сонымен бірге, түпнұсқа мен сандық өңдеуден өткен затты ажырата алмаймыз. Адамның күнделікті өмірін салыстыруда қандай ерекшеліктер бар, адамдар шабытты қайдан іздейді. Сіз бүгін жаңалық лентасында қандай қыздардың суреті шығатынын білесіз. Жүдеу келген модельдер әлі күнге дейін подиумда доминантты. Жаппай суретті өңдеу, сосын арықтауға әуестену, жамбас арасындаға алшақтық, бикини көпірі және проана секілді трендтер пайда болды. Проананың не екенін білмейтін адамдарға проананың анорексияны білдіретінін ескертемін. Бұл үрдістер стереотиптермен қосылып, заманауи поп мәдениетте әйел бейнесін сорақы көрсетуге жеткізді.



Ұлдар да бұдан шет қала қойған жоқ. Олар супер адам, музыкант, плейбой және спорт жұлдыздарына ұқсап жақ сызықтарының көркемділігін және іш бұлшық етінің алты текшесі болғанын қалайды. Осының барлығының мәселесі неде? Біз балаларымыздың дені сау, жан-жақты қалыптасқан тұлға болғанын қалаймыз, бірақ образдарға берілген мәдениетте тұлға болып қалыптасудың басқа аспектілерін ескермей, балаларымызға көп уақытын және рухани байлығын өзінің сыртқы келбетіне жұмсауды үйретеміз. Одан олардың қарым-қатынасы, физикалық даму қабілеттері, сабақ және басқа да жақтары ақсап жатады. Бүгінде он қыздың алтауы өздерін кез-келген затпен айналысуға лайықты емеспін, деп шектейді. Бұл ескірген құбылыс емес. Қоғамның және жұмыстың мүшесі ретінде адамды қалыптастыратын негізгі қызметтер.

Жасөспірімдердің 31%-ы, 1/3-і бөлігі мектеп дебаттарына бармайды. Олардың қатыспау себебі олар өздерін сыртқы келбетіне көңіл аударғанын қаламайды. 1/5 бөлігі өзін сырт келбетіне көңілі толмаса мүлдем сабаққа бармайды. Егер жасөспірім өзінің сырт келбетіне осыншама көңіл аударса, емтихан кезінде қатарласатын төмен баға алады. Бұл мысалдар Финляндия АҚШ және Қытайда жиі кездеседі. Және шын мәнінде жасөспірім қанша

салмақты екені маңызды емес. Барлығы анық болуы үшін біз жасөспірімдердің өз-өзіне қалай көрінетіні туралы айтып отырмыз. Өзінің денесіне деген сенімсіздік академиялық жетістіктеріне кесірін тигізеді. Одан бөлек денсаулыққа да зиян. Өзінің денесіне сенімсіз жасөспірімдердің физикалық белсенділігі төмен болады. Көкөніс пен жемістерді аз жейді, салмақты бақылауды зиянды әдістерді қолданады.

Әрбір үшінші жасөспірім сабақта пікірталас жасаудан бас тартады. Олар сыртқы келбетіне назар аударғысы келмегендіктен сыныптағы дебаттарға қатыспайды, әрбір бесінші жасөспірім ұнатпайтын күндері мүлдем көрінбейді. ол және емтихандарда орын алған кезде, егер сіз өзіңізді жеткілікті жақсы емес деп ойласаңыз, әсіресе егер сіз өзіңізді жеткілікті арық деп ойламасаңыз, әсер етпеген құрдастарыңызға қарағанда төмен GPA аласыз.

Сондықтан супер болу үшін біз шынымен қалай көрінетініңізді емес, қалай ойлайтыныңызды айтып отырмыз. Өзіне деген сенімнің төмендігі оқудағы табысқа нұқсан келтіреді, сонымен бірге денсаулыққа зиянын тигізеді. Өз-өзіне сенімділігі төмен жасөспірімдер аз жаттығу жасайды, жемістер мен көкөністерді аз жейді және тамақтанудың бұзылуына әкелуі мүмкін салмақты басқарудың зиянды әдістерімен айналысады. Олар басқалардың ықпалына оңай түседі және депрессияға ұшырау қаупі жоғары, және біз осы себептердің барлығына байланысты тәуекелге көбірек ұшырайды, деп ойлаймыз.

Біз ішімдік пен есірткіні пайдалану сияқты нәрселер, экстремалды диета, косметикалық хирургия, қорғалмаған ерте жыныстық қатынас және өзін-өзі зақымдау мінсіз денеге ұмтылу біздің денсаулық сақтау жүйемізге қысым жасайды және жыл сайын біздің үкіметке миллиардтаған долларға шығын әкеледі. Оларда сабаққа келмеу деңгейі жоғары ма, жоқ па, әйелдердің 17 пайызы сыртқы келбетіне, денсаулық сақтау жүйесі туралы ойлануға және біздің үкіметке жыл сайын миллиардтаған доллар шығынға ұшыраған күні сұхбатқа келмейтін еді, ал бізде жоқ. Қайтадан артық салмақ бар деп ойлайтын әйелдерде, бар ма, жоқ па, сабаққа келмеу деңгейі жоғары. Әйелдердің 17 пайызы сыртқы түрін білмеген күні сұхбатқа келмейтін.

Мұндай әлеуеттерімізді ашу біздің еркімізде. Бірақ оны қалай жүзеге асырамыз. Құр сөзден ештеңе шықпайды. Егер сіз шынымен бірнәрсе өзгерткіңіз келсе, нақты бастап кету керек. Біз анықтағандай оның 3 негізгі жолы бар. Біріншісі балалардың өз денесіне сенімділігін арттыру керек. Біз жасөспірімдерге образдармен байланған қысымнан шығатын стратегия ойлап табуымыз қажет және өз өзің бағалауды қалыптастыру керек. Жақсы жаңалық-іске асыруға көмектесетін көптеген бағдарламалар бар. Жаман жаңалық-олардың көпшілігі жұмыс істемейді. Менің таң қалғаным жақсы басталған көп бағдарламалар жағдайды одан әрі қиындатқан. Біз балаларды оқыту бағдарламасы тек позитивті ғана емес, және ұзақ уақытқа әсер ететініне 100% сенімді болуымыз керек.



Тек позитивті ғана емес және ұзақ уақытқа әсер ететініне жүз пайыз сенімді болуыңыз керек. Зерттеулер көрсеткендей, ең жақсы бағдарламалар алты кілттен тұрады. Біріншісі, отбасы, достар және қарым-қатынас әсері. Екіншісі, бұл - БАҚ және жұлдыздар мәдениеті. Әрі қарай күлкі мен мазақтауды қалай жеңу керек. Біз қалайша сырт-келбетке негізделе бір-бірімізді салыстырамыз және бәсекелесеміз. Сырт-келбет туралы әңгімені кейбіреулер оны дене және каллориялар туралы әңгіме деп атайды. Және соңғысы - өзіңе қарау, құрметтеу негізі. Бұл алты жағдай практикада жұмыс істейтін, өз денесіне деген сенімділікті арттыратын адамның бастапқы шарттары. Бұл салада білім беру өте маңызды, бірақ алдағы проблемаларды жеңіп шығу үшін біз жауапкершілік танытып және әйел-қыздарға қазіргі әйел туралы айтылатын сөздерге қарсы шығып, үлгі болуымыз керек.



Біздің әйел саясаткер жетістіктерін оның шаш үлгісі немесе омырауының өлшеміне қарап бағалауымыз немесе олимпиадалық ойынға қатысушының жетістігін ол әдемі болмаса, төмен деп бағалауымыз дұрыс емес. Адамдарды оларды келбетіне қарап емес, істеген істеріне қарап бағалау керек. Біз әлеуметтік желіде шығаратын суреттер мен пікірлерден бастасақ болады. Адамдарды түріне қарай емес, жеткен жетістіктеріне қарай мақтасақ болады. Сұрақ қоюға рұқсат етіңіз:

- Сіз қашан өзіңізді соңғы рет айнаға қарап сүйдіңіз? Соңында айтарым, біздің балалар өзін түгелдей жеке тұлға екендігі, басқаға ұқсамайтыны, қызығушылығын бағалайтындай мәдениете өзгеру үшін үкіметпен, қоғаммен және бизнеспен бірге жұмыс жасау керек.



Ол үшін ішінен айқай салатын дауыстар, ұзын аяқ, арық жанбас, жазық асқазан, аяғының кіші өлшемі туралы айқайдан құтылу қалай болар еді? Ол үшін қалып қалған образдардан құтылып, өзінің нағыз әлеуетін көрсеткен қалай

болар еді? Бүгінде біздің мәдениетіміздің ұстанымдары бізді шектейді. Біз балаларымыздың назарын шындыққа бұрайық, оларға сырт-келбет тұлғаларының дұрыс екенін және біз оларды сезімдері мен әрекеттері үшін сүйетінімізді көрсетейік. Мектеп бағдарламасына өзін-өзі бағалау пәнін енгізейік. Бұл өте пайдалы болады.

Әрқайсысымыз басқа адам туралы айтуды және оны өзімізбен салыстыруды қояйық. Бір қоғам сияқты бірге жұмыс істейік. Бүгінгі бір жастағы балалар, ертең өмірді өзгертетін өзіне сенімді адам болсын. Осыған қол жеткізейік.

ҚОСЫМША Д

Мотивация тақырыбындағы тапсырма үлгісі

Оқылым. Мәтіндерді мұқият оқыңыз. Тапсырмаларды орындаңыз.

МОТИВАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Негізінен алғанда, адамның қызметке деген мотивациясы - адамды белгілі бір мақсаттарға итермелейтін қозғаушы күштердің жиынтығы деп түсіндіріледі. Бұл күштер адамның ішкі күйі және сырт пішінінде болады және адамды кейбір істерді жасауға мәжбүр етеді. Сонда да басқа күштер мен адамның істерінің арасындағы байланыс өте күрделі әрекет түрлерімен байланыста орталықтандырылған, ақырында әр түрлі адамдар бірдей күштердің бірдей әрекеттерін әр қалай сезінеді. Көбінесе адамның тәртібі, олардың жасайтын әрекеттері кейбір болатын әсерлерге деген реакциясына зиян келтіреді. Мотивация болса оның әсер ету дәрежесі өзгеріп, тіпті ол әсер ететін тәртіп бағыты да өзгереді.

Жоғарыда айтылғандарға қарай отырып, мотивацияға толықтырылған анықтама бере аламыз. *Мотивация – бұл сыртқы және ішкі қозғаушы күштердің жиынтығы, олар адамды белгілі бір қызметке итермелейді, белгілі бір мақсаттарға жетуде бағыт береді.*

Мотивация моделі

Әрекет етуге талаптанған адамдардың қажетін анықтау, әсіресе маңыздылық ауқымын айқындау үшін мотивацияның маңызды теорияларын зерттеу қажет. Соның бірі - А.Маслоудың қажеттілік пирамидасы. Маслоу адамдарды бұрын тәжірибесі бар, әрі білімді деп деп қана қарамай, оларды өзін-өзі жетілдіретін және өзін-өзі меңгеретін, өз өмірін қалыптастыра алатын жандар ретінде қарастырады. Ол адамдарды иерархиялық жүйеден тұратын көптеген қажеттілік болатындығын мойындайды. А.Маслоу бұл қажеттіліктерді бес категорияға бөледі:

Физиологиялық қажеттілік өмір сүру үшін керек. Бұған, тамақ, су, баспана, демалу және жыныстық қатынас қажеттіліктері жатады.

Қауіпсіздік, қорғану және болашаққа сенімділік қажеттіліктеріне: қоршаған орта тарапынан болатын физикалық және психологиялық қауіп-қатерден қорғану қажеттілігі, болашақта физиологиялық қажеттіліктің қанағаттандырылуы мүмкін.

Әлеуметтік қажеттілік – бұл бір нәрсеге немесе біреулерге қатысты сезім. Әрбір нақты уақыт кезеңіне орай адамдар өзіне аса маңызды немесе күшті қажеттілікті қанағаттандыруға ұмтылады.

Өзін-өзі көрсету қажеттілігі ешқашан да толық қанағаттандырылмайды, өйткені адамның жеке басының ой -өрісінің дамуына байланысты оның потенциалдық мүмкіндігі ұлғая түседі. Сол себептен де мотивация процесінде адамның қажеттілігі шексіз. А.Маслоу теориясы адамдардың жұмысқа ынталану негізін түсінуге зор үлес қосты.

Құрметтеу қажеттілігіне: өзін-өзі құрметтеу, жеке басының жетістіктері, біліктілігі, басқа біреулердің өзін құрметтеуі, мақұлдауы жатады.Өзін-өзі көрсету қажеттілігі - өзінің потенциалды мүмкіндігін және жеке басының дамып жетілуін жүзеге асыру қажеттілігі. үшін өзінің күш -жігерін қалай бөлетіндігін және мінез-құлықтың нақты түрін қалай

1. Мотивацияның ұсынылған анықтамасын тағы қалай толықтырар едіңіз?
2. 2-мәтін бойынша мотивация моделдеріне қатысты кестені өз пікіріңізбен, өз сөзіңізбен қарапайым түрде толтырыңыз (А.Маслоу бойынша қажеттілік пирамидасы):

мотивация моделдері	Сөзбен, сөз тіркесімен жазыңыз
Физиологиялық қажеттілік	
Қауіпсіздік	
Әлеуметтік қажеттілік	
Құрметтеу қажеттілігі	

3. Ішкі және сыртқы мотивацияға нақты мысалдар іздеңіз.

4. «Өзін-өзі көрсету қажеттілігі» бойынша болашақ кәсіби мансабыңызға жоспар жасап ұсыныңыз.

болашақ кәсіби мансап жолыма жоспар	ол үшін қандай дағдыларды жетілдіріп, қалыптастыруым қажет?